

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ: 80(574)+94(574)

Қолжазба құқығында

ИЗБАСАРОВА ЭЛЬВИРА ИМАНАЛИЕВНА

Шоқан Уәлихановтың тілдік тұлғасы

«6D021300 – Лингвистика»

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
ф.ғ.д., доцент
Сүйеркүл Б.М.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
доктор, профессор
Нергис Берай
Түркия, Денизли

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025.

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР.....	3
КІРІСПЕ.....	5
1 ҒАЛЫМНЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫН СИПАТТАУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ.....	12
1.1 Тілдік тұлға ұғымының негізгі белгілері мен термин қолданысының ерекшеліктері.....	12
1.2 «Тілдік тұлға» категориясының тілтаным ғылымындағы сипаты.....	20
1.3 Ш. Уәлихановтың тілтанымдық мұрасын талдаудың негізгі өлшемшарттары.....	26
1.4 Шоқан Уәлиханов тілдік тұлғасының қалыптасуы мен оның жүйе ретіндегі сипаты.....	37
Бірінші тарау бойынша тұжырым.....	50
2 ҒАЛЫМ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ АСПЕКТІСІ.....	52
2.1 Ш. Уәлиханов ұлттық элитарлық тілдік тұлғасының басты белгілері.....	52
2.2 Қазіргі тіл біліміндегі тілдік тұлға категориясының жіктеліміндегі ғалымның тілдік тұлғасының орны.....	61
2.3 Тілдік тұлға концептосферасы ұғымы.....	69
2.4 Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасының концептосферасы.....	80
Екінші тарау бойынша тұжырым.....	91
3 ҒАЛЫМНЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒА ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ.....	93
3.1 Тілдік тұлға теориясы аспектісіндегі «прецеденттік мәтін» ұғымы.....	93
3.2 Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасы дискурсындағы прецеденттік мәтіндер.....	101
3.3 Прецеденттік атаулардың (есімдердің) лингвопрагматикалық ерекшеліктері.....	108
3.4 Әлеуметтік лингвистикалық дискурс мәнмәтініндегі Ш. Уәлихановтың тілдік тұлғасы.....	119
Үшінші тарау бойынша тұжырым.....	130
ҚОРЫТЫНДЫ.....	132
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	137

АНЫҚТАМАЛАР

Антропоөзекті – адам феноменін ғаламның басқа да феномендеріне қарсы қоя отырып, адамды ғаламның орталығы ретінде танытатын, дүниедегі болып жатқан үдерістердің мақсатын адам факторымен байланыстыратын ғылыми бағыт.

Жеке тұлға – тарихи тұрғыдан нақты бір қызмет пен қоғамдық қарым-қатынастар үдерісінде қалыптасатын, өзінің әлеуметтік қасиеттері аспектісіндегі адам баласы. Яғни, жеке тұлға өз санасы мен қызметінің ерекшеліктерінде айқындалатын адамның үдемелі, интеллектуалды, әлеуметтік-мәдени, моральді-жігерлі қасиеттерінің біртұтас тұрақты жүйесі болып табылады.

Ғаламның тілдік бейнесі – дүниені концептуалдаудың белгілі бір амал-тәсілі және сол бір тілдік ұжымның қарапайым санасында тарихи қалыптасып, ғалам жайындағы көзқарастар жиынтығының тілдегі көрінісі.

Тілдік тұлға – тілді зерттеудің барлық аспектілерін қамти отырып, адамды оның тілінен тыс қарастыратын пәндер арасындағы шекараны бұзып өтетін, ауыспайтын, аламспайтын идея іспетті болып келеді.

Сөйлеу портреті – коммуникативтік тұлға немесе белгілі социум тіршілігінің белгілі бір кезеңіндегі тілдік және сөздік сипаттамаларының жиынтығы.

Идиостиль – жұмсалымды стиль, жанр, мәтіндік категория және т.б. шеңберінде тілдік бірліктерді қолдануын сапалық және сандық жақтарынан қарастырғандағы индивидтің басымырақ болып келетін сөздік қасиеттерінің ерекшеліктері.

Идиолект – тілдің жеке тасымалдаушысы сөзінде орын алатын құрылымдық-тілдік ерекшеліктердің топтарын (тұрақты сипаттамаларды) қамтиды.

Концептосфера – адамдардың құрылымдастырылған білімдерін, олардың ақпараттық базасын айқындайтын әмбебап заттық код бірліктерінің, ойлау бейнелерінің саласы.

Дискурс – тілдік коммуникация түрі. Кең шеңберде, дискурс дегеніміз уақыттың мәдени тілдік контексті. Оған рухани-идеологиялық мұра, көзқарас, дүниетаным кіреді.

Дискурстық талдау – кез келген маңызды семиотикалық оқиғаны қоса алғанда, жазбаша, ауызша немесе ым тілін талдауға көзқарас. Дискурстық талдаудың объектілері сөйлемдердің, ұсыныстардың, сөйлеулердің немесе әңгімелердің бірізді тізбегі тұрғысынан әртүрлі түрде анықталады.

Таным — ақиқат болмыстың адам санасында мақсатты және белсенді түрде бейнелену үдерісі болып табылады.

Ұлттық сипат – елдің тарихи және мәдени дамуының ықпалымен қалыптасатын мінез-құлық ерекшеліктерінің, салт-дәстүр мен дүниетаным, көзқарастар жиынтығы.

Сана — белгілі бір ұлттық-мәдени қауымдастыққа тән келетін қоғамдық құбылыс. Ұлттық сана мәдени-ұлттық қоғамның ұзаққа созылған дамуының нәтижесінде пайда болды.

Ойлау — адам санасының маңызды ерекшелігі.

Концепт — идеалды сипаттағы белгілі бір материалдық негіз: жоғарғы деңгейдегі абстракция мен жинақталып қорытындылаудың маңызды дәрежесі. Басқаша айтқанда, концепт — белгілі бір маңыздың менталды репрезентациясы. Ол сол маңызға қатысты көптеген білімдердің, ассоциациялар мен көріністердің менталды теориясы.

Прецедентті мәтін — қоғамның кез келген орташа деген өкілдерінің барлығына жақсы белгілі болып келетін феномен.

Прецеденттік есім — кең танымал прецеденттік мәтіндер қатарына жатқызылатын немесе прецеденттік жағдаймен байланыстырылатын дербес есім.

Прецеденттік сөйлем — тұлғаның сөзінде бірнеше мәрте қайталанатын сөйлеу және ойлау қызметінің қайтадан келтірілетін нәтиже.

Элитарлық тілдік тұлға — әдеби тілді шығармашылық деңгейде тұтынатын элитарлық тип.

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі таңда тіл туралы ғылым парадигмасының өзгеруі, яғни оның «адам факторына» қарай бетбұруы ғалымдар көзқарастарының да түбегейлі өзгеруіне ықпал етті. Себебі тілші-мамандар тек тілдік құрылымды зерттеу маңыздылығын ғана емес, сондай-ақ «*homo loquens*» (сөйлеуші адам) мәселесін де жан-жақты қарастыру қажеттілігін мойындады. Жалпы тілдік тұлға мәселесі, яғни адамның сөйлеу әрекетін жүзеге асыру қабілеті, қазіргі кезде тілтанымның жаңадан пайда болып, қарқынды дамып жатқан салаларының интегралды зерттеу нысанына айналғаны белгілі. Осы кезге дейін антропоөзекті бағытта даму барысында тілтаным ғылымында көптеген жетістіктерге қол жеткізілді. Мәселен, ұжымдық тілдік тұлғалар портреті жасы, кәсібі, әлеуметтік рөлі, ұлттық т.б. тұрғыдан айқындалды.

Осымен байланысты нақты бір адамның тілдік тұлға ретіндегі жеке стилі, құрылымы, деңгейлері т.б. қарастырылатын жеке тұлға мәселесіне арналған зерттеулердің де тиімділігі жоғары екенін атап айтқан жөн. Егер шығармалары зерттеу нысанына алынған адам белгілі бір ұлттың жалпы халық ретінде дамуына, мәдениеті мен ғылымына, біліміне тілдік тұлға ретінде елеулі үлес қосқан болса, мұндай зерттеулердің маңызы одан сайын арта түседі. Әдетте, мұндай тұлғалар тілге деген шығармашылық, ғылыми, терең саналы-мақсатты қатынасымен сипатталып, элитарлы тілдік тұлғалар, ұлттық тілдік тұлғалар болып табылады.

Міне, осындай элитарлы тілдік тұлғалар қатарына қазақ ғылымының негізін салған ұлы ғалым, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жерінде туған демократтық, ағартушылық мәдениеттің тұңғыш өкілдерінің бірі, шығыстанушы, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановты (шын есімі Мұхаммед Қанафия, 1835 жылы Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Құсмұрын бекетінде дүниеге келген) жатқызуға болады.

Ғалымның ғылыми мұрасын лингвистикалық аспектіде зерттеу, біріншіден, оның тілдік тұлғасының ерекшеліктерін айқындауға, екіншіден, ол жасаған ғылыми мәтіндерінен көрінетін даралық стилінен басқа, сол кездегі қазақ қоғамындағы озық ойлы зиялыларымыздың сөзжұмсамына тән, олардың мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі ортақ белгілерін анықтауға, үшіншіден, басқа да элитарлы тілдік тұлғалардың идиостилін зерттеуге қатысты өлшемшарттарды, межелеуіштерді анықтауға септігін тигізеді. Шоқан Уәлихановтың тарих, география, этнография, философия т.б. салаларындағы еңбектеріне арналған зерттеулері көп болғанымен, ұлы ғалымның рухани мұрасы таза тілдік тұрғыдан арнайы зерттеу нысаны болмаған. Зерттеу жұмысымыздың зәрулігі осы тұрғыдан айқындалады.

Зерттеудің өзектілігі, сонымен қатар ғалымның тілдік тұлғасы феноменін тұлғаның ерекше түрі ретінде зерттеу маңыздылығымен де байланысты. Бұл тұрғыда қазақ тілі жүйесі деңгейлерінің әртекті сөйлеу материалы, сондай-ақ қазақ мәтіндерінің әртүрлі үлгілері, қазіргі қазақ әдеби тілінің дамуына баға жетпес үлес

қосқан халық ауыз әдебиеті шығармалары болып табылатын көрнекті отандық ғалым Ш. Уәлихановтың мәтіндік массивін зерттеу өзекті мәселелер қатарына жатады. Өйткені ғалымның тарих пен тілге арналған еңбектері филологиялық зерттеулердің ерекше саласына жол ашады.

Қазақ халқының тілі мен тарихына қатысты Ш. Уәлиханов мәтіндерінің жиынтығы ауқымды біртұтастық сипатында көрініс табады, оның мәні сол дәуірдегі бүкіл қазақ тілінің ауызша бейнелеу қағидаттарын, тәсілдері мен құралдарын жүйелі талдау болып табылады. Ғалым бұл қағидаттарды кең ауқымда, қазақ әдеби тілінің даму тарихы аясында ұсынады. Ш. Уәлихановтың тілдік тұлғасын талдаудың зерттеушілік платформасы ретінде танымдық, прагматикалық тәсілді таңдау оның дүниетанымның ерекшеліктерін, ғылыми мұрасын тереңірек түсінуге ықпал етеді, сондай-ақ бүкіл отандық ғылымның көрнекті қайраткерінің тілдік тұлғасының сөйлеу үдерісі заңдылықтары мен ерекшеліктерін, болмысын айқындауға мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыста кең ауқымды әлеуметтік-мәдени және танымдық мәнмәтінмен сипатталатын ғалымның тілдік тұлғасына басты назар аударылады. Айта кететін жайт, Ш. Уәлихановтың коммуникативті мінез-құлқы мен дискурсивті тәжірибесі әртүрлі ғылыми парадигмалардың өзара әрекеттесуіне негізделген іргелі зерттеу нысаны болған жоқ. Тіпті, осы уақытқа дейін оның тілдік тұлғасы тілдік категориясы шеңберінде де қарастырылмаған. Қазақ мәдениеті дамуының маңызды кезеңі ретінде ХІХ ғасырдың көрнекті тұлғасының коммуникативтік мінез-құлқын қайта жаңғырту мақсатымен ғалымның тілдік тұлғасын әлеуметтік-мәдени мәнмәтінде жан-жақты зерделеу қажет деп санаймыз.

Жұмыстың өзектілігін көрсететін тағы бір маңызды фактор – Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасын, оның дискурсивті қызметін, ғылыми мұрасын талдау болып табылады. Лингвистикалық зерттеу үшін Ш. Уәлихановтың ретроспективті тілдік тұлғасын таңдаудың негіздері тілдік тұрғыдан зерттелмеген көп қырлы, жан жақты жазбаша мұрасымен; ерекше, аз зерттелген белгілері бар тарихи тілдік тұлғаның беделімен айқындалады: әлеуметтік-кәсіби синкретизммен (ғалым, публицист, этнограф, ағартушы, тарихшы, қоғам қайраткері, географ, суретші т.б.) және топтық репрезентативтілікпен сипатталады.

Ш. Уәлиханов белгілі қазақ ағартушыларымен бір деңгейде тұрғандықтан және оның мұрасы қазақ мәдениетіндегі тұтас бір кезеңді айшықтайтындықтан, оның дискурсы тиімді, ал дискурсивтік тұлғасы кәсіби деңгейінің жоғары санатта екенін көрсетеді. Диссертацияда Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасы өз дәуірі үшін ерекше, озық ойлы, полидискурсивті тұлғаның үлгісі ретінде анықталып, оның дүниетаным ерекшелігін талдау негізінде дискурсивті тұлғаның біртұтас теориясын құрудың бастауларын анықтау үшін де өзекті болатынын дәлелдеуге талпыныс жасалды.

Зерттеу нысаны – сөзжұмсамдық қызметті жүзеге асыратын, жазба туындылар жасауға әлеуеті зор тіл ұстанушы Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасының құрылымы.

Зерттеу пәні – Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасы репрезентациясының вербалды, танымдық, уәждемелі-прагматикалық деңгейлері.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Ш. Уәлихановтың даралық стилін айқындау және ғалым тілдік тұлғасы құрылымының кейбір ерекше белгілері мен сипаттамаларын қайта жаңғырту. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін зерттеуде мынадай **міндеттер** қойылды:

- Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасының қалыптасуына негіз болған тарихи, қоғамдық, саяси, әлеуметтік жағдай мен алғышарттарын айқындау;

- тілдік тұлғаның танымдық-стильдік тұрақты белгілерін талдау арқылы Ш. Уәлиханов дискурсивті тәжірибесінің экстралингвистикалық құрамдас бөліктерін анықтау;

- ғалымның лингвистикалық тұрғыдан жасалған талданымдарының ғылыми негізін сипаттау;

- ғалым қолданған жанр түрлерін, бейвербалды компоненттердің қолданыс ерекшелігін, жазба және ауызша сөйлеу элементтерінің сәйкестігін, тілдік тұлғаның лингвистикалық көрінісін талдау;

- ғалымның мәтінтүзуде қолданған тілдік амал-тәсілдерін (кірме лексика, паремиялық құрылымдар, прецедентті феномендер, діни мазмұнды құрылымдар т.б.) анықтау.

Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдер. Зерттеудің жалпы идеялық метаұстанымы лингвистикалық тұлғатаныммен байланысты, ал оның негізі – белгілі бір тіл ұстанушының тілдік тұлғасын талдау. Тілдік тұлға санасының менталды құрылымдары тілдік құралдар арқылы объективтеліп, тілдік тұлғаның дискурсивті кеңістігінде жұмсалатын болғандықтан, тілдік тұлғаның лингвоменталды кеңістігі лингвистиканың әртүрлі бағыттарымен әзірленген ұғымдық-терминологиялық аппаратымен ғана сипатталуы мүмкін (жұмсалымды, прагмалингвистика, когнитивті лингвистика, әлеуметтік лингвистика, мәтін лингвистикасы, дискурс лингвистикасы, лингвотұлғатаным, лингвомәдениеттаным т.б.). Зерттеу барысында тілдік тұлғаны, дискурс пен мәтінді талдаудың тілдік материалды іріктеу, саралау және интерпретациялау, сондай-ақ ғалымның жазбаша сөзжұмсамының көпдеңгейлі сипаттамасын айқындау үшін сипаттамалы әдіс; ғалым қолданысындағы лексиканың семантикалық ерекшеліктерін анықтау, лексикалық құралдардың мазмұнын ашу үшін компоненттік талдау әдісі мен тілдік бірліктерді концептуалды талдау; лингвистикалық деректерді жіктеуге мүмкіндік беретін таксономиялық әдіс-тәсілдер қолданылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізіне Р. Сыздық, Ж. Манкеева, З.Қ. Ахметжанова, Б.Қ. Момынова, Г.Б. Мадиева, Н.И. Гайнуллина, Қ. Есенова, Ж.Б. Саткенова, З.А. Муканова, Т.Е. Пшенина, Ф.Б. Қожахметова, Ж.Б. Ермекова, А.Б. Жуминова, Ш.С. Ниятова, З.А. Абдуллина, Е. Оспанов сынды отандық зерттеушілердің; Ю.Н. Караулов, В.В. Красных, В.И. Карасик, Г.В. Кочеткова, О.Н. Мальцева, О.В. Сиротинина, В.Я. Парсамова, М.С. Силантьева, Е.А.

Алексеева, Г.Г. Слышкин, Е.В. Иванцова, Т.А. Чеботникова, А.В. Пузырев, С.Г. Воркачев, Ю.Е. Арекеева, М.А. Шарданова сияқты орыс зерттеушілерінің, сонымен қатар Т. Ван Дейк, К. Леви-Стросс, К. Лоренц, Дж. Келли, А. Маслоу, Л. Фестингер, О.С. Иссерс, Джон Р. Серл, Дебора Таннен, Пенелопа Браун, Стивен Левинсон, Делл Хаймс, Майкл Холлидэй, Пол Грайс, Рут Водак т.б. шетелдік ғалымдардың тілдік тұлғаға қатысты зерттеулері мен тұжырымдары алынды.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы. Талдау нәтижелері тілдік тұлғаның әмбебап жұмсалымды категория ретіндегі ғылыми идеяларын тереңдетіп, лингвотұлғатанымды, дискурсологияны және когнитологияны одан әрі дамытуға белгілі бір дәрежеде үлес қосады. Тарихи тілдік тұлғаны қайта жаңғырту тұжырымдамасын жасауға мүмкіндік беретін көп қырлы антропоэлекті зерттеу коммуникация теориясы мен дискурсологияны дамыту үшін маңызды. Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасының менталды-тілдік кеңістігінің ерекшеліктерін анықтау тілдік тұлғаның лингвотанымдық теориясының дамуына ықпал етеді. Зерттеу барысында анықталған Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасының дискурсивті мінез-құлқының ерекшеліктері ұлттық идеалдың қалыптасуы мен дамуын қадағалауға мүмкіндік береді, бұл, өз кезегінде, білімнің антропоэлекті парадигмасының дамуына ықпал етеді.

Жұмыста тілдік тұлға, лингвотұлғатаным, дискурс теориясын жетілдіруге негіз бола алатын Ш. Уәлихановтың тілдік тұлғасы мен дискурстарына кешенді когнитивті-дискурсивті, прагматикалық, коммуникативті-прагматикалық талдау жасалды. Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасын зерттеу жалпы тілдік тұлғаның менталды кеңістігін бейнелеудің лингвистикалық және дискурсивті құралдары туралы идеяларын кеңейтеді және тілдік тұлғаны зерттеудегі өзекті бағыт когнитивті-прагматикалық бағыттың әрі қарай дамуына өзіндік үлес қосады. Зерттеу жұмысымыздың теориялық құндылығы мыналармен айқындалады: толық жұмсалымды тілдік тұлғаны зерттеу өлшемшарттарын анықтау мен негіздеу; тілдік тұлғаның қалыптасуы мен дамуына әсер етуші факторларды айқындау. Сондай-ақ зерттеу нәтижелерін ғалым идиостилі мәселелерін әрі қарай терең зерделеуде пайдалануға болады; зерттеу нәтижесінде жасалған тұжырымдар ғаламның тілдік бейнесі мен тілдік тұлға теориясын дамытуға өзіндік үлес қосады.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы. Зерттеу жұмысымыздың практикалық құндылығы зерттеу нәтижелерін стилистика, сөз мәдениеті т.б. оқу курстарына енгізуге, сонымен қатар басқа да тілдік тұлға құрылымдарын қайта жаңғыртуға арналған зерттеулерде қолдануға болатынымен айқындалады. Жұмыс нәтижелері абайтану, ахметтану т.б. секілді шоқантану атты жеке ғылым саласын қалыптастыруға негіздеме бола алады.

Зерттеу нәтижелері Ш. Уәлихановтың дискурсивті қызметі мен басылымдары негізінде тілдік тұлғаның портретін сипаттау және модельдеу тәжірибесіне ықпал етеді; филологияның әртүрлі салаларында, соның ішінде дискурсивті зерттеулерде қолдануға болады. Ұсынылған әдістер мен тәсілдер тарихи тілдік тұлғаны қайта жаңғырту және лингвокогнитивті модельдеу саласында, жанрлық сөзжұмсамда,

когнитивті поэтика мен стилистикада, семантика бойынша жүргізілетін зерттеу жұмыстарында т.б. пайдалы болуы мүмкін. Зерттеу нәтижелерін лингвотұлғатаным, когнитивтік лингвистика, когнитивтік-дискурсивті талдау теориясы мен тәжірибесі, тілдік тұлға теориясы мен дискурс теориясы бойынша жоғары оқу орындарында арнайы курстар мен арнайы семинарларды әзірлеуде, сабақтар жүргізуде қолдануға болады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

– диссертациялық жұмыста Ш. Уәлихановтың көпсалалы ғылыми мұрасын талдау негізінде тілдік тұлғаны қайта жаңғыртудың лингвистикалық әзірлемесі жасалып, қазақтың ұлы ғалымының тілдік тұлғасы ғылыми айналымға енгізілді;

– дискурсивті тәжірибелер мен Ш. Уәлиханов мәтіндері корпусының материалы негізінде тілдік тұлға категориясының сипаттамасы жасалып, тілдік тұлға портретінде жұмсалымдық маңыздылығы сараланды;

– лингвотұлғатанымдық үлгілеу саласында келешекте жүргізілетін зерттеулер үшін пайдалы, тиімді болатын тілдік тұлғаны талдау әдістемесі ұсынылды;

– Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасының ерекшеліктері алғаш рет когнитивті-прагматикалық аспектіде кешенді түрде зерттелді; жұмыста белгілі тарихи тілдік тұлғаның құрылымына ғылыми талдау жүргізіліп, оның бейнелі-стилистикалық сипаттамалары мен танымдық кеңістік мәнмәтініндегі семантикалық доминанттары анықталды;

– Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасын бірнеше аспектіде: аксиологиялық, когнитивті, стилистикалық, дискурсивті т.б. қырларынан қарастыру нәтижесінде, оның маңызды сипаттамасы көпдискурсивтілік /полидискурсивтілік/ екендігі айқындалды;

– Шоқан Уәлихановқа қатысты әлеуметтік-лингвистикалық тұрғысынан сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде қазіргі жастардың тілдік/когнитивтік санасында ұлы ғалым туралы ақпараттың аз және мардымсыз екені анықталды. Сондықтан Ш. Уәлихановтің тілдік тұлғасын зерттеу және оның нәтижелерін ғылыми айналымға енгізу аса қажет.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

– Ш. Уәлихановтың тілдік тұлғасының қалыптасуы балалық шағындағы сөйлеу тәжірибесінің әсеріне, өскен әлеуметтік-мәдени ортасының игі ықпалына, орыс және қазақ зияткерлік элитасының өкілдерімен тығыз араласуына, сондай-ақ ғылыми рефлексияның дамуы мен семиотикаға деген қызығушылығына байланысты болды;

– Ш. Уәлихановтың ғылыми шығармашылығының феномені – тезаурустың толықтығы мен күрделілігімен, интертекстуалдылығымен, реципиентке назар аударуымен және сөйлеу құрылымдарының прецеденттілігімен сипатталатын айқын идиостилі бар элитарлық кәсіби тілдік тұлғаны бейнелейді;

– Ш. Уәлихановтың тілдік тұлғасы – ғылыми ойлаудың негізгі құралы сөзді орынды, тиімді, ұтымды пайдалана білетін ғалымның әмбебап және элитарлық

түрі; оның айрықша ерекшелігі – түркі және қазақ сөздерінің этимологиясын, семантикасын т.б. талдауда көрсетілген метатілдік рефлексия болып табылады;

– ұлттық-мәдени мәнмәтін – Ш. Уәлиханов дискурсын қалыптастырудың негізгі факторы; оның тілдік тұлғасының танымдық құрылымына арқау болған «қазақ» концептісі ғалымның әлеуметтік-мәдени ортасы мен дүниетанымдық ұстанымының әсерін көрсететін аксиологиялық өзек ретінде вербалданады;

– Ш. Уәлиханов ғылыми стилінің негізгі қағидаттарының бірі – шет тіліндегі лексика мен мақал-мәтелдерді, діни дереккөздерді, тарихи және мәдени т.б. прецеденттік мәтіндерді енгізу арқылы жүзеге асырылатын «сыртқы көзқарас» әсерін жасау.

Зерттеу жұмысының дереккөздері мен материалы. Зерттеу материалы ретінде Ш. Уәлиханов еңбектерінің мәтіндері алынды: Шоқан Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. I том. 2-басылым – Алматы: «Толағай групп», 2010. – 376 б.; Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы / Шоқан Уәлиханов. 2-басылым. – Алматы: «Толағай групп». 2010. Т.2. – 464 б.; Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы / Шоқан Уәлиханов. 2-басылым. – Алматы: «Толағай групп», 2010. Т.3. – 242 б.; Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы / Шоқан Уәлиханов. 2-басылым. – Алматы: «Толағай групп». 2010. Т.4. – 496 б. Сондай-ақ жұмыста зерттеу материалы ретінде академик Ш.Ш. Сарыбаевтың «Ш. Уәлиханов мұрасының жеке мұрағаты» кеңінен пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен мақұлданыуы. Диссертацияның мазмұны, тұжырымдары мен негізгі нәтижелері төменде көрсетілген конференциялар мен басылымдарда жарияланды:

1 Concept of Linguistic Personality Conceptosphere // Forum for Linguistic Studies. – 2025. – Vol. 07. No.1. – P. 789–798 DOI: <https://doi.org/10.30564/fls.v7i1.7991>

2 Тілдік тұлға ұғымының негізгі белгілері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі – 2018 – №7 (70) – Б. 174–178. <http://www.nauka-zan.kz>

3 Шоқан Уәлихановтың кәсіби тілдік тұлғасын талдаудың негізгі белгілері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2019 – №12/3 – Б. 251-256. <http://www.nauka-zan.kz>

4 Прецеденттік мәтін ұғымының тілдік тұлға категориясын зерттеудегі мәні // Ғалымдардың еуразиялық одағы (ЕСУ)- 2019. – №2 (59) – Б. 23-26 Москва қ-сы, Ресей. <https://www.doi.org/10.31618/ESU.2413-9335.2019.4.59.23-25>

5 Ш. Уәлихановтың тілтанымдық мұрасын талдаудың негізгі өлшемшарттары // Қазақстанның ғылымы мен өмірі – 2020 – № 6/2 – Б. 286-291. <http://www.nauka-zan.kz/>

6 Элитарлық сөйлеу мәдениеті Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасының ажыратылмас қасиеті // Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. «Филология» сериясы – 2020. – № 4 (1) – Б. 71-77. <https://www.doi.org/10.59102/kufil/2020/iss4>

7 Қазақстандағы көптілділік және орыс тілі Ш. Уәлиханов шығармашылығы мысалында //Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. «Филология» сериясы – 2020. – №3 – Б. 47-55. <https://doi.org/10.59102/kufil/2020/iss3>

8 «Тілдік тұлға» категориясын зерттеуге арналған еңбектердегі термин қолданысының кейбір ерекшеліктері // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. «Институт хабаршысы». – Тәжікстан. – 20.01.2019. №1– Б. 466-469.

9 The Character of Chokan Valikhanov In an Elitist Linguistic Identity // "The Europe and the Turkic World: Science, Engineering and Technology" Materials of the V International Scientific-Practical Conference. – Ankara, (Turkey) – 2020 – May 6-8, Volume III – P. 195-201. www.regionacadem.org

10 Ғалымның тілдік тұлғасын сипаттау мәселесі жайында//Ahmet Baytursynuly Institute of Linguistics International Conference on Modern Linguistics and Foreign Language Teaching. – Almaty – 2021 – aprel 02, P. 37-42 <https://doi.org/10.1177/1362168820913998>

11 Seçkin Bir Dil Bilimci Olarak Şokan Velihanov’un Kişiliği//Türklük Bilimi İncelemeleri. Altay Toplulukları Dil ve Kültürleri Uygulama ve Araştırma Merkezi – Denizli, (Turkey) – 2022. – P. 45-50. <https://www.pau.edu.tr/altaydilmer>

12 Chokan Valikhanov's Linguistic Personality In The Aspect Of The Anthropocentric Paradigm Uluslararası Sosyal Bilimler Sempozyumu Ejser 13th International Symposium On Social Sciences – Ankara, (Turkey) – 2024 – May 25-27 P. 274-276 astanayayinlari@gmail.com

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспе, үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиет тізімінен тұрады.

1 ҒАЛЫМНЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫН СИПАТТАУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

1.1 Тілдік тұлға ұғымының негізгі белгілері мен термин қолданысының ерекшеліктері

Соңғы онжылдықта тілтаным ғылымының басты зерттеу тақырыбы ретінде сан алуан түрлі әлеуметтік және коммуникативтік рөлдер атқаратын адам болып келеді. Антропоэзекті парадигма – тілдік тұлға мәселесінде барлық зерттеушілерді аталған субъектіні түсінудің және ұғынудың түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіруге итермелегені белгілі. Нәтижесінде, «тілдік тұлға» (Г.И. Богин, Ю.Н. Караулов, Б.А. Зильберт, В.И. Карасик, Т.В. Сентенберг, О.Б. Сиротинина, Б.Н. Головина, Т.В. Кочеткова, К.Ф. Седов, Е.В. Мадалиева, О.А. Кадилина), «сөздік тұлға» (Ю.Е. Прохоров), «коммуникативтік тұлға» (В.В. Красных), «сөйлеуші тұлға» (В.И. Карасик, С.Г. Воркачев), «сөздік портрет» (В.И. Шаховский, М.Р. Желтухина, Е.В. Михайлова, В.Е. Алексеева, О.И. Асташова), «сөздік имидж» (Т.Н. Дорожкина), «идиостиль» (Е.В. Шустрова) сияқты бірқатар ұғымдар қалыптаса бастады. Әлі күнге дейін кейбір зерттеу жұмыстарында (Т.Б. Соколовская, Д.В. Шапочкин) терминдерді шатастырып алу құбылысы байқалады, яғни бір ұғым басқа ұғымдармен алмастырып немесе ұқсас мәнмәтіндерде бірнеше ұғымды ажыратпай қолдану үрдісі кеңінен орын алады.

Ең алдымен біздің ойымызша, «тілдік тұлға» терминін қолданған дұрыс. Алайда, оның мағанасы осы екі сөзбен шектелмейді. Біз осы ұғымға қатысты кейбір түйіткілдердің өзіндік интерпретациясын ұсынуға талпыныс жасап көреміз. Қазіргі қалыптасқан көзқарас бойынша, осы терминді қолдануды алғаш ұсынған Ю.Н. Караулов тілдік тұлғаны зерттеудің үш деңгейін атап көрсетеді. Алғашқы деңгейді ол «нөлдік деңгей» деп атайды. Ең алдымен, тілдік тұлға категориясы белгілі бір этностың өкілі ретінде қабылданады, оның ойлауы көпғасырлық ұлттық-мәдени дәстүрлердің және сол қоғамда үстемдік құрған идеологиялық тұлғалық басымдылықтар қысымымен қалыптасады. Шын мәнінде, кез келген адам бастапқыда ұлттық тілдік мәдениеттің бір бөлігі болып табылады, сондықтан оның вербалды мінез-құлығы өзі сияқты мыңдаған адамдардың әрекеттеріне ұқсас болып келеді.

Осыған байланысты, Вильгельм фон Гумбольдтың тіл мен ойдың арақатынасы туралы белгілі тұжырымдамасына назар аудару қажет. Оның негізінде тілді адам мәнінің терең қабаттарында орын алатын және оның бүкіл болмысын қамтитын тілді адам рухының тіршілік әрекеті деп қабылдау түсінігі жатыр. Осыны ескере отырып, Ю.Н. Караулов тілдік тұлғаны «дүниенің жалпы тілдік сипаттамасымен, оның жалпыға маңызды өзектік, инварианттық бөлігімен» байланыстырады [1, б. 33]. Екінші деңгейде (Ю.Н. Караулов бойынша бұл бірінші деңгей болып саналады) тілдік тұлғаны зерттеу пәні ретінде осы субъектінің тілдік сипаттамасындағы дербес, қайталанбас, ерекше болып саналатын дүниелерді іріктеп алып, сараптама жасау үшін арнайы мәтіндер жиынтығы қажет болады. Дәл осы жерде адамның аялық білімдері, оның жеке көзқарастары, эмоционалды-

экспрессивтік лексикасы, идеологеммалары, риторикалық ерекшеліктері анық көрініс береді.

Үшінші деңгейде (Ю.Н. Караулов бойынша бұл екінші деңгей) тілдік тұлғаның мәтінтүзушілік үдерісіндегі нақты мақсаттары мен уәждері мәселесіне ерекше назар аударылады. Бұл кезең таза лингвистикалық зерттеу шеңберлерінен шығып, мәтінді талдауға психологиялық, тілдік тұлғаның аялық білімдерін қарастыруды қажет етеді. Мұнда зерттеушілер аталған индивидке қандай мінез-құлықтық ерекшеліктер тән келеді, оның дүниетанымындағы «ғаламның тілдік бейнесі» қандай құндылықтар жүйесінен құралады т.с.с. сұрақтарға жауап беруге тырысады. Деңгейлердің әрқайсысына қатысты тілтанымдық ғылыми әдебиеттерде өзіндік терминдік қатары қалыптастырылған. Бірінші (нөлдік) деңгейді Ю.Н. Караулов «вербалды-семантикалық», екіншісін (бірінші) – «лингво-когнитивтік» және үшіншіні – «прагматикалық» немесе «уәждемелік-тұлғалық» деп атайды [1, б. 245].

Жалпы, жеке тұлға дегеніміз – тарихи тұрғыдан нақты бір қызмет пен қоғамдық қарым-қатынастар үдерісінде қалыптасатын, өзінің әлеуметтік қасиеттері аспектісіндегі адам баласы. Яғни, жеке тұлға өз санасы мен қызметінің ерекшеліктерінде айқындалатын адамның үдемелі, интеллектуалды, әлеуметтік-мәдени, моральді-жігерлі қасиеттерінің біртұтас тұрақты жүйесі болып табылады. Егер де адам, жоғарыда келтірілген қасиеттерге, бай білім қорына ие, жоғары белсенділік танытатын болса, онда мұндай адамды жеке тұлға деп атаймыз. Сондықтан да, қазіргі жалпы және қазақ тіл білімінің ең бір қызықты әрі жиі талқыланатын мәселелерінің тірегінің бірі тілдік тұлға ұғымы болып жүргені де белгілі.

Академик Р. Сыздық: «Тіл – адамды тұлға ретінде тәрбиелейтін күш, ана тілі – адамды белгілі бір ұлттың, халықтың өкілі етіп шығаратын құрал», - деген қорытынды жасайды [2, б. 5]. Тілдік тұлға мәселесі ғалым Г.И. Богиннің еңбектерінде «жеке тұлға үлгісі» ретінде көрініс тауып, адам төмендегідей көзқарас тұрғысынан қарастырылады: «сөйлеу іс-әрекетіне, сөйлеу туындыларын жасауға және қабылдауға қабілетті адам» [3, б. 3]. Ал, бұл ұғымды ғылыми қолданысқа кеңінен енгізген ғалым Ю.Н. Караулов болатын. Ғалымның пікіріне сүйенетін болсақ, тілдік тұлға дегеніміз – мәтіндерді жасауға және қабылдауға қабілетті адам болып саналады. Өз кезегінде, мәтіндер, автордың пайымдауынша былайша жіктеледі: а) құрылымдық-тілдік күрделілігі деңгейі бойынша; ә) ақиқат болмысты неғұрлым терең және дәл айқындауы бойынша; б) белгілі бір мақсатты бағыттылығы бойынша [4, б. 48].

Автордың көзқарасы бойынша: «Тілдік тұлға – тілді зерттеудің барлық аспектілерін қамти отырып, адамды оның тілінен тыс қарастыратын пәндер арасындағы шекараны бұзып өтетін, ауыспайтын, алмаспайтын идея іспетті болып келеді» [4, б. 48]. Ғалым Ю.Н. Караулов тілдік тұлғаны талдау түрлі деңгейлерде жүзеге асуы мүмкін деп санайды: ауызекі сөйлеу тілін меңгеру деңгейін көрсететін – құрылымдық-тілдік деңгей; адам дамуын, мінез-құлығын

қалыптастыратын себептер мен мақасаттарды айқындап, оның мәтін тудыру қабілетін және ғаламның тілдік бейнесіндегі мән-мағыналар мен ұлттық құндылықтар жүйесін сипаттайтын – лингвотанымдық деңгей.

Ю.Н. Караулов көркем мәтін негізінде тілдік тұлғаның түрлі құрылымдық сипатының жіктемесін атап көрсетеді: вербалды-семантикалық деңгей; когнитивтік деңгей; прагматикалық деңгей [4, б. 44]. Ғалым тілдік тұлғаны айқындауда, оның жеке дара интеллектуалдық қасиеттерін сипаттауды ұсынып, тілдік тұлғаның алғашқы деңгейін «нөлдік деңгей» деп атайды. Яғни, бұл вербалды-семантикалық деңгей ауызекі сөйлеу тілін меңгеру дәрежесін көрсетіп, тілдік жүйеде әбден қалыптасқан үлгілерден тұрады. Ал, когнитивтік деңгей – жеке тұлғаның танымын, түрлі шығармашылығын, өзіндік тұжырым, пайымдау жасай алатынын айқындайтын жүйе. Прагматикалық деңгей арқылы жеке тұлғаның ерекше сөйлеу тілін, мәтін жасалымының себеп-уәждерін, мақсат-міндеттерін анықтауға болады.

Ресей ғалымы В.В. Красных тілдік тұлғаның мынадай компоненттерін ажыратып көрсетеді: а) сөйлейтін адам – жеке тұлға болып саналады, яғни оның қызметтерінің бірі сөйлеу қызметі; ә) тілдік тұлға – белгілі бір білімге ие және сөйлеу қызметінде айқындалатын өзіндік көзқарастыры бар жеке тұлға; б) сөйлеуші тұлға – өзін коммуникацияда жүзеге асыратын, тілдесімнің белгілі бір стратегиясы мен тактикасын таңдап іске қосатын жеке тұлға; в) коммуникативтік жеке тұлға – нақты бір коммуникативтік актіге қатысушы [5, б. 44].

Сонымен «тілдік тұлға» дегеніміз – бұл, ең алдымен жеке тұлға. Оның басты белгілері төмендегідей: 1) сөйлеу іс-әрекеттерін, сөйлеу туындыларын жасауға және қабылдауға қабілетті адам; 2) білім мен белгілі бір өзіндік көзқарастарға ие тұлға; 3) ана тілін толық меңгерген тұлға; 4) жеке мүдделері мен қабілет-қасиеттері, әлеуметтік өмір, атап айтқанда кәсіби дағдылары бар адам; 5) қызметі барысында анықталатын шығармашылық қабілеті бар жеке тұлға. Осымен байланысты тілдік тұлға, бірінші кезекте тілде, түрлі деңгейдегі қоғамдық сана формаларында (ғылыми, тұрмыстық т.б.), мінез-құлық стереотиптері мен нормаларында, материалдық мәдениет заттарында, мәдени кеңістікте және т.б. жүзеге асады.

Осы тұрғыдан келгенде, кез келген мәдениетте маңызды рөлді ұлттық құндылықтар атқаратыны белгілі, ал бұл құндылықтар концептілер арқылы айқындалады. Себебі, тіл – нақты бір тіл иесін, адам яғни жеке тұлғаны қалыптастыратын мәдениет құралы. Ғалым С.Г. Тер-Минасова: «Тілдік тұлға өзінің тіліндегі ғалам танымы, ділі, адамдарға деген қарым-қатынасы, яғни сол тілді тілдесім құралы ретінде пайдаланушы халық мәдениеті арқылы қалыптасады. Белгілі бір мәдениет иелерінің этносында халықтық-эмоционалдық тәжірибе көрініс табады», - деп көрсетеді [6, б. 117].

Жеке тұлғаның ұлттық қатыстылығы, оның қоғаммен тығыз байланысын айқындап, өз кезегінде бұл байланыс әлеуметтік-экономикалық, аумақтық-тұрмыстық, қоғамдық-саяси, тілдік, рухани және әлеуметтік-психологиялық

аспектілерден тұрады. Жеке тұлғаның ұлттық өзгешелігі, ең алдымен түрлі қатынастар жүйесінің ұлттық құндылықтармен байланысы негізінде айқындалады. Осы орайда, этнос дегеніміз – тарихи тұрғыдан қалыптасқан адамдардың тұрақты әлеуметтік тобы, ол тайпа, ру, халық, ұлт т.б. негізінде көрініс береді.

Этнос пайда болуының басты шарты - біртұтастық және де ол түрлі қырынан қарастырылады:

- сана-сезім (өз біртұтастығын және өздерінің басқа этностардан өзгешелігін сезіну);
- аумақ, территория тұтастығы;
- тіл;
- мәдениет.

Осымен байланысты, көптеген тіл зерттеушілері түрлі этностар ғаламының тілдік бейнесіндегі өзгешелік сипатын лексикалық жүйелерін салғастыру барысында ғана емес, олардың ұлттық менталитетін, тіл иелерінің мінез-құлқын салыстыруда айқын көрініс табады деген қорытындыға келіп отыр. Ғаламның тілдік бейнесі – тіл арқылы берілген ақиқат болмыс бейнесі, тіл арқылы репрезентацияланатын көріністердің концептуалдық жүйесі туралы интегративті білімнің үлгісі болып табылады.

Ғалым Н.Ф. Алефиренко менталдылықты «этномәдениеттің өзегі» ретінде анықтап, оған нақты мынадай анықтама келтіреді: «адамның өз ана тілінде көрініс беретін сыртқы және ішкі әлем жайындағы категориялар жиынтығын түсінуі және таным үдерісі барысында ұлттық мінез-құлықтың интеллектуалдық, рухани мен жігер қасиеттерінің ерекше айқындалуы» [7, б. 7]. Менталдылық тілдік құрылымдардан өзге, бейнелі, ұғымдық және мифологиялық құрылымдар мен концептілер арқылы да жүзеге асады. Яғни, мәдениет дегеніміз – менталдылықтың бір бөлшегі болып саналады. Сондықтан да, мынадай тұжырым жасауға әбден болады: мәдениетте адам менталдылығынан асқан ештеңе жоқ; тіл – құрал, ол арқылы менталдылық өз шеңберінде мәдени феномендер жасап шығарады.

Қазіргі мәдениеттанымдық әдебиеттерде менталдылық ұғымын жіктеп ажыратып беру талпыныстары көрініс тапқан. Мәселен, менталдылықтың үш түрі жайында сөз болады:

а) «батыстық» - дедуктивтік-танымдық менталитет (ұғым мен пайымдау формаларында ақиқат болмысты айқындап, практикалық бағытпен сипатталады);

ә) «шығыс» менталитеті (интуитивтік ойлауға негізделеді де, ең алдымен меңзей қарауға, пайымдауға, сырттай қарауға, рухани өздігінен жетілдірілуге, ішкі әлемін дамытуға бағытталып, көп жағдайда ұғымдарды емес, мән-мағыналар бейнелері мен мифтерді қолдануға бейім келеді);

б) «дәстүрлі қоғам» менталитеті (этномәдени қауымдастықтың нақты мәселелері мен өмір, тұрмыс жағдаяттарын материалдық шешіліміне бағытталған).

Жоғарыда келтірілген үш түрлі менталдылық аясында, олардың «ұлттық өзгешелігін» айқындап, халықтарды өзара ажыратушы этникалық менталдылық жайында айтуға болады.

Осы орайда, тілдік тұлға қалыптасуы мәселесінде, бірінші кезекте, «жеке тұлға қалыптасуы» дегеніміз – адам дамуы мен қалыптасу үдерісінде объективтік және субъективтік шарттардың тұтастығын меңзейтінін ескерген жөн деп санаймыз. Яғни жеке тұлға үнемі белгілі бір ұлт, тап, әлеуметтік топ және ұжым құрамында өмір сүріп, әрекет етіп, басқалардың материалдық және мәдени өмір сүру жағдайымен санасады, бөліседі, сондай-ақ сол қоғамның, әлеуметтік топ психологиясын да қабылдайтыны заңды. Осы әсердің нәтижесінде өз алдына жеке тұлғаның да нақты өмір жолын айқындайтын өзіндік қайталанбас сипаты болатыны да сөзсіз.

Тіл зерттеушілері Е.М. Верещагин мен В.Г. Костомаровтың пікірінше: «...адам орыс, неміс немесе жапон болып туылмайды, ол сол ұлттық қауымдастықта өмір сүру нәтижесінде солай болып шығады» [8, б. 176]. Осы тұрғыдан келгенде, тіл адамның ұлттық өзгешелігі мен ұлттық қатыстылығы жайында мәліметті қамтиды. Сонымен бірге, тіл жеке тұлғаға сол этноста оған дейін қалыптасқан әлемді тану, ғалам бейнесі жайындағы танымды, менталитетті міндеттейді. Яғни ұлттық тіл жеке тұлға мен ұлттық мінез-құлықты тек айқындап қана қоймай, сондай-ақ оны қалыптастырушы да болып табылады.

Айта кететін нәрсе – қазіргі тілтанымдық зерттеулерде вербалды-семантикалық деңгей бойынша уақыт адамға әсер етпейді, оның сөздері мен вербалды-семантикалық ассоциациялары тұлғаның «жалпыұлттық тілдік түрі» ретінде анықталады және ол оның «стандартты, тұрақты» компоненті екендігі баса айтылады. Ал тілдік тұлғаның лингвотанымдық уәждемелік деңгейлерінде табиғи түрде «бәрі өтпелі, бәрі өзгереді». Ұсынылып отырған тілдік тұлғаның сипаттамасына сәйкес ғалым Ю.Н. Караулов оны түсіндірудің өзіндік жоспарын құрастырады. Алдымен, ол «берілген тілдік тұлға ұйымдастырылуының семантикалық деңгейіне» сипаттама жасауды, яғни оны «нақты тілдік құрылымының өкілі ретінде» қарастыруды ұсынады. Одан әрі қарай бұл жеке тұлға дүниесінің тілдік үлгісін синтездеу, яғни ол құрастырған мәтіндер негізінде оның тезаурусын құруға болады. Нәтижесінде жеке тұлғаның өзіндік мәтіндерін және өзге мәтіндерді қабылдауына қарай адамның өмірлік ұстанымдарын, әрекет жасау себептерін, жасырын және ашық мақсаттарын анықтау ұсынылады [4, б. 115].

«Тілдік тұлға» ұғымын алғаш ғылыми қолданысқа енгізген академик В.В. Виноградов екені белгілі [9, б. 120-146]. Көркем әдебиетті зерттеуге арналған еңбектерінде академик тілдік тұлға, көркем бейне және автордың бейнесі қатынастарын зерттеген. Ғалым Ю.Н. Караулов беллетристиканы зерттеумен шектелмей, өз пайымдауларында психологияда қолданатын «тұлға» ұғымын негізге ала отырып, адамды көпқырлы дискурсивтік бірлік ретінде қарастыруды жөн көреді және негізгі назарды нақты адамның сөз құрылымында тіл мен ойдың

аракатынасы қандай рөл атқаратындығына аударды. Тілдік тұлға дегеніміз – «тұлғаның жеке аспектілі жалпы корреляты» (құқықтық немесе экономикалық тұлға тәрізді) ғана емес, сонымен қатар ол адамның тұлғалық сипаттамалары мен оның вербалды ерекшеліктерінің жиынтығы» [1, б. 38].

Тілдік тұлға ұғымын қарастырғанда, бірінші кезекте адамның дамуына жетектейтін, оған жаңа өзіндік сана мен өзіндік бейнелеуді дарытатын, оның әрекеттерін жаңа мағынамен және ой-толғаулармен толықтыратын, нәтижесінде вербалды мінез-құлығы арқылы басқа адамдардың мінез-құлқына әсер ететін ерекше тұлғаны қалыптастырады. Ю.Н. Караулов зерттеуінің жалпы идеологиялық тұлғалық негіздерін дұрыс бағалай отырып, «Орыс тілі және тілдік тұлға» еңбегінің бірнеше ғылыми ұстанымдарын арнайы әдебиеттің көмегімен анықтау қажет екенін естен шығармаған жөн. Біздің ойымызша Ю.Н. Карауловтың еңбегіндегі кейбір ұстанымдары пікірталас тудыратыны сөзсіз, дегенмен оның ілімі лингвистика ғылымында бірқатар типологиялық тұлғалардың қалыптасуына ықпал етті.

Біріншіден, тілдік тұлғаға талдау жасағанда қолданылатын «тұлға», «тұлғаның құрылымы» және «когнитивтік» тәрізді негізгі ұғымдар мәселесін атап өткен жөн. Ю.Н. Карауловтың еңбегінде көптеген қағидалар бастапқы күйінде қалдырылған, оларға қазіргі тілтаным талаптарына сай мазмұндық және терминологиялық түзетулер енгізу қажет деп санаймыз. Мысалы, жеке тұлға жіктелімінің біразына ғалым В.И. Карасиктің «Тілдік шеңбер: тұлға, концептілер, дискурс» атты еңбегінде сипаттама жасалған [10]. Тілдік тұлғаны зерттеуде пайдаланатын әдіс-тәсілдердің ішінде біздің жиі қолданатынымыз тұлғаның белгілі бір түріне ғана талдау жасау болып табылады (мысалы, кәсіпкер, тележүргізуші, саясаткер т.б.). Шығармашылық қасиеттері бар тұлғаларды (жазушылар мен ақындарды) біз жеке категорияға біріктіреміз.

Тілдік тұлғаның әлеуметтік-мәртебелік түрі адамның вербалды мінез-құлығын зерттеуге алып, талдаудың кешенді стратегиясын таңдауға мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, онда адамның төрт параметрі кешенді түрде қарастырылуы тиіс: биологиялық (жынысы мен жасы), психикалық (сөйлеп жатқан кезіндегі және оның жағдайындағы эмоционалды ахуалы), әлеуметтік (ұлты, туған жері, әлеуметтік мәртебесі, негізгі кәсібі) және дара-лингвистикалық (вокабуляр, кілттік сөздері, идеологемалар, жанындағы адамдардарға «өзім//өзге» принципі бойынша көзқарасы, риторикалық құрал-тәсілдер жиынтығы, фонологиялық ерекшеліктері т.б.).

Жоғарыда аталған өлшемшарттарға зерттеулер жүргізгенде, пәнаралық байланыстылық принципті ескеруді қажет етеді, дегенмен тұтастай қарастырғанда талдау қазіргі заманғы лингвистикалық зерттеулердің өзегінде орналасқан коммуникативтік-дискурсивтік парадигма шеңберінде жүргізілуі тиіс. Тілдік тұлғаның әлеуметтік-мәртебелік түрін зерттеу, тұлғаның нақты жағдайды қалай тудыратынын анықтауға, ал саясаткерлерге қатысты алғанда олардың мінез-құлығын түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы ғылыми ізденістер

волгоградтық зерттеу лабораториясында жан-жақты жүргізілуде. Бұл мектептің атақты ғалымдарының қатарына Н.Ф. Алефиренконы, В.И. Шаховскийді, Ф.П. Сергееваны, Н.А. Красавскийді және т. б. ғалымдарды жатқызуға болады.

Аталған бағытта Е.В. Бакумованың «Саяси дискурстың рөлдік құрылымы» атты диссертациялық зерттеуі және Т.А. Ивушкинның «Ағылшын ақсүйектерінің тілі: әлеуметтік-тарихи аспекті» атты монографиясы жазылған [11, 12]. Ресей лингвистикасында бұл мәселе И.В. Арнольд, В.А. Кухаренко, Р.Я. Гальперин, Г.И. Богин, О.С. Ахманова және т. б. ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған.

Н.А. Вострякованың «Коннотативтік семантика және орыс тіліндегі аталымдық бірліктер прагматикасы» еңбегінде де аталған мәселе жете зерттелген [13]. Біз зерттеуімізде тілдік тұлғаның мінез-құлығына сараптама жасағанда, талдаудың нақты және күрделі-құрылымды әдіс-тәсілдерін пайдалануға тырысамыз. Біздің пайымдауымызша, тілдік тұлға дегеніміз – лингвистикалық және экстралингвистикалық ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан жағдаяттар жиынтығымен сипатталатын, вербалды мінез-құлығы арқылы өзін көрсететін индивид. Қазіргі зерттеулерде «Тілдік тұлға» ұғымымен қатар «сөйлеу портреті» ұғымы да кеңінен қолданылып келеді.

Бұл терминнің қолданысқа енгізілуін XX ғасырдың 60-шы жылдарында «фонетикалық портрет» ұғымын қолдана бастаған атақты ғалым М.В. Пановтың есімімен байланыстырады [14]. Кейінгі жылдары бұл термин қолданысы Т.Г. Винокур, Т.И. Ерофеева, Е.А. Земская, М.В. Китайгородская, Л.П. Крысин, Т.М. Николаева, Н.Н. Розанова, К.Ф. Седов сынды бірқатар ғалымдардың еңбектерінде жалғасын тапты. «Сөйлеу портреті» терминіне берілген анықтамалар ішінен екі негізгі түсініктемені ерекше атап өтуге болады. Т.П. Тарасенконың пікірі бойынша, сөйлеу портреті дегеніміз – «коммуникативтік тұлға немесе белгілі социум тіршілігінің белгілі бір кезеңіндегі тілдік және сөздік сипаттамаларының жиынтығы» [15, б. 8]. Автордың пікірінше, сөйлеу портреті арқылы тұлғаның төменде берілген аспектілерін анықтауға болады: 1) жасы, 2) гендерлік, 3) психологиялық, 4) әлеуметтік, 5) этномәдени, 6) лингвистикалық. Ал зерттеуші Г.Г. Матвеева сөйлеу портреті ұғымына «тыңдап отырған адамға қолданатын белгілі әрекеттердің нақты жағдайда іске асырылуын қамтамасыз ететін және әсер ету үшін қолданылатын сөйлеп жатқан адамның сөз тіркестерінің жиынтығы», - деген анықтама береді [16, б. 14].

Сөздік портреттің ерекше қасиеттерінің бірі ретінде вербалды мінез-құлықтың бекітілуін, қайталанып отырған жағдайда оның автоматизмге дейін жеткізілуін алға тартады. Мысалы, Г.Г. Матвеева тілдік тұлға, сөздік портрет дербес және ұжымдық түрлерде болатынын айтады. Сонымен, «тілдік тұлға» ұғымының «сөздік портрет» ұғымынан басты айырмашылығы адамның жұмсалымды -коммуникативтік сипаттамаларын талдаудың уақыттық шектеулері. Сөздік портретті уақыттың белгілі бөлігіндегі жағдайларға, сөздің жанры мен

регистрі ерекшеліктеріне байланысты қалыптасатын статикалық шама ретінде де қарастыруға болады.

«Тілдік тұлғаның» дамуына динамикалық өзгерістер тән. Алуан түрлі үнемі өзгерістерге ұшырап жататын экстралингвистикалық параметрлерге, адамдардың сөздерінде «ресми» және «бейресми» лексиканы, сөздік жүздесудің формаларын (ауызша/жазбаша, алдын ала даярланған/суырып салма сөз, монолог/диалог) пайдалануына әсер ететін факторларға байланысты тіл құралдарының репертуары трансформацияға ұшырайды, сондай-ақ тілдің жалпы тақырыптық мазмұны, коммуникацияға қатысушылардың тұлғааралық қатынастарының конфигурациясы түрлендіріледі. «Тілдік тұлғамен» салыстырғанда «сөйлеу портреті» адамның коммуникативтік потенциалының кескінін бейнелейді, ал екінші жағынан, оны тұлғаның сөздік имиджі құрамына енетін сипаттамалардың жиынтығы ретінде бейнелеуге болады. Қоғамда берілген адамды белгілі стереотиптік бейне ретінде дәстүрлі түрде қабылдап баға береді. О.И. Асташова өзінің диссертациялық зерттеу жұмысында осы ойды қолдап, «нақты тілдік тұлғаның лингвопортреттік өзгерістері» проблемасын алға тартып, «үнемі өзгерістерге ұшырап жатқан дүниенің талаптарына бейімделе алатын саясаткер тілдік тұлғасының динамикасын анықтауға мүмкіндік беретін талдаудың интерпретациялық моделін» құрастыруға тырысады [17, б. 3].

«Идиостиль» және «идиолект» ұғымдары «тілдік тұлға» және «сөйлеу портреті» ұғымдарымен шамалас болып келеді. М.П. Котюрова идиостильге «берілген жұмсалымды стиль, жанр, мәтіндік категория және т.б. шеңберінде тілдік бірліктерді қолдануын сапалық және сандық жақтарынан қарастырғандағы индивидтің басымырақ болып келетін сөздік қасиеттерінің ерекшеліктері» деген анықтама береді. Зерттеушінің пайымдауынша, «идиостиль жалпы тілдік тұлғамен емес, белгілі әлеуметтік рөл атқаратын субъектінің тілдік тұлға ретінде қабылдануына байланысты сипатталады» [18]. М.П. Котюрова «идиостиль» және «идиолект» ұғымдары бір біріне жақын болғанымен, мағыналары толығымен сәйкес келмейтіндігін алға тартады. Идиолектінің идиостильден басты айырмашылығы ол «тілдің жеке тасымалдаушысы сөзінде орын алатын құрылымдық-тілдік ерекшеліктердің топтарын (тұрақты сипаттамаларды) қамтиды» [18, б. 95].

Сонымен, М.П. Котюрованың ойынша, идиолектіні тілдік тұлғаны зерттеудің бірінші деңгейі (Ю.Н. Карауловтың терминдерінде құрылымдық-тілдік), ал идиостильді тілдік тұлғаны екінші және үшінші деңгейлерде (лингвотанымдық және мотивациялық) ашып көрсететін күрделі категория ретінде қарастырған дұрыс. М.П. Котюрова идиостиль «сөздің белгілі бір жұмсалымды стилінің шеңберіндегі мәтіннің құрылымында, семантика мен прагматикасында, оның мәтінді тудыратын деңгейлерінің сал алуан түрлі ерекшеліктерінің көрінісі арқылы тілдік тұлғаның стилін бейнелейді», - деп баса айтады [18, б. 97]. Жұмысымыздың басында біз «тілдік тұлға» ұғымына ұқсас болып келетін «сөздік тұлға» және «коммуникативтік тұлға» ұғымдарын сөз еткенбіз. Біз оларды

жоғарыда аталған терминологиялық бірліктермен салыстыру немесе талдау жасау мақсатын алға қойған жоқпыз, дегенмен «тілдік тұлға» және «коммуникативтік тұлға» ұғымдарының мағыналары бірдей немесе айырмашылығы бар ма мәселесі біздің зерттеуіміз үшін маңызды.

Аталған мәселеге арналған көптеген зерттеулерді талдай келе, біз мынадай қорытындыға келдік, біздің ойымызша, коммуникативтік тұлға ұғымының мағынасы «тілдік тұлға» ұғымынан әлдеқайда кеңірек, себебі «коммуникативтік тұлға» ұғымының құрылымына вербалды емес құралдар да енеді, оған сарамал жасау үшін коммуниканттың әрекетіне тікелей бақылау жүргізу керек. «Тілдік тұлға» және «коммуникативтік тұлға» ұғымдарына Г.И. Богин, Ю.Н. Караулов, Ю.В. Рождественский, Г.Ф. Седов, В.П. Нерознак, В.И. Карасик, О.Б. Сиротина, В.П. Коневская және И.И. Халеева сынды лингвист ғалымдардың көзқарастарына таладау жасай отырып, бұл проблеманы зерттеушілер «тілдік тұлға» және «коммуникативтік тұлға» модельдерінің саны және таңдалуы тәжірибемен реттеледі» деп қорытады.

Сонымен, қазіргі зерттеулерде «тілдік тұлға», «сөйлеу портреті», «идиостиль», «идиолект» ұғымдары ажыратылмай қатар қолдана беріледі. Яғни «тілдік тұлға» категориясын талдау әлі күнге дейін лингвистикадағы перспективалық бағыттардың бірі екенін айта кетуіміз керек. Мәселенің көкейтестілігін дәлелдеу үшін саясаткерлердің вербалды мінез-құлығын қарастыратын бірқатар зерттеу орталықтарының пайда болуын алға тартуға болады, яғни мұндай зерттеулердің жүргізілуі, қазіргі заманғы тілтаным ғылымы, соның ішінде тілтаным алдында тұрған кейбір аса маңызды міндеттердің шешімін табуға септігін тигізеді деген ойдамыз.

1.2 «Тілдік тұлға» категориясының тілтаным ғылымындағы сипаты

Тіл объективті шындықты, яғни ғалам бейнесін таңба түрінде белгілейтіні баршамызға мәлім. Ал, ғалам бейнесінің ортасында өзінің тәлім-тәрбесімен, мәдениет ерекшелігімен, білім, ақыл-парасаты деңгейімен, мінез-құлқымен, ойымен т.б. индивид, субъект, тілдік тұлға болатыны да белгілі. Сондықтан да тілдік тұлғаны зерттегенде, тілді жасаушы, оның иесі мен тұтынушысына назар аудару, яғни әлеуметтік, психологиялық, этникалық т.б. сипатындағы ерекшеліктерге ие нақты тілдік тұлғаны қарастыру қажеттілігі туындайтыны анық. Жалпы тілдік тұлғаны зерттеуге арналған еңбектердің жарық көруіне байланысты орналастыратын болсақ:

- ана тілі және рух қалыптасуының мәселелері (И. Вайсбергер);
- автор тұлғасы және кейіпкер тұлғасы (В.В. Виноградов);
- сөйлеуші (сөйлетін) тұлға (А.А. Леонтьев);
- тілдік тұлға және оның үлгісі (Г.И. Богин);
- тілдік тұлға және оның құрылымдық-тілдік күрделілігінің деңгейлері (Ю.Н. Караулов).

Бұл жөнінде белгілі ғалым В.А. Маслова: «...тілдік тұлғаның көп деңгейлі үлгісі – тілдік тұлғаның жалпыланған түрін көрсетеді. Аталған мәдениетте мұндай нақты тілдік тұлғалар өте көп болуы мүмкін, олар тек белгілі бір тілдік тұлға құрамында әрбір деңгейдің маңыздылығы тұрғысынан ғана ерекшеленеді. Осыдан мынадай қорытынды жасауға болады: «тілдік тұлға – сөйлеуші тілдік тұлғалардың көп қабатты әрі көп құрамды парадигмасы болып табылады. Оның үстіне, бұл ретте сөйлеуші тілдік тұлғасы деп отырғанымыз, бұл – нақты тілдесім, жұмсалым қызметі парадигмасындағы тілдік тұлға. Сондықтан да, дәл осы сөйлеуші тілдік тұлға деңгейінде ғана тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени ерекшелігі де, сондай-ақ тілдесімнің өзінің де ұлттық-мәдени сипаты да аталған деңгей құрамында айқындалады», - деп көрсетеді [19, б. 119].

Қазіргі тілтаным ғылымында тілдік тұлғаны зерттеудің түрлі амалдары бар: орыс тілдік тұлғасы (Ю.Н. Караулов), батыс және шығыс мәдениеттерінің тілдік тұлғасы (Т.Н. Снитко), сөздік тілдік тұлға (В.И. Карасик), этносемантикалық тілдік тұлға (С.Г. Воркачев), эпистолярлық (нақты, шынайы), шығармашыл билингв тұлға (У.М. Бахтикиреева), тілдік тұлға (Н.И. Гайнуллина) т.б. Отандық тіл зерттеушісі Н.И. Гайнуллинаның пікірінше: «... өткен ғасырлардағы тілдік тұлғаны қайта қалпына келтіру үшін сол тілдік тұлғаны айқындайтын семиотикалық құрылымдарды, яғни жазба мәтіндерді зерттеу қажет. Себебі, бұл ұзақ уақыт бойы жинақталған жазба мәтіндерде бұрын өткен кезеңдегі адамның сөйлеу қызметі көрініс табады. Нақты тарихи тілдік тұлғаға тиесілі мұндай мәтіндер жиынтығын дискурс деп атаған дұрыс» [20, б. 12].

Осымен байланысты, ғалым Н.И. Гайнуллина: «нақты тілдік тұлғамен және өз шығармашылығында көркем тілдік тұлғаны жүзеге асыратын сөз шеберінің тілдік тұлғасын – жазушы, ақынды» ажыратып көрсетуді ұсынады [20, б. 12]. Әрбір тілдік тұлға, оның даралығын, қайталанбас өзгешелігін айқындайтын когнитивтік (когнитивтік-семантикалық) және прагматикалық деңгейлерден бастау алатыны ғылымда дәлелденген тұжырым. Сол себепті де, Н.И. Гайнуллина: «Нақты тілдік тұлғаның дискурсында мәтін құрылымдау заңдары, сөздердің тіркесімділік заңдары іске қосылады. Өз кезегінде, олар синтагматикалық деңгейде (мәтіндер) мәтін жасаушының (білім деңгейі, лингвотанымдық деңгей) осындай сөз қолданысы арқылы қандай мақсат, міндет, ниет көздегенін, сөздер семантикасын анықтауға болады. Ал прагматикалық сипаттағы ассоциациялар (мұндай қасиетке кез келген тілдің барлық сөздері ие бола алады) тілдік тұлғаның субъективтік салаға ауысу мақсатындағы өз бастамасы болып саналады. Осы тұста ғана дискурс бірегейлігі мен экспрессивтілігі көрініс тауып, аталған дискурс жазушы/сөйлеуші тұлғаның жеке ғалам бейнесі мен субъективтік дүниетаным ерекшелігін айқындайды» [20, б. 14].

Әрине, сөзсіз тілдік тұлғаның өзі сөйлеу формаларының таңдалуына, тілдік құралдардың іріктеліп алынуына әсер етеді және бұл үдеріс дискурс (мәтіндер) жасалып жатқан кезеңдегі мәдени-тарихи жағдаят ерекшеліктеріне тікелей

тәуелді. Осыған сәйкес, тілдік тұлға мазмұнында мынандай компоненттерді атап көрсетуге болады:

– дүниетанымдық (құндылықтық) компонент (ұлттық мінез-құлық қалыптастыратын ғаламның тілдік бейнесі мен құндылықтық көзқарастар жүйесінің жасалуы);

– мәденитанымдық компонент (тілдесімге түсушіге тиімді әсер ету және барабар тілдік қолданыстарды пайдалану дағдыларын қалыптастыру);


– жеке тұлғалық компонент (терең, жеке, өзіндік сипаттың болуы).

Тілдік тұлғаның жоғарыда аталған өлшемшарттары талдауға алынуы, оның білім деңгейін, әлемеуттік жағдайы мен ортасын, мінез-құлық типін т.б айқындауға мүмкіндік береді. Әрбір жеке адамның санасы мен ойлау жүйесінде ғаламның тілдік бейнесінің түрлі-түрлі типтері орын алуы мүмкін. Мысалы, ең бір қарапайым түрінен бастап, ең күрделі түріне дейін. Ғалам бейнесінің қарапайым түрі белгілі бір тілдің лексикасы арқылы жасалады. Яғни, әрбір реалийге тән келетін тілдік қолданысты жақсы білетін адам нақты бар, шынайы әлемді өзінің концептілер әлемімен оп-оңай сәйкестендіре алады. Басқаша айтқанда, адам қызметінің белгілі бір саласы бойынша қалыптасқан ғалам бейнесі жеке тұлғаның өзіндік дүниетанымы арқылы сұрыпталған ақиқат шындық көрінісінің нәтижесі ретінде сипатталады немесе ақиқат шындық кейде объективті түрде, кейде субъективті түрде де айқындалуы мүмкін деп тұжырымдауға болады.


Ақиқат шындықты объективті айқындайтын ғаламның тілдік бейнесі адам санасындағы ғаламның жалпы концептуалды үлгісінің маңызды құрамдас бір бөлігі ретінде қарастырылады. Аталған ғалам бейнесі тұтас дүние ретінде жеке адамға, субъектіге қоршаған ақиқат болмысты қабылдауға, танып білуге ықпал етеді. Яғни, тілдік тұлғаның санасында немесе интеллектінде ойлау қызметінде ерекше менталды деңгейі болады. Бұл деңгейде адам (табиғат, басқа адамдарға қатысты, түрлі жағдаяттарға байланысты) түрлі концептуалды көзқарастарды, ұстанымдарды қолдану арқылы концептосфера қалыптастырады. Ал, бұл көзқарастар мен ұстанымдардың қалыпты, типтік немесе өзіндік ерекшеліктерге ие маңызды болуына орай, тілдік тұлғаның түріне сәйкес концептосфераларды да әмбебап және субъективті деп белгілеуге әбден болады.

Сонымен, жалпы концептосфера дегеніміз – адамдардың құрылымдастырылған білімдерін, олардың ақпараттық базасын айқындайтын әмбебап заттық код бірліктерінің, ойлау бейнелерінің саласы. Ал, тілдің семантикалық кеңістігі – тілдік таңбалар жүйесінде белгіленген концептосфераның бір бөлігі.

Көрнекі түрде келтіретін болсақ:



Сурет 1 - Концептосфералардың эмбебап және субъективті түрлері



Сурет 2 – Концептосфера мен тілдің семантикалық кеңістігінің арақатынасы

Дәлел ретінде нақты бір тілдік тұлғаның тілдік қолданыстарын талдауға алуға болады, мысалы Ш. Уәлиханов мәтіндеріндегі метафоралар, мақал-мәтелдер, теңеулер т.б. Бұл тілдік тұлғаның тезаурустың деңгейін анықтап, қоршаған орта мен әлем туралы білімдерін көрсететін тілдік бірліктер таңдалуының жеке авторлық ұстанымын түсіндіреді. Сондай-ақ, тілдік тұлғаның бұл деңгейі дискурс жасалуының сәтіне сәйкес тілдің даму сипатын да түсіндіре алады. Сондықтан да тілдік тұлғаны талдау барысында зерттеу нысанының синхронды немесе диахронды аспектісін ескеру қажет.

Ш. Уәлихановтың еңбектерін егжей-тегжейлі зерттеп, оның шығармашылығы туралы монография жариялаған қазақ ғалымы, лингвист О.А. Сұлтаньяев: ол тілдік құралдардың барлық арсеналын - фразеологизмдерді, кірме сөздерді, метафораларды, салыстыруларды жан-жақты талдады. Ғалым алдыңғы дәуірді сипаттайтын барлық тарихи дереккөздерді егжей-тегжейлі зерттеді. О.А. Сұлтаньяев (өзіне тән терең зерттеу қабілетімен) Ш. Уәлихановтың еңбектерінде кеңінен ұсынылған топонимдерге, тілдік құралдардың ерекшелігіне айрықша назар аударды. Сонымен, зерттеуші Ш. Уәлихановтың шығармашылығында орыс тілінің керемет қолданылуын, сөздің көркемдік-бейнелеу мүмкіндіктерінің әсемдігі мен күшінің нәзік сезімін атап өтті [21].

Ш. Уәлихановтың тілдік әлемі, оның тереңдігінде сарқылмайтын, оның ерекше тұлғасының тарихи-психологиялық, лингвистикалық, философиялық, этникалық ерекшеліктерін көрсетеді. Ш. Уәлихановтың тілдік әлемінің ерекшеліктері оның ғылыми мәтіндерінде, күнделіктерінде, жазбаларында көрініс тапты, олар автордың портретін қайта жаңғырту үшін маңызды материал болып табылады. Біздің замандастарымыздың фактілер мен белгілі бір ақпаратты қарапайым тіркеуге бағытталған көптеген ғылыми мәтіндерінен айырмашылығы, Ш. Уәлиханов шығармалары тілінің жеке әлемінің бірегейлігінде.

Белгілі ғалым Н.Ж. Шаймерденова: «Шоқан Уәлихановтың шығармашылығы – ғылымда әлемдік танымалдылыққа ие болған және өмірінде өзінің ғылыми даңқын мәңгілікке қалдырған қазақтың тұңғыш ғалымының шығармашылығы оның эрудициясы мен көптеген тілдерді білетіндігінде ғана емес, сонымен қатар жол жазбалары мен очерктерінде айқын көрінетін лингвистикалық дарындылығын көрсетеді», - деп көрсетеді [22].

Ш. Уәлихановтың тілдік тұлғасына қатысты мынадай қорытынды жасауға болады: екі халықтың қатар ұлттық ғаламының тілдік бейнелерінің игерілуі билингв тілдік тұлға қалыптасуы туралы айтуға негіз болды. Яғни «тілдік тұлға» категориясы өте күрделі және көп аспектілі мәселе. Ғаламның тілдік бейнесінің ең маңызды құрамдас бөлігі ретінде тілдік тұлға категориясын зерттеу субъективті модальділік тұрғысынан ақиқат болмысты қалыптастыру мен айқындауда аса маңызды болып саналады. Алайда, қазіргі таңда бұл категория жан-жақты зерттеліп жатқанымен, терминнің өзіне қатысты нақты қалыптасқан бірыңғай көзқарас жоқтың қасы деуге болады.

Жоғарыда «тілдік тұлға» ұғымын алғаш ғылыми қолданысқа енгізген академик В.В. Виноградов екенін атап өткен болатынбыз [23]. Ғалым өз зерттеулерінде «тілдік тұлға», «көркем бейне», «автордың бейнесі» ара жігін ажыратып берсе, ал Ю.Н. Караулов «тілдік тұлға» ұғымына алғаш түсініктеме берген ғалым [1, б. 38]. Осымен байланысты ХХ ғасырдың аяғынан осыған дейінгі кезең қазақ тіл білімінде тілдік тұлғаға деген ерекше қызығушылықпен ерекшеленді. Тілді өз тұтынушысымен бірге зерттеу ғылымдағы ең перспективалы бағыт, сондай-ақ келесі онжылдықтардағы барлық зерттеулердің ең маңызды міндеті болып саналатыны заңды деп санаймыз.

Тілдік тұлға өзінің танымдық қабілеттерімен, коммуникативті қажеттіліктерімен, сөйлеу әрекетімен терең талдауды, жан-жақты бақылауды қажет ететін күрделі, көп қырлы құбылыс болғандықтан, бұл ғылыми мәселенің толық зерттеліп, өз шешімін тапқандығы туралы тұжырымдар жасау қисынға келмейді. Отандық тіл ғылым осы бағыттағы зерттеулерді жалғастыруда. Қазіргі уақытта тілдік тұлға теориясы мәселесінің жеке аспектілерін зерттеу, бақылау үшін әртүрлі нысандарды таңдау негізінде түрлі-түрлі зерттеу әдіс-тәсілдер қолдану арқылы тұрғысынан жасалуда.

Антропоэлекті ғылыми парадигма арқылы жасалған тілдік тұлға туралы ілім тілдік материалды зерттеудің кең ауқымды әдістерін, тәсілдерін қолдануды көздейді. Олардың таңдалуы әрбір нақты жұмыста қойылған мақсаттар мен міндеттермен анықталады. Ең жиі қолданылатын әдістер: жалпы лингвистикалық: нысанды бақылау, сипаттамалы, тезаурустық (лексиканы идеографиялық сипаттау әдісі), семантикалық өрістер әдісі, автордың жеке сөздігін контент-талдау әдісі, герменевтикалық; лингвотанымдық әдістер: концептуалды, дискурстық; лингвомәдениеттаным әдістері: лингвомәдени өрістер әдісі, мәтінді лингвомәдениеттанымдық талдау әдісі; лингвопрагматика әдістері; психолингвистика әдістері; слыстырмалы-салғастырмалы әдістер; статистикалық әдістер; оқыту лексикографиясының әдістері; экспериментті әдістер т.б.

Тілдік тұлғаның кешенді теориясын құру оның мазмұнының әртүрлі аспектілерін терең талдау арқылы жүзеге асырылады. Ең алдымен тіл білімінде тілдік тұлғаның өмір сүру жағдайын анықтайтын әртүрлі сипаттамалар қарастырылады: элитарлы тілдік тұлға, семиологиялық тұлға, амбивалентті тілдік тұлға, ұлттық тілдік тұлға, толерантты тілдік тұлға, билингвалды тұлға, полилингвалды тілдік тұлға т.б. Осыған орай, әртүрлі тілдік бірліктердің семантикалық және жұмсалымды-прагматикалық сипаттамаларын талдау негізінде тілдік тұлғаның үш деңгейлік құрылымын қайта құру жүзеге асырылады.

Зерттеуімізде ғалым тілдік тұлғасының әрбір деңгейін зерделеу кезінде келесі тұстарға басты назар аударуға талпыныс жасалды: вербалды-семантикалық үшін – белгілі бір лингвомәдени жағдаяттың ерекшеліктерін көрсететін сөздік қорды талдау; лингвотанымдық үшін – ғалымның жеке концептосфера ерекшеліктерін айқындау; уәждемелік үшін – тілдік тұлғаның жеке танымдық кеңістігінде орын алатын және мәтінде бейнеленетін прецедентті құбылыстарды анықтау және сипаттау. Тілдік тұлғаның сөйлеу әрекетін байқау үшін маңызды материалды ұлттық-мәдени мағыналық компоненті бар лексика ұсынылады (фразеологиялық бірліктер, афоризмдер, бейэквивалентті лексика т.б.).

1.3 Ш. Уәлихановтың тілтанымдық мұрасын талдаудың негізгі өлшемшарттары

Қазіргі әлемдік тіл ғылымында, соның ішінде қазақ тіл білімінде де аса өзекті болып саналатын бағыттар қатарынан: мәтін лингвистикасы мен дискурс теориясы, көркем шығарма интерпретациясы мен қабылдаудың

психолінгвистикалық мәселелері, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттаным, лингвосинергетика т.б. табылады. Осы тұрғыдан алғанда, өзіндік «мегабағыт» ретінде сипатталатын тілде адам факторына негізделетін антропоэлекті бағыттың орны ерекше. Оның алдындағы құрылымдық парадигмадан антропоэлекті парадигманың ерекшелігі жайында ғалым А.Г. Баранов, ең алдымен оның гуманистік бағыттылығын атап көрсетіп: «субъекті-субъектілік позицияға қарай көзделгенін», - баса айтады [24, б. 5-6].

Алайда, осыған дейін де антропоэлекті идеялар белгілі бір дәрежеде айтылып, оның кейбір қырларына мән берілгенін мойындау қажет: «романтикалық жоғары эссе мен философиялық пайымдаулардан, нақты логикалық құрылымдарға дейін» [25, б. 3]. Олардың ішінен кеңінен таралып, белгілі болғандары В. фон Гумбольдтың «халық рухы» мен «сана инстинкті», И.А. Бодуэн де Куртенэнің «тіл сезімі», Л.В. Щербаның «лингвистикалық инстинкті» жайындағы ойлары, А.М. Шахнаровичтің «тілдік қабілеті», Ю.Н. Карауловтың «тілдік тұлғасы» т.б.

Бұл ретте, қазақ тіл ғылымында тұлға, тілдік тұлға ұғымына алғаш рет мән берген Шоқан Уәлиханов екенін атап көрсеткеніміз жөн. Шоқан Уәлихановтың пайымдауынша, ұлттық психологияны айқындайтын басты әрі маңызды белгілердің бірі, сол ұлттың тіл байлығы, сөз өнері, шешендік қасиет-қабілеттері: «Адам - таңғажайып құбылыс! Оның жан дүниесі, ақыл-ойы, жан-жақты талант-қабілеті — құдіреттілік табиғатының, мүлдем беймәлім әрі ешқашан да танып-білу мүмкін емес мәңгілік құпияның нақты көрінісі осы емес пе?!»; «Дүниеде әділдік пен адалдықты ту еткен адамнан артық ешкім жоқ» - секілді ой-қорытындылары соның айқын дәлелі.

Сондықтан да қазіргі таңда қазақ гуманитарлық ғылымының кез келген саласының ғылыми зерттеуі Шоқан Уәлиханов идеяларынан бастау алатыны заңдалық. Енді осыған орай, «тілдік тұлға» категориясын талдау принциптерінің трансформациясына қатысты, егер осы кезге дейін тіл білімінде тіл тұтынушыларының абстарктілі үлгілерін жасауға бағытталған зерттеулер басым болса [3, б. 28], қазіргі күні нақты тұтынушының тілдік тұлғасын зерделеуге арналған кешенді қолданбалы әзірлемелер аса маңыздылыққа ие екенін байқаймыз. Аталған зерттеулердің басты мақсаты – түрлі тілдік тұлға типтерін, атап айтқанда ұлттық, ұжымдық, сондай-ақ жеке тілдік тұлғаны белгілі бір дискурс түрлерінде тіркелген ерекше белгілерін қайта жаңғырту, қайта келтіру арқылы неғұрлым толық сипаттап беру болып табылады [қара: 26; 27; 28; 29; 30; 10; 1; 31; 32; 33; 34; 35 т.б.].

Сонымен қатар сан алуан түрлі типологиялық топ (әлеуметтік-коммуникативтік және кәсіби-коммуникативтік) тілдік тұлғасының ерекшеліктерін зерттеуге арналған жұмыстар саны артуда. Мысалы, мұғалімнің тілдік тұлғасы, русист-мұғалімнің (орыс тіл білімінде), телевизиялық жүргізушінің, аудармашының, комментатордың (жалпы, бұл

катарды үздіксіз жалғастыруға бола береді: дәрігердің тілдік тұлғасы, заңгердің, әртістің, жазушының (бұл бағыттағы зерттеулер қазақ тіл білімінде өте көп), саясаткердің және т.с.с). Бұл дегеніміз – тілдік тұлға деп жиі жеке тұлғаны коммуникативтік даралықпен қамтамасыз ететін, тек коммуникативтік мінез-құлық барысында айқындалатын, жеке тұлғаның айрықша қасиеттерінің жиынтығы түсініледі. Яғни, тілдік тұлғалардың бірқатар белгілері бойынша топтарға ажыратып жіктеп көрсетуге мүмкіндік беретін басты факторлар ретінде кәсіби қызметі немесе айналысатын жұмысы болып саналады.

Аталған бағыт бойынша, тілдік тұлға теориясының концептуалдық негіздемісінің арқасында тілтанымдық, кеңінен алатын болсақ, филологиялық ғылымындағы тілдік тұлғаның тірек құрылымына қатысты, яғни Ю.Н. Карауловтың концепциясына орай оның деңгейлерінің – вербалды-семантикалық, лингвотанымдық және уәждемелік сипатына байланысты бірқатар бағыттардың өзара бірігуіне мүмкіндік болып тұр. Осымен байланысты мәтін мықты тілдік тұлғаның ойлау-сөйлеу қызметінің өнімі, жемісі ретінде коммуникацияның түсірілген, тіркелеген актісі болып саналады.

Қазіргі кезде ғалымдардың басым көпшілігі соңғы онжылдық ішінде «тілдік тұлға» сөз тіркесі тіректік, жүйекұраушы филологиялық ұғымға айналғанын мойындайды. Көптеген зерттеушілер бұл ұғымды интегративтік, біріктіруші деп танып, оны тіл білімі дамуының жаңа кезеңі қалыптасуының – антропоэзекті тілтанымның бастамасы ретінде анықтайды. Сондықтан да тілдегі адам факторына қарайғы бетбұрыс тілтанымның маңызды методологиялық ілгерілеуімен тепе-тең. Оның базистік парадигмасының ауысуы, «тілді «өз ішінде және өзі үшін» қарастыратын «имманенттік» лингвистикадан «орталығында барлық өзінің психикалық «құрамдас бөліктері» мен аухал-жағдайлары, әлеуметтік өмір сүру және мәдени қызметінің бүкіл формаларымен сипатталатын адам мен оның өмір сүру феноменін қарастыруға бағытталған антропоэзекті лингвистикаға өтуімен айқындалады [36, б. 3-4].

Сонымен, тіл туралы ғылымның қазіргі таңдағы парадигмасының өзгеруі, ондағы «адам факторы» рөлінің күшейуі ғалымдарға тек тілдік құрылымдар мәселесі маңызын ғана емес, сондай-ақ тілдік тұлға категориясының жан-жақты қарастырылу міндеттерін мойындатты, яғни оның түрлі сипаттамалары (ғылыми, зерттеушілік, риторикалық, аудармашылық т.б.) мен оларға сәйкес құзыреттіліктер зерттелуін алға тартады (В.И. Аннушкин, А.Л. Волков, И.А. Иванчук, Г.А. Копнина, Т.Н. Кочеткова, О.И. Марченко т.б.).

Біздің ойымызша, Шоқан Уәлихановтың тілдік тұлғасы сөйлеу коммуникациясының кеңістігінде, оның ішінде әдеби-көркем, ғылыми-филологиялық, тарихи-этнографиялық, көркемсурет, географиялық, әскери

т.б. сан аулан түрлі дискурсивтік үдерістерінде ғалым А.А. Ворожбитованың концепциясына сәйкес өз интегралды құзыреттілігін жүзеге асырады. Соңғысы ғалымның пайымдауынша және біз онымен толық келісеміз, тілдік, мәтіндік және коммуникативтік субқұзырлық пен оның жүзеге асуынан: диспозитивтік алды бағдарлаушы, инвентивтік-парадигматикалы, диспозитивтік-синтагматикалық, элокутивті-экспрессиялық, редакциялық-рефлексивті, мнемоникалық, акционалды, психориторикалықтан құралады. Зерттеушінің пікірінше, бұл ұғымдық-терминологиялық аппарат жоғары филологиялық, гуманитарлық білім беру жүйесінің ғылыми-әдістемелі нұсқаулығын әзірлеудің негізі болып саналады [37, б. 183-190].

Осымен байланысты, біздің ойымызша, бұл кәсіби тілдік тұлға теориясы мен әдіснамасы дамуы үшін де аса қажет. Сонымен бірге, біз зерттеп отырған тақырыпқа қатысты ғалым тілдік тұлғасын, атап айтқанда қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың лингвотанымдық, метамәтіндік және метадискурстық қызметін айқындауға септігін тигізеді. А.А. Ворожбитованың концепциясына сәйкес «Шоқан Уәлихановтың тілдік тұлғасын зерттеудің базалық номенклатуралық өлшемдерін үш категориялы қатардан тұратын ғылыми координаттар жүйесіне негіздейміз:

- сол кездегі идеологияның өкілі, жасампаз және тіл көрсеткіші ретіндегі тілдік тұлға құрылымының деңгейлері;

- сөйлеу-ойлау үдерісінің идеологиялық константтары: этос, логос және пафос;

- «ойдан сөзге» қарай бағытталған идиосөйлеу циклінің кезеңдері» [38, б. 253].

Бұл арқылы, біріншіден, коммуникация теориясы мен сөйлеу-ойлау қызметінің теориясы бір біріне сатылы тәуелділікте болатын тілтанымдық, филологиялық, жалпы гуманитарлық ғылыми ойды жаңаша қырынан тануға мүмкіндік береді; екіншіден, тілдік тұлға категориясының синтездеуші қасиетіне негіздеу арқылы тілдік тұлға тірек, базалық құрылымға (Ю.Н. Караулов концепциясы бойынша, вербалды-семантикалық, лингвотанымдық және уәждемелік деңгейлер) қатысты бірқатар гуманитарлық ғылым бағыттарының өзара интеграциялануына мүмкіндік туғызады.

Өзіміздің зерттеу тақырыбымызға қатысты зерттеуші В.Я. Парсамованың төмендегідей пікірімен толық келісеміз: «Антропологистиканың қазіргі сәттегі дамуында тілдік тұлғаның көптеген ұжымдық аспектілері, атап айтқанда жасқа байланысты, гендерлік, әлеуметтік, ұлттық, кәсіби белгілі бір дәрежеде зерттелді деуге болады. Алайда, жеке стиль де өз алдына жете қарастыруды талап етеді. Оның үстіне, егер зерттеу нысаны бірегей, мәдениет дамуына елеулі үлес қосқан тұлға болатын болса: әдетте, олар элитарлық тілдік тұлғалар болып саналады, олардың сөйлеу мінез-құлқы тілге деген саналы және

шығармашылық қарым-қатынаспен сипатталады» [39, б. 20].

Міне, қазақ ұлты үшін қазақ мәдениетін жаңа деңгейге көтерген, қазақ ғылымын қалыптастырған ірі, бірегей тұлға, қазақ қоғамында XIX ғасырдың ортасында ағартушылық идеяларды биік шыңға көтерген аса көрнекті қоғам қайраткері, қаһарман саяхатшы, әлемге аты әйгілі фольклортанушы, этнограф, географ және дарынды көсем сөздің шебері-публицист, көсемсөзші Шоқан Уәлихановтың орны ерекше. «Қазақ әдебиетінің тарихы» 10-томдық басылымның 5-томында былай деп жазылған: «Қазақтың рухани мәдениетін, тарихын, поэзиясын терең танып-білген Шоқан өз елінің тағдырын, өткені мен келешегінің зәру проблемаларын әлемдік өркениеттің дүниежүзілік шығыстану ғылымының жетістіктері тұрғысынан қарап, талдап баяндады. Өзінің іргелі, аса құнды, ғылыми жаңалығы мол еңбектерімен Қазақстан мен Орта Азияны зерттеуге, бүкіл әлемдік Шығыстану ғылымына баға жетпес үлес қосты. Қажымай-талмай архив материалдарын жинады. Шығыс қолжазбаларын тауып аударды, бірінші болып қазақ халқының бай рухани мұрасын ауыз әдебиеті мен жыршылық, ақындық өнерін ғылыми тұрғыдан зерттеді, басқа туыстас халықтардың өлең-жырларына, эпосына да қатысты құнды пікірлер айтты» [40, б. 243].

Сондықтан да, этнограф, тарихшы, көсемсөзші, фольклортанушы, суретші, ағартушы, қоғам қайраткері, әдебиетші, аудармашы, қазақ ғылымын қалыптастырған Шоқан Уәлихановтың тілдік тұлғасына арналған зерттеудің өзектілігі XIX ғасырдың ортасында қазақ ғылымының қалыптасуымен және тілдік тұлға, алғаш рет пайда болған кәсіби тұлға ұғымдарымен сипатталады. Шоқан Уәлихановтың тілдік тұлғасын ғылымдардың (ең алдымен гуманитарлық) интегративтік категориясы ретінде қабылдап, жалпы кәсіби тілдік тұлға ұғымының ортақ типологиясын талдап көрсетуге тырысамыз.

Осы ұғымға қатысты орыс ғалымы К.И. Голованованың пікірінше: «кәсіби тілдік тұлға өзі қолданатын тілдік бірліктер мен тұтас мәтіндер арқылы айқындалып, кәсіби қызмет мақсаты мен міндеттеріне тәуелді тұлғаға тиісті кәсіби дискурс ерекшелігінде көрініс береді» [41, б. 261]. Өз кезегінде, кәсіби дискурс (институционалды дискурстың түрі) дегеніміз – «сөйлеушінің кәсіби қызметімен байланысты тілден тыс факторлар жиынтығы арқылы айқындалатын мәтін, яғни кәсіби коммуникация барысында тілдік тұлға тудыратын ауызша және жазба мәтіндер жиынтығы» [42, б. 10]. Бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады: кәсіби дискурс қасиеттері тілдік тұлға мен кәсіби қызмет ортасының өзара бір-біріне ықпал етуіне тікелей қатысты.

Осымен байланысты тілдік тұлға кәсіби ортада өзін екі қырынан көрсетеді: бір жағынан, ол өзінің бірігейлігін көрсету арқылы кәсіби дискурс жасайды; екінші бір қырынан, сол дискурс ерекшелігіне сәйкес келетін тілдік құраладарды іріктеп қолданады. Бұл өз кезегінде,

әлеуметтіктің жеке тұлғадан басымдылығын дәлелдейді. Дегенмен кәсіби қызмет барысында қолданылатын тілдік бірліктерді дәл осы кәсіби тілдік тұлға іріктеп, белгілі бір құралдар қолданысына қатысты таңдау жасайды. Яғни, біздің зерттеу жұмысымыз үшін базалық категория болып табылатын кәсіби ұғымы тұрғысынан тілдік тұлға белгілі бір әлеуметтік-мәдени саладағы сөйлеу коммуникациясының субъектісі ретінде танылады. Оның сөйлеу-ойлау әлеуеті өзі тудыратын кәсіби дискурста көрініс тауып, белгілі бір дәрежедегі жекелік-индивидуалдықпен, аталған институционалдық дискурс түрінің маңызды белгілерінің мақсатты берілуімен сипатталады.

Жалпы, кәсіби коммуникация ұғымы өте ауқымды әрі кең екені белгілі. Сондықтан да ол кәсіби тілдік тұлға категориясының жалпы типологиясы әзірленімін талап етеді. Біз Шоқан Уәлиханов кәсіби тілдік тұлғасының жалпы типологиясын бірқатар негіздемелер бойынша құрылымдауға тырыстық. Алайда олар өзара институционалдық дискурстың басқа салаларына да қатысты болуы мүмкін деген болжам жасаймыз:

1) филологиялық емес: белгілі бір басқа әлеуметтік-мәдени коммуникацияға қатыстылығы тұрғысынан: этнография, тарих, география, әскери іс, психология, саяхаттану, саясат, қоғамтану, ағартушылық-педагогикалық, экономика, философия, мәдениеттаным, көркемсурет т.б.;

2) филологиялық: публицистика, әдебиеттану, аударматану, фольклортану, тілтаным, көркемсөз өнері, шығыстану т.б.;

а) Шоқан өз идиостилі бар ғалым;

ә) теориялық-методологиялық негіз қалаушы әмбебап ғалым;

б) бастамашыл (новатор) дара ғалым;

в) ғылым негіздерін қалаушы ғалым;

г) тілтанымдық доминантымен сипатталатын кәсіби тілдік тұлға (бірнеше тілдерді жетік меңгерген ғалым: араб, парсы, орыс, неміс, француз т.б. тілдер); әдебиеттанымдық доминантымен сипатталатын кәсіби тілдік тұлға; философиялық доминантымен сипатталатын кәсіби тілдік тұлға.

Сонымен, Шоқан Уәлихановтың ғалым ретіндегі тілдік тұлғасы кәсіби тілдік тұлғаның ерекше әмбебап түрі ретінде анықталып, оның арнаулы қызметінің басты құралы «сөз» болып табылады. Ғалымның тілдік тұлғасын метатілдік қызмет ерекшелейді, яғни сөздің өзін тілді сипаттау құралы ретінде қолдануы. Шоқан Уәлихановтың кәсіби тілдік тұлғасын элитарлық тілдік тұлға ретінде анықтаймыз, себебі ол тілдік, ауызша сөйлеу, этикалық нормалардың қатаң сақталуымен түсінілетін сөйлеу мәдениетінің элитарлық түріне талпынған ғалым болып табылады.

Ш. Уәлихановты ғылым әлемінде қазақ халқының тұңғыш ғалымы деп таниды. Мәдениет тарихшысы, тіл тарихшысы, әдебиет тарихшысы, бірегей шығыстанушы мен этнограф әрі географ Ш. Уәлиханов өзінің қысқа ғұмырын ғылым мен ағартушылық идеясы мен қызметіне арнады: «Қырғыз Шоқан Уәлихановтың өмірбаяны өте қызықты құбылыс – азиялық және

еуропалық қасиеттердің қосындысы» [43, б. 71]; «Орта Азия тарихы, этнографиясы және географиясы жайлы материал жинау үшін Уәлиханов ешнәрседен аянбады, өз халқының аңыз, әңгіме, поэма, қисса-дастандарын мұқият жазып алды, өміріне қауіп төнгеніне қарамастан, ескі жәдігерлерді сатып алып, көне жазбаларды жинады... Уәлиханов өз еліне терең адалдығын сақтады, ол қазақ өмірін сүйді, сонымен бірге батыс өркениетін бағалай алды, өз халқының болашағын тек Ресей қанатының астынан көрді» [44, б. 84].

Қазақ, түркі сөздерінің тарихы мен этимологиясы, семантикасы – Ш. Уәлиханов ғылыми мұрасының негізгі тақырыбы. Мұндағы негізгі міндетін профессор И.Н. Березинге жазған хатында былайша түсіндіреді: «...сіздің қырғыз тілінен Тоқтамыс жарлығындағы қазір татар тілінде қолданылмайтын кейбір сөздердің мағынасын іздеу жайлы өтінішіңізді естіп, қарт қырғыздардан сұрап, тілімізден [біраз] сөздің мағынасын таптым, соны сізге жіберуге асығып отырмын. Сіздің Тоқтамыстың Ягайлоға жазған жарлығын және Темір Құтлық пен Саадат Гирей тархандық жарлықтарына жасаған аудармаңызды оқып мен қазірде Орта жүз қырғыздары қолданатын бірнеше сөзді таптым, сізге сол сөздердің біздің халық арасындағы қазіргі мағыналарын жеткізуді шештім. Егер менің түсініктемелерім сізге сәл де болса [септігін тигізсе], мақсатымның орындалғаны» [45, б. 143].

Алайда, Ш. Уәлиханов тек сұрап-тапқан сөз мағыналарымен шектелген емес, сонымен бірге: «Қырғыз [қазақ] тілінде сақталған кей сөздердің мағынасын жеткізе отырып, осы түсініктемелердің арасында өз болжамдарымды қосқаным үшін кешірім өтінемін», - деп жазады [45, б. 149]. Мәселен, «Менің ойымша, орда сөзі Алтын Орда кезінде де осы мағынасында қолданылған, қазіргі қырғыз, қалмақтардағыдай және жалпы мағынасында ханның астанасы, ал тар мағынасында хан қонысы деген мағына берген. Алтын Орда – хан отырған алтын шатыр немесе киіз үй, кейіннен ол хандар өмір сүрген барлық қалалық мекендердің атауына айналып кетті. Сондықтан Ақ Орда, Көк Орда, Сары Орда сөздерін ұлыс пен киіз үйдің атауы емес, ханның резиденциясы, негізгі мекені деп қабылдау керек» [45, б. 145-146]. Яғни Ш. Уәлиханов хатының осы шағын ғана бір үзіндісінің өзінде тіл білімінің сөз семантикасына қатысты бірнеше маңызды тілтанымдық ұғымдарды аңғаруға болады: сөздің мағынасы, сөздің кең мағынасы, сөздің тар мағынасы, сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы.

Осы секілді Ш. Уәлиханов еңбектерінде сөз болған тілдік бірліктің әрқайсысы оқырманға қазақ ұлттық мәдениетінің негіздерін айқындайды: «[Машайық сөзі туралы]. Қырғыз даласында стан немесе там деп аталатын мола, тас мешіттер көп, олар соны қалаған немесе сонда жерленген адамдардың есімімен аталады. Мұндай жерлер әулие немесе машайық деп аталады. Бұл тамдар зиярат етуге арналған, адамдар бұл

әулие, машайықтарға өз халқының қамқоршысы ретінде қарайды, т.б.» [45, б. 149]. Ғалымның жан-жақты тілдік материалды нақты тілтанымдық және тарихи негізде зерттеу талпынысы оның барлық ғылыми мұрасында орын алған. Атап айтатын болсақ, Ш. Уәлиханов зерттеулері тіл тарихы, этимология, этнолингвистика, салғастырмалы тіл білімі, тюркология, семасиологиялық т.б. сала мен бағыттар қалыптасуының бастапқы арнасы болып табылады.

Бұл жөнінде Шоқан Уәлихановтың тілтанымдық тұлғасын зерттеген ғалым, академик Р. Сыздық былай деп жазады: «Білім диапазоны қаншама кең болғанмен, Шоқан ғылымның тіл білімі (тілтаным - лингвистика) саласымен тікелей айналысқан жоқ, яғни оның теориялық ұстанымдарын арнайы сөз еткен емес. Сөйте тұра жеке бір тілдердің, оның ішінде ана тілі - қазақ тілінің бірқатар сөздерінің номинативтік мән-мағынасын танытуда үлкен білімділік көрсетті. Құр білушілік емес, өзінің ізденімпаздық, салыстырушылық, аудармашылық қабілеттерін көрсетті. Шоқанның тіл бірліктерін талдаулары мен танымдары - нақты бір қажеттіктерден туған ізденістер. Оның «профессор И.Н. Березинге хаты» деп кейінгі зерттеушілер атаған жазбасындағы материал - осыған дәлел» [46].

Академик Р.Сыздықтың мақаласында тарихшы-ғалым С. Мәжитовтың мына бір пікірін келтіреді: «Біздің мақсатымыз - Шоқан жазған мақала, хат болсын, салған суреті, ол туралы жазылған пікір болсын, анықтап, зерттеп, дәлелдеп тауып беру. Біз сол деректерді бергеннен кейін оны тіл жағынан қарастыра ма, философиялық талдаулар жасай ма, әдеби тұрғыдан баға бере ме, ол - сала мамандарының жұмысы» [46 б. 2]. Яғни, Шоқан Уәлихановтың тілдік тұлғасын, тілтанымдық мұрасын, тілдік ізденістерін арнайы қарастырып зерттейтін уақыт әбден келді деген сөз.

Жүйелі тілдік сипаттамаларын салыстырмалы-тарихи талдау элементтерімен үйлестіре отырып Ш. Уәлиханов өз зерттеулерінде тілдің даму барысын ұлт қалыптасуымен тығыз байланысын атап көрсетеді: «Қазақ халқы туралы мәліметтерді жинаумен айналыса жүріп, шығыс тарихшыларының шығармаларын оқып-талдауда қазақ сөзі туралы, қазақшылық немесе қазақ халқы туралы әлдеқандай мәліметтер кездестіре қалсаңыз, маған хабарлауыңызды Сізден көптен-көп өтініш етем. Бұл үшін Сізге көп қарыздар болар едім... Араб тарихшыларының жазбаларында, менің ойымша, қазақтар туралы ештеңе жоқ, себебі бұл халық XIV ғасырда Жошы ұлысы ыдыраған соң қалыптасқанына сенімдімін. Левшиннің тарихынан көрініп тұрғандай, Катиб Челеби татар қазақтары туралы жазады. Бұл георгафтың қай кезде өмір сүргенін біліп, бұл мәліметпен түрік тілінде танысқым келеді» [45, б. 150].

Ш. Уәлиханов элитарлы сөйлеу мәдениетінің иесі ретінде «тілдік тұлға мен жалпы ұлттық тіл арасындағы байланыстарды іздеп тауып, орнатып отырған және өзінің тарих, мәдениет, әдебиет, тіл салалары бойынша

білгірлігінің арқасында зерттеу жүргізудің алғашқы теориялық-әдіснамалық кешенін қалыптастыра бастаған ғалым. Яғни, тіл мен сөйлеу құбылыстарын зерттеу арқылы ғылыми ой қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз етті. Осыған байланысты, біз өз зерттеуімізде, негізінен тарихшы, этнограф, географ, шығыстанушы ретінде танылған Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасының шығармашылық және ғылыми феноменін, оның интегративтік маңызына баса назар аударып, элитарлы сөйлеу мәдениетінің иесі ретінде қарастырамыз» [47, б. 73].

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде қалыптасқан кәсіби тілдік тұлғаны зерттеу негіздемесінің теориялық-әдіснамалық, концептуалдық және танымдық ұстанымдары бойынша Ш. Уәлихановтың тілдік тұлғасын тілтанымдық басымдылыққа ие интегративтік түрдегі ғылыми құбылыс ретінде талдау үшін, ең алдымен талдаудың өзін бірнеше кезеңдерге бөліп алу қажет деп санаймыз:

- ғалымның дискурс негіздерін – кәсіби тілдік тұлғаның құзыреттілігін қосдеңгейлі ретте қайта жаңғыртылуын екі түрде қарастыру: ғалымның жалпы (ғылыми) және тілдік тұлғасы;

- «кәсіби тілдік тұлғаны» Ш. Уәлиханов шығармашылық портретін талдаудың теориялық негізі ретінде үлгілеу (құзыреттілік құрылымы мен оны жүзеге асыру тетіктері; ғалымның жалпы жеке тұлғасы мен тілдік тұлғасының арақатынасы; ғылыми-танымдық дискурс негіздерін талдау т.б.);

- Ш. Уәлиханов туралы тілден тыс ақпаратты талдауды ғалымның кәсіби тілдік тұлғасын үлгілеу дереккөзі ретінде жүргізу және ең алдымен, оның құрылымын уәждемелік (прагматикалық) пен лингвотанымдық (тезаурыстық) деңгейлерде анықтау;

- ғалымның ғылыми мұрасын аналитикалық шолу нәтижелерінің негізінде, оның ғылыми-тілтанымдық дискурс түзуші ретіндегі тілдік тұлғасының сөйлеу-ойлау үдерісінің маңызды белгілерін айқындау және Ш. Уәлихановтың тіл туралы дискурсының жалпы сипаттамасын құрылымдау;

- кәсіби тілдік тұлға үлгілерін құрылымдау: ғалым және тілтаным ғылымының ғалымы (тілші-ғалым);

- Ш. Уәлихановтың тіл туралы идиодискурсының ерекшеліктерін (пафосты-вербалды-элокутивті өлшемшарттарды) ғылыми және ғылыми-тілтанымдық тұрғыдан қарастырып анықтау;

- ғалымның тілдік тұлғасы идеологиясының эмоционалды аспектісін құрайтын пафостық элементтерін (көңіл күйі, сезімі, барлық эмотивті белгілері) қарастыру;

- тілдік тұлғаның ассоциативті-вербалды ерекшеліктері және оның идиодискурсы арқылы бейнелі-ұғымдық кішігірім жүйелерді айқындау;

- риторикалық (троптарды және сөйлеу фигураларын қолдану) және тілтанымдық (лексикалық, синтаксистік) іс-әрекеттер деңгейінде элокуция

ерекшеліктерін анықтау және т.б.

Осы тұрғыдан келгенде, әрине сөйлеудің эмоционалды бастамасы ретіндегі идиодискурстың пафосы, бір қарағанда ғалымның тілдік тұлғасы мен оның ғылыми дискурсына тән келмейтін құбылыстар секілді көрінуі мүмкін. Алайда, баяндаудың эмоционалдық белгілері бүкіл мәтін қорының айқын жеке тұлғалық сипатының көрінісі болып саналады. Мысалы, «[А.И. Левшиннің] Қырғыз-қазақ ордасы жайлы сипаттамасының үшінші бөлімінің ескертпелерінде» Ш. Уәлиханов былай деп жазады: «52-бет. А.И. Левшин «Қай діндесіңдер?» деп сұраған екі қырғыз-қайсақ сұрақты түсінбей, мұндай жағдайдағы ең оңай: «Білмеймін» деп жауап берген болса керек. Әрбір қайсақ өзінің Мұхаммед пайғамбардың үмбеті, мұсылман екенін біледі; бәлкім, бұл сөздің мағынасын түсінбеуі де мүмкін, бірақ өзге дін иелерінің алдында ол өз діні үшін мақтанады. Балалық шағынан бастап ол мұсылман екенін естіп өседі, ал «мұсылманнан басқалардың барлығы кәпірлер, құдай оларды о дүниеде мәңгілік азапқа салады». Осыдан кейін қазақ өз дінін білмейді деуге бола ма?» [45, б. 172].

Немесе мына үзіндіге назар аударалық: «65-бет. А. Левшин өзі сипаттап отырған халықтың қараңғылығын жазам деп, сиқыр алдау мен дуалау қырғыз-қазақтар дінінің бір бөлігі деп артық кеткен, олар діннің бір бөлігін емес, барлық дінде бар, әр халықта болатын ырымшылдық... Қайсақ өзіне жақсылықты болжағанда ғана сиқырға, бал ашуға және басқаларға сенеді, сондықтан үнемі жақсыны ырымдайды, ал ол мың болжамның болсын орындалатындықтан, бақсы-балгерлер, дуашы және т.б. халық арасында қолдау тауып отырады»; «98-бет. А. Левшиннің қайсақ әйелдерінің құны туралы мәліметі дәл емес, қарсылық білдіруге тура келеді. Қалыңмалдың мөлшері қалыңдықтың бәйбіше болып бара жатыр ма, әлде тоқал етіп алды ма, оған байланысты емес, байлығына және қоғамдағы алатын орнына қарай анықталады» [45, б.172-173].

Яғни, дискурстағы эмоционалды-экспрессивті көріністер тек жазушы тілдік тұлғасын (риторикалық және көркем, әдеби-эстетикалық мәртебеге ие тілдік тұлға ретінде) айқындаушысы емес, сонымен бірге реципиенттің де тілдік тұлғасының эмотивті негіздерін меңзейді.

Ал, тілдік тұлғаның ассоциативті-вербалды бөлігі ғылыми стильге тән келетін лексикалық бірліктердің терминденуімен, күрделі грамматикалық құрылымдар, тілдік маркерлер қолданысымен сипатталады: «Таразыны алып сорды, көмірді және күкіртті өлшейді. Екі жарым фунт көлемінде оқ-дәрі алу үшін бір фунт сор, жарты фунт көмір мен бір фунт күкірт қосады. Осы заттардың барлығын өлшеп алғаннан кейін оларды қазанға салып, жанып кетпейтіндей дәрежеде қыздырады, сосын тәулік бойы үйкелейді, арасында су сеуіп, ылғалдатып отырады. Осының барлығын оқ дәрі түсіне енген ұсақ ұнтаққа айналдырып, аттың құйрық қылынан немесе жалынан бір уысын алып, құрамды үлкендігі тары дәнінің мөлшеріне келгенше ысқылайды, ұнтаққа ылғалдану үшін үнемі су себіліп тұрады» [45, б. 160].

Дискурстың элокуциясы лексика-грамматикалық және риторикалық әрекеттердің (троптар мен фигуралар) бірқатар бейнелі көркем тәсілдер қолдануымен айқындалады. Олар өз алдына көркем дискурстың ажыратылмас бір бөлігін құрауымен қатар, кәсіби тілдік тұлғаның басты құрылымын қалыптастыру үдерісінде де белсенді орын алады: *«Жаңбырдың баданадай тамшылары түні бойы тарантастың шатырын тырсылдатты да тұрды. Шаршаған аттар миы шығып езіліп кеткен жолдың батпағына тайғанақтап, аяқтарын әзер аттап келе жатыр. Жаңбырдың үздіксіз тырсылың шыбыртқының қайта-қайта соққан шартылы мен қалжыраған аттардың пысқырынуы және көшірдің жеки шыққан даусы ғана бұзады.*

Түн де жайсыз, жол жүру де жайсыз болды. Жаңбыр жоспарлаған ойымды бұзып жібермесе жарар еді, деген қауіпті күмән үстінде келе жатқан мен жәмшікке әлденеше рет: «Қалай, күн ашылар түрі бар ма?» – деп сұрадым. Қара бақайына дейін малынған көшір, мұндайда: «Жоқ», – деп қоңқ ете қалады да, етегіне жиналған суды сілкіп тастап: «Құдайдың күні-ай», – деп тағдырына наразы болғандай үн қатады. Көшірді де аяймын – егер де жылдам жүргенімізде, ол баяғыда ыстық пеш үстінде демалып жатар еді. Бірақ сұлу Баянның аруағын да қия алмаймын.

Осылайша біз бір сағат жүрдік.

– Мәртебелім, – деді көшір. – мола әне тұр!

Мен басымды тысқа шығардым. Күн түнеріңкі бұлттардың аржағынан бұлыңғырлана байқалады, күллі аспан жүзін қорғасындай қарақошқыл бұлт түгелдей қаптап алыпты, жаңбыр басылар емес, ақкөбік болған аттар сортаң лаймен зорға жылжып келеді, оң жақтағы өзеннің арғы бетінде теректердің бастарынан асып бейіттің үшкір ұшы көрінеді: жырақтан ол қызыл кірпіштен қаланған сияқты байқалады. Ауа райы мынадай болып тұрғанда бейіт қасында отырып шай ішу мен қазақтың көне дүниесін асықпай тамашалау туралы ойлаудың ешқандай қажеті жоқ еді.

– Шамасы, өзен тасып жатқан секілді, мәртебелім, өткел бере қоймас, – деді көшір менің құпия ойымды жорамалдағандай.

– Жарар, ілгері тарта бер, қайтар жолда көрерміз, – дедім де, тоныма оранып, қалғып алу ниетімен оң жамбасыма қисая кеттім» [48, б. 229-231].

Әрине, ғылыми дискурста қолданылатын бейнелі-көркем құралдар, жоғарыда келтерілгендей түрлі-түрлі бола бермейтіні анық. Алайда, Шоқан секілді ғұлама ғалымдар ғылыми баяндаудың қатаңдығы мен қисынын жарқын эпитеттермен, метафоралық бейнелермен асқан шеберлікпен ұштастыра алған. Осы орайда, ғылыми сөздің экспрессиясы қазіргі ғылыми дискурс тұрғысынан жат болып көрінгенімен, жалпы классикалық ғылым қалыптасуының бастапқы кезеңі үшін барынша дұрыс деп санаймыз: «Өзге тұқымдардан белгілісі: үлкен бөтелкеге ұқсайтын қытай асқабағы, бұл асқабақтың мойыны ұзын, қырғыз-қайсақтар оны сұйық құятын ыдыс ретінде пайдаланады, бұршақ, сары сәбіз, шомыр, қытай темекісі және

көптеген дақылдар... Екінші – дамыл таппай күні-түні жұмыс істейтін еңбекші. Күндіз ол алқапта жүріп, торғайларды қуалайды, түнде өзінің егістігі мен бақшасын малдан қориды. Ол ешқашанда жалаңаш тәнін жасырмайды, оның денесі жаздың ыстық аптабынан адам айтқысыз қарайып күйіп, қатайып кетеді... Оның тамағы ауылда ішкен асынан әлдеқайда нашар, күніне диқан екі кесе айранды қанағат етеді, басқа шайнамасы жоқ...Оның жазғы еңбегі астық бастырылып, қапқа салынып, ауылға әкелінгенде аяқталған болып саналады. Тек қыркүйекте ғана бұл байғұс диқан жаздағы бейнетті ұмытып, тыныш ұйықтайды» [45, б. 163].

Сонымен, «Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасы ғылыми идеологиясының сөз-ойлау аспектісі ретіндегі логосын айқындау (идеялар жүйесі, дүниетанымдық ұстанымдары, идеологиялық стереотиптері т.б.) қазіргі ғылыми парадигма үшін аса маңыздылыққа ие екені сөзсіз. Ғалымның тілдік тұлғасының базалық концептілері, яғни сатылы тәуелді ұйымдастырылған құндылықтық пайымдаулары сол кезеңге сәйкес келетін «ғаламның ұлттық (ғылыми) бейнесін» құрайды. Ғалым дискурсы логос жүйесінің ерекшеліктерін анализ бен синтезге, құбылыстарды салғастыруға және ойлауға, салыстыруға, талдауға қабілетті реципиентпен қарым-қатынас орнатуға бағытталған бірқатар ғылыми-зерттеушілік ұстанымдар айқындайды. Сол себепті де ғылыми мәтіндер күрделі дәлелдемелер жүйесімен, қорытындылармен сипатталады» [49, б. 390].

Қорыта келгенде, қазіргі таңда антропоэекті мегапарадигма аясында «тілдік тұлға» феноменінің құрылымы мен жүйесі, жалпы теориялық тұжырымдардың нақтылануы, ғылыми сипаттаудың әдістері мен амал-тәсілдері терең әрі жан-жақты белсенді зерттелуде. Осы тұрғыдан алғанда, әсіресе вербалды мұралары отандық мәдениет пен ғылымның қорынан орын алған танымал классиктердің, әдеби-көркем, ғылыми және басқа да әлеуметтік-мәдени коммуникация салаларының ғұлама өкілдерінің тілдік тұлғалары ерекше құзығушылық танытуда.

1.4 Шоқан Уәлиханов тілдік тұлғасының қалыптасуы мен оның жүйе ретіндегі сипаты

Қазіргі тіл туралы ғылым парадигмасының өзгеруі мен аталған бағыт аясында «адами дерек» рөлі маңызының артуы ғалымдарға тек қана тіл құрылымын зерттеуден басқа, сөйлеуші (сөйлейтін) тұлға мәселесін жан-жақты қарастыру қажеттігін мойындатты. Сөйтіп, қазіргі таңда сөйлеу іс-әрекеттерін жүзеге асыруға қабілетті адам – тілдік тұлға тіл білімінің қарқынды дамып жатқан жаңа салаларының интегралды (біріктіруші) зерттеу нысанына айналды. Осы кезге дейін антропологистика бағыты дамуының жетістіктеріне ұжымдық тілдік тұлғалардың бейнесін жасаудағы қол жеткізген жаңалықтары жатқызылады. Олар, өз кезегінде жас, гендер, кәсіби, әлеуметтік, ұлттық т.б. аспектілер тұрғысынан зерттелді [1; 10; 50; 51; 52.].

Алайда, нақты бір адамның тілдік тұлғасының ерекшеліктерін айқындайтын жеке стиль мәселесін қарастыратын тәсілдің де маңызын жоққа шығаруға болмайды. Әсіресе, мұндай зерттеулер егер де ізденіс нысаны бірегей тұлға, мәдениет дамуына елеулі әрі қомақты үлес қосқан адам болатын болса аса қажет. Әдетте, олар сөйлеу мінез-құлықтары тілге деген шығармашылық және мақсатты-саналы қарым-қатынаспен сипатталатын элитарлық тілдік тұлғалар болып саналады. Міне, дәл осындай тұлғалар қатарынан қазақ даласынан шыққан алғаш ғалым, қазақ мәдениеті мен ғылымының іргетасын қалаушы Шоқан Уәлихановты танимыз.

Ғалымның қалдырған ғылыми, шығармашылық мұрасын зерттеу арқылы, біріншіден, оның тілдік тұлғасының кейбір басты ерекшеліктерін айқындауға, екіншіден, ғалым мәтіндерін талдауға алып, оның жеке стилі негізінде біздің қоғамымыз дамуының белгілі бір кезеңіндегі (ғылым дамуының бастапқы кезеңі) қазақ зиялыларының озық өкілдерінің сөйлеу мінез-құлқына тән келетін белгілерді көруге, үшіншіден, бұдан кейін басқа да ірі тілдік тұлғалар идиостилін зерттеудің өлшемшарттарын белгілеуге болады. Бұл біздің зерттеуіміздің өзектілігін айқындайды.

1 Шоқан Уәлиханов тілдік тұлғасының қалыптасуына ықпал еткен басты деректер. Кез келген тілдік тұлғаның қалыптасуы сонау бала кезінен басталып, басым көпшілігінде ата-анасының ықпалына, отбасылық дәстүрлерге, алған біліміне, сондай-ақ өзі оқыған немесе естіген мәтіндер мазмұнына тәуелді болып келетіні сөзсіз. Шоқан Уәлихановтың туып-өскен отбасы жайында біршама мәлімет сақталған, сол себепті де ғалымның бірегейлігін, оның ішінде сөйлеу мәдениетін де айқындайтын бірқатар қасиеттері әжесі мен әкесінен дарыған деп тұжырымдауға болады. Шоқанның әжесі Айғаным өзінің заманына сәйкес білімді болған: бірнеше шығыс тілдерін білген, қоғамдық-саяси өмірге араласып отырған, Сыртқы істер министрлігі Азия департаменті және Петербор қаласындағы Сібір комитетімен байланыс орнатып, хат алмасып отырған. Шоқан Уәлихановтың рухани дүниесінің қалыптасып дамуына да ықпал еткен осы әжесі Айғаным болатын. Ол Шоқанға бала кезінен қазақтың ежелгі аңыз-хикаяларын, салт-дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптарын, өзі қатысқан тарихи оқиғалар жайында аңгімелеп айтып отырған.

Шоқанның әкесі Шыңғыс жайлы да ғылыми мұрағаттық және әдеби мәтіндерде біраз мәліметтер сақталып, ол сол қазақ қоғамының озық тұлғаларының бірі ретінде сипатталған. Себебі, Шоқанның әкесі Шыңғыс сол кездегі қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігіне, экономикасы мен саяси өміріне белсене араласқан адам болған және Солтүстік Қазақстанға ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге келген ғалымдардың ісіне көмектесіп отырған (білгенін айтып, қолындағы материалдармен бөліскен). Шоқанның әкесін Шыңғысты Мәскеу мен Петербордағы Географиялық және Антропологиялық қоғамдарда жақсы танып білген. Ол Сібірдің шептік қазақтарының әскери училищесінде білім алып, жеті жылдың ішінде сауатты, ғылым, әдебиет пен өнерден, тарих пен

географиядан, өз елінің статистикасынан хабары мол адам болып шығады. Шыңғыс орыс тілін жақсы меңгерген қазақтардың алғашқысы еді. Ол 23 жасында Аманқарағай округінің аға сұлтаны болып тағайындалып, майор одан кейін полковник шеніне ие болған.

Шоқаннан басқа Шыңғыс Уәлихановтың орысша білім алып, сол заманның дарындылары ретінде танылған бірнеше ұлдары болған. Жастай дүниеден өткен Сақыпкерей (Қозыке) ақын әрі композитор қазақтың танымал композиторы Ақан серімен бірге бірнеше ән шығарғаны белгілі. Қазірде оның жақсы сақталған әндерінің қатарында – «Ай көкек», «Топай көк», «Сырымбет» және ағасы Шоқан Уәлихановқа арналған «Көкенің аманаты» туындылары бар. Тағы бір інісі Мақы (Мақыжан) суретші болған. Яғни Шоқанның да сурет салуы жайдан-жай болмаған. Мақыжан Петербордағы мылқаулар мектебінде оқып, оны бітірген соң ғылыми мекемелер мен кітапханаларда суретші қызметін атқарғаны белгілі. Ол Петерборда 11 жыл тұрған, сол жердегі Көркемөнер академиясының шеберханасында сурет салу өнерімен айналысқан. Елге қайта оралған соң, қоғамдық өмірге араласуды жөн санаған. Шоқанның зор ықпалында болған бауырларының бірі – Махмұт Уәлиханов. Ол бала кезінен орыс және батыс-еуропа классиктерін қызыға оқып, орыс ғалымдарымен, жазушы, инженерлерімен тығыз қарым-қатынаста болды.

2 Шоқанның тектілігі мен алғашқы алған білімі. Ш.Ш. Уәлихановтың шыққан тегі сұлтандар әулеті болған. Оның бабасы Абылай ханның үлкен баласы Уәли Орта жүздің соңғы ханы әкесінің Ресеймен орнатқан саяси-сауда байланыстарын одан әрі дамыта түскен [53]. Г.Н. Потанин былай деп жазады: «Уәли ханның екі қыстауы болған, бірі – Көкшетаудың шығыс жағындағы хан көлінде, екіншісі – Сырымбетте. Абылайдың бәйбішесі Сайманнан өрген ұрпақтар қазір де сонда (яғни, Бурабай жағасында) тұрады. Айғанымның (Уәли ханның кіші әйелі) балалары Сырымбетте» [54, б. 9]. Ал, Шоқанның (толық есімі – Мұхаммед-Ханафия) өзі 1835 жылдың қараша айында туылған. Шоқан бала кезінен-ақ өте ақылды, зерек, ширақ, алғыр болған. Жас кезінен бастап қазақ халық эпостарын жазып алуға құштарлық танытқан. Сурет салуға шеберлігі де кішкентай кезінен байқалған. Ол оны Құсмұрын бекінісіндегі Уәлихановтар үйінде тұратын орыс суретші-топографтар мен геодезистерден үйренген болатын. Жастайынан тарихи аңыздарға, ән-жырға, халық арасынан шыққан қарапайым адамдардың әңгімелерін тыңдауға әуес болған.

Сол кезге дейін сақталып келген дәстүр бойынша сұлтанның ұрпақтары білім алуға, шығыс тілдерін меңгеруге міндетті болатын. Сондықтан да, Шоқан Құсмұрындағы жеке қазақ мектебінде оқып, қыпшақ және шағатай тілдеріндегі ортағасырлық әдеби шығармаларды танып, ауызекі араб және парсы сөздерін білді. Әрі қарай, алдымен араб жазуын меңгерген Шоқан, кейін ұйғыр жазуын да үйреніп алады. Қазақтың халық поэзиясы Шоқанның тілдік тұлғасының қалыптасуына үлкен әсер етті. Ол оның классикалық үлгілерін жазып алып, ата-анасына оқып беретін. Кезінде «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Еркөкше» халық

поэмаларының түрлі нұсқаларын жазып алған Шоқан оларды ұстазы Н.Ф. Костылецкийге табыстаған.

Жалпы, Шоқанның халық поэзиясына деген аса қызығушылығына, оның отбасында жиі болатын қазақ әншілері мен жыршылары әсер еткен. Ол қазақ поэзиясынан басқа, шығыстың басқа да халықтарының озық үлгілерімен шұғылданды, шығыс әдебиеті классиктерінің өлеңдерін сүйсініп оқыды. Орыстың әйгілі публицист-жазушысы Н.М. Ядринцев: «Шоқан ақынжанды және шығыстық кейіптегі адам еді», - деп жазған [55, б. 37]. Ал, болашақ қазақтың тұңғыш ғалымының ғылыми ізденістер жүргізуге бейімділігін қалыптастырған тұлғалардың қатарында өзінің үйінде болған, сол аймақта қызмет еткен академик А. Шренк, декабристер С.М. Семенов, В.И. Штейнгель, Н.В. Басаргин, Қазан университетінің студенттері С. Сотников, Н.Ф. Костылецкий, Т. Сейфуллин секілді тұлғалар болды. Шоқанды әкесі сол кездегі Қазақстанды зерттеп жүрген орыс ғалымдарының ісіне үнемі қатыстырып отырғаны белгілі.

3 Омбыдағы кадет корпусында білім алған кезеңі. Шоқан Уәлиханов 12 жасында 1847 жылдың күзінде Омбыдағы Сібір кадет корпусына оқуға түседі. Ол кездері Ресей феодалдық-басыбайлыққа қарсы бағытталған қоғамдық-саяси күрестің үлкен бастапқы кезеңінде еді. Самодержавиеге қарсы шыққан В.Г. Белинский, А.И. Герценнің идеялары Қазақстанға да, Шоқан оқыған кадет корпусына да жеткен болатын. Өйткені аталған білім мен ғылым ордасы Сібірдегі алғаш жекеменшік баспа органы «Амур» газетін шығарушы мен редакторы В.И. Вагин, Сібір, Қазақстан, Моңғолия мен Орталық Азияны зерттеушісі Г.Н. Потанин, публицист Н.М. Ядринцев, ғалым-статист, публицист Н.Ф. Анненский және т.б. сол кездегі бірталай атақты әрі белгілі ойшылдар, ғалымдар, жазушылар мен ақындар білім алған оқу орны болатын.

Бұл кадет корпусы жалпы білім беру жүйесін қамтып, сегіз жылдың ішінде жан-жақты білім беруді мақсат ететін оқу орны еді: жалпы география, Ресей географиясы, жалпы тарих, Ресей тарихы, орыс және батыс еуропа әдебиеті, философия негіздері, сәулет және құрылыс өнері, жаратылыс тарихы, сызу мен сурет өнері, каллиграфия, геодезия, математика, физика, зоология, ботаника т.б.; тілдерді оқыту – орыс, француз және неміс тілдері; шығыс тілдері – қазақ, татар, шағатай, түрік, моңғол, араб, парсы; әскери ғылымдар – тактика, артиллерия, далалық фортификация; ауылшаруашылығы ғылымының негіздері.

Әсіресе, география, тарих пен тілдерді оқыту пәндеріне ерекше мән берілгені белгілі. География пәні этнография мен антропологияны біріктіріп, адамзаттың нәсілдерге бөлінуін, діни түсініктерін де қарастыратын. Оқуды бітірер кезде жоғарыда аталған тілдерді жақсы игеріп, еркін сөйлейтін, түсінісе алатын дәрежеге жететін болған. Қосымша оқу пәндері ретінде бағдарламада ән, гимнастика, жүзу, би, семсерлесу, шабандоздық өнері де қамтылған. Шоқан өзінің философиялық білімін В.Г. Белинский, А.И. Герцен, Н.Г. Чернышевский, Н.А. Добролюбов сынды орыс жазушылары мен ойшылдарының шығармаларымен толықтырды. Шоқанның тілдік тұлғасының қалыптасуына үлкен әсерін тигізген

орыстың А.С. Пушкин мен М.Ю. Лермонтовтың поэзиясы болса, оның тілдік санасында батыс еуропа жазушылары Ж.Ж. Руссо, Ч. Диккенс пен У. Теккерейдің туындылары да өшпес із қалдырды.

Сонымен, кадет корпусын 18 жасында тәмәмдаған Шоқан Уәлиханов 1853 жылы армиялық әскердің корнеті атанып шықты. Шоқан тілдік тұлғасының қалыптасуында бұл өмір кезеңінің мәні ерекше, себебі дәл осы уақытта ғалымның ағартушылық және демократиялық көзқарастары мен идеялары ұштала бастайды, өзінің туған жері мен Шығыс елдерін зерттеуге қызығушылығы пайда болған жылдар. Жан-жақты білім алған Шоқан өз замандастарының арасында айрықша, ерекше, өресі биік адамға айналған тұлға болып қалыптасып шықты.

4 Орыс географиялық қоғамының мүшесі. Шоқан Уәлиханов 1857 жылы Орыс географиялық қоғамының толық мүшелігіне қабылданып, 1858-1859 жылдары белгілі Қашғарға саяхатын жүзеге асырды. Ш. Уәлихановтың бұл саяхаты Шығыс Түркістанды зерттеуге орасан зор үлес қосты. Ол кезде Еуропаға беймәлім, өйткені Қашғарда ертеден орныққан дәстүр бойынша аталған ел еуропалықтарға келу, кіру үшін тыйым салынған жер еді. Сондықтан да елді-мекеннің географиясын, тарихын, мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін, саяси жағдайын т.б. паш еткен бұл саяхат нәтижелеріне Ресей қоғамы үлкен баға берді: «Шоқан Уәлиханов бүкіл Алтышардың жағдайы туралы құнды материалдар жинап үлгерді және сонымен қатар Адольф Шлагинтвейттің қазасының себептері мен қандай жағдайда болғанын бірінші рет анықтап білді», - деп көрсетеді П.П. Семенов Тянь-Шанский [56, б. 276].

Жалпы, Қашғардың Еуропа үшін жабық болуы, ол жерге бару да аса қауіпті болатын кез еді, себебі сол уақыт кезеңінде бүкіл Шығыс Түркістанды наразы халықтардың (ұйғыр, дұнған, қырғыз т.б.) көтерілістері жиі орын алып тұрған заман болатын. Шоқан Уәлиханов Қашғарда жарты жылдай болды. Қысқа уақыт аралығында ол Қашғар қаласын өте жақсы танып біліп, Алтышар елін (солтүстікте Тянь-Шань, оңтүстікте Куэн-Лунь тауларымен қоршалған қалалар: Қашғар, Ақсу, Үш Тұрпан, Янысар, Яркенд, Хотан) де жете зерттеп үлгерді.

Шоқан Уәлиханов Қашғардағы қоқандықтардың ерекше артықшылықтарын атап көрсетті: «Мысалы, Қытай үкіметі қоқандықтардан басқа елдерден келген тауарларға өз пайдасы үшін салық алып отыруға ерік берді. Қоқан ханының Қашғарда сауда консулы, әрі саяси өкілі ретінде «ақсақал» деп аталатын айрықша шенеулігі болды. Уәлиханов Қашғарда тұрған кезде бастапқыда «ақсақал» Насреддин, кейіннен Нұрмағамбет дат болды. Екеуі де Шоқанды және оның серіктерін жақсы қарсы алып, қамқорлықтарына алды. Бұл өте маңызды болды, егер ақсақалдар қорғауына алмағанда, Ш. Уәлихановтың да Шлагинвейттің қайғылы тағдырын көшуі ықтимал еді» [57, б. 43].

Шоқан саяхатының ғылым үшін ең маңыздысы, ол бірнеше сирек кездесетін шығыс қолжазбаларын өзімен бірге алып келді: «Тазкирян Сұлтан Сутук Боғрахан» (Сүтүк Бұғрахан тарихы), «Тазкирян Туғлуқ Темір хан» (Туғлуқ Темір хан тарихы), «Тазкирян Ходжаган» (Қожалар тарихы), «Абумүслим Мауризи» т.б.

Сонымен бірге, бұл саяхаттан Шоқан тау жыныстарының коллекциясын, гербарий, бірнеше нефрит нұсқаларын, нумизматикаға қатысты ескерткіштерін табыс еткені мәлім. Алайда, Шоқан Уәлихановтың ең басты жетістігі мен нәтижесі – «Алтышардың немесе Қытайдың Нан-Лу (Кіші Бұхара) провинциясының шығыстағы алты қаласының жайы туралы» атты ғылыми еңбегі болды. «Бұл тамаша еңбекте жас ғалымның жан-жақты терең білімі, асқан дарындылығы, көреген ақылдылығы айқын көрінеді, бұл еңбектің таза әдеби сапасы жақсы әсер қалдырады – көркем тілі, нәзік юмор, қызықтылығы», - деп жазады қазақтың әйгілі тарихшы ғалымы Әлкей Марғұлан [57, б. 46].

5 Шоқан Уәлиханов тілдік тұлғасының жүйе ретіндегі сипаты. Тілдік тұлға категориясының құрылымдық үлгісінің үш деңгейі туралы (Ю.Н. Караулов концепциясы бойынша). Қазіргі таңда әлемдік лингвистикада тілдік тұлға құрылымы мен ұйымдастырылуы мәселелері жан-жақты зерттеліп, жалпы тіл білімінің өзекті сұрақтарының біріне айналғаны белгілі: «Бір қырынан қарағанда, тілдік тұлға концепциясының пайда болуы – гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың адам тұлғасы мен оның мәніне деген қызығушылығының артуы заңды құбылыс, екінші жағынан – тілді антропоөзекті бағытта қарастыратын тіл білімі дамуының жаңа деңгейін айқындайды» [58, б. 79]. Мысалы, белгілі тіл зерттеушісі Н.Д. Гальскованың пікірінше: «... кез келген тілдік жасалымның нәтижесі – қалыптасқан тілдік тұлға болып саналады, ал шет тілдері саласындағы жасалымдарға келер болсақ, мәдениаралық коммуникацияға толыққанды қатыса алатын адам қабілетінің көрсеткіші ретіндегі екіншілік тілдік тұлға болады» [59, б. 22]. Осымен байланысты, белгілі бір маңызды міндетті немесе мәселені шешу үшін қажетті идеалдарды, мазмұнды құндылықтар мен болжамдарды, ұсыныстарды білдіретін өзіндік мәтіндер жасалымын қамтамасыз ететін тілдік тұлға дербес, автономды тілдік қабілеттер иесі болып табылады.

Сол себепті де, тілдік тұлға дамуы бірнеше өлшемшарттарға сүйенеді. Көпшілік мойындаған өлшемшарт – тілдік дағдылар деңгейі болып саналады. Ал, екінші өлшемшарт – сөйлеушінің жалпы вербалды мұраға және мәтіндерге деген қарым-қатынасына негізделеді. Басқаша айтқанда, қандай да үлгі болмасын, барлығы да белгілі ғалым Ю.Н. Карауловтың тілдік концепциясына арқа сүйейді. Аталған концепция бойынша: «...тілдік тұлға дегеніміз – сөйлеу туындыларының жасалымы мен қабылдануын қамтамасыз ететін адам сипаттамаларының, қабілеттерінің жиынтығы. Олар өз алдына, мақсатты бағытының, ақиқат болмысты айқындау дәлдігі мен тереңдігінің, тілдік-құрылымдық күрделілігінің деңгейімен ажыратылады» [1, б. 216]. Ал, қазақ тіл білімінде Т. Ізтілеуовтың тілдік тұлғасының дискурстық сипатын қарастырған зерттеуші Ф.Б. Қожахметова: «...тілдік тұлға дегеніміз ұлт тілі мен ұлт мәдениетінің ақпаратын сатылы деңгейде толық меңгерген тілдік-мәдени құзірет иесі», - деп тұжырымдайды [60, б. 16].

Сонымен, Ю.Н. Караулов тілдік тұлға құрылымдық үлгісінің үш деңгейін ажыратып көрсетеді: бірінші деңгей – вербалды-семантикалық. Бұл деңгейдің негізгі бірліктері – ассоциативтік-вербалды топ бірліктері ретіндегі жеке сөздер;

екінші деңгей - лингвокогнитивтік деп аталады да, басты бірліктері – құндылықтар иерархиясын айқындайтын әрбір тілдік тұлғада ретті ғалам бейнесін құрайтын ұғымдар, идеялар, концептілер; үшінші деңгей – уәждемелік немесе прагматикалық деңгей. Бұл деңгейдің бірліктері прагматикалық мақсат арқылы айқындалады, яғни жеке тұлғаның коммуникативтік-қызметтік қажеттілігі барысымен анықталады.

Шоқан Уәлиханов тілдік тұлғасының жүйе ретіндегі сипаты:



Сурет 3 – Шоқан Уәлиханов тілдік тұлғасы қалыптасуының жүйе ретіндегі көрінісі

6 Мәтінтүзуші тілдік тұлғаның негізгі өлшемшарттары. Адам тіл иесі мен тұтынушысы болуымен қатар, сөйлеу иесі де ретінде сөйлеуді белсенді, ал мәтінді потенциалды (әлеуетті) түрде жүзеге асырушы болып саналады. Абайдың тілдік тұлғасын зерттеген Г.Ә. Мұратова: «...өзі меңгерген ұлт тілі мен мәдениетін өзгеге таныта отырып, тілді тұтынушы ретінде әрі тілді жасаушы ретінде, тұтастай алғанда тіл тарихына (синхронды, диахронды күйіне), тілдің дамуына қандай үлес қосқанын айқындау мәселесі – тілдік тұлға мәртебесін одан әрі бекіте түсетін немесе оның тағы бір қырын, яғни толыққанды тілдік тұлға болмысын ашатын басты ұстаным болуға тиіс», - деп көрсетеді [61, б. 11]. Осыған орай, жазушы адам немесе мәтін жасаушы, түзуші тұлға бірнеше өлшемшарттармен сипатталатын ерекше ахуал-жағдайында болуы тиіс, мысалы:

1) белсенді танымдық белгісіздік немесе сенімсіздік (тілдік және мәтіндік ойлау жүйесінің белсендірілуі): «Олар Ресей боданына өткеннен соң, не мещандар деп жазылуға, не бұл арадан кетулері керек болды. Олар, шамасы, соңғысын жөн деп тапса керек»; «Олар даланың шығыс округтерінде өте көп: Аягөз, Көкпекті

және Ұлы жүзде. Бұл атау біздің сапарнамада жиі кездесетін болар, сондықтан біраз шегініс жасасақ, кешірім өтінемін» [45, б. 259-260];

2) мәтін түзушінің «жеке, дербес» тілі ерекше мәтіндік (поэтикалық, эстетикалық, ғылыми) ахуал-жағдайына енуі қажет: «18 сәуірде біз Семейден Аягөзге бет алдық. Қазақ бекеттері арқылы өтетін жол (олар станция қызметін де атқарады) сусыз сортаң далада жатыр. Біз мұнда бірінші рет көк шөп көрдік. Біз шыққан күні жылы болды, бозторғайлар өздерінің әдеттегі әніне салуда»; «...жолда шай ішкен жақсы, әсіресе, ескі қирандылар мен молаларда. Өткен туралы ойлайсың, бүгінгіңді аялайсың. Осы мақсатпен жәмшікке тек таңертең, күн көтерілген кезде, бозторғай алғашқы әнін шырқап, түн пердесі түрілгенде, түнгі бұлттар солтүстікке ауып, батыстан таңғы қызғылт күн көтерілгенде, жарық ағаштардың бұтағына түсіп, су керемет тамшы енген кезде, осындай поэтикалық сәтте моланың басында болуды тапсырдық» [45, б. 259-261];

3) мәтіндік дарын иесі болуы (ақын, жазушы, жалпы мәтінжасампаздық дарынға ие болу): «Адам жобалайды, бірақ Құдай шешеді. Түні бойы жаңбырдың ірі тамшылары жеңіл арбаның шатырын ұрғылап тұрды. Шаршаған аттар, батпақта аяқтарын әзер басып жүріп келеді. Тек шыбықтың шартылдаған дауысы мен шаршаған аттардың пысқырынуы, делбешінің айғайы ғана жаңбырдың бірсарынды дыбысын бұғып тұрды» [45, б. 261];

4) мәтінтүзушінің жай-күйі (тар психологиялық және әлеуметтік-психологиялық кең мағынасындағы жалғыздық пен еркіндік): «Бүкіл далада молалар үйінділері шашырап жатыр, олар күйдірілген кірпіштен мықты, берік жасалған. Бұл молаларға қарап отырып, далада саналы, өнерге жақын халық болған деп түюге болады. Бірақ, өмір салты мен арнайы білім алмағанына қарамастан, қазақтардың өзінше қиын ғибадатхана соғу, қорған тұрғызуға деген ерекше ынтазарлығын есепке ала отырып, олардың даладағы бұзылған үйінділерді қандай да бір мола немесе ғибадатхана деп санауға болады» [45, б. 281];

5) мәтінтүзушінің мәтіннің өзін танымды, ойлауды, рухани жай-күй жағдайын күшейткіш құралы ретінде қабылдауы: «Тарихи мәліметтер бұл аңызға мүлдем қарама-қайшы. Өмір Темір шын мәнінде Қытайға сапар шеккен, бірақ Самарқандтан шығып, Отырарға жеткенде қаза тапқан. Десек те, орта ғасырлардағы батырлық жырлардағы Ұлы Карл мен орыс ертегілеріндегі Владимир Красное Солнце сияқты барлық ортаазиялық аңыздарда Өмір Темір басты қаһарман. Түркістанның барлық мешіттерін, көне су құбырларының барлығын Өмір Темір Сайыпқыран (әлемнің билеушісі) салдырған деседі. Қалай болғанда да, Санташ қорғанын қалау үшін көп адам мен көп еңбек қажет болған және ол келер ұрпаққа [осында] бұрын өткен халықтың өмірінен сыр шертетін ескерткіш» [45, б. 278].

7 Тілдік тұлға жүйесінің лингвоантропологиялық деректері. Тілдік ахуал-жағдай тілдік тұлғада белгілі бір лингвоантропологиялық жүйенің болуымен айқындалып, ал ол жүйенің қызмет етуі бірнеше деректермен сипатталады. Мәселен, антропологиялық дерек мәтінжасампаздық дарын мен қабілеттің

болу/болмауы тұрғысынан анықталады. Атап айтқанда, генетикалық, интеллектуалдық, психологиялық-эмоционалды, рухани, этикалық-эстетикалық, әлеуметтік және т.б.; танымдық дерекке вербалдау, аталым, денотаттау, семантизациялау т.б. жатқызылады; тіл дерегі (мәселен, Шоқан Уәлиханов өз ана тілінен басқа, бірнеше шығыс, үндіеуропалық т.б. тілдерді өте жақсы білген); тарих және мәдениет дерегі (Шоқан Уәлиханов Қазақстанның, Оңтүстік Сібір, Шығыс Түркістанның тарихы мен мәдениетін жан-жақты терең зерттеген ғалым); әлеуметтік дерек (Шоқан Уәлихановты өз халқының тағдыры, өмір салты, әдет-ғұрпы мен дәстүрі қатты толғандыртып, ол өз ұлтын білім-ғылымды игеруге шақырғаны баршаға белгілі); кеңістіктік-уақыттық дерек (өткен және нақ қазіргі уақыт-кеңістіктің өзара әрекеттестігі мен өзара ықпал етуі); этикалық-эстетикалық дерек (қазақы тілдік мәдени сананың адамгершілік-моральдік және эстетикалық бағдарлар парадигмасы болуының үдемелілігі) және т.б.

Сайып келгенде, лингвоантропологиялық сипатындағы ішкі жүйе тілдік тұлғаның жүйесі болып табылатыны ғалымдар тарапынан жан-жақты дәлелденген кұбылыс [62; 63.]. Сол себепті де, тілдік тұлға дегеніміз – базалық, тірек жүйе, яғни адамның ішкі жекелік құрылымдар макрожүйесіндегі лингвоантропологиялық сипаттағы құрылымдық бөліктердің белгілі бір жиынтығы болып табылады. Олар, өз кезегінде физиологиялық, интеллектуалдық, психологиялық-эмоционалды, әлеуметтік және т.б. жекелік құрылымдарда орын алатын үдерістердің саналы түрде реттелуін, қызмет етуін қамтамасыз етеді.

Осымен байланысты, тілдік тұлға тек адамның тілдік әлеуеті, оның тіл туралы көзқарас-түсініктері, ұлттық тілдің өзіндік жеке нұсқасы ғана емес, сонымен бірге, ең маңыздысы ғаламды вербалдау мен семантизациялаудың, танып білудің күрделі кешенді тетігі болып саналады. Яғни, тілдік тұлға – креативтік және этикалық-эстетикалық секілді антропологиялық қызметтердің іске асуына негізделген сана, ойлау, жалпы қызмет үдерістерінің нәтижесі іспетті. Басқаша айтқанда, таным қызметіне жататын барлық салалардың – әлеуметтік, коммуникативтік, сондай-ақ прагматикалық түрлері қызмет етуін қамтамасыз етуші жүйе болып табылады.

8 Жүйе ретіндегі тілдік тұлғаның макро- және микрокомпоненттік құрылымы. Адамның кез келген қызметі лингвоәзектік сипатта өтеді. Себебі, тілдік тұлға категориясының жүйе ретіндегі табиғаты басқа да жүйелерге тән келетін белгілерді айқындауымен ерекшеленеді. Олар: құрылымдық, жұмсалымдық, прагматикалық және креативтілік. Оның үстіне, бұл жүйенің өзін өзі реттей алатын, сондай-ақ өзіндік туынды жасау қабілетін атап кеткен жөн. Тілдік тұлға кұбылысының болуы, өміршендігі негізінде түрлі тектес деректер орын алады: генетикалық, антропологиялық, менталды, әлеуметтік және онтологиялық. Сондықтан да, жүйе ретіндегі тілдік тұлғаның өзінің микро- және макрокомпоненттік құрылымы болады.

Бұл ретте, тілдік тұлға құрылымы бір-біріне сатылы тәуелді қатынаста болып келетін бөлшекті тізбек ретінде көрініс табады. Өйткені, адам баласының кез

келген құбылысты жіктеу әрекеті ойлау, сана, талдау категорияларының өзінің иерархиялық табиғатымен байланысты болып келеді. Дегенмен, тілдік тұлғаның өзегі, негізгі тірегі тілдік қабілет екені сөзсіз және ол жалпы креативтік қызмет арқылы іске қосылып, бірінші кезекте жеке, дербес дискурс арқылы жүзеге асады. Ал, тілдік тұлғаның басқа макрокомпоненттері еркін түрде орналасады, бірақ олар өзара байланыста болады. Себебі, олардың жұмсалымы өзара әрекеттестік, бірін бірі ретке келтіру және қолдау сияқты іс-қимылдарға тәуелді. Сонымен, тілдік тұлға – өзіні өзі ұйымдастыра және дамыта алатын жүйе. Бұл жүйенің өзектік тірек категориясы дискурс бірліктері арқылы белсенді жұмсалатын тілдік қабілет.

9 Тілдік тұлғаның дискурстық макрокомпоненті. Тілдік тұлғаның дискурстық макрокомпоненті – салғастыру, аналогия, ассоциация жүргізуді, мән-мағына, көріністер, бейнелер, ой және т.б. вербалдануы тәсілдерінің жиынтығы. Шығармашылық қызмет жұмысының нәтижесі ретіндегі креативтілік тілдік тұлғаның дискурстық макрокомпоненттерінің бірліктері арқылы вербалданады. Қазіргі тіл ғылымының даму деңгейіне сәйкес дискурстың бірнеше түрлері ажыратылып көрсетіліп жүр. Олар сол этностың тарихы, мәдениеті, әлеуметтік жағдай-болмысы, сонымен бірге адамның жеке-антропологиялық, тілдік дербес ерекшелігі тұрғысынан да жіктеледі. Осыған сәйкес дискурстың ұлттық, мәдени, әлеуметтік, кәсіби (мысалы, ғылыми, көркем, поэтикалық т.б.) және жеке (индивидуалды) түрлері аталып көрсетіліп жүр.

Ұлттық дискурс аталған тілдің ерекшеліктеріне, тарихи хронотопқа, мәдениеттің, ғылымның, жалпы өркениеттің даму деңгейіне байланысты. Мысалы: «Орыс әскерлері қырдың осы бөлігіне келгенге дейін де 1824 жылдан бері Ұлы жүз Ресейдің қарамағында саналғанымен, қытайлықтар Іле өлкесіне 1840 жылға шейін болмашы салым салық жинау үшін әскерлерін жіберуін қоймайды, ақыры олардың әскері Тереңөзек сайында шапыраштылардан масқара боп жеңіліп қайтты. Қол үш мың қытайдан тұрған, олар жасақ жинап, келіссөз жүргізу үшін ташкенттік ақсақалға өтіп кетпек болған. Әлі күнге дейін қытайлар бұл жеңілістерін ұмытпайды және шапырашты руынан шыққан қайсақтар туралы бас шайқай әңгіме етеді» [45, б. 158-159].

Тілдік тұлға дискурстық макрокомпонентінің жұмсалымы басқа да антропологиялық, мәдениеттанымдық, психологиялық және әлеуметтік сипаттағы макрокомпоненттердің жұмсалымымен айқындалып түзетіліп отырады. Осыған орай, тілдік қызмет үдерістеріне, атап айтқанда ойлау, таным, аталым, мәтіншығармашылығына қоғамның психологиясы да, тіл иесі тұлғасының психологиялық-эмоционалдық ерекшеліктері де, оның әлеуметтік-менталды эмпирикалық білімі де, сондай-ақ этикалық-менталды эмпирикалық эталон-бағдарлары да, сауаттылық пен мәдениет деңгейі де, жалпы алғанда ұлттық және әлемдік мәдениет өзгешілігі мен аталған тұлғаның антропологиялық өзгешілігі де ықпал етеді: «Киіз үйдің ішінде от жанып, ошақта су толтырылған екі құман тұрды. Сол арада қожайын әйел біздің *sac-voyage* ға ұқсас бұзау терісінен жасалған сөмкесінен екі қытай кесесін алып, қымыз құйды» [45, 288 б.]; «Шаштың

ұзындығы сұлулықтың бірінші белгісі, сондықтан барлық әйелдер жалған шаш жалғап алады. Бетке опа жағу сияқты косметикалық бояулар да үлкен қолданысқа ие екен. Бұрынғы кезде қыздар көк өзбек ... деп аталатын корсет (кеуде тартқыш) киеді екен» [45, б. 290-291]; «Менің байқағаным, Тінекенің бүкіл денесін Бюффонның алғашқы қауымдық адамы сияқты түк жапқан. Оның жолдасы сұлтан Құдайменде өзінің орынсыз қылықтарымен бізді әбден жалықтырды. Ол мәдениетті болып көрінгісі келіп, ақымақ пікірлерін тықпалап бітті» [45, б. 304] т.б.

10 Тілдік тұлғаның психологиялық-эмоционалды, этикалық-эстетикалық компоненттері. Тілдік тұлғаның психологиялық-эмоционалды компоненті тілдік қуаттың тілдік және мәтіндік қызметтегі қарқындылығымен айқындалады. Яғни, тілдік темперамент жеке тұлғаның темпераментіне тәуелді құбылыс. Бұл ретте, сөйлеу мен мәтінжасампаз, ізденімпаз, аталым үдерісін жүзеге асырушы жеке тұлғаның мінез-құлық түрі және оның психологиялық, эмоционалдық дара мінезі жайында айтылып отыр. Тілдік тұлғаның психологиялық-эмоционалдық мазмұны әлеуметтік компонент арқылы нақтыланып толықтырылып тұрады. Осыған орай, аталған компонент үшін маңыздыларына мыналар жатады: ұжым, қауымдастық, әулеті, руы, отбасында қолданылған тілдің әлеуметтік генетикасы. Әрине, ол тілдік тұлғаның дара тәжірибесімен нақтыланып, белгілі бір тілдік дәстүрді қалыптастырып байытады. Бұл компоненттің өзегін, орталығын тілдік жад құрайды: «Тарихи тұрғыдан алғанда, халықтың ақындық рухы керемет: біріншіден, суырып салма ақындардың таңқаларлық жады арқасында қаһармандардың ерлігін жыр еткен барлық көне поэмалар тамаша еске сақтау қабілетінің арқасында көпшілігі тілінің көнелігі жағынан және жаңа буынға түсініксіз көп сөздері бойынша Алтын Орда кезеңіне жататын өз қаһармандары туралы тарихи оқиғалары бойынша да бізге бұрмалаусыз жеткен. Екіншіден, әртүрлі кезеңде өмір сүрген ақын-жыраулар халық санасына өз дәуірінің оқиғасын сіңіргені соншалық, оның барлығы бірігіп келіп, бір бүтінді құрайды. Үшіншіден, осы поэмалардың барлығы салт дәстүрмен, мақал мәтелдермен, халықтың адамгершілік туралы жарғыларымен біріге келіп, халықтың тарихи және рухани өмірінің өткенін толық көрсете отырып, тарихи оқиғаларды толықтыруға және олардың кезеңін анықтауға жәрдемдеседі. Қазақтардың көне аңыз әңгімелер мен наным сенім, ырымдарды соншалықты таза, бастапқы қалпында сақталып қалғаны таңқалдырады, ал одан да таң қаларлығы даланың барлық алыс түкпірінде, әсіресе өлең-жырлар, бір қолмен көшірілген қолжазбадағыдай өзгеріссіз, қаз қалпында айтылады. Көшпенді, сауатсыз халықтың ауызша деректері адам сенгісіз дәлме дәл сақталғаны қаншалықты таңқаларлық болғанымен, бұл шәк келтіруге болмайтын шынайы дәлел» [45, б. 258].

Тілдік тұлғаның этикалық-эстетикалық компоненті жақсы/жаман, әдемілік/ұсқынсыздық т.б. деген тұрақты бағалауыштық-модальдік қарым-қатынас негізінде көрініс табады: «Еуропада әлі күнге дейін көшпенді тайпалар қатыгез тобыр және тәртіпсіз жабайылар деген қате түсінік басым. Көшпенді

монғолдар мен қазақ туралы түсінік дәрежі және мал сияқты варвар деген идеямен тығыз байланысты. Алайда, осы варварлардың көп бөлігінің өз әдебиеті мен жазбаша және ауызша ертегі аңыздары бар. Алғашқылардың қатарына монғолдар мен жоңғарлар, екіншілеріне монғол түркі тектес көшпенді тайпалар жатады. Қыр қазағы өзінің ар ұяты мен ақыл ой қабілеті жағынан отырықшы татар мен түріктен әлдеқайда жоғары. Поэзияға икемділігі, әсіресе суырып салып жанынан жыр шығару барлық көшпенділердің ерекшелігі» [45, б. 257].

11 Тілдік тұлғаның антропологиялық компоненті. Жалпы алғанда, тілдік тұлғаның антропологиялық макрокомпоненті аталған категорияның бүкіл макрокомпоненттері мен тілдік қабілеттің барлық микрокомпоненттерін бір құрылымға біріктіріп, өзара жүйелі байланыстару қызмет атқаратын тетік секілді. Антропология тілдік тұлғаның бірқатар маңызды сипаттамаларын айқындайды: генетикалық, физикалық, физиологиялық, биологиялық, интеллектуалдық, психологиялық, әлеуметтік, тұрмыстық және т.б. Сонымен бірге бұл қатар нақты бір жеке тұлғаға қатысты бүкіл ақпаратты да қамтиды: жасы, жынысы, сыртқы пішіні мен келбеті, денсаулық ерекшеліктері, ақыл-ес қабілеттері, мінез-құлқы, әдеттері, ішкі дүниесіне тән белгілері, білімі, сауаттылығы, әлеуметтік және материалдық жағдайы, отбасы жағдайы, кәсібі мен мамандығы, киімі, тұрғылықты жері мен уақыты, туған-тустарының, жора-жолдастарының, таныстарының ортасы, әлеуметтік, экономикалық, саяси басымдылықтары, айналысатын ісі т.б. және с.с. өмірбаян деректері.

Мәтіншығармашылығы үдерісінде әрбір антропологиялық деректің өзіндік алар орны мен мағынасы болады. Мәселен, бала кезден бастап тілдік қабілеттің және де тілдік тұлғаның басқа да макрокомпоненттерінің тиімді белсенді әрекет етуіне *«әжесінің тәрбиесінде болу»* секілді антропологиялық деректің маңызы зор. Жоғарыда Шоқан Уәлихановтың рухани дамуы мен қалыптасуына әжесі Айғаным ықпал еткені жайында айтқан болатынбыз. Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер Абай Құнанбайұлы да өзінің әжесі Зеренің тәрбиесінде болған.

Қазақ халқы үшін ерекше аталатын антропологиялық деректің бірі – «жетімдік»: «Жерде жетім жыласа, әуеде періште тітіркенеді», «Жетім көрсең, жебей жүр, жесір көрсең, демей жүр», «Жетім бала өз кіндігінен өседі», «Жетім, жетім деменіз, жетімнің ақысын жеменіз», «Жетімді желе, жесірді еле» және т.б. Осымен байланысты, философ, ақын, композитор, тарихшы, жазушы Шәкірім Құдайбердіұлы есмін атауға болады. Шәкәрімнің әкесі ерте қайтыс болады, сөйтіп ол жеті жасында атасы Құнанбайдың тәрбиесіне алынады. Жетімдік тауқымет тартпаса да, дәл сол тұста алғаш жоқтау, жыр, өлең көз жасымен бірге туындайды. Осы секілді қазақтың аса көрнекті ағартушысы, ақын, жазушы, қоғам қайраткері, көсемсөз шебері Міржақып Дулатұлының қиын тағдыры бармашымызға белгілі. Міржақып екі жасында анасынан, он екі жасында әкесінен айырылады. Бұл да

Міржәкіп Дұлатұлының шығармашылығын ерте іске қосқан тетіктердің (антропологиялық деректің) бірі ретінде жиі айтылады.

Яғни, бұл ретте, біздің айтайын дегеніміз – тілдік тұлғаның мәтінжасампаздық, әдеби шығармашылықтың (білімпаздықтың) ерте көрініс беруі «отбасы тілі» (фамиолект) сапасы мен көлемінің игілікті әсерінің ықпалына тәуелді құбылыс екені. Сондықтан да мәтінжасампаздың балалық шағы тілдік қабілетті белсендірудің еңбір маңызды кезеңі бола тура, жалпы тілдік тұлға дамуын жүзеге асыратын басты тетік. Бала кезінде қалыптасқан көзқарас, алғашқы ілім, дүниетаным сол дүние мен шығармашылыққа деген таза және еркін қарым-қатынастың негізгі базасы болып саналады. Адамның жас кезде алған білімі мен көрген тәлімі санасында «тайға таңба басқандай» қалатыны заңды. Жалпы, философиялық антропологияны қалыптастырып, тілдегі адам факторы жайында алғаш айтқан ғалым В. фон Гумбольдт болатын: «Тіл – адам рухының басты қызметі... тіл адамзаттың рухани дамуымен тығыз байланысты және мәдениеттің әрбір кезеңін айқындап, адам дамуының әрбір қадамымен бірге жүріп отырады» [64, б. 70].

Сонымен, Шоқан Уәлиханов өмірбаянының антропологиялық деректері, оның тілдік тұлғасы қалыптасуының да басты белгілері болып саналады. Өмірінің әрбір кезеңінің өзіндік алар орны бар. Ең алдымен, олар Шоқанның бірігей ғылыми, әдеби т.б. өзіндік стилінің дамуы мен қалыптасуына үлкен әсерін тигізді: стилистикалық тұрғыдан әртекті мәтін (ауызекі сөйлеу лексикасының ғылыми стильмен байланысы); ерекше маңызы бар бейвербалды компонент (ғалымның суреттері, сызбалары, салыстырмалы кестелері т.б.).

Мәтінжасампаз тұлға көрегендік, алғырлық, зеректік, қырағылық, тіпті ерекше көру, есту, иіс және сезім түйсігіне ие болуы қажет. Оның жан-жақты сан алуан түрлі қасиеттері – тілдік тұлғасының макрокомпоненттері мен тілдік қабілетінің микрокомпоненттерінің белсенді қызмет етіп, жұмсалыуының арқасында қамтамасыз етіледі. Адам – жеке, дара құбылыс, ал жан оған қарағанда, жалпы категориялар қатарына жатады. Сондықтан да, тілдік тұлғаның жалпы сипаттағы категориясы (қазақы тілдік тұлға, ұлттық тілдік тұлға) мен жеке, дара құбылыс (жазушы тілдік тұлғасы, ақынның тілдік тұлғасы, ғалымның тілдік тұлғасы т.б.) ретіндегі табиғатын атап көрсеткен жөн. Шоқанның тілдік тұлғасы аталған екі категорияның синтезін айқындайды: «Шоқан Уәлихановтың тілдік әлемі – өзіндік сарқылмас тереңдігімен ғалымның бірегей, біртума тілдік тұлғасының тарихи, этностық, әлеуметтік, психологиялық ерекшеліктерін айқындайды. Сондықтан да, Шоқан Уәлихановтың шығармашылық мұрасы қазір де, келешекте де әлі талай ғаламдардың назарын өзіне аудартатыны кездейсоқ емес» [65, б. 36].

Ресей ғалымдарының пікірі бойынша, соңғы кездері автордың жеке тұлғалық, индивидуалды ерекшеліктерін өзінің сөйлеу шығармалары негізінде зерттеуге арналған жұмыстар белсенді түрде жүргізілуде [66]. Себебі, әрбір тіл өзіндік жүйеге, ерекше грамматикалық құрылымға, лексика мен ойды білдіру тәсілдеріне

ие болып келеді [67]. Осымен байланысты Шоқан Уәлихановтың әрбір туындысын (мәтінін), атап айтқанда антропологиялық, ұлттық-мәдени және руханидың, психологиялық-эмоционалдық, әлеуметтік, өмірбаян деректері секілді дараның тығыз байланысқан категориясы мен құбылысының айқын көрінісі деп бағалауға болады. Себебі, мәтін бұл – тілдік және мәтіндік тұлғаның барлық макрокомпоненттері мен тілдік қабілеттің бүкіл элементтері, микрокомпоненттері вербалданатын теңі жоқ жалғыз объективті түрде болатын шындық.

Бірінші тарау бойынша тұжырым

Сонымен, зерттеуіміздің тілдік тұлға қалыптасуы мәселесіне арналған бірінші тарауында, ең алдымен, «жеке тұлға қалыптасуы» ұғымы дегеніміз – адам дамуы мен қалыптасу үдерісінде объективтік және субъективтік шарттардың тұтастығын меңзейтінін ескерген жөн деген қорытынды жасаймыз. Яғни жеке тұлға үнемі белгілі бір ұлт, тап, әлеуметтік топ және ұжым құрамында өмір сүріп, әрекет етіп, басқалардың материалдық және мәдени өмір сүру жағдайымен санасады, бөліседі, сондай-ақ сол қоғамның, әлеуметтік топ психологиясын да қабылдайтыны заңды. Осы әсердің нәтижесінде өз алдына жеке тұлғаның да нақты өмір жолын айқындайтын өзіндік қайталанбас сипаты болатыны да сөзсіз.

Көптеген тіл зерттеушілерінің пікірінше: «...адам орыс, неміс немесе жапон болып туылмайды, ол сол ұлттық қауымдастықта өмір сүру нәтижесінде солай болып шығады». Осы тұрғыдан келгенде, тіл адамның ұлттық өзгешелігі мен ұлттық қатыстылығы жайында мәліметті қамтиды. Сонымен бірге, тіл жеке тұлғаға сол этноста оған дейін қалыптасқан әлемді тану, ғалам бейнесі жайындағы танымды, менталитетті міндеттейді. Яғни ұлттық тіл жеке тұлға мен ұлттық мінез-құлықты тек айқындап қана қоймай, сондай-ақ оны қалыптастырушы да болып табылады.

Жұмысымыздың бірінше бөлігінде біз «тілдік тұлға» ұғымына ұқсас болып келетін «сөздік тұлға» және «коммуникативтік тұлға» ұғымдарына талдау жасадық. «Тілдік тұлға» және «коммуникативтік тұлға» ұғымдарының мағыналары бірдей ме немесе айырмашылығы бар ма мәселесі біздің зерттеуіміз үшін аса маңызды.

Аталған мәселеге арналған көптеген зерттеулерді талдай келе, біз мынадай қорытындыға келдік, біздің ойымызша, коммуникативтік тұлға ұғымының мағынасы «тілдік тұлға» ұғымынан әлдеқайда кеңірек, себебі «коммуникативтік тұлға» ұғымының құрылымына вербалды емес құралдар енеді, оған сарамал жасау үшін коммуниканттың әрекетіне тікелей бақылау жүргізу керек. «Тілдік тұлға» және «коммуникативтік тұлға» ұғымдарына Г.И. Богин, Ю.Н. Караулов, Ю.В. Рождественский, Г.Ф. Седов, В.П. Нерознак, В.И. Карасик, О.Б. Сиротина, В.П. Коневская және И.И. Халеева сынды лингвист ғалымдардың көзқарастарына талдау жүргізіп, бұл проблеманы зерттеушілер «тілдік тұлға» және «коммуникативтік тұлға» модельдерінің саны және таңдалуы тәжірибемен реттеледі» деп қорытады.

Сонымен, қазіргі зерттеулерде «тілдік тұлға», «сөйлеу портреті», «идиостиль», «идиолект» ұғымдары ажыратылмай қатар қолдана береді. Яғни «тілдік тұлға» категориясын талдау әлі күнге дейін лингвистикадағы перспективалық бағыттардың бірі екенін айта кетуіміз керек. Мәселенің көкейкестілігін дәлелдеу үшін саясаткерлердің вербалды мінез-құлығын зерттейтін бірқатар зерттеу орталықтарының пайда болуын алға тартуға болады, яғни мұндай зерттеулердің жүргізілуі, қазіргі заманғы тілтаным ғылымы, соның ішінде саяси тілтаным алдында тұрған кейбір аса маңызды міндеттердің шешімін табуға септігін тигізеді деген ойдамыз.

Сонымен, Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасы ғылыми идеологиясының сөз-ойлау аспектісі ретіндегі логосын айқындау (идеялар жүйесі, дүниетанымдық ұстанымдары, идеологиялық стереотиптері т.б.) қазіргі ғылыми парадигма үшін аса маңыздылыққа ие екені сөзсіз. Ғалымның тілдік тұлғасының базалық концептілері, яғни сатылы тәуелді ұйымдастырылған құндылықтық пайымдаулары сол кезеңге сәйкес келетін «ғаламның ұлттық (ғылыми) бейнесін» құрайды. Ғалым дискурсы логос жүйесінің ерекшеліктерін анализ бен синтезге, құбылыстарды салғастыруға және ойлауға, салыстыруға, талдауға қабілетті реципиентпен қарым-қатынас орнатуға бағытталған бірқатар ғылыми-зерттеушілік ұстанымдар айқындайды. Сол себепті де ғылыми мәтіндер күрделі дәлелдемелер жүйесімен, қорытындылармен сипатталады.

Қорыта келгенде, қазіргі таңда антропоэекті мегапарадигма аясында «тілдік тұлға» феноменінің құрылымы мен жүйесі, жалпы теориялық тұжырымдардың нақтылануы, ғылыми сипаттаудың әдістері мен амал-тәсілдері терең әрі жан-жақты белсенді зерттелуде. Осы тұрғыдан алғанда, әсіресе вербалды мұралары отандық мәдениет пен ғылымның қорынан орын алған танымал классиктердің, әдеби-көркем, ғылыми және басқа да әлеуметтік-мәдени коммуникация салаларының ғұлама өкілдерінің тілдік тұлғалары ерекше құзығушылық танытуда.

Ресей ғалымдарының пікірі бойынша, соңғы кездері автордың жеке тұлғалық, индивидуалды ерекшеліктерін өзінің сөйлеу шығармалары негізінде зерттеуге арналған жұмыстар белсенді түрде жүргізілуде. Себебі, әрбір тіл өзіндік жүйеге, ерекше грамматикалық құрылымға, лексика мен ойды білдіру тәсілдеріне ие болып келеді. Осымен байланысты Шоқан Уәлихановтың әрбір туындысын (мәтінін), атап айтқанда антропологиялық, ұлттық-мәдени және руханидың, психологиялық-эмоционалдық, әлеуметтік, өмірбаян деректері секілді дараның тығыз байланысқан категориясы мен құбылысының айқын көрінісі деп бағалауға болады. Себебі, мәтін бұл – тілдік және мәтіндік тұлғаның барлық макрокомпоненттері мен тілдік қабілеттің бүкіл элементтері, микрокомпоненттері вербалданатын теңі жоқ жалғыз объективті түрде болатын шындық.

2 ҒАЛЫМ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ АСПЕКТІСІ

2.1 Ш. Уәлиханов ұлттық элитарлық тілдік тұлғасының басты белгілері

Жалпы, қазақ ғылымында Шоқан Уәлихановтың зерттеушілік мұрасы осыған дейін жан-жақты талданып қарастырылған. Қазақтың тұңғыш ғалымының еңбектері алғаш рет 1904 жылы Ресейде (орыс географиялық қоғамының хабарларында) жарық көрген. Шоқан Уәлихановтың қолжазбаларын зерттеген ғалымдар қатарында ҚазССР Ғылым Академиясының академигі А.Х. Марғұлан, А.Б. Никольская, М.С. Тұрсынова, П.Г. Галузо, Л.М. Әуезова болды. Бір ғасырдан соң, атап айтқанда 1958 жылы алғаш қолға алынып, кейінгі жылдары толықтырылған 1970-1985 жж. аралығында ғалымның шығармалар жинағы шыға бастайды.

Нақтырақ айтатын болсақ, Шоқанның саяси экономикалық мұрасын зерттеген ғалымдар: С.Д. Зиманов, А.Б. Әтішев т.б.; ағартушылық идеялары мен ойларын қарастырған зерттеушілер: Х.А. Арғынбаев, Ә. Марғұлан, Ш. Абдрахманова, Н. Ивлев, А.Х. Қасымжанов, С. Көпеков және т.б.; саяхатшылық зерттеулерін талдаған ғалымдар: А.С. Бейсенова, Н.К. Стрелкова, Т. Бекниязов, Б.А. Литвинский т.б.; тарихи, шығыстану мұраларын – Д. Дулатова, Р.Б. Сүлейменов, Д.А. Моисеев, Н. Қанафияұлы, И. Шәмшәтұлы және т.б. сынды ғалымдар қарастырды; әдеби-этнографиялық шығармаларын зерттеген ғалымдар: В.П. Курылев, З. Еркімбаев, А. Қонысбаева, Ш. Момынова және т.б.

Алайда, Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұрасына арналған зерттеулер қаншалықты көп болғанымен, олардың басым көпшілігінде ғалымның еңбектері әлі де болса, қарастыруды оның жаңа қырларын талдау қажет екені баса айтылады. Оның үстіне Шоқан Уәлихановтың тілдік тұлғасы, оның ғылыми еңбектері мен зерттеу жазбалары, идиостилі антропоэлекті парадигма тұрғысынан зерттеу нысаны болған емес. Дегенмен, отандық тіл білімінде антропоэлекті парадигма аясында тілдік тұлға мәселесіне арналған зерттеулер де жетерлік. Атап айтатын болсақ, Катулл, О. Сүлейменов, Махамбет, Ұлы Петр, Абай, Т. Ізтілеуов, М. Жұмабаев т.б. тілдік тұлғалары бойынша жазылған диссертациялық жұмыстар [68; 69; 70; 20; 60; 61; 52]; тілдік тұлға категориясының жалпы когнитивтік мәселелеріне арналған зерттеулер және т.б. [51; 71; 72; 73].

Осымен байланысты, элитарлық сөйлеу мәдениеті мен кәсіби тілдік тұлғаны аталған сөз мәдениетінің иесі ретіндегі ұғымдар мәселелеріне келер болсақ, орыс ғалымдары В.Б. Гольдин мен О.Б. Сиротинина әдеби тіл саласында сөйлеу мәдениетінің жеті түрін ажыратып көрсетеді: 1) элитарлық 2) «орташа әдеби» 3) әдеби-ауызекі 4) ауызекі 5) қарапайым-тұрмыстық 6) халықтық-ауызекі 7) кәсіби-шектеулі [74, б. 9-19]. Бірақ, біздің ойымызша мұндай жіктелімдер шартты, себебі ғылыми әдебиеттерде әдеби тіл иесі ретіндегі де, сондай-ақ кәсіби қызметті игеру үдерісіне де қатысты жіктелімдер келтірілген.

Осы тұрғыдан қарағанда, мысалы зерттеуші Г.Г. Инфантова былай деп жазады: «Әдеби тілді меңгеру тұрғысынан сөйлеу мәдениетінің үш түрі

ажыратылады: элитарлық, «орташа әдеби» және әдеби-төмен, ал кәсіби қызмет бойынша тілдік тұлғаның екі түрі көрсетіледі: тілді зерттеп игеру, сөйлеу қызметі мамандық талабының элементі болып саналатын тұлғалар (филолог-ғалымдар, оқытушылар, актерлер, жазушылар т.б.) және нақты кәсіп, мамандық компоненті емес, бірақ сөйлеуде тілдік жүйені жүзеге асырушы тілдік тұлғалар» [75, б.392]. Шоқан Уәлихановтың тілдік тұлғасы мәдениеттің элитарлық түрін айқындап, ал кәсіби қызметі бойынша да бірінші түріне жатқызылады. Себебі, ол нақты бір мамандық талабы болмаса да, сол кездегі озық заман талабы екені сөзсіз.

Жалпы элитарлық сөйлеу мәдениетінің иесі ретіндегі тілдік тұлғаның қалыптасуы мен қызмет етуі мәселесі үнемі зерттеушілер назарында болуы қажет, өйткені ол терең теориялық және практикалық маңыздылыққа ие. Оның маңыздылығы – түрлі адамтану ғылым салаларының, атап айтқанда философия, әлеуметтану, психология, тіл білімі, әдебиеттану, тарих, мәдениеттану, саясат т.б. салалардың топталып, жинақталу нүктесі іспетті. Оның үстіне элитарлық сөйлеу мәдениетіне ие тілдік тұлғаға төмендегідей қабілет-қасиеттерге тән болуы қажет:

1) кез келген тақырыптағы және жанрлық-стилистикалық формадағы мәтінтудырушылық қабілетінің жоғары еркіндігі: «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Қытай империясының батыс провинциясы мен Құлжа қаласы», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы», «Орта жүз қазақтарының аңыз-ертегілері», «Қырғыздардағы шамандықтың қалдығы», «Қазақтың шежіресі», «Жоңғария очерктері», «Сібір қарамағындағы қазақтардың сот реформасы туралы жазба» т.б. түрлі ғылым салалары бойынша жазылған Шоқан Уәлихановтың еңбектері;

2) оқыған және естіген мәтіндерді өңдеу қасиетінің жоғары өнімділігі: «Қара қыпшақ Қобыланды», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Көкше – Ер Қосай», «Орақ батыр» т.б. жырларды қағазға түсірген, сондай-ақ қырғыз халқының «Манас» жырын да жазып алып, оны қырғыздың «Одиссеясына» теңеген (яғни Гомердың «Илиада» мен «Одиссеясын» өте жақсы білген); А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Н.В. Гоголь, В.Г. Белинский, А.И. Герцен, Н.Г. Чернышевский, Н.А. Добролюбов секілді ұлы орыс ойшылдарының және батыс әдебиетінен Ч. Диккенс, У.М. Теккерей, Ж.Ж. Руссо шығармаларын жетік өте жақсы меңгерген;

3) белсенді сөздік қор көлемінің ауқымдылығы: «Қырғыз хандарының ұрпағы және орыс армиясының офицері Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов шығыстану көгінен құйрықты жұлдыздай ағып өтті. Орыс шығыстанушылары оны бір ауыздан ерекше құбылыс деп мойындап, болашақта түркі халықтарының тағдыры туралы ұлы және маңызды жаңалықтар ашады деп үміттенген еді, бірақ Шоқанның мезгілсіз дүние салуы бізді бұл үміттен айырып отыр» (Н.И. Веселовский. Аққан жұлдыз) [45, б.69]; «Қырғыз Шоқан Уәлихановтың өмірбаяны өте қызықты құбылыс – азиялық және еуропалық қасиеттердің қосындысы» (А.Н. Пыпин. Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов туралы) [45, б.71]; «Егер Уәлихановты оқи алатын қазақ қауымы болғанда, онда қазақ халқы Шоқан

арқылы Лермонтов пен Гейне рухындағы қырғызша жазатын жазушыға ие болған болар еді» (Г.Н. Потанин. Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов) [45, б.80];

4) әдеби тілдің бүкіл жұмсалымды-стильдік түрлерін игеруі: «Іле өлкесі деп алғаш танысқан орыстар Іле өзені мен Күнгей Алатауының қарлы жотасының арасында орналасқан, батысқа қарай кеңейіп келген ұзын жер жолағын атады. Оның кеңеюі Іле өзенінің баяу ағатын тұсына келіп құятын шағын өзен Қаскеленнің сағасынан басталады. Бұл жолақ солтүстікке қарай төмендей келе, Алатаудан бастау алатын көптеген өзендермен тілімделген; олардың барлығы» Қырғыз-қайсақ даласының ең үлкен өзендерінің бірі Ілеге құяды»; «Іле (Қытайша Или, қырғызша Іле), үш тарамнан тұрады: Текес, Қашкөл және Күнгес; олардың бірінішісі ең негізгі, Мұзтау жотасынан басталып, Күнгеске қосылғанша, шығысқа қарай ағады. Олардың барлығы қосылған соң, Іле батысқа бағыт алады, Қытай облысының Ілесі мен үлкен қала Құлжаны сумен қамтамасыз етеді. Өзіне жан-жақтан барлық тау өзендерін қосып алып, сол атауымен бірнеше саласымен қосылып Балқашқа барып құяды, оның ең басты және терең саласы Бөрілі»; «Жалпы, Іле өлкесінің климаты – далалық. Ауа райының ауытқушылығы мен тұрақсыздығы – оның ерекшелігі; даланың солтүстік бөлігіне қарағанда едәуір тұрақты болса да, қыста аяз болып тұрады. Климаты жанға жайлы алмасып тұрады. Көктем тым жаңбырлы және жауын шашынды болып келеді»; «Қазан айынан бастап Іленің бүкіл бойына, арғы және бергі жағалауын қазақтар қыстайды, олар Қытай бекеті тізбесінен бастап, талғардың сағасындағы орыс бекетіне дейінгі аралықта екі жағаны бірдей қоныстанады. Қыс кезінде төменірек құм мен сексеуіл арасында олардың жылқы үйірлері жайылып жүреді және ауылдары қамауға орналасады. Алатай бөктеріндегі қар кетісімен, қайсақ болыстары мұнда егістік жерлерін өңдеуге кіріседі» (Шоқан Уәлиханов «Іле өлкесінің географиялық мәні») [45, б.150-157]; «Майдың 17-сінде... Біз Торайғыр тауының солтүстік бауырына аялдадық. Қонған жерімізде күздің ызғарындай салқын жел соғып, кеш өте суық болды. Түн бойы қардың төгіліп жауғаны соншалық, Алатау мен Іле атырабы аралығындағы кеңістік құдды бір қыс мезгіліндегідей аппақ түске еніп кетті. Торайғыр тауының басынан қарағанда, жоғарыда аталған төңірек пен тау шоқыларының көрінісі, міне, мына тәрізді» (Шоқан Уәлиханов. Ыстықкөл сапарының күнделігі 1856 ж.) және т.б.;

5) тілдесімнің мақсат-міндеттеріне бара-бар сөйлеудің түрлі стильдік элементтерін қолдануы: «...Біз сұлтанның мінезінің оғаштығына таң қалдық. Ол шатырға семіз қаздай байпаңдап басып кірді. Сөйтті де төрге шығып отыра қап, мелшиіп қатты да қалды, жұрттың бәрін көзімен жедел шолып өтті де, тақпақтап: «Жалайырда қой көп, Жанғазыда ой көп », - деді. Соны айтты да, тағы да мүлгіп, мелшиді де қалды. Осындай қызық суреттер қырғыздар тұрмысын көрсетуде де жиі ұшырайды» (Шоқан Уәлиханов «Құлжа күнделіктері»); «Сулы шалғындарда бізге әртүрлі үйректер кездесті, әсіресе, Каспий теңізінде болатын тұрпан немесе атайка деп аталатын түрі жиі кездесті: олар тұзды суды жақсы көреді және осындай шөл далаларда ұшырасады, көбіне топталып емес, жеке - ұрғашысы мен

еркегі болып жүргенді жақсы көреді...Бұл жерден бізге дейін және біз өтіп бара жатқанда жүз үйден аса сарт өтті. Өздерінің айтуынша, олар бұл жерде 70 жылдан аса көшіп жүр. Алғашында оларды көшпенділікке күнкөріс үйреткен. Семей арқылы азиялық өнімдерді саудалай жүріп, керуендерді жөнелту үшін олардың өз жылқылары мен түйелері болу керек еді - оларды бағып-жаю қажет, оған қоса олар қымызды жақсы көреді, міне осыдан қазақтардан жалға жер алып, бірнеше отбасы болып киіз үйде тұрған. Бүкіл Азияға тән көшпенді, еркін өмір оларға ұнап, аз уақытта олар 150 үйге көбейді. Генерал губернатор оларды қашқындарды жасырып, контрабанда жасайды деп күдіктеніп, Арқаттан кетуді бұйырады.» (Шоқан Уәлиханов. Ыстықкөл сапарының күнделігі 1856 ж.) [45, б.259];

6) сөйлеудің, тілдің ауызша және жазбаша түрлерін еркін меңгеруі, сонымен бірге коммуникативтік мақсатқа сәйкес сөйлеу формасының қатесіз таңдалуы: «Тура осы арада Шелекке сол жақтан Асы өзені қосылады, ол Асы тауын Сауысқандық тауынан бөліп тұрады. Асы өз бастауын Алатаудың бір сағасының батыс қыратынан алады, оның солтүстік-шығыс жағынан Түрген шығады. Асының жоғарғы жағы таулы қыраттан шыққанда, шағын жазық түзеді, ол «Асының жайлауы», немесе Аралтөбе деген атпен танымал» (Шоқан Уәлиханов. Ыстықкөл сапарының күнделігі 1856 ж.) [45, б.266]; «...егер де ұлдарыңыздың қаржылық жағдайынан хабардар болғыңыз келсе, Аллаға мың да бір шүкір, біз сіздердің қасиетті дұға-тілектіріңіздің арқасында аман-есенбіз, кейін не болатыны бір Құдайдың қолында. Өткендегі поштадан жіберген хаттарыңызды батадай қабылдап, амандықтарыңызды білген соң, қуанып, көңілденіп қалдық; екіншіден, жүрегі күйзеліп, еңсесі түсе бастаған ұлдарыңыздың жағдайына аяушылық білдіріп, аздаған ақша жіберулеріңізді сұрауға батылым барып отыр, - бұл бір аса қайырымды іс болар еді, себебі біз сияқты студенттерде үлкен шығындар болып тұрады, мысалы, қағаз, сия алу, кітап жаздырып алу, поштадан хат жіберу, алу, тағы осы тәрізді заттарға ақша өте керек; сол себепті, егер өз амандығыңыз туралы жазған хатпен бірге аздаған ақшаны сенімді жолсеріктен беріп жіберсеңіз, өз ұлыңызды қуантар едіңіз» (Шоқанның ата-анасына жазған хаты) [76, б.128];

7) бүкіл этикалық нормалардың қатаң сақталуы, адресатқа деген барынша құрмет таныту: «Хат – бұл жартылай кездесу...Сіздерге және сіздің айналаңызға саламаттық тілеймін! Құрмет пен бақыттың иесі, кең пейілді, мейірбанды сүйікті әкемізге, аса ардақты адал анамызға және өте сыйлап, құрмет тұтатын Қабойға дұғай сәлемімізді жолдаймыз» (Шоқанның ата-анасына жазған хаты) [76, б.128]; «Аса қадірлі Федор Михайлович! Сізге хат жазу мүмкіндігін пайдаланып қалуға асығып, отырмын. Өзіңіз кеткеннен кейін мен сіздің қалаңызда бір түн қонып, келесі күні таңертең жолға шықтым. Ол кеш мен үшін аса көңілсіз болды. Өзімнің соншама жақсы көріп қалған және өзіме де ілтипатты болған адамдармен қоштасу маған өте ауыр болды... Аса мейірбанды Федор Михайлович... Сіздің бас июші құлыңыз Шоқан Уәлиханов» (Шоқан Уәлихановтың Ф.М. Достоевскийге жазған хаты) [76, б.129].

Сонымен, мәдениеттіліктің ең жоғары деңгейі, сөйлеушінің коммуникативтік міндеттер шешіміне қол жеткізуі, стильдік, этикалық, әдеби нормаларды қатаң ұстануы, үнемі сөйлеу мәдениетін жетілдіруіне және коммуникативтік жауапкершілікке талпыныс жасау – элитарлық тілдік тұлғаның өзі түзейтін дискурста көрініс табатын ең бір маңызды белгілері болып саналады [77, б.7]. Басқаша айтқанда, қазіргі (немесе сол кездегі) тілдік және сөйлеу нормалары жайындағы жүйелі және терең түсініктердің болуы; тілдік жүйе жұмсалудың принциптері мен сөйлеу практикасының үдерісінде мүмкін болатын шегіністер табиғатын жақсы түсіну; мәтінтүзушілік және мәтінді меңгеру, қабылдау заңдарын білу; коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларды меңгеру тілдік тұлғаға ерекше мәртебеге ие болуға мүмкіндік береді.

Осымен байланысты шынайы элитарлық мәдениеттің эталоны да элитарлық сөйлеу мәдениеті болып саналады (өкінішке орай, қазіргі таңда мұндай сөйлеу мәдениетінің көріністері жоқтың қасы десек те болады; алайда, қайта қалпына келу мүмкіндігін жоққа шығармауымыз қажет). Түйіндей келгенде, элитарлық сөйлеу мәдениеті келесі аспектілерде айқындалады: 1) авторлық дискурс пен мәтінтүзушіліктің, сонымен қатар өзгенің мәтіні мен дискурсының сапалы қабылдануын, түсінуін, талдау мен интерпретациясын қамтамасыз ететін, рецептивті-аналитикалық, репродукциялық-конструктивтік, өнімді-шығармашылық көрсеткіштеріндегі сөйлеу-ойлау қызметі техникасының еркін меңгерілуі; 2) шығармашылық қызмет барысында тілдік және этикалық нормаларға сәйкес «коммуникация субъектісі – мақсат – мазмұн – тілдесім ахуал-жағдайы» өлшемшаттарымен айқындалатын, ең алдымен коммуникативтік жағдаятты кең көлемде әрі ауқымды түрде танып білуге негізделетін сөйлеу мәдениеті принциптерінің үйлесімді түрде қатаң сақталуы.

Сондықтан да элитарлық сөйлеу мәдениетінің иесі ретіндегі кәсіби тілдік тұлға, ең алдымен интегралды құзыреттілік қалыптасуының ең жоғарғы деңгейіне сәйкес болуы қажет. Өз алдына, интегралды құзыреттілік дегеніміз – тілдік, мәтіндік және коммуникативтік кіші құзыреттіліктерден тұрады. Олар мәтіндерді қабылдау/меңгеру және мәтінтүзу барысында төмендегідей әмбебап тетіктер арқылы іске асырылады: диспозитивалды-бағдарлаушы, инвентивті-парадигматикалық, диспозитивті-синтагматикалық, элокутивті-экспрессивтік, редакциялық-рефлексивті, мнемониялық, акционалды, психориторикалық.

Осы тұрғыдан алғанда, егер де белгілі бір идеосөйлеу циклінің түріне қатысты мәтінтүзу барысында жетекші рөлді инвентивті-диспозитивті-элокутивтік тетіктер жүзеге асыратынын ескеретін болсақ, онда элитарлық тілдік тұлғаның өзін-өзі көрсету сипатын зерттеуде дәл осы идеосөйлеу циклінің бастапқы кезеңіне тән келетін элокутивтік-экспрессивтік, диспозитивті-синтагматикалық және инвентивті-парадигматикалық тетіктерге басты назар аударуымыз қажет деп санаймыз.

Жоғарыда атап өткеніміздей, ғалымдардың пайымдауынша, элитарлық сөйлеу мәдениеті үнемі біртекті бола бермейді, себебі тілдік тұлғаның тілдік

жүйемен өзара әрекеттестік сипатына орай элитарлық сөйлеу мәдениеті иесінің үш түрі ажыратылып көрсетіледі: 1) тілдік жүйені бүкіл оның талаптарының қатаң сақталуымен жүзеге асыратындар (мысалы радио, телевизия жүргізушілері, дикторлар, актерлер т.б.); 2) тілдік жүйені метатілдік элементтермен (ғалымдар, журналистер т.б.) және нақты тілдік бірліктер мен оларды қолдану ережелерімен байытушылар, толықтырушылар (жазушылар, ақындар); 3) алғашқы екі түрге қатысты сөйлеушілердің ерекшеліктерін біріктіріп білдіретіндер (тілші-ғалымдар) [75, б. 394-395]. Шоқан Уәлихановтың тілдік тұлғасы нақты тілші-ғалым болмаса да, қазақ ғылымының бастамашысы, әмбебап ғалым ретінде элитарлық сөйлеу мәдениетінің нағыз иесі болып табылады. Ол өзінің кәсіби сөйлеу тәжірибесінде екі негізгі үрдісті біріктіреді: қазақ тілінің нормаларын қатаң сақтайды және жалпы қазақ ғылымының метатілін алғаш қалыптастырушы және ғалым ретінде тілдік тұлғаның интегралды құзыреттілігінің жоғарғы деңгейін айқындайды.

Кез келген тілдік тұлға категориясын зерттеуге арналған еңбектерде бірқатар тірек ұстанымдар мен ғылыми ұғымдардың аса қажеттілігі сөз болады. Мәселен, тілдік тұлға категориясын жете зерттеген ғалым Ю.Н. Караулов енгізген ұғымдардың аса маңыздыларының бірі - «прецеденттік мәтін» ұғымы. Ю.Н. Караулов «прецеденттік мәтін» ұғымына төмендегідей анықтама береді: «1) танымдық және эмоционалды қатынастардағы маңызды мәтіндер; 2) тек қана белгілі бір тұлғаға ғана емес, сонымен қатар берілген тұлғаның маңындағы (соның ішінде замандастары мен оның алдында өмір сүрген адамдарға да) кең танымал тұлғалардан жоғары сипаттағы мәліметтер; 3) берілген тілдік тұлға дискурсында қайталанып отыратын тілдік бірліктерге назар аудару» [1, б.216].

Тілдік тұлғаға сипаттама жасауда прецеденттік мәтіннің маңызы аса зор, себебі прецеденттік мәтінді зерттеу арқылы ғана сөйлеп жатқан адамның қандай дәуірге және мәдениетке жатқызуға болатынын анықтауға мүмкіндік бар [1, б.216]. Ю.Н. Караулов прецеденттік мәтіндерді зерттеу жұмыстарын тілдік тұлғаны ұғынудың іргетасы ретінде қарастырады, себебі сол мәтіндерді іріктеу арқылы тілдік тұлға өзінің басымдықтарын, дүниетанымын, көзқарасын, өмірлік құндылықтар баспалдақтарын жария ете алады. Прецеденттік мәтіндердің қызмет етуінің бірнеше әдіс-тәсілдерін зерттеген Ю.Н. Караулов олардың ішінен қызығушылық тудыратыны ретінде «семиотикалық» қызметін ерекше қарастырады: мұнда прецеденттік мәтінге назар аудару ишара, сілтеме жасау, тағы басқа жолдармен белгі беру арқылы көрініс табады.

Прецеденттік мәтінді авторлық дискурсқа енгізетін тіл құралдары ретінде Ю.Н. Караулов тараудың аталуын, дәйексөзді, кейіпкердің және автордың есімдерін (тізімді әрі қарай жалғастыра беруге болады) алуды ұсынады. Дискурста прецеденттік мәтіндерді пайдалану типтері туралы айта бастағанда зерттеуші аталымдық типті ерекше атайды, мұнда тараудың аталуы немесе есімге жинақталған күйде сілтеме жасалып жатқан мәтіннің бүкіл мазмұны сыйыстырылады және адресант пен адресаттың кез келген мезетте ақпаратты толық көлемінде жайып салып таныстыра бастауына дайындығының көрсеткіші

ретінде сипат алады [1, б.225].

Прецеденттік мәтінді зерттеудің келесі тәсілін Ю.Н. Караулов «референттік» деп атайды. Бұл әдісті пайдаланғанда тілдік тұлға өзінен беделі жоғары тұлғаға назар аудару арқылы референттік топтың шекараларын кеңейтеді. Авторлық мәтінде қолданылатын дәйексөздің қызметі екіжақты: 1) формула сипатындағы дәйексөз өз тамырларынан алшақтап аса маңызды дәйексөздер тобына қосылуға жақын; 2) сөйлеп жатқанның дәлелдер келтіруін дәйексөз жеңілдетеді [1, б.230].

Жасырын дәйексөздерді, соның ішіндегі түрлендірілген, яғни, «сөйлеп жатқан берілген тілдік тұлға белгілі жағдайларға байланысты өзгерткен, дегенмен бірден танымал және қалпына жылдам келтіріле алатын дәйексөздерді жеке топқа біріктіреді» [78, б.23].

«Прецеденттік мәтіндер» терминін барлық авторлар пайдаланып жатқан жоқ, біреулері бұрынғы үйреншікті терминдерді қолдана бергенді жөн көреді. Мысалы, А.Е. Супрун «мәтіндік реминисценциялар» терминін қолдана беруді ұсынады, бірақ бұл терминнің Ю.Н. Караулов енгізген «прецеденттік мәтін» терминінен айырмашылығын анықтай алмады.

Мәтіндік реминисценцияларды пайдалану тетігі туралы пайымдауларында Л.Е. Супрун Ю.Н. Караулов тәрізді оларды мәтінге енгізудің төрт негізгі тәсілдерін сипаттайды [79, б.22]. Өз еңбегінде зерттеуші мәтіндік реминисценцияларды тілдің бірлігі ретінде талдай отырып, олар тілдік құрылымның түкпір жақтарында орналасып, жадының психологиялық феномендеріне жатқызылады деген қорытындыға келеді. Сонымен қатар, Л.Е. Супрун мәтіндік реминисценциялар және фразеологизмдердің қатынастарын зерттеудің күрделі мәселелерін қарастырады. Бір жағынан, біздің жадымызда берілген бірліктердің жақындығы және бір біріне кіріктендірілуі анық білінеді. Зерттеуші көптеген фразеологизмдер бастапқы қайнаркөздерімен байланыстары үзілуі себебінен реминисценциялардан туындайтынын алға тартады. Реминисценциялардың фразеологизмдерден басты айырмашылығы – олар сөздерді толығымен алмастыруға ұмтылмайды [79, б.26].

В.В. Красных вербалды және бейвербалды формаларда білінетін прецеденттік мәтін емес, прецеденттік феномендерді зерттеу қажеттілігін алға тартады. «Прецеденттік феномен» ұғымы ішінде зерттеуші «прецеденттік жағдаяттар», «прецеденттік мәтіндер», «прецеденттік есім» және «прецеденттік сөйлемдер» дефиницияларын енгізуді ұсынады. Зерттеушінің пікірінше, прецеденттік жағдай - белгілі коннотациялар жиынтығына байланысты қалыптасатын «эталондық», «идеалды» жағдай. Прецеденттік мәтін – сөйлеу және ойлау қызметінің аяғына дейін жетілдірілген өнім; полипредикативтік бірлік; құрамдас бөліктерінің мағыналар жиынтығы, оның өзіндік мағынасына тең келе бермейтін күрделі бірлік.

Осы ретте, «прецеденттік есім» дегеніміз - кең танымал прецеденттік мәтіндер қатарына жатқызылатын немесе прецеденттік жағдаймен байланыстырылатын дербес есім. Прецеденттік сөйлем – тұлғаның сөзінде бірнеше мәрте қайталанатын сөйлеу және ойлау қызметінің қайтадан келтірілетін нәтиже. Зерттеуші В.В.

Красных прецеденттік жағдаяттар мысалы ретінде «Ходынка» және «Дүрбелең кезең», прецеденттік мәтіндер - «Евгений Онегин» және «Соғыс пен бейбітшілік», прецеденттік есімдер – «Теркин», «Иван Сусанин», ал прецеденттік сөз тіркестері ретінде «Не істеу керек?», «Кім кінәлі?» және кейбір мақал-мәтелдерді қолдануды ұсынады [80, б. 47-48].

В.В. Красныхтың еңбегінде ұсынылған тағы бір жіктелім белгілі прецеденттік феномендерді қамту кеңдігі өлшенімге негізделіп жүзеге асырылады. Шынында, егер прецедентті феномендердің бір топтары барлығын қамтыса, басқалары тұлғалардың тар топтары үшін ғана қолданылып, басқа топтардан бөлініп ерекшеленіп тұрады. Сонымен, В.В. Красных адамдардың кішігірім топтарын сипаттайтын кәсіби, генерациялық, конфессионалды және т.б. белгілеріне байланысты ерекшеленетін әлеуметтік-прецеденттік феномендерге; белгілі бір ұлттың кез келген өкіліне түсінікті ұлттық-прецеденттік және әмбебап-прецеденттік феномендерге топтастыру үлгісін алға тартады [80, б. 50-51]. Сонымен қатар, автор берілген нақты тұлғаға ғана тән прецеденттік феномендерді (автопрецеденттерді) дербес топтарға жатқызбай, минималды әлеуметтік-прецеденттік феномендерге енгізуді жөн көреді.

Жоғарыда аталған нақтылауларды ескере отырып, В.В. Красных, Ю.Н. Караулов берген анықтамаға түзетулер енгізуді ұсынады [80, б.58]. Г.Г. Слышкин тілдік тұлғаға сипаттама жасағанда прецеденттік мәтіндерге талдау жасау барысында жоғары бағалау қажеттілігіне баса назар аударады. Оның ойы бойынша, тілдік тұлға сипаттамасындағы аса маңызды көрсеткіштер – қолданылатын прецеденттік сөз тіркестерінің жиілігі, коммуникативтік орындылығы, түсінікті болуы және белгілі жанрға жатқызылуы [81, б.197]. Ю.Н. Караулов берген анықтаманы негізге ала отырып, Г.Г. Слышкин прецеденттік мәтін ретінде қабылданған мәтінді зерттеуде төменде келтірілген жағдайларға назар аудару қажет деп есептейді:

- 1) адресанттың белгілі мәтінге реминисценция жасау қажеттілігін сезінуі;
- 2) адресаттың бастапқы мәтінмен таныс болуы;
- 3) адресантта адресаттың бастапқы мәтінмен таныс болуы туралы прагматикалық пресуппозицияның (ақпараттың) болуы.

Автордың пайымдауынша, бірінші шарт орындалмаған жағдайда сөйлеп жатқан адам прецеденттік мәтінге сілтеме жасаудың орнына абайсызда сөздік стереотиптерді қолдана бастайды. Екінші шарттың орындалмауына байланысты коммуникация жүзеге асырылмай қалады, себебі адресатты прецеденттік мәтінмен таныстыратын хабарлама бөлігі жойылып немесе өзгеріп кетеді. Үшінші шарт орындалмаса, сілтеме прецеденттік емес мәтінге жасалып, авторды қосымша сілтеме жасауға немесе адресатты қосымша сұрақтар қоюға мәжбүрлейді («бұл өзі қайдан шықты?» деген сияқты) [81, б.200].

Прецеденттік емес мәтіндер пайдаланудың ерекше мысалы ретінде плагиатты алуға болады. Берілген әлеумет үшін прецедентті болып саналатын мәтіндер қатарын мазақ (пародия) жасау мақсатында күлдіргі жанрындағы шығармаларда

пайдалануды да Г.Г. Слышкин мысал ретінде алады. Дискурста белгілі тілдік тұлғаларға тән прецедентті мәтіндердің тәжірибеде жүзеге асырылатынын зерттеген өте қызық. Көлемі жағынан шағындау болып келетін В.В. Прозоровтың ғылыми жұмысында қанатты сөздер мысалында, оларды көкейкесті ету механизмдері қарастырылады. Автор орыс тіліндегі қанатты сөздердің вербалды және бейвербалды құрамдас бөліктерінің қатар өмір сүруін сөз етеді. В.В. Прозоровтың зерттеулерінде адамдардың нақты коммуникациясында қанатты сөздер ойындық қанаттық жағдаяттармен алмастырылуы көрсетіледі. Мәтіндегі қанатты сөздердің қызметіне сипаттама жасау барысында автор шын мәнінде қанатты құрылмалар мәтін ішіндегі мәтін екенін, яғни, тұлғаның сөзінде «бөтен сөздер» ұшыраса беретіндігін баса айтады [82, б.77].

Прецеденттілік және «бөтен сөз» проблемаларының бір бірімен байланысты (интермәтінділік) екендігі сөзсіз. В.В. Красных берілген теорияларды салыстыра отырып, олардың арасындағы айырмашылықты мазмұнында емес, зерттеу объектілерін бір бірінен ажырата білуде деп ұғынады: интермәтінділік теориясы негізінен көркем мәтіндерді зерттейді (Р. Барт, А.А. Жолковский, О.Г. Ревзина және т.б.). Интермәтінділік теориясы бірінші кезекте тікелей коммуникация үдерісінде туындаған мәтіндерді қарастырады. «Бөтен тіл» проблемасы алғашқы рет М.М. Бахтиннің еңбектерінде зерттеле бастағанын байқауға болады. Мысалы, «Марксизм және тіл философиясы» атты еңбегінде «бөтен тіл» ұғымына төменгідей анықтама беріледі: «тіл ішіндегі тіл, сөз ішіндегі сөз», бірақ сонымен қатар бұл «тіл туралы тіл, сөз туралы сөз», [83, б.125].

Ғалым алғашқы рет «авторлық» және «бөтен» тілдің динамикалық арақатынасы мәселесін зерттей бастады. Зерттеу барысында М.М. Бахтин «авторлық» және «бөтен» тілдің арасындағы қатынастарда екі үрдіс байқалатындығын алға тартады: біріншісі - «бөтен» тілдің тұтастығын және түпнұсқалылығын сақтап қалуға ұмтылыс. Беріліс шаблондары «бөтен» тілді анықтап бөліп, «авторлық» интонациялардан қорғап қалу қызметін атқарады. Бұл үрдісті М.М. Бахтин «желілік стиль» деп атайды. Екінші тенденцияны («кескіндеме стиль») ғалым авторлық контекстінің бөтен тілдің автономиясын бұзуға, оның шекараларын жоюға ұмтылыс деп түсіндіреді. [83, б.131].

М.М. Бахтиннің іліміне талдау жасау барысында Г.Е. Крейдлинг алғаш рет «интермәтінділік» терминін қолданды, кейінгі жылдары бұл термин ғылыми жұмыстардан көркем шығармашылық тәжірибесіне көшірілді [84]. И.П. Ильин «интермәтінділік» терминіне талдау жасай отырып, бұл термин қаншама түрлендірілулерден өтіп жатса да мағынасы еш өзгермегендігін алға тартады: кез келген мәтін одан бұрын пайда болған мәтіндерге жауап беру түрінде туындайды [85, б.195]. Жетілдірілген түрде бұл анықтама Р. Барттың жұмыстарында да ұшырасады. Оның ойы бойынша, кез келген мәтін - «Автор-Құдайдың» хабарламасы емес, сансыз көп дәйексөздердің бір біріне қақтығыстары мен пікірталастары және олардың ешқайсысы бастапқы болып қабылданбайды [86, б.388].

Ю.М. Лотманның зерттеулерінде де «интермәтінділік» проблемасына ерекше назар аударылады. В.В. Красныхтың жоғарыда аталған монографиясында келтірілгендей, Ю.М. Лотманның ұғымы бойынша мәдениет дегеніміз - мәтіндер жиынтығы болғандықтан «интермәтінділік» ұғымын «мәтіндегі мәтіндердің» иерархиясы деп қабылдау керек [79, б.130]. Б.А. Успенскийдің «Композиция поэтикасы» деп аталатын еңбегінде «бөтен сөз» идеясын зерттеу өз жалғасын тапты. Мұнда автор өнер туындыларының, оның ішінде бірінші кезекте көркем әдебиет шығармаларының құрылуын әңгіме қандай көзқарас проблемасымен байланыста болады, соған қарай қарастыруды ұсынады. Б.А. Успенский өнер туындыларында адамдардың дүниеге көзқарастары анық білінетін салаларға сараптама жасайды. Ол идеология жоспарын, фразеология жоспарын, кеңістіктік-уақыттық сипаттама жоспарын, психология жоспарларын қарастырады. Бізді бірінші кезекте көзқарастар нүктелері «авторлық» және «бөтен» тілдердің қатынастары жүзеге асырылатын фразеология жоспары қызықтырады [87, б.49].

М.М. Бахтин тәрізді Б.А. Успенский де мәтіндегі «авторлық» және «бөтен» тілдердің өзара қатынастары мүмкіндіктерін толығымен зерттеп, негізгі екі үрдісті анықтады: 1) авторлық мәтін бөтен тілдің әсерімен түрлендіріле береді; 2) өз кезегінде авторлық мәтін бөтен тілге әсер ете алады. Б.А. Успенский бұл үрдістердің көрінуінің көптеген нұсқаларын суреттейді. Зерттеуші негізінен көркем әдебиет мәтіндерін зерттегенімен анықталған заңдылықтарды кез келген мәтінге қолдана беруге болатындығын алға тартады [87, б.33]. Автордың эпистолярлық стильге байланысты айтқан ескертулерін де назардан тыс қалдырмаған жөн. Зерттеуде негізінен есімдер проблемасы және хаттардың бас жағын жазу, аяқтау мәселелері қарастырылады.

Ю.Н. Карауловтың зерттеулерінде анықтама беріліп, басқа жұмыстарда одан әрі жетілдіріліп, нақтыланған прецеденттік мәтін ұғымы ұсынылып отырған жұмыста аса маңызды ұғымдардың бірі болып саналады. Ю.М. Лотманның ғылыми шығармашылығын зерттеу процесі көкейкесті мәселелердің бірі болғандықтан прецеденттік мәтін және «бөтен тіл» ұғымдарының тығыз байланысын анықтау қажет. Ғалым үшін «бөтен тіл» ұғымы қашанда көзқарастар проблемасымен байланыстырылады. Сондықтан бізді дискурстағы прецеденттіліктің алуан түрлі көріністері, соның ішінде прецеденттік сөздердің трансформациялары қызықтырады.

2.2 Қазіргі тіл біліміндегі тілдік тұлға категориясының жіктеліміндегі ғалымның тілдік тұлғасының орны

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде тілдік тұлғаға қатысты түрлі жіктелімдер бар екені белгілі. Мәселен, зерттеуші Е.В. Иванцова өзінің «Лингвотұлғатаным: тілдік тұлға теориясының негіздері» атты кітабында тілдік тұлғаның көптеген түрлі типологияларын атап көрсетеді [88, б.72-93]. Автор аталған еңбегінде биологиялық және психофизиологиялық ерекшеліктері, әлеуметтік сипаттамалары, ой-пайымдау мен көзқарастары, гендерлік сипаттамалары, жас

ерекшеліктері, тұрғылықты жері, шығармашылық бастаманың деңгейі, сөз мәдениетінің типі, сөйлеу коммуникациясының ерекшеліктері т.б. бойынша ғылыми әдебиеттерде түрлі өлшемшерттар негізінде келтірілген тілдік тұлғалардың типтерін біріктіріп береді.

Ғалым Н.Д. Голев және оның ғылыми мектебі өкілдерінің жұмыстарында тілдік тұлғалардың түрлері «тілдік жүйенің түрлі деңгейлерін меңгеруіне сәйкес» жіктеледі: «орфографиялық», «пунктуациялық», «морфологиялық» [89]. Ал, психология, психолингвистика және лингвотұлғатанымда тілдік тұлғалар психологиялық ерекшеліктері бойынша зерттеледі (мысалы, экстраверттер мен интроверттер) [90,91]. Белгілі ғалым В.И. Карасик әлеуметтік-мәдени лингвистикада тілдік тұлғаның төмендегідей түрлерін ажыратып көрсетеді: «Братан», «Жаңа орыс», «Тележүргізуші» [10, б.12-13].

Сонымен қатар тілдік тұлғалардың белгілі бір сөйлеу мәдениетіне қатыстылығы тұрғысынан да этномәдени түрлері бар: креативті және маргиналды типтері; сөйлеу мәдениетінің элитарлық, әдеби-ауызекі типтеріне жататын тіл иелері т.б. Сондай-ақ, тілдік тұлға түрлерінің ішінен рок-мәдениетінің өкілдері арасынан синтетикалық тілдік тұлғаны ажыратып көрсетуші зерттеушілер де бар [92]; «тілдік тұлғаның ең жоғарғы деңгейі» ретінде саналатын риторикалық тілдік тұлға түрі [93, б.30]. Дегенмен, белгілі ғалым В.А. Маслованың пікірінше, «ең жақсы қарастырылып зерттелгендері тілдік тұлғаның психологиялық және әлеуметтік классификациялар болып саналады» [94, б.75].

Тілдік тұлға түрлерінің ішінде, оның коммуникациясы, нақтырақ айтқанда медиакоммуникация тұрғысынан қарастырылатын типтері ерекше назар аудартады: коммуникативтік тұлға – «нақты коммуникативтік актіге қатысушы тұлға» [95, б.17]; «тілдесім аспектісінде қарастырылған тілдік тұлға» [96, б.75]. Аталған тілдік тұлғаны «мәдени-тілдік және коммуникативтік-қызметтік құндылықтар, білімдер, ұстанымдар мен мінез-құлық әсерлер иесінің жалпы бейнесі» деп те анықтайды [10, б.22].

Осымен байланысты, ғылыми әдебиеттерде дискурсивті тілдік тұлға ұғымы да орын алады: «белгілі бір дискурстың пайда болуын жүзеге асыратын тілдік тұлға» [97]. Тілдік тұлғаның аталмыш түрін саралай келе, зерттеуші Е.И. Шейгал: «Егер жалпы тілдік тұлғаның негізгі белгісі өзінің тілдік жүйесі туралы білімді меңгеруі болса, дискурсивті тұлға, ең алдымен, мақсаттары, құндылықтары, коммуникативтік мәртебесі, атқаратын әлеуметтік және психологиялық рөлі, таңдап алған тілдесім стратегиясы бойынша сипатталады. Осыдан бір адамға қатысты дискурсивті тұлғалардың көптігі туындайды» [97, б.128].

Тілдік тұлға түрлерінің ерекше жіктелімін ғалым Л.Г. Ким ұсынады. Тіл зерттеушісі интерпретациялаушы тілдік тұлғалар түрлерін ажыратып көрсетеді: «сөйлеу туындысының мән-мағынасына бағытталып, интерпретацияланған мәтін түрінде көрініс табатын рецептивті-интерпретациялық қызметті жүзеге асыратын тілдік тұлға» [98, б.70-71]. Автор интерпретациялық стратегияларды «коммуникативтік нәтижеге бағытталған интерпретациялатын мәтіннің мән-

маңызын құрылымдап түсіну, ұғыну үдерісінде қолданылатын менталды-сөйлеу әрекеттерінің кешені», - деп түсінеді [98, б.71]. Ғалымның ұсынған интерпретатор тілдік тұлғалардың түрлері төмендегідей:

- холистикалық және элементаристік;
- рационалды-логикалық және интуитивті-сезімдік;
- семантикалық және прагматикалық;
- сенім білдіретін, сенуші және сенбейтін;
- басқалардан ерекшеленбейтін және креативті;
- ойнақы мінезді және салмақты [98, б.76].

Аталмыш тілдік тұлға түрлері, әрине жете ғылыми талдауды қажет ететін құбылыстар қатарына жатады. Бірақ адресаттың интерпретациялық қызметінің басқа да өлшемшарттары тұрғысынан толықтырылып, қарастырылғаны жөн деп есептейміз.

Қазіргі таңда медиадискурс ұғымы аса өзекті зерттеу құбылысқа айналғаны сөзсіз. Осыған орай, ғалым И.П. Исаева виртуалды тілдік тұлға ұғымына ерекше назар аудартады: «виртуалды тілдесім жағдаятындағы нақты тілдік тұлға» [99]. О.В. Лутовинова виртуалды тілдік тұлғаны коммуниканттың шартты бейнесі деп анықтайды: «Виртуалды тілдік тұлға адресат пен адресанттың өзгеше бір түріне айналды. Оны нақты өмірде бар тұлға түріне де, ойдан шығарылған түріне де жатқызу қиын. Себебі, виртуалды дискурста өз атынан қызмет ететін және өмірде жоқ бейнені сомдаушы тұлға арасындағы айырмашылықты анықтау мүмкін емес» [100, б.6]. Ғалымның пікірінше, виртуалды тілдік тұлғаның ерекшеліктері мынадай:

- уақыт пен кеңістікке қатысты көзқарастың ауысып тұруы;
- клиптік сананың болуы;
- виртуалды қызметпен шектен тыс көп айналасуы [100, б.3].

О.В. Лутовинованың айтуынша, виртуалды тілдік тұлға келесі жанрларға басымдылық береді. Олар: «электронды хат, чат, жылдам жіберілетін хабарламалар, күнделік түріндегі блог немесе комментарий жазуға болатын жаңалықтар лентасы, қонақтар кітапшасы, қолданушалары аса көп рөлдік онлайн ойын және СМС». Ал, виртуалды тілдік тұлғалар тән келетін «дискурс секілді жанрларға» автор мыналарды жатқызады: «флейм, тордағы флирт, виртуалды роман, флуд, жолдама, креатифф және спам» [100, б.7].

Жоғарыда келтірілген типологияға сәйкес басқа да ерекшеліктерге назар аударатын болсақ, онда бұл ретте ақпараттық-медиялық тұлғаның – бақылаушы түрінің жан жақты көріністеріне талдау жүргізілуде. Өйткені, автордың виртуалды тілдік тұлғаға қатысты келтірген мына белгілеріне мән беру қажет: «Виртуалды тілдік тұлғаның сөз сөйлеуі жалпы сөйлеудің «ауызша-жазбаша» түрінің жаңаша типін айқындайды. Оның басты ерекшеліктері: терминдердің қолданысы, нормативтіліктің төмендеуі, компьютерлік жаргон, желілік сленг пен анайы сөздердің көп қолданылуы, лексика мен синтаксистік құрылымдар деңгейіндегі жоғары эмоционалдылық, қысқартулар мен аббревиатуралардың, акронимдердің

қолданысы, орфографияны елемеушілік» [100, б.7]. Тілдік тұлғаның аталған түрі «өзінің туынды мәтіндерін түрлі иконикалық элементтермен белсенді толықтырып отырады: аватарлар, смайликтер, көрнекілер, түрлі қаріптер, сондай-ақ аудио және бейнеэлементтер» [100, б.8].

Жаңа тілдік тұлға ретінде «блог-дискурс субъектісі» де келтіріледі [101]. Біздің пайымдауымызша, блогер де ақпараттық-медиялық тілдік тұлғаға жатады. Автордың көрсетуі бойынша: «Виртуалды және нақты тілдік тұлғаның өзара әсер етуіне орай, тілдік тұлғаның жаңа түрі «блог-дискурс субъектісі» қалыптасады» [101, б. 18]. Автор тарапынан жүргізілген фреймдік талдау «бірнеше слоттар топтарын айқындауға мүмкіндік берген: танылмағандық пен жалғыздық, өз қабілеттері мен таланттарын дәріптеу, өзін-өзі көрсету, блогосферада өзінің виртуалды әлемін нақты әлемге қарсы қою, коммуникациядағы серіктестерін манипуляциялау, блогосферадағы тілдесім барысындағы тандаушылық, сенімсіздік таныту т.б.» [101, б. 19].

Ғалым Т.А. Чеботникова «персонификациялау мен персонализациялау» модельдері негізінде тұлғаның ерекше түрлерін ұсынады. Олар, ең алдымен көркем мәтіндердің кейіпкерлеріне қатысты тілдік тұлғалар болып келеді [102, б.21]:

- персонификациялаушы тұлға өзінің шын мәнінде қандай екенін көрсетеді;
- персонализациялаушы тұлға вербалды және бейвербалды құралдар арқылы өз бейнесін әдейі және мақсатты түрде құрастырады [102, б.21].

Сөйлеу және мінез-құлық әрекеттерге байланысты автор коррекция, трансформация, имитацияны атап көрсетеді. Аталған талдау әдіснамасы, біздің ойымызша блогер, бақылаушы және саясаткерлер секілді ақпараттық-медиялық тілдік тұлғаларды зерттеуде аса өзекті болып саналады.

Қазіргі ғылыми әдебиеттердегі тілдік тұлғаға қатысты түрлі жіктелімдердің көптігіне қарамастан, біздің зерттеуіміз үшін ең қолайлы деп ғалым В.П. Нерознак ұсынған тәсілді атап өткен жөн:

- идиолекті немесе жеке адамның тілдік тұлғалары (стандартты / стандартты емес және оның түрлері: төмен сөйлеу мәдениетінің тиелері, архаистер, жаңашылдар);
- аталған тілдің барлық сөйлеушілерінің орташа көрінісін көрсететін полилектикалық немесе көп адамдық тілдік тұлғалар.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес А.В. Пузыревтің тілдік тұлғаға қатысты мына көзқарасы да маңызды:

- ақыл – ойлы тілдік тұлға (дәлірек – ойлаушы тілдік тұлға);
- тілдік тұлға (дәлірек айтсақ – белгілі бір тілді меңгерген тұлға);
- сөйлеу тұлғасы (сөйлейтін);
- коммуникативтік тұлға [103, б.25].

Аталған аспектілер, біз қарастырып отырған тілдік тұлғаның үш деңгейі, атап айтқанда когнитивтік, коммуникативтік, мәдени-сөйлеу көпқырлы екенін айқындап толықтырады.

Қазіргі ғылыми парадигма өзінің антропоэлекті бағытымен ерекшеленіп, жеке тұлғаға деген танымдық қызығушылықтың артуымен сипатталса, тіл білімі саласы, жоғарыда көрсеткініміздей, нақты тіл иесіне қатысты зерттеулер жүргізу сұранысының күрт өсуін айқындайды. Тілдік тұлға концепциясын әзірлеген, оның құрылымы мен зерттеу аспектілерін қарастырған ғалымдар қатарына В.В. Виноградов, Г.И. Богин, Ю.Н. Карауловты т.б. жатқызамыз.

Қазіргі таңда тілдік тұлғаны зерттеу негізіне Ю.Н. Карауловтың деңгейлік үлгісі алынатыны баршамызға белгілі. Ол, өз алдына үш деңгейден құралады: вербалды-семантикалық (құрылымдық-семантикалық немесе лексикон деп те аталады); лингвотанымдық немесе тезаурустық; уәждемелік немесе прагматикон. Вербалды-семантикалық деңгей лингвистикалық қабілеттер арқылы айқындалады: лексикалық бірліктер және оларды қолдану ережелерін құрайтын білімдер қоры.

Уәждемелік деңгей тілдік бірліктерді пайдалануда, олардың таралу саласына сәйкес жүзеге асырылады. Сондай-ақ, сөйлеу жанрлары туралы білімдерді, ақпарат түрі мен оны вербалдайтын тәсіл арасындағы бара-бар сәйкестігін таба білу дағдыларын, бірқатар этикеттік ережелер меңгерілуін талап етеді. Тезаурустық деңгей когнитивтік қабілеттердің көрінісінде орын алады. Мұндай қабілеттердің бірі – мәдениет категорияларында тілдік бірліктер мен мәтіндерді интерпретациялауға мүмкіндік беретін, білімдер жүйесінен тұратын мәдени-тілдік (лингвомәдени) категория болып саналады.

Бастапқыда тілдік тұлға категориясына талдау мен сипаттау жүргізу көркем проза материалы негізінде және зерттеу субъектісіне шығарма кейіпкері, сонымен қатар автор жеке тұлғасының бейнесі де алынғаны баршамызға белгілі. Алайда, қазіргі таңда тілдік тұлғаны зерттеуге арналған мынадай еңбектер пайда бола бастады: С.В. Рактина «Ғалым тілдік тұлғасының шығармашылық диапазоны (В.И. Вернадский еңбектері негізінде)», Н.В. Сивцова, О.Л. Арискина «М.М. Бахтин дәрістерінде білімді айқындайтын тілдік амал-тәсілдер», Л.Н. Кузнецова «В.В. Виноградов ғалым-филологтың кәсіби тілдік тұлғасы ретінде: лингвориторикалық аспект» т.б.

Біз қарастыратын мәтіндер ғылыми, ғылыми көпшілік стильдерге жатады. Дегенмен, кейбір тілдік қолданыстар публицистика мен ауызекі сөйлеу стильдеріне де тән келеді. Оларға бірнеше тілдік бейнелілік тәсілдерін де жатқызуға болады: метафора, теңеулер, риторикалық сұраулар, риторикалық леп, парцелляциялар т.б. Автордың тілдік құралдарды таңдап алуын вербалды-семантикалық деңгейде талдау барысында, біз стандартты ғылыми мәтін шеңберінен тыс болатын ерекшеліктерге басты назар аударымыз.

Графикалық ерекшеліктер: Ш.Ш. Уәлиханов суреттері мен сызбалары (Айғаным мекенінің жоспары. Ш.Ш. Уәлиханов суреті. 1853 ж.; Сырымбет ауылында шенеунікті қарсы алу. Ш.Ш. Уәлихановтың суреті. Қауырсын. 1854 ж.; ХҮІІІ ғ.қазақ даласының картасы. Қауырсын. 1850ж. Ш.Ш. Уәлихановтың суреті; Ыстықкөлдің солтүстік жағасындағы балбал тастар Ш.Ш. Уәлихановтың қарындашпен салған суреті. 1856 ж. т.б.).

Стилистикалық деңгейде ғылыми стильге тән келе бермейтін автордың өзіндік модельдерін байқауға болады: «Жолда жылқылардың үйірі мен қойдың отары кездесті, алыстан **қазақ үйлер қылаңдады**»; «Төменде **шулап, көбіктеніп, толқындатып Шарын ағып жатыр**» ; «Біз тоқтап тұрып **қырғыз әйелдің элегиясын** (жоқтау) тыңдадық. Сөздерін анық ажырата алмадық, тек «**ох!**», «**қоқи**» деген дауысы айқын естіліп тұрды» [45, б. 271] т.б.

Ш.Ш. Уәлиханов мәтіндерінің лексикалық деңгейі терминдер қолданысының кең ауқымымен ерекшеленеді. Бұл заңды құбылыс. Өйткені, ғалым мәтіндерінің басым көпшілігін ғылыми стильге жатқызамыз. Әрине, очерк жанрындағы да еңбектері де аз емес. Бірақ, ғалымның мәтіндері арнайы дайындығы жоқ адамдарға да ұғынықты, тілі жеңіл, себебі арнаулы лексика мән-мағынасына метафоралар, нақты мысалдар мен сипаттамалы анықтамалар арқылы түсініктеме беріліп отырады: «**Торайғыр** – торы түсті айғыр деген сөз. Қырғыздардың аңызы бойынша, олар осы арадан қалмақ жоңғарларды қуған кезде, осы таудан торы айғыр тауыпты»; «Ырғай, аршагүл, арша және өзге тау бұталары көп болды. Мен мұнда бірінші рет қазақтар **рауағаш** немесе **рауғаш** деп атайтын қымыздықтың ерекше түрін кездестірдім. Бұл өсімдіктің кеуек діңіне дәмі жағымды қышқыл шырын тұнады. Оның жапырақтары кәдімгі қымыздықтың жапырақтары тәрізді, бірақ тым үлкен. Дәмі анарға ұқсайды»; «Бұл шөпті қырғыздар **шытыр** деп атайды. Бұл шөптің екі түрі бар: біреуі бұтақтары ұзын, қиғашталған, сары түсті; екіншісі – ақ түсті, басы үлкен, бұтақтары түзу, цилиндр тәріздес, бірақ қойдың мүйізі сияқты ирек және жапырақтары тілімделген. Бұл екі түрі де мал жеуге таптырмайтын шөп, төрт түлік одан жақсы семіреді, әсіресе қой» т.б.

Мәтіндерде тек жергілікті ауызекі сөйлеу ерекшеліктерін айқын көрсету мақсатында өзге біреудің қолданысы тырнақшаға алынып отырады: «Алғашқыда ыңғайсыздықты жеңгеннен кейін оның мені балағаттай бастағаны, тіпті ұят сөздермен балағаттағаны қызық болды... «Тас жұтқыр», «көзің қылилаңғыр», «басыңа бәле жаусын» деген соң ол мені «маңқа қазақ» деп тіледі. Бір жағынан, өкінішті болды, екіншіден, қуандым, себебі әп сәтте балағат сөздер қорын жинап алдым, бірақ сол жаман сөздерді тамаша қара қырғыз сұлуы айтқаны ұят болды. Осыншама «қошамет» сөз естігеннен кейін ары қарай қалудың мәні болмағаны айтпаса да түсінікті». Дегенмен, ғалым мәтіндерінің тілі түсінуге оңай, жеңіл, ұғынықты етіліп жазылғанына қарамастан, тым қарапайым тұрмыстық сөздерді кездестіре бермейміз. Бұл ғылыми стиль талаптарымен ғана емес, сонымен бірге автор жеке тұлғасының ерекшеліктерімен де түсініледі: ғалым – кітаби лексика, кітаби сөздер қолданыс ережелерін терең меңгерген, ой-өрісі кең білімді адам.

Мәтіндердің синтаксистік құрамы әр түрлі болып келеді: жай сөйлемдер де, күрделі сөйлемдер де қолданылады. Әсіресе, ауызекі сөйлеу және көркем стильдеріне тән келетін толымсыз сөйлемдер құрылымдары ерекше назар аудартады: «Боранбай үйін көрсетуге келісіп, дайындыққа біраз уақыт бер деп сұрады. Аяғында бізді шақырды. Таудың етегіне үлкен сақтықпен түсіп, Боранбай ордасына жеттім»; «Жануарлардан далада үйірімен қарақұйрық, ақбөкен,

құландар жүреді. Қасқырлар көп...Тезектің үйінде 5 күн болдым. Мен кеткенше ауылда үш бәйге, бір той болды» [45, б.302]; «... шілде күні кешке шықтым. Арасында түнедік. Бұл күні бізге Жетісуда атағы шыққан батыр әрі барымташы Тінеке келді» т.б.

Ш. Уәлихановтың мәтін түзуінің басты ерекшелігі – қыстырма сөздерді кеңінен пайдалану арқылы белгілі бір құбылыс, зат т.б. жайындағы қажетті мәліметтерді мәтінге енгізумен қатар, бұл хабарлама бағалауыштық реңк беріп отырады: «Ауыл шулап кетті. Әйелдер бір үйден екіншісіне жүгіріп, біреудің атын атап шақырды, шамасы биді болса керек. - Олар менің қойымды алып кетті, - деді бір ащы дауысты әйел, шамасы, өзі солай болжаса керек, - менің кезегім емес қой, - деп шыңғырды ол»; «Әке шешесінің үйінде жалғыз қыз болған, демек, әкесінің еркесі, дегенінің бәрі болған»; «Екі күннен кейін мен күткен джентельмен келді: өз жаңалығына өте қуанышты: біріншіден азғантай дәрі пайдаланып, жартасты сәтті жарған және жабынқыш үшін жақсы балшық тауыпты» т.б.

Әдетте, ғылыми стильге қойылатын басты талаптардың бірі – тілдік құралдардың қатаң іріктеліп қолданылуы. Олардың басты міндеті – ғылыми ақпаратты, ғылыми мәліметтер мен жетістіктерді түсіндіру, үгіттеу т.б. Ғылыми стильдің өзіндік белгілерін объективтілік пен эмоциясыздық (эмоционалды-экспрессивтік реңктің жоқтығы) құрайды. Егер де, бірінші белгі ешбір күмән келтірмейтін болса, Ш. Уәлиханов мәтіндерін эмоционалды емес деп қорытынды жасауға болмайды. Себебі, түрлі мақсаттарды жүзеге асыру үшін пайдаланылған көптеген троптар қолданысын кездестіруге болады. Олар: терминдер қабылдануын жақсарту мақсаты, оқырманға эмоционалдық әсер ету үшін, зерттеу нысанын жете сипаттау үшін т.б.

Бұл мақсаттар бейнеліліктің синтаксистік құралдары арқылы да жүзеге асырылады. Алайда, бұлардың қолданысы троптарға қарағанда әлде қайда сирек кездеседі. Ең жиі қолданылатын стилистикалық амал – теңеу, салыстыру: «Бұл таулардың шыңынан төңіректің келбеті айнадай көрінеді»; «Көштің түрінен ақ көрініп тұрғандай, олар арғындардан анағұрлым кедей»; «Қызғылт күмістей жарқырап жатқан көл аспанмен таулы шыңдардың алыс бедерімен түстесіп тұр»; «Қазақтардың түсінігінде әйел сұлулығы дегеніміз денесінің толықтығы, бетінің толған айдай дөңгеленіп, екі бетінің ұшы қызарып тұру керек, оны ақындар қарға тамған қанға теңейді»; «Дулаттар мен шапыраштылар қырғыздар сияқты бізді көрген бетте тауға қашты, шамасы, казактар оларға кезінде жақсы сабақ берсе керек»; «Олардың үстіне киетін шапандары еркектердікі сияқты»; «Бетке опа жағу сияқты косметикалық бояулар да үлкен қолданысқа ие екен»; «Кейбір төртбұрышты пішінді тастар баған секілді жерден шошайып тұр»; «Бұл өзен өз бастауын Түп секілді Сырт тауынан алады, алайда ол Сырт тауының оң жақ баурайынан басталады» т.б.

Когнитивтік деңгей бірліктерінің мазмұны «идеологиялық бағыттағы ғалам үлгісін құрылымдайтын, яғни тілдік тұлға құндылықтарының иерархиясын айқындайтын концептілер арасындағы қатынастар» [1, б. 9] арқылы анықталады.

Метафоралану ғаламның шығармашылық концептуалдануының тәсілі ретінде қолданылады: «Біршама жетіліп өскен тобылғы мен қараған көп болды, бірақ жаңа жапырақ жайып келеді»; «Арқаттың қырлы жоталары көгілдір сілемденіп алыстан менмұндалап, көңілсіз әрі тірі жан жоқ жолды сәл де болса әрлендіреді»; «Дала тұтасымен жасыл желектің ашық түсті кілеміне ораныпты» т.б.

Әрине, мұндай мәтіндер аясында, ең алдымен ғылым, ғылыми шығармашылық концептілері жүзеге асырылады: «Оның көк шөп пен шалғынға толған солтүстік жағалауы орыстар мен олардың бекеттері болмаған кезде, қазақтардың үнемі көшіп-қонып жүретін қонысы болғаны анық. Қазақтар казактармен көрші болудан қорқады. Бұл әлденеге негізделген бе, жоқ па белгісіз, бірақ сақтық мақтауға тұрарлық қасиет»; «Ол Манас поэмасын біледі екен. Поэманың тілі, ауызекі тілге қарағанда, түсінуге әлдеқайда жеңіл. Поэма қаһарманы Манас - ноғайдан әйел жинаудың қайтпас қайсар батыры. Оның барлық өмірі соғыс пен сұлуларды іздеуден тұрады. Тек оның мінезі шығысқа тән емес - ол өзінің әкесін жиі балағаттайды, малын қуып әкетеді, онымен дөрекі сөйлеседі. Бұл жағы түсініксіз. Барлық көшпенді халықтар қарттықты құрметтейді, ақсақалдар ерекше сый құрметке ие»; «Олардың арасында дұға оқып, жаңбыр шақыратын сиқыршылар бар, оларды «жайшы» деп атайды. Бұл сенім көне түркілік, шығыстық тарихшылар жаңбыр жауғызатын жуд тас* туралы айтады, ол қасиет түркілердің атасы Яфеске оның ұрпақтарына деген ерекше ықыласын білдіру үшін құдай берген дейді» т.б.

III. Уәлихановты ғылыми ізденістер ғана емес, сондай-ақ түрлі-түрлі кең ауқымды зерттеушілік қызығушылықтар толғандырған: психология, медицина, поэзия, тіл, көркемсурет, география, тарих, картография, топография, әлеуметтік-қоғамдық мәселелер т.б. Ғылыми шығармашылыққа да шабыт, қызығушылық пен құмарлық тән келетін қасиеттер. Ізденіс үдерісі азап пен мұңға толы келеді. Алайда, ғалым осымен өмір сүреді.

Тілдік тұлғаның уәждемелік деңгейі, оның дамуына ықпал ететін уәждер мен мақсаттар сипаттамаларынан тұрады. Мәтін авторының коммуникативтік жағдаяты ғылыми ақпаратты түсіндіру, теориялық білімдерді беру, жеткізу, практикалық тәжірибемен бөлісу қажеттілігімен айқындалады. Келесі коммуникативтік қажеттіліктердің жүзеге асуы жоғарыда айтылғандармен сипатталады:

1 Қарым-қатынас орнату қажеттілігі: «Бұл атау біздің сапарнамада жиі кездесетін болар, сондықтан біраз шегініс жасасақ, кешірім өтінеміз»; «Сапарымыздың желісін ары қарай тарқатайық»; «Айтпақшы, Қарқара өзенінің атауы туралы тағы бір аңыз»; «Ноғайлар туралы әңгімеміз жетіп қалар»; «Осыған сүйеніп мен даланың оңтүстік шығысында жатқан үйінділерді көшпенді халық моласы деп санаймын. Бірақ бұл жерде ол туралы айтпаймыз» т.б.

2 Ақпараттық. Мәтін авторының басты міндеті – ақпараттық қажеттілікті жүзеге асыру. Сондықтан да прагматикалық деңгейдің негізгі бөліктерін микротақырыптар мен деректік ақпараттар құрайды: «Шелектің жоғарғы ағысы

қазақтардың үнемі қыстайтын мекені, ерте кездерде Қарабұлақтан Үшбайсорынға дейін сарыбағыштар мекендеген, қазір онда албандық қызылбөрік руы қоныстанады»; «Бақалы - бақаның көп жері деген мағына береді. Сарыбағаш руынан шыққан бір қырғыз мені манап Үмбетәлі сол жерде қыстағанда, бір бастауда қыс бойы бақалар бақылдаған деп сендірді. Оның айтуынша, бақалардың терісі аппақ, ал үлкендігі жұдырықтай болыпты. Қазақтар да осылай дейді»; «Қаратұрықтан Шелекке қарай жүретін жолда сол жақта сулы сай бар, ол бір батырдың моласы бойынша - Қорам деп аталады» т.б.

Талдауға алынған мәтінде прецеденттік мәтіндер мен есімдер, өзге пікірлер мен халық аңыз-әңгімелері өте көп кездеседі. Бұл автордың асқан білімдарлығы мен құзыреттілігін көрсетеді: «Қазақтардың аңызы бойынша, мұнда қалмақтардың бекінісі болған және **Абылай хан** оны қиратып, Шелек алқабын жаудан тазартқан»; «Қырғыздар Санташ қорғанын **қазақ ханы Есім** қалмақ-жоңғарларды жеңуіне орай салдырған деп санайды. Бұл дұрысырақ болуы тиіс. Шынында да **Есім** сол жерлерде жоңғар қонтайшыларымен соғысып, жеңіске жеткен»; «Таңқаларлығы, ноғайлар ортазиялық көшпенділердің барлық поэмаларында кездеседі. «Ташкенттік» ноғайлар Манаста аталады. **Жәнібек, Асан Қайғы** мұнда да танымал. Қаншама қайғы әкелетін [ала] тай қазақтарды да толғандырады»; «Бай, дәулетті адамдар **Түркістаннан** арнайы шеберлерді шақырып, оларға ескерткіш үшін қымбат төлейтін болған» т.б.

3 Әсер етуші қажеттілік. Ш. Уәлиханов стиліне бағалауыштық лексикамен қатар, эмоционалды-экспрессивтік тілдік компоненттер де тән келеді: «Қырғыздардың моласы қазақтардікі сияқты жақсы емес. Кішкентай үйінді, тастары шағын, жерге қадалған әшейін таяқ ол жердің адамның соңғы мекені екенін көрсетіп тұрады»; «...барлығы: «Орыс, орыс!» деп шошына айғайлап, киіз үйлеріне тығылды. Күдікті сейілтіп, нәзік жандылардың қызығушылығын туғызу үшін мен қасымдағы қазақтарға қазақша ән салуды тапсырып, өзім салша киініп алдым» т.б.

Ғалымның тілдік тұлғасын талдаудың нәтижелері ретінде мынадай белгілерді келтіруге болады: жазба тіл нормаларының қатаң сақталуы, автор қолданған тілдік құралдардың бейнелілігі мен байлығы, көптігі, сөйлеу-шығармашылық қызметінің жоғары деңгейі. Сонымен бірге, ғалымның тілдік тұлғасы сол этносқа тән дүниетанымды, ғалам бейнесі жайындағы танымды, менталитетті айқындап, ұлттық мінез-құлықты және оны қалыптастырушы ретінде де анықталады.

2.3 Тілдік тұлға концептосферасы ұғымы

Тілді адамның санасымен, дүниетанымы және ойлау үдерісімен, оның тәжірибелік қызметімен тығыз зерттеу – қазіргі тілтанымның басты ерекшелігі. Сол себепті де тілді зерттеуде, ең алдымен тілдік тұлға құбылысының басты белгілерін есепке алу маңызды болып саналады. Осы тұрғыдан келгенде, адам ақиқат болмыс пен өзін қоршаған ортаны тек қабылдап тануымен шекелмейді. Ол

сол әлемде өмір сүргендіктен, тілде объективтік шындықпен бірге дүниені танушы субъект ретінде адамның өзі де айқындалады.

Осыған байланысты қазіргі тілтанымның когнитивтік-концептологиялық бағыты аясында қарастырылатын тіл мен ойлау мәселесінің маңыздылығы арта түсетіні анық. Себебі, бұл мәселенің шешімі түрлі тілдердің семантикалық кеңістіктерінде орын алатын дерексіз, абстрактілі концептілер пайда болуының негізгі заңдылықтарын айқындауға мүмкіндік береді. Оның үстіне адамның объективтік шындық туралы білімдері адамзат қызметінің түрлі-түрлі салаларын айқындайтын абстрактілі менталды құрылымдар, концептілер түрінде ұйымдастырылатыны белгілі. Яғни адам концептілер арқылы ойлайды, оларды бір-бірімен салыстырып кейде біріктіріп, ой-түйіндеу барысында жаңа концептілер қалыптастырады. Сондықтан да ғылыми тілтанымдық әдебиеттерде концепт білімнің құрылымдастырылған квант ретіндегі жаһандық ойлау бірлігі деп түсініледі.

Қазіргі таңда тілдегі концептілерді зерттеу – тілтанымның басты бағыт-бағдарына айналғаны сөзсіз. Ал тілтанымдық ғылымның категориялы аппаратына «концепт» терминінің енуі, әрине гуманитарлық білімнің ғылыми парадигмасының антропоэзектіге ауысуымен, яғни адамға «бүкіл заттардың өлшемі» мәртебесінің қайта берілуімен, сондай-ақ оны әлем орталығына қайта орналастырылуымен тікелей байланысты [104, б.64]. «Концептілер – сенсорлық тәжірибе (сезім мүшелері) арқылы адам санасында қалыптастырылатын идеалды маңыздар; адамның заттармен тікелей операцияларынан (заттық қызмет) туындайтын; ақыл-ой әрекетінің көмегімен басқа қалыптасқан тұжырымдамалармен өзара әрекеттесуінен пайда болатын; тілдік қарым-қатынастан жүзеге асатын т.б.» [105, б.4].

Концептінің көптеген анықтамалары мен концептуалды талдау әдістері жасалып әзірленсе де, тіл туралы ғылымының қазіргі даму кезеңінде «концепт» терминінің нақты айқындалып қалыптасқан бірыңғай анықтамасы жоқ. Әдетте, зерттеушілер концептінің анықтамасына оның белгілі бір жақтарын, яғни зерттеу жүргізілетін ғылым шеңберінде ең маңызды болып табылатын негіздерін басшылыққа алады. Мәселен, когнитивті лингвистиканың өкілдері (А.П. Бабушкин, Е.С. Кубрякова, З.Д. Попова, И.А. Стернин т.б.), ең алдымен, концептінің менталды мәніне, оның жеке адамның сана саласына жататындығына назар аударады. Лингвомәдени көзқараста концептіні анықтаудағы негізгісі этномәдени шарттылық, сабақтастық дерегі болып табылады (Н.Д. Арутюнова, С.Г. Воркачев, В.И. Карасик, С.Х. Ляпин, Г.Г. Есткин, Ю.С. Степанов т.б.).

Концептіні түсінуге арналған бұл тәсілдер (лингвокогнитивті, лингвомәдени, психоллингвистикалық, тарихи-мәдени) бір-бірін жоққа шығармайды, өйткені олар бір құбылысты, бірақ әр түрлі жағынан білдіреді. Оның үстіне концептіні айқындаудағы біржақты көзқарас оның табиғаты туралы толық түсінік бермейді. Тіл мен ойлаудың арақатынасы туралы соңғы зерттеулер концептілерді тек философиялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар лингвистикалық, мәдени және

басқа аспектілерде қарастыруға мүмкіндік береді. Олар көптеген түсіндірмелер, жіктелімдер мен зерттеу әдістерін ұсынады.

Концепт ұғымының қазіргі зерттеушілері оған әртүрлі анықтамалар береді. Мысалы, Е.С. Кубрякова концептілер адам тәжірибесін көрсететін сана мен ақпараттық құрылымның бірлігі деп санайды. Ғалым сондай-ақ концептіні «жадтың оперативті бірлігі, ғаламның бүкіл бейнесі, білім кванты», - деп көрсетеді [106, б.90]. А.П. Бабушкиннің айтуы бойынша, концепт «заттардың бір-бірімен қалай байланысты екенін және олардың қалай жіктелетінін анықтайтын менталды репрезентациясы» [107, б.16]. В.В. Колесов концепт «тілдік формасы жоқ таза мағына; бұл түпмағына, түпбейне, архетип, константа және т.б.» деп санайды [108, б.53]. Сонымен қатар Н.Ф. Алефиренко концептіні когнитивті (ақыл-ой) категория, білім кванты, сипаттамалы-бейнелі және құндылыққа бағытталған, күрделі, қатаң құрылымдалмаған семантикалық жасалым», - деп санайды [109, б.17].

Концептіні зерттеуге көп көңіл бөлген белгілі ғалым Н.Н. Болдыревтің пайымдауынша, танымдық іс-әрекеттің нәтижесінде адамда ұғымдар қалыптасады, содан кейін олар әлем туралы білім жүйесіне біріктіріледі. Бұл жүйе әр түрлі деңгейдегі күрделілік пен абстракция концептілерінен тұрады. Таным формаларының әр алуандығы адамның санасында ұғымдарды қалыптастырудың әртүрлі тәсілдерін анықтайды. Ғалым концептіні қалыптастырудың келесі тәсілдерін анықтайды: сенсорлық тәжірибе, адамның пәндік-практикалық қызметі, ақыл-ой қызметі, вербалды және бейвербалды қарым-қатынас негізінде. [110, б.23].

Ал, Г.В. Токарев концептіні келесі белгілермен сипатталатын жаһандық, менталды деңгейдегі көп өлшемді бірлік ретінде қарастырады: тарихи детерминизм; кең ауқымды экстенционалдылық; ғылыми және қарапайым ұғымдардың, идеялардың, мәдени көзқарастардың интенционалдарымен құрылымдалуы; мазмұнның әртектілігі; таңбалық репрезентациялар типтерінің әртүрлілігі [111, б.13]. Басқа зерттеушілер концептіні вербалды этномәдени ерекшелікке ие ұжымдық сана бірлігі деп танып, дәл осы вербалдылық пен этномәдени маркерлігі оны өзі тектес ұғымдар мен көріністер, мағыналардан ажырататын құбылыстар [112, б. 70-71].

Жоғарыда келтірілген анықтамаларға ұқсас, алайда біршама қосымшалармен толықтырылған келесі авторлардың да концептіге берген анықтамаларына назар аударсақ, мәселен: «Лингвомәдениеттаным бірліктері – мәдени концептілер» [113, б.40]; «Концептілер – адам санасындағы күйзелістер, ассоциациялар, білімдер, ұғымдар түрінде көрініс табатын жеке тұлғаның менталды әлеміндегі мәдениеттің негізгі ұяшықтары» [114, б.41]; «Концептілер адамдардың жадындағы нақты жағдаяттармен байланысты және бұл жағдаяттар тиісті концептілермен аталатын сценарийге сәйкес келеді, мысалы, «мейірімділік» – қиындықтан аулақ болуға мүмкіндік беру, қайырымдылық, көмек және т. б.» [115, б. 60-61].

Сонымен концепт өзін айқындайтын тілдік таңбалар жүйесіне ие болып, вербалданып тілдің семантикалық кеңістігінің біл бөлігіне айналады. Өз кезегінде, тіл әлеуметтің бүкіл тәжірибесін, адам иелігіндегі барлық ақпаратты репрезентациялайды. Л. Ельмслев тіл туралы былай деп жазады: «Тіл – бұл адамның ой мен сезімін, көңіл-күйін, тілегін, ерік-жігерін және іс-әрекетін, адамның басқа адамдарға әсер етуін қалыптастыратын құрал... Тіл... адамның ақыл-ойымен терең байланысты. Бұл сонау заманнан адам мұра еткен жадтың байлығы, еске түсіретін және ескертетін ояу сана...» [116, б.131].

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, бұл құбылысқа деген осындай жан-жақты көзқарастар мен пікірлердің болу себебі, концептілерде қамтылған ақпараттың сан алуандығы: ол сол нысан жайында барлық жағынан, оның бүкіл көріністері мен басқа объектілермен байланыстарының алуан түрлілігі туралы ақпарат береді. Концептінің мазмұнын барынша толық ашу нәтижелері бір-бірін толықтыратын әртүрлі тәсілдердің жиынтығын ғана қамтамасыз ете алатыны сөзсіз. Мұның бәрі концепт теориясының барған сайын дамып келе жатқанын көрсетеді және мәтін зерттеушілері мұны үнемі есте ұстауы керек деп санаймыз.

Тіл иелері қалыптастырған және адамдардың жадында сақталған концептілер тілдің концептосферасын құрайды. Концептосфера ұғымын алғаш рет Д.С. Лихачев ұсынған болатын және ол осы терминмен концептілер жиынтығын белгіледі [117, б. 8-9]. Д.С. Лихачев «концепт» тірек ұғымды анықтауда оны ғалым С.А. Аскольдов-Алексеевтің пікіріне сүйенеді: «концепт немесе жалпы ұғым ойлау жасаламы ретінде бізге ой барысында бір типтегі белгісіз заттарды алмастыратын ақыл-ой білімі іспетті» [117, б.29].

Яғни, концептілер түрлі-түрлі салаларды айқындап, жиынтығында ұлттық тілдің концептосферасын құрайды. Сонымен бірге ұлттық тілдің концептілер саласын халықтың мәдениетімен тығыз байланыста зерттеу қажет. Сондықтан да ұлттық тілдің концептосферасы неғұрлым бай болса, ұлттың бүкіл мәдениеті - оның әдебиеті, фольклоры, ғылымы, бейнелеу өнері соғұрлым бай келеді деген сөз, ол ұлттың барлық тарихи тәжірибесімен байланысты. Осыған орай тіл зерттеушісі С.А. Кошарнаяның пікірінше «концептосфера – бұл концептуалды өрістер қалыптастырушы түрлі концептілер бірлестігі (бинарлық тіресімдерден көп құрамды концептуалды қатарларға дейін)» [118, б.54].

Әрине, біз концептіні – жеке тұлғаның психикалық өміріне тәуелді сананың жемісі, жад бірлігі, менталды жасалым деп танымыз. Біз жұмысымызда концептінің когнитивті шығу тегін жоққа шығара алмаймыз. Алайда, концепт тек когнитивті білім, жеке тұлғаның ақыл-ой және психикалық ресурстарының бірлігі ғана емес, сонымен бірге ұлттың мәдениеті мен тарихының нақты дерегі екенін де мойындауымыз керек. Концептінің мәдениетпен байланысын жоққа шығару адамның, оның ойлауының, санасының мәдениетпен байланысын жоққа шығарумен пара-пар. Концепт мазмұны жағынан бай және нысанның бар белгілерін көрсететін біліммен тікелей байланысты.

Барлық концептілерде әр уақытта және әр түрлі дәуірлерде пайда болған идеялар қалыптасады. Демек, біздің жұмысымызда ұсынылған концептінің анықтамасын синкретикалық деп атауға болады, әр түрлі тәсілдердің дәлелдерін біріктіреді: концепт – бұл адамның психикалық өміріне тәуелді сана элементі, сондай-ақ әлем, жеке нысан, шындық құбылысы туралы адам білімінің (ұжымдық және жеке) бүкіл жиынтығының және тілде көрініс тапқан мәдениет әлемімен тығыз байланысты менталды құрылымдық бірлігі.

Біз үшін концептінің төмендегідей белгілері аса маңызды:

- бұл, бір жағынан, сананың ақыл-ой, психикалық ресурстарының бірлігі, екінші жағынан, мәдениет фактісі;

- концепт үдемелілік сипатқа ие, адамның психикалық өмірінің заңдылықтарына бағынады; сөз мағынасының адамның жеке тәжірибесімен өзара әрекеттесуінің нәтижесі;

- басқа ұқсас бірліктерден бөлек өмір сүре алмайды; концептілер жиынтығы концептосфераны құрайды;

- қатаң құрылымы жоқ, көлемді, өріс сипаттамасына ие бола алады;

- көпқабатты, көпкомпонентті ұйымдастырылған; көптеген ғалымдарға ортақ тұжырымдама бойынша, ол: ұғымдық, бейнелі және маңызды (құндылық) сияқты негізгі белгілерге ие болып келеді;

- концептінің негізгі қызметі – алмастыру, өйткені ол ойлау әрекеті үдерісінде бір түрдегі белгісіз заттарды алмастырады;

- вербалды құралдарымен байланысты, олардың арасында лексикалық құралдар басым келеді;

- әдетте, концепт бір лексикалық бірліктен әлде қайда көп сөздермен сәйкестендіріледі, дәлірек айтқанда оны тілде сипаттайтын түрлі тектес құралдар жиынтығының тұрпат межесімен (нақты лексикалық, фразеологиялық және афоризмдік), яғни бүкіл лексика-семантикалық парадигманың тұрпат межесімен;

- сөйлеуде толық көрсетіле бермейді; концептіні айқындайтын барлық тілдік құралдарды бекіту мүмкін емес;

- шындықты концептуалдау концептіні белгілеу, білдіру және сипаттау арқылы жүзеге асырылады.

Қысқасы, идеалды салаға, санаға, этномәдени сабақтастығы және вербалды құралдар арқылы берілуі концептінің маңызды категориялық сипаттамалары болып табылады. Осыған байланысты лексикалық бірліктің (концептінің атауы немесе оның басқа репрезентаттары) мағынасы арқылы, оның семалық құрамы немесе лексикалық-семантикалық нұсқаларын ұйымдастыру арқылы концептінің мазмұнына қол жеткізуге болады (А.П. Бабушкин, А. Вежбицкая, Г.Г. Слышкин т.б.). Концепт семантикалық маңызға ие когнитивтік категория бола тұра тілдік таңбаның мағынасы және ұғым категориясымен сәйкестендіріледі. Алайда, осыған қарамастан концептіні оны репрезентациялайтын сөздің мағынасымен не оны айқындайтын ұғыммен бір деп қарауға болмайды. Себебі, концепт аталған екеуінен де әлде қайда ауқымды болып табылады.

Тілдік құралдар өз мағыналары арқылы концептінің тек бір бөлігін ғана береді, біздің әлем туралы біліміміздің тек бір ғана бөлшегін белгілейді, себебі концепті көлемінің ауқымдылығы соншалықты оны тұтас көрсету тіпті мүмкін емес. Концепт ретіндегі тілдік бірлік аталған феноменді тек жалпылама түрде ғана көрсете алады. Концепт мазмұны ұғымды белгілейді, бірақ онымен шектелмейді. Концепт құрамына енетін ұғымнан айырмашылығы, ұғымдықтан басқа оның бойында құндылықтық және бейнелілік компоненттер де болады. Яғни концепт тікелей адамның психикалық өмір заңдылықтарына тәуелді категория.

Сонымен бірге, тіл мамандары үшін еңбір күрделі мәселелердің бірі – концептілер жіктемелері болып саналады. Осы кезге дейін жүргізілген зерттеулер бойынша ең кең тарағандары мыналар:

- когнитивтік (нақты-сезім бейнесі, көрініс, схема, ұғым, прототип, пропозиция, сценарийлер (скрипттер), гештальт);
- мәдениеттанымдық (нақты, неғұрлым абстрактілі концептілер және дүниетанымдық универсалийлер (немесе концептілер-автохтондар және протоконцептер);
- әлеуметтік-лингвистикалық (этномәдени, әлеуметтік-мәдени және жеке-мәдени);
- ұғымдық (базалық концептілер (ғарыштық, әлеуметтік, психикалық), концепт-дескрипторлар (дименсиондық, квалитативтік, квантитативтік).

Дегенмен, концептілер арасында жеке тұлға мәдениетінің деңгейімен, оның даралығымен және белгілі бір адамдар тобына жататындығымен анықталатын байланыс бар. Концептілер концептосфераға біріктіріледі. Яғни ана тілінде сөйлейтіндердің барлық әлеуеттері мен концептілердің кешендері арқылы қалыптасатын ұлт концептілерінің жиынтығы болып саналады. Бір концептосфера екіншісіне қосыла алады, әрқайсысы соңғысын тарылтады және кеңейтеді. Сондықтан да ұлттық тілдің концептосферасының байлығы немесе кедейлігі бүкіл тарихи тәжірибе мен дінмен байланысты ұлт мәдениетіне тікелей қатысты болып келеді.

Ұлттық тілдің концептосферасының жеке нұсқалары көп, олар бірігіп, өздерін бірдей көрсете бермейді. Осылайша, бай мүмкіндіктерге ие және алмастырылуға қабілетті әрбір концепт иесінің мәдени тәжірибесі мен мәнмәтінге байланысты әр түрлі түсіндірілуі мүмкін. Концептосфера ұғымы ұлттық тілдің халық мәдениеттің концентраты, оның негізгі «мұрағатшысы» және «әлемді танушы» екенін түсінуге көмектеседі. Яғни бұдан, тілдің сөздік байлығы ана тіліне тәуелді ұғымдар мен концептосфера деңгейінде жатыр деген қорытынды жасауға болады.

Концептілер әдебиетпен және халықтың ауызша шығармашылығымен тығыз байланысты: көркем және фольклорлық мәтіндер олардың уақыт бойына түсінуі мен эволюциясының ерекшеліктерін көрсетеді, ортақ ұлттық мәдени-тілдік кеңістік шеңберіндегі концептуалдық өрістердің «диалогын» қамтамасыз етеді. «Ұлттық тілдің концептосферасы неғұрлым бай болса, соғұрлым ұлт мәдениеті

бай болады – оның әдебиеті, фольклоры, ғылымы, бейнелеу өнері, өнер ол ұлттың барлық тарихи тәжірибесімен, әсіресе дінмен байланысты» [119, б.30]. Сондықтан ұлттың лайықты әдебиеті мен мәдени тәжірибесі болса, концептосфера үнемі байып, дамып отырады: «Концепт мәдениет ғылымдарының негізгі, базалық ұғымы; мәдениеттің менталды әлемі – концептосфераны құрайтын концептілер әлемі; концепті мәселесін қарастырудағы тілдің, мәтіннің және мәнмәтіннің өзара байланысы мен бірлігі аса маңызды» [120, б.10-11].

Ш. Уәлихановтың тілдік тұлғасы құрылымының танымдық деңгейінде ғалымның жеке тұлғасына тән келетін және де ұлттық мәдениет пен әлеуметтік ортаның әсерінен қалыптасқан мән-мағыналар вербалды түрде көрініс тапқан. Бұл ретте, ғалымның жалпы жеке тұлғасын жете түсіну үшін қажетті және ғалым аса маңызды деп таныған менталды құрылымдар, индивидуалды-жеке мән-мағыналар сөз етіледі, яғни жеке тұлғаның құндылықтар жүйесі тұрақты, базалық мән-мағыналар деп таныған категориялар. Аталмыш концептілер тек ой елегінен өткізіліп қана қоймайды, олар жан күйзелісінің де нәтижесі іспетті болып келеді.

Ш. Уәлиханов үшін ең маңызды концепт – бұл оның бүкіл қызметінің негізгі бағытымен тікелей байланысты «қазақ» концептісі деп есептейміз [121]. Ғалымның қазақ халқының шығу тегі туралы ой-пайымдауларының ұлттық-танымдық маңызы аса зор. Қазақтың көшпелі мәдениетінің, атап айтқанда жазу-сызу тарихы сонау ерте заманда тасқа қашалып жазылған тарихын айқындайтын басты дерек қазақ халқының шығу тегі болып табылады. Ш.Уәлиханов қазақ халқы тарихының кейбір үзінділері өркениетті елдердің жылнамаларындағы деректермен астасып жатыр деп көрсетеді. Ұлы ғалым жазба ескерткіштердің мазмұнына баса назар аудара отырып, халықтың ауыз әдебиетіндегі деректердің аса маңыздылығын атап көрсетеді.

Осы тұрғыдан келгенде, айта кететін жайттардың бірі – кез келген ұлттың мәдени сана сезімі, оның әрбір мүшесі тұрғыдан іске асырылған танымдық қызметінің күрделі өзара әрекеттестігінің нәтижесі болып табылады. Бұл ретте, мәдени құндылықтарды қалыптастыру үдерісінде белгілі ақын-жазушылардың, көркемсөз шеберлерінің, ғалымдардың т.б. рөлін ерекше атап өткен жөн. Осымен байланысты когнитивтік лингвистика мен концепт теориясы идиостильдегі концептіні сипаттауға, қызметі мәдениетке зор әсер ететін жеке тұлға сана құрылымдарының объективтенуіне мол мүмкіндіктер береді.

Жоғарыда көрсетіп кеткеніміздей, біз қарастырып отырған құбылыстың ішкі маңызы мен табиғатына қатысты түрлі-түрлі көзқарастардың, ой-пайымдаулардың болуы төмендегідей бірнеше жалпы тұжырым жасауға негіз болды:

– концепт ғаламның концептуалды бейнесінің бір үзіндісін ұйымдастыратын адамның концептуалды жүйесінің негізгі бірлігі болып табылады. Концептінің ұғымнан айырмашылығы – белгілі бір нысан туралы бүкіл сыртқы және ішкі байланыстары жайында субъектінің барлық білімін, көзқарасын, түйсігін айқындап, менталды табиғатқа ие болып келеді;

– концептінің мазмұны түрлі репрезентативті жүйелерді тудыратын адамның сан-алуан түрлі қызметтерінде объективтенеді. Ал, бұл репрезентативті жүйелердің ішінде жетекші жүйе – тіл болып саналады;

– концепті мазмұнын объективтендіру мен интерпретациялау әдістерінің ең тиімдісі концептуалды талдау. Тілдік құбылыстарды концептуалды немесе когнитивті-тілдік талдаудың нәтижесінде

– тілдік құралдар когнитивтік құрылымдарды айқындайтын амал-тәсілдер болып саналады.

Қазақтың тұңғыш ғалымы Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасының концептосферасы – бұл адам өмірінің барлық кеңістігін қамтитын әмбебап гуманитарлық білімнің бір түрі іспетті, мұнда әрбір жеке құбылыс ұлттық мәдениетті, ұлттың тарихын бейнелейді. Ғалымның кең философиялық жалпылама жасау қажеттілігі ғылыми ізденістің қисынынан туындаған деп есептейміз. Ал, тарихты мәдениеттің тарихы, адамның, адамзаттың, ұлттың мәдени өмірбаяны деп түсінеді. Ол пайда болған сәттен бастап сәулет пен кескіндеме, көркемсурет, философия мен ғылымның құндылықтарын қалыптастыруға дейін, жеке бас бостандығының құндылықтарын, оның моральдық таңдауы мен жауапкершілігін бекітуге дейінгі аралықты қамтиды: «Қазақтар қазақ даласында пайда болған тайпалар одағына қосылды деуге болады. Көшпелі далалық тайпалардың жалпы қасиеті мұрасы – көшпелі дала тұрмысы мен жаугершілікке бейімділіктен жаңа одақ – олардың жаңа ұрпақтары қазақ қалыптасты» [122, б.167].

Ғалымның еңбектерінде мәдениетті жүйелі тұтастық ретінде ұстайтын ұлттық тілдің және мәдениеттің ұлттық мұраттарын айқын білдіретін әдебиеттің, жазудың ерекше рөлі ашылады. Айта кететін мәселе, ғалым мәдениетті «органикалық тұтас құбылыс», «рухани орта», «сакралды, қасиетті кеңістік» деп түсінеді. Ш. Уәлиханов қазақ мәдениеттанымын қалыптастырып дамытады, мысалы, адамның жеке тұлғасы, гуманизм, жақсылықтың жамандықпен күресі мәселелеріне баса назар аударуымен ерекшеленеді және ұлттық мәдениетті адам өмірінің барлық кеңістігін қамтитын әмбебап білімнің бір түрі ретінде қарастырады.

Шоқанның қазақ халқының түп-тегі туралы ойларының да теориялық-методологиялық маңызы зор. Көшпелі жұрттың, әсіресе жазу-сызуы ерте кезден тасқа қашалып жазылған тайпалардың тарихын айқындар басты көз қазақ халқының шығу тегі, түп-тамырының асыл діңгектері болып табылады. Жалпы, олардың кейбір үзінділері өркениетті елдердің жылнамаларындағы деректермен астасып жатыр деп атап көрсетті ол. Жазба ескерткіштердің хабарларына баса мән бере отырып ұлы ғалым халықтың ауыз әдебиетіндегі деректердің аса маңыздылығын атап көрсетеді, жазба дереккөздермен салғастырғанда бұлардың нақтылығы айқындала түседі деп ой қорытқан.

Ш. Уәлиханов білім-ғылымның қай саласын зерттесе де, «Қазақ шежіресі» немесе Абылай, егіншілік туралы немесе «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», Қашғар немесе Ыстықкөл, Ресейдің Қытаймен қатынас мәселелері немесе Орта азиялық хандықтар, даладағы мұсылмандық туралы немесе Сот реформасы т.б. барлық

жерде ол тар салалық шекаралардан шығып, кең әлеуметтік-тарихи кеңістікке, мәдени кеңістіктің көп өлшемділігіне енеді, зерттеген құбылысты біртұтас мәдениеттер мәнмәтініне кіріктіреді.

Мәдениет, тарих, ұлт тарихы, тіл ешқашан Ш. Уәлиханов үшін механикалық «жалпылаудың» нәтижесі, деректердің, ақпараттың, есімдердің есептік қосындысы болған емес. Ол мұны әлемдегі **адамның, жеке тұлғаның** маңызды көрінісі, осындай көріністің әр түрлі формалары ретінде таныды: «Ендігі бір ғажайып – **адам**. Бұл жан, бұл қабілет, сөйлеуге қабілетті әрі не нәрсеге әуестеніп, құмартушы сол бір рух, осы зерттелінбейтін мәңгі күштің, құдіреттің күмәнсіз екенін танытады емес пе?» [123, б.55].

Ш. Уәлиханов қазақ ұлтының, мәдениетінің әрбір жеке құбылысын біртұтас жүйені бейнелейтін «айнасы» ретінде қарастырды. Өнер мен тіл, діни-философиялық көзқарастар, өмір мен тұрмыс-тіршілік, әдеп-ғұрып пен құқық, барлығы дерлік адамның қолымен және ақыл-ойымен жасалғанның бәрі ғалымның зерттеу нысандары болып табылады.

Сонымен бірге ғалым әлеуметтік феномен ретіндегі мәдениеттің ішкі құрылымы туралы өзінің ерекше көзқарасын қалыптастырады, өзіндік мәдени кешендерді бөліп, олардың өзара әсері мен эволюциясын зерттейді. Ғалымның еңбектерінде оның барлық формаларына тән мәдениеттің тұтастығы стильдің бірлігінде айқын көрінеді. Олар біздің алдымызда әр түрлі және сонымен бірге бірін бірі толықтыратын уақыттық, кеңістіктік, стилистикалық, бейнелі, символдық, сюжеттік оқиға және т. б. «өлшемдерде» көрініс табады.

Ерекше атап өтетін маңызды мәселелердің бірі, ғалымның көзқарасы бойынша ұлт мәдениетінің тұтастығы және осы біртұтастықтың ұйымдастырушы бастамасы ретінде әрекет етуші сол ұлттың жоғары жетістіктерімен тікелей байланысты. Дүниетаным үдерісінде ең маңыздысы – кез келген құбылысты біртұтас дүние деп танып түсіну болып саналады. Алайда, бұл саралау процестерін төмендету, ескермеу деген сөз емес. Керісінше, әрбір бүтіндік ішкі бөлшектенуді болжайды және өз кезегінде белгілі бір бөлшектер бір бүтінді меңзейді: «Қырғыз [қазақтардың] өзі, жоғарыда атап өткеніміздей, руларының аттарын баяғы замандарда өткен ру басшыларының, бабаларының есімдерімен түсіндіреді, бірақ қыпшақ, найман, қоңырат және басқа да негізгі рулар туралы – олар Шыңғыс заманынан келе жатқан көне халық сияқты, ал қазіргі олардың ордаларының бір одаққа бірігуі – бұл біріккен әрбір тайпа бөлінбейтін біртұтас деп атайды... және осылай шығу тектеріне мән береді» [122, б.168]; «Қырғыз [қазақ] халқы (өздерін осылай атайды, көршілес қырғыздар да оларды солай атайды) үш жүзге бөлінеді; орыстар оларды Үлкен Орда, Орта Орда, Кіші Орда (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз) және ол үлкендігіне қарай Ұлы, Орта және Кіші жүздік деп атаған» [122, б.166]; «Қазақтарда үкіметтік бөліністен басқа, бір ұрпақтың екіншісіне деген руластық құқығы мен қарым-қатынасы қандас туыстық дәрежеде анықталатын рулық бөліну де бар» [122, б.342]; «Қырғыз [қазақтардың] ру-руға бөлінуі бұрыннан келе жатқан дәстүр тәртібімен қатаң сақталған. Бөліну

тәртібінде руды басқарушылардың құқығы мен тайпалардың күшін ескере отырып, қырғыз [қазақтардың] түсінігі бойынша, ата-бабаларының алғашқы рулық құқығын олар зор мәнге ие болған тұқым қуалау құқығы деп ұғынған» [122, б.163]

Осымен байланысты ең төменгіден ең жоғарғы деңгейге дейінгі даму барысы, көбінесе кейбір құбылыстардың (тарих, мәдениет, экономикалық жүйе және т.б.) саралануы мен ерекшелігінен тұрады. Сондықтан да, белгілі бір құбылыс, жүйе т.б. прогресс сатысында неғұрлым жоғары тұратын болса, соғұрлым олардың біріктірілу бастамасы жоғары болады. Ұлттық мәдениеттерде де солай – мәдениеттің жоғары формалары біріктіруші қағидаттар болып табылады. Ғалымның пайымдауынша, қазақ ұлтын біріктіруші бастауы, ол оның ұлттық мәдениеті, өнері, әдебиеті т.б.: «Ауыздан ауызға беріліп, ұрпақтан ұрпаққа ұзақ жылдар бойына жалғасып келе жатқанына қарамастан, барлық ертедегі жырлар мен аңыздар, таңқаларлық суырып-салма ақындардың жадында сақтау қабілетінің және өлеңге, жырға, аңыздарға, ата-бабаларының ерлігі туралы ертегілерге деген сол халықтың сүйіспеншілігінің арқасында осы күнге дейін таза сақталып келген және байтақ даланың әр шетінен жиналған олардың барлық нұсқалары тым ұқсас» [122, б.171]; «Халық өз алдына халық болғаннан бергі уақытта ел есінде қалған оқиғалардың, тамаша тұлғаларының бірде-біреуі халық жадында сақталмай қалған емес. Бірін суырып салма ақындар дәріптеген, енді бірі – аты өшпес танымал музыкант: сыбызғышы немесе қобызшы өлместей ата-бабамыздың жадында қалдырды» [122, б.172]

Ш. Уәлиханов тарих ғылымының қазіргі дамуының болашақ бағыт-бағдарын болжады. Тарихты ұлттың, халықтың тарихы деп түсінеді. Ұзақ уақыт бойы тарих ілімі билеушілер мен қолбасшылардың тарихы, мемлекеттердің құрылу және ыдырау тарихы, соғыстар, бекіністер мен аумақтарды басып алу және т. б. ретінде қабылданды. Этносаяси тарих біртіндеп саяси экономикалық саламен толықтырылды, адам қызметінің жекелеген түрлері салаларының тарихы да қалыптасты.

Ғалым этнос, халықтың пайда болу сәтінен бастап адам рухының таңғажайып шыңдарын қалыптастыруға дейінгі тамаша тарихи очерк авторы: сәулет пен кескіндеме, философия мен ғылымның шедеврлері, адамзат тарихының мағынасын түсіну және адамзат тарихының ұлы идеясын ашу, жеке бостандық құндылықтарын бекіту, оның адамгершілік таңдауы мен жауапкершілігі. Автордың ойы қарабайыр дәуірден бастап қазақ ұлты және Орталық Азиядағы Түркі әлемінің бірлігі идеясы сияқты құбылыстардың пайда болуына дейінгі жолды көрсетеді.

Ш. Уәлиханов ұлттық тілдің ерекше рөлін анықтап, автордың әлемі ұлттық мәдениетті жүйелі біртұтас дүние ретінде қабылдайды. Ол мәдени мағыналарды болмыстың барлық деңгейлерінде – жалпы ұлттан жеке тұлғаға дейін шоғырландырады. Ұлттың, ұлттық мәдениеттің ең маңызды көріністерінің бірі – тіл. Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ең алдымен жаратушы, жасаушы.

Халық, мәдениет қана емес, бүкіл әлем сөзден бастау алады. Сөз, тіл бізге қоршаған әлемді көруге, байқауға және түсінуге көмектеседі.

Осылайша, ғалым белгілі бір ұлттық қауымдастықтың өзіндік ерекшелігі мен бірегейлігін көрсететін ерекше құндылықтарға ие мәдени мағыналарды айқындайтын ұлттық маркерлі сөздерді көрсететін тілдің концептосферасы пайда болатынын сипаттайды. Ол тілдік бірліктердің мазмұнын этномәдени мазмұнмен тығыз байланысты қарастырды. Ғалымның пікірінше, тілдік бірліктердің құрылымы мен маңызы біздің әлеуметтік-тарихи заңдылықтар саласына тікелей қатысы бар.

Ғалымның пікірінше, ұлттық тіл тек қарым-қатынас құралы немесе ақпаратты берудің маңызды жүйесі ғана емес, ол ұлт мәдениетінің рухани байлығын шоғырландыру нысаны ретінде әрекет етеді.

Ғалымның бірқатар еңбектерінде халықтың ауыз әдебиеті, халықтың ауыз екі поэтикалық шығармашылығы ұлттық мәдениеттің іргетасы ретінде қарастырылады. Ш. Уәлиханов әдебиет қазақ халқының психикалық ерекшелігін, оның рухани-адамгершілік үстемдігін анықтай отырып, ұлт ретінде қалыптастырушы деп мәлімдейді: «**Қазақ** немес **Алаш** елінің әуел бастағы шығу тегі туралы олардың [қазақтардың] аңыздары қанағаттанарлық түрде түсіндіріп береді...» [45, б.166]; «Осыған байланысты қазақ аңыздары өздерінің өте қарапайымдылығымен, жаратылыстан тыс құбылыстарсыз шынайылығымен, нақтылы өмірден алшақтамайтындығымен құнды, және көптеген жағдайларда Әбілғазының мәліметтерімен дәлелденеді, әсіресе қырғыз-қайсақ жазған [Жамиғ ат-тауарих та] тамаша дәлел» [45, б.171]; «Көне татарлық өмірдің қалдықтарын, барлық әдет-ғұрпымен, салт-дәстүрімен, сауық-сайранымен, поэтикасы ерекше тарихи аңыздардың бай қорын, әр кезеңнің суырып салма ақындарының өлеңдерін, музыка мен ойын-сауыққа сүйіспеншілігін, белгілі бір халықтық салт-дәстүр заңдарын, соттық талдаулар мен би қолданған шаралар қазақтардың саналы, парасатты қасиетімен сақталған жағымды жақтары екенін айтуға болады» [45, б.171-172]; «Қырғыз [қазақтардың] шығу тегі туралы аңыздардың ішіндегі Арғын тайпасы атығай руының Құдайберді ұрпағынан, оның бәйімбет бөлімінен шыққан менің бабам Абылай ханмен замандас Шал ақынның жыры тамаша...Шал өзінің жырында қазақтардың шығу тегіне қатысты барлық халықтық аңыздарды жинаған және атығай руының 12-ші ұрпағының рубасы Дәуіттің 12 ұлының бірі Құдайберді батырға дейін, оған қоса Алаштан тараған (әрине бүкіл халықты) хандар, рубасылар мен тайпалардың толық шежіресін құрастырған дейді» [45, б.172].

Ш. Уәлиханов қазақ халқының ұлт болып қалыптасуы мәселесіне ерекше рөл береді, қазақ тілінің бірлігі күшейген кезде халық әдебиеті ұлттық бірегейлікті білдіріп, мемлекеттік құрылыс тақырыбына баса назар аударады да тарихи білімнің таралуын кеңейтіп, ұлттық тарихқа, мәдениетке, болмысқа деген қызығушылықты арттыра түскен. Яғни ұлттық тіл халық мәдениетінің «концентраты», оның негізгі «архиваторы» және «әлемді, дүниені түсіндіріп

танытушысы» болып табылады [124]. Бұл кезеңнің басты ерекшеліктері – ұлттық сананың қалыптасуы және «қазақ ұлттық мәдениеті ұғымының» біртұтас дүние ретінде пайда болуы.

Ш. Уәлихановтың ғылым мұрасының ұлттық маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес. Ғалымнан бұрын ұлт тарихының, тілінің, мәдениетінің т.б. мәнін ешкім ғылыми тұрғыда зерттемеген, ол жалпы қазақ ғылымын қалыптастырушыларының алғашқысы. Бұл оның ел алдындағы ең үлкен еңбегі, оның қызметінің жалпыұлттық маңызы. Ш. Уәлиханов еңбектері қазақ ұлтының, мәдениетінің тарихи қалыптасу, даму және жүйелі біртұтас динамикасында қамтыды. Ғалым Ш. Уәлихановтың тарих, тіл, этнография, экономика, физикалық география, мәдениет, заң т.б. туралы еңбектері қазақтардың ұлттық бірегейлігін танып білу үшін ерекше маңызға ие. Оның еңбектерінде ғалымның негізгі қызығушылығының қисынды мүддесі көрініс тапқан: қазақтарды оның тілі, тарихы, мәдениеті арқылы таныту.

Ғалымның негізгі тұжырымдарының бірі: қазақ руханияты мен қазақ менталитетінің өзіндік ерекшелігі оның ең маңызды бөлігінде жалпытүркілік рухани дамуының ең жоғары формасы ретінде ұсынылуы. Қазақтың рухани бірегейлігінің бүгінгі өзін-өзі тануы үшін маңызды Ш. Уәлихановтың негізгі, басты ұлттық-мәдени идеясы – ұлттық болашақтың модельдері өткенге негізделеді деген тұжырымы. Жаңа, жаңашыл дүниелердің барлығы – ескірмейтін, қартаймайтын, өткен уақытта орын алса да, бірақ ұмытылса да өлмейтін және өзектілігін ешқашан жоймайтынымен ерекшеленеді.

2.4 Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасының концептосферасы

Әр ұлттағы әлем моделі мәдениеттің бірқатар әмбебап концептілер мен константтарынан, атап айтқанда кеңістіктен, уақыттан, мөлшерден, тағдырдан, саннан, сондай-ақ шындық, махаббат, су, оттан және т.б. құралады. Әмбебап концептілердің бірдей жиынтығы болғанымен, әр халықтың ұлттық дүниетаным және әлемді бағалаудың негізін құрайтын осы концептілер арасындағы ерекше, тек өзіне тән қатынастары болады.

Белгілі бір этноөзектік концептілер осы этносқа ғана бағытталады, өйткені тіл бастапқыда өз сөйлеушілеріне әлемнің белгілі бір бейнесін қалыптастырып береді. Тіл санада бар нәрсені көрсетеді, ал сана қоршаған мәдениеттің әсерінен қалыптасады. Демек, қазақ ұлттық концептілердің болуы осыдан келіп шығады: ерік, сағыныш, жан, қамшы, қара шаңырақ, домбыра, ар-намыс, адам, жүрек, туыстық, ағайын, қанағат, дастархан т. б.

Дегенмен, бүкіл концептілерді мынадай бірнеше топтарға жіктеуге болады:

- 1) Әлем – кеңістік, уақыт, сан т.б.;
- 2) Күтпеген апат, сұрапыл және табиғат – су, от, ағаш, гүл т.б.;
- 3) Адам туралы түсінік – зиялы, данышпан, кемеңгер, ғалым т.б.;
- 4) Адамгершілік концептілер – ар-ұждан, ұят, күнә, шындық, ақиқат т.б.;
- 5) Әлеуметтік ұғымдар мен қатынастар – бостандық, ерік, достық, соғыс т.б.;

6) Эмоционалды концептілер – бақыт, қуаныш, ашу, ыза т.б.

Осы орайда, жұмысымызда **уақыт** пен **кеңістік** атты екі әмбебап концептіге назар аударуды жөн деп санадық. Алайда, нақты оларды талдауға кіріспес бұрын, аталған концептілерді талдаудың бірыңғай сұлбасы жоқ екенін ескеру қажет. Себебі, адам үшін концепт дефиниция немесе арнайы белгілер жиынтығы емес, ол – білім, ал кез келген білім секілді концепті де өзгерістерге ұшырап тұратын құбылыс болып саналады.

Уақыт ең қызықты және сонымен бірге күрделі концептілердің бірі, өйткені сол арқылы біз әлемдегі барлық дүниені, біздің санамызға және түсіндіруімізге қол жетімді нәрсені қабылдаймыз. Сондықтан уақыт категориясын көптеген ғылымдардың өкілдері зерттейтіні кездейсоқ емес. Уақытты түсіну үдерісінде адамның санасында уақыттың концептуалды моделі қалыптасады, бұл тілде көрініс тапқан негізгі когнитивті құрылым.

Уақыт туралы заманауи идеялар сан алуан түрлі. Уақыт – бұл қозғалыс пен өзгерістің өлшемі, сондықтан физикалық, геологиялық, механикалық, астрономиялық, биологиялық, тарихи уақыт деп бөлінеді. Уақыт объективті (физикалық) және субъективті (көркем, мифологиялық, діни және т.б.) деп ажыратылады. Физика, философия және басқа ғылымдардың мәліметтері бойынша циклдік уақыт (қайталанатын бір типті оқиғалардың тізбегі) және сызықтық уақыт (бір бағытты үдемелі қозғалыс) болып жіктеледі. Қалыптасқан дәстүр бойынша, циклдік уақыт туралы аңғал түсінік, ал сызықтық ғылыми түсінік деп саналады.

Адамның уақытты түсіну нәтижелері тілдік категориялардың жиынтығымен ұсынылған уақыттың тілдік моделінде көрінеді: етістік шақ формалары, темпоралды бояуы бар сөздердің мағыналары (күн, түн, жыл), уақытша мағынасы бар сын есімдер мен үстеулер (бұрынғы, болашақ, қазіргі және т.б.). Темпоралды лексиканың ең үлкен тобы – зат есімдер. Көптеген мәдениеттерде уақытты қабылдаудың әмбебап тәсілі – күннің ашық және қараңғы бөліктерінің өзгеруі, сондай-ақ табиғи құбылыстардың қайталану жиілігі: күн, түн, көктем, жаз т.б.: «...ал басқа керуенде өзінің қызылтілділігімен белгілі болған Ақжол қырғыз, өзінің **екі жыл бұрын, қыстың күні** жаңбырдан соң Хабарасу мен Тарбағатайдан **өткені** туралы және жолдың тайғақ болып, өздерінің **күні бойы** баспалдақ ойып, ойпаң жерлерде түйенің табанының астына киіз төсегені туралы әңгімелегені естіледі» [125, б.13]; «От сөніп қалды, тоңа бастадым, **уақыт та кеш** болған секілді, өйткені тынымсыз Ақжол өзінің таусылмас әңгімесін аяқтады» [125, б. 15]; «Керуен **ерте** көтерілді, **таң** өте суық болды» [125, б. 16]; «Бұл жерлерде тіпті **жазда** да қарлы боран тұрады екен. **Түні** өте суық, 20 градусқа дейін жылыса, 25 градуска дейін суық болады» [125, б.19] т.б.

Күннің жарық және қараңғы кездерінің ауысуы, сондай-ақ табиғи құбылыстардың қайталану кезеңділігі, мысалы: күн, түн, жаз, қыс, көктем, күз көптеген мәдениеттерде уақытты қабылдаудың әмбебап тәсілі болып саналады. Сондай-ақ уақыт концептісінің мазмұны қайта болмайтын, қайта орын алмайтын,

кайталанбас уақыттың сызықтық үлгісімен тікелей байланысты: «**Есім ханның (шамамен 1630 жылдары өмір сүрген) өлімінен кейін** оның ордасынан бөлініп кеткен қазақтар қатарына кірген және қазірде олардың қатарындағы қазақ деген ортақ атаудың аясындағы: қаңлы, шанышқылы, керейіттер, **Уәли ханның тұсында** [XIX ғасырдың бір ширегінде] бөлінген Орта жүз руы – қоңыраттармен бірге қазіргі кезде Бұхара, Қоқан, Ташкент, әсіресе, көпшілігі Қаратау алқаптары мен Талас бойындағы өзбек руларымен көршілес көшіп-қонып жүр...» [122, б.163]; «Қаңлы, қыпшақ сияқты күшті түркі халықтары жайлы аңызға айналғанын **Оғыз заманынан-ақ** шығыс тарихшылары айтып келеді» [122, б.163]; «**Аласапыран замандарда**, Қазақ, Қырым, Астрахан хандықтары құрылар алдында, талап-тонау, бүліктер нәтижесінде жан-жаққа және әртүрлі елдерге бөлшектелген Алтын Орда мен Шағатай ұлыстарының алғашқы тайпалары өздерінің қоныстанған жерлерінде өздерінің құқықтарын қамтамасыз ету үшін одақтар құрған және Шыңғыз тұқымдарынан әйтеуір бір ханзаданы шақырып, хан көтерген» [122, б.165-166].

Кез-келген тіл үлгісінің айрықша ерекшелігі – оның адамға қатысты бағдарлануы, сондықтан антропоэлекті белгілері уақыттың тілдік моделінде де көрініс тапты: балалық шақ, жастық шақ, жетілу, кәрілік т.б. Яғни, адам өмірі де уақыт моделінің объективі арқылы көрінеді. Ш.Уәлиханов еңбектерінде бұл тұжырым айқын көрініс тапқан: «Өзінің атақты туысқандарынан шеттелген **жас Абылай** якшилик руының бай қырғызына қызметшілікке тұрады» [123, б.119]; «Жабайы әрі ақылы жетілмеген адам өзінің сыртқы сезімін толық билей алмайтын балаға ұқсайды. Бала сияқты, оның да өз сезінгендерін әрекетпен орайластыруы қиын. Ішкі және сыртқы өмір жағдайларын жақсартуға талпыныс адамға тән нәрсе, әрі ол барлық заманда, ғасырларда және де адам дамуының барлық кезеңдеріне тән болса да, осы мақсатқа адам тарапынан сирек қол жеткізілді. Өзін-өзі танып білмеген, түсінбеген және өзін қоршаған табиғат туралы ешқандай дұрыс мәліметтері жоқ адам – нәресте өз өмірін жақсартудағы талпынысына соқыр сияқты сипап сезу арқылы жетуі тиіс болды, сол себепті оның жалғанды ақиқат деп, зиянды пайда деп қабылдай отырып, көп қателесуі түсінікті де» [123, б.84].

Философия тұрғысынан келгенде, уақыт дегеніміз – өмір сүрудің басқаша атауы. Мұны тілдің өзі дәлелдейтін секілді: сын сағаты, ажал сағаты, сағаты бітті т.б. Уақыт оқиғамен тығыз байланысты, сондықтан ғалымдар уақыт бойынша циклдік оқиғалар түсінігін ұсынады: таңғы ас, түстік, ораза, рамазан, наурыз мейрамы т.б.: «Ислам **Құрбан айт** құрметіне ғана отардан құрбан шалуға рұқсат етеді, ал қырғыздар кішкентай бақытсыздықтың өзіне құдайдың атынан құдайы, тасаттық мал сояды не әруақтардың атынан обаның жанында емес, ата-бабаларының қабірінің жанында құрбан шалады» [123, б. 60]. Осылайша, тіл екі жолмен өтетін, қозғалатын уақытты көрсетеді: шеңбер бойымен, циклдік немесе сызықтық.

Кеңістік концептісі. Кеңістік әлемнің кеңдігін, көлемін, оның үйлесімділігін, үздіксіздігі мен құрылымын, көпөлшемділігін және т. б. сипаттайды. Кеңістік

тілдік тұлғаның тілінде, санасында, мәдениетінде, мифологиясында көп қырлы түрде бейнеленген. Әлем үлгілерін зерттей отырып, ғалымдар кеңістік пен уақыт категориялары өздерінің әмбебаптығы мен жан-жақты сипатына байланысты адам өмірі дамитын шектеулерді қалыптастырады, осылайша олар антропоэлекті саламен байланысты барлық басқа категорияларды анықтайды: тағдыр, құқық, әлеуметтік құрылым т.б. Бұл категориялар болып жатқан оқиғалардың пассивті шеңберін құрып қана қоймай, оларға белсенді әсер ете отырып, оқиғалардың табиғатын көрсетеді.

Дәл осы категориялар мифтік мәнге ие болып келеді. Мифологиялық әлемде болмыс ортақ орталығы бар шеңберлерді білдіреді. Ең жақын шеңбер – адамның өзі. Ал, оның шекарасын адамның сырт келбеті, денесі мен киімі айқындайды, оған қол тигізу, жанасу әртүрлі мәдениеттерде этикалық және басқа нормаларды бұзу ретінде қарастырылатыны белгілі. Келесі шеңбер – адамның үйі, оның жақын ортасы.

Бұл ретте, үй – болмыс, тіршілік ету, ал тұрғын үй – өмір сүру, мекені. Үйдің негізгі қызметі – қорғаныс. Үй – бұл кеңістіктің бір түрі, ол тек «өзім/өзімдікі» кеңістігімен байланысты. Ол жалпы ғалам бейнесіндегі байланыстырушы буын ретінде, бір жағынан үй адамға тиесілі болады, ал екінші бір жағынан адамды сыртқы әлеммен байланыстыратын дүние. Яғни, бұл сыртқы әлемнің бір түрі: үйдің құрылымы сыртқы әлемнің құрылымын қайталайды.

Адамның бүкіл кеңістігі – оның үйінің ішкі көрінісінен бастап, ғарыш кеңістігіне дейін көрінетін және көрінбейтін шекаралармен шектеледі. Бұл үйдің шекарасын білдіретін – босаға, табалдырық. Әлемнің мифологиялық моделінде ол ерекше мәнге ие. Қазақ халқы үшін босаға – үй, отбасы; тірек, орталық. Қазақтарда босағамен байланысты көптеген тұрақты тіркестер бар: **босаға аттады** (ең алғаш келін болып түсті, келін болып үйге кірді; біреудің үйіне кірді, үйіне келді, алғаш үйін көрді); **босағада жүрді** (кісі үйіне жалданды, малай болды); **босағаң берік болсын** (үйленгендерге, некелі болғандарға қарата айтылатын, жаңа отбасыларының берік болуын білдіретін тілек); **босаға сығалады** (есіктен басын ғана шығарып ішке көз тастады, есікті қалқалап қарады; әркімнің табалдырығында жүрді); **босағасы үңірейді** (орны ойсырап қалды, жоқ екені білініп тұрды); **оң жақ босаға** (киіз үй кеңістігінің әйел адамға, отанасына арналған бөлігі); **оң босағада отырған қыз** (әлі тұрмыс құрмаған, күйеуге шықпаған, ата-анасының үйінде жүрген қыз); **сол жақ босаға** (киіз үй кеңістігінің ер адамдарға, отағасына арналған бөлігі) т.б.

Ш. Уәлиханов XII-XIII ғасырлардағы Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда мемлекет атауларын киіз үймен байланыстырып, киіз үйді қастерлеп, оған ерекше мән беріп сипаттайды: «Қырғыз-қайсақтардың үйі оның көшпелі өміріне ыңғайлы: орташа көлем мен салмақтағы киіз үйді бір түйеге артуға болады... Киіз үйдің сыртына жабатын киіздің түрлері әрқалай, сондықтан атаулары да әртүрлі. Керегені жабатын төмендегі киіздер туырлық деп аталады, уықтың үстіне жататын киіздер үзік, ал шаңыраққа жабылатын төртбұрышты киіз түндік деп аталады...

Киіздердің шеті тарқатылып кетпес үшін жиектеледі, яғни, тоқылған жіппен көмкеріледі, ал үзіктің төменгі шеті – ерекше мықты жіппен, кейде мауытымен тігіліп, әр түрлі ою-өрнекпен көмкеріледі, осылармен бірге үзікті киіз үйдің ағашына мықтап бекітетін қызид жүннен тоқылған басқұр кигізіледі. Кейде есіктің жақтауы екі жағынан сүйектен ойып жасалған бейнелермен немесе қаңылтырға бастырған әшекейлермен өрнектеледі» т.б. [45, б.163-164].

Адамның айналасындағы соңғы шекара – «өз» жерінің, Отанының шекарасы. Осымен байланысты, жалпы мифологиялық кеңістікті құрылымдаудың тағы бір ежелгі нұсқасы көлденең, сызықтық модель болып саналады. Алайда, кейіннен әлемнің көп деңгейлі моделі үш өлшемге ие болып, тігінен реттеле бастайды. Кеңістік бірнеше ерекше мәні бар маңыздар түрінде жүзеге асырылады: **жоғарғы – төменгі, аспан – жер, оң – сол, шығыс – батыс, солтүстік – оңтүстік** т.б. Кеңістіктегі ең маңызды тіресім – **жоғарғы//төменгі**. Бұл тіресім қазақ тілінің көптеген фразеологиялық бірліктерінде де көрініс тапқаны белгілі. Ғалымның жазбаларында да аталған тіресім жиі орын алғанын байқауға болады: «Киіз үйдің ағаш құрамы үш бөліктен тұрады: кереге, уық және шаңырақ. **Төменгі** бөлік немесе кереге – түйіскен жерлері қайыспен байланған, көшуге киіз үйді жыққанда жеңіл жиналып, тіккенде керілетін торкөз ағаштар... Уықтар немесе иілген үшкір ағаштар киіз үйдің күмбезін құрайды, олардың **төменгі** жағы кереге байланады, ал **жоғарғы** үшкір жағы киіз үйдің төбесі – шаңырақтың жанынан жасалған тесіктерге енгізіледі» [45, б.163-164].

Оң және **сол** тіресімінің негізінде әр адамның жанында жақсы және жаман рухтар бар деген миф жатыр. Яғни, **оң** – жақсылықтың белгісі, ал **сол** – жамандықтың нышаны ретінде қабылданады. Дұрыс, жақсы дүниеге қатысты – **оңшыл, бұрыс, жаман** нәрсеге байланысты – **солшыл** деп айтылады. **Оң//сол** қарама-қарсылығы кең мағынаға ие. «**Оң**» сөзі жақсы, әділ мағынаны айқындап, ол «құқық», «шындық», «әділеттілік» т.б. сөздермен тікелей байланысты: «ісі оңға басты» - бағы жанып, тірлігі жақсара бастады, «**оң қолы**» - басшының сенімді көмекшісі, «**оң батасын алды**» - игі дұғасын, ақ тілегін алды, «**оңымен солын айырды (таныды)**», «**оң қол, сол қолын таныды**» - есейді, жақсы мен жаманды ажырата білді, «**оң жағыңмен (аяғыңмен) тұрған екенсің**» - жетістікке, бір жақсылыққа қауышқан адамға қатысты айтылады, «**оң көзімен қарады**» - шын пейілмен, ықыласпен қарады, «**оң қабағын берді**» - жылы шырай танытты, «**оңалыпты**» - жазылыпты деген мағынада т.б.

Ш. Уәлихановтың ғаламның кеңістіктік бейнесі бойынша, адам көбінесе оған тікелей іргелес кеңістікпен байланысты, өйткені адам субъективті кеңістіктің орталығы болып табылады. «Шырақты босағаның [**оң жағына**] жағады, себебі өлген кісінің аруағы қырық күнге дейін үйге келіп, балалардың жай-күйін біліп жүреді» [45, б.181]; «Қара қырғыздар екі үлкен бөлімге немесе қанатқа бөлінеді: **оңы** – «оң қанат», **солы** – «сол қанат» [122, б.44]; «...Ұрұс әскерінің **оң** қанатын 2000 қол қаңлылар, ал **сол** қанатын – Алаш мыңы құрағаны айтылады» [122, б.174]. Автор кеңістікті бақылаушы тұрғысынан да сипаттайды: алыс, алыс емес,

жақын, алыстан: «Бұл таулардың **алыс** сілемдері көгілдірленіп аспанға ұласып кеткендей көрінді» [45, б.263]; «Бізді көрген қырғыздар **алысырақ** кетуге тырысты...» [45, б.263]; «...ал бұғулықтар Сарыбұлақта болған, сондықтан бұғулықтар өздерінің жеңілістерін көршілерінің қасиетті тоғайға **жақын** орналасқанынан деп санайды» [45, б.292].

Сонымен, уақыт концептісі әр түрлі тіл деңгейлерінің бірліктері арқылы репрезентацияланады: морфологиялық – етістіктің шақ категориясы; лексикалық – уақыт мағынасы бар сөздер; синтаксистік – темпоралды синтаксистік құрылымдар. Әлем бейнесіндегі кеңістікті қабылдау әрдайым аталмыш мәдени-тарихи қауымдастыққа тән дүниетанымдық ұстанымдар жүйесінде түсіндіріледі.

Жоғарыда келтірілген тіресімдер мәселесіне байланысты, жалпы материалдық әлемнің бинарлық сипаты шындықты тану мен модельдеудің тетігін жасауға, категориялық мәртебеге ие негізгі ұғымдар туралы идеялар жүйесін қалыптастыруға тікелей әсер етеді. Конрад Лоренцтің пікірі бойынша, «құбылыстар әлемін қарама-қарсы жұптарға бөлу – бұл ретке келтірудің туа біткен қағидаты, ежелгі заманнан бері адамға тән априорлық мәжбүрлі ойлау үлгісі» [126].

Бұл ретте, «ретке келтірудің туа біткен қағидаты» жеке адамның да, бүкіл қоғамның да тілдік тәжірибесінде көрініс табады. Яғни, бұл өте қисынды, өйткені қабылдаудың дуализмі белгілі бір этностың ерекшелігі емес, әртүрлі ұлттардың өкілдеріне тән құбылыс. Шынында да, адам қоршаған әлемді континуум ретінде қабылдайды, оның ішінде «оқшауланбайтын» бірқатар тіресімді категориялар бар: олар өздерінің екінші сыңарын, өлшемін іздейді, нәтижесінде құрылымы мен мазмұны жағынан ерекшеленетін тіресімдер (оппозициялар) пайда болады.

Бинарлы тіресімді қатынастар әмбебаптық сипатқа ие болып келеді, өйткені дихотомия табиғи үдерістер мен мәдениеттің, адам тілі мен ойлаудың негізгі қасиеті болып табылады. Ұзақ уақыт бойы оппозитивтілік әртүрлі ғылыми салалар өкілдерінің ерекше қызығушылығының тақырыбы болуы кездейсоқ емес. Осыған сәйкес, айта кететін жайттардың бірі, «бинарлы тіресімділіктің» негізі дәл лингвистикалық салада алғаш рет пайда болып және мағыналық айырмашылыққа баса назар аударған ғалым Н.С. Трубецкой есімімен байланысты. Ол ғылыми қолданысқа әмбебап ұғымдарды енгізді, олар кейіннен лингвистиканың шекарасынан шығып, әртүрлі тіресімді жүйелерді сипаттауға негіз болды.

Н.С. Трубецкой 51 бинарлы құбылысты сипаттау кезінде дифференциалды ғана емес, сонымен қатар «салыстыру үшін негіз» болып табылатын инвариантты белгілерді де бөліп көрсету керек екендігіне назар аударды. Бұл жалпы салыстыруға негізі жоқ екі нәрсені бір-біріне қарсы қоюға болмайтындығына байланысты еді [127, б.72-83]. Н.С. Трубецкой келесі негіздерді ескере отырып, тіресімдердің жіктелімін ұсынады:

а) жалпы оппозиция жүйесіне қатысты (көп өлшемді және бір өлшемді, оқшауланған және пропорционалды тіресімдер);

ә) оппозиция мүшелері (жекеше, сатылы (градуалдық) және баламалы (эквиволентті) тіресімдер) арасындағы қатынастарға қатысты;

б) әртүрлі позициялардағы (тұрақты және бейтараптандырылатын тіресімдер) олардың мағыналық ажырату көлемі немесе тиімділігінің көлемі бойынша.

Тіресімділік туралы идеялардың одан әрі дамуы салыстырудың негізі, «базасы» туралы ғылыми идеялардың кеңеюімен байланысты (Т.В. Булыгина, А.А. Уфимцева т.б.). Лингвистер бинарлы дифференциалдық белгілер жүйесін қалыптастыруға қатысатын денотативті сема құруға ерекше назар аударады. Бірліктердің жұмсалымдық ерекшелігіне ғылыми қызығушылық жұмсалымдық, логикалық, семантикалық және т.б. өлшемшарттарды ескере отырып, тіресімдердің зерттеудің кешенді тәсілін қалыптастыруға талпынды.

Зерттеудің бұл аспектісі талдауға алынған категорияны іс-әрекетте қарастыруға, сөйлеу практикасында қарсылықты жүзеге асыру тетігін анықтауға қатысты сұраққа жауап табуға мүмкіндік береді. Функциядан құралдарға қарай бағытталған талдау тілдік материалды түсіну, оның жұмсалымды-мағыналық дифференциациясының шекараларын кеңейтеді. Осы тәсіл аясында тіресімнің келесі түрлері талданады: жеке (тіресім мүшелерінің бірі дифференциалды белгінің болуымен, ал екіншісі дифференциалды белгінің болмауымен сипатталады), градуалды (тіресім мүшелері бір-бірінен бір белгінің әр түрлі дәрежесін айқындауымен ерекшеленеді) және эквиволентті (тіресімнің әр мүшесі дифференциалды белгінің болуымен сипатталады).

Сонымен, кез келген ұлттық-мәдени концептосфера өзінің конфигурациясымен, жеке элементтерімен және олардың арасындағы байланыстарымен ерекшеленеді. Бұл тұжырымдамаға этникалық менталитет, ұлттық сипат және белгілі бір ұлтқа тән мінез-құлық кіреді. Осы тұрғыдан келгенде, «өзім//өзге» бинарлы тіресімі – әлемнің кез-келген тілдік бейнесінің ажырамас бөлігі, бұл «сан алуан түрлерде бүкіл мәдениетке енеді және әркімнің негізгі тұжырымдамаларының бірі болып табылады: ұжымдық, бұқаралық, халықтық, ұлттық дүниетаным» [128, б.158]. Яғни, тіл – «өзімдікін» анықтаудың негізгі критерийлерінің бірі.

Бұл қарама-қайшылық және оның ерекшеліктерін лингвистикалық ұйымдастыру мәселесі көптеген зерттеушілердің назарын аудартады. «Өзім/өзге» тіресімін арнайы зерттеген ғалымдар аз емес: Н.Э. Оразалиева, Б.М. Сүйерқұл, Р.Б. Иманалиева, А.Б. Нұржанова, Э.Н. Дүнгенбай, Ж.К. Отарбекова, Р. Фаулер, Т. ван Дейк, Р. Водак, В.В. Иванов, В.Н. Топоров, Е.С. Яковлева, Т.В. Цивьян, Л.И. Гришаева, Е.И. Шейгал, В.И. Карасик, В.А. Маслова, З.Д. Попов, И.А. Стернин, З.З. Чанышева т.б. Себебі, «өзім-өзге» тіресімі – негізгі мәдени-психологиялық категориялардың бірі болып табылады. Ол жеке адамға кеңістікті құрылымдауға және ондағы нысандардың өзіне, жеке кеңістігіне қатысты қасиеттерін анықтауға мүмкіндік береді: «Бұл тіресім әлеуметтік сипатқа ие және өмірдің әртүрлі салаларында көрінеді, ұлттық және әлеуметтік сәйкестікті қалыптастырудың негізі болып табылады. Соғыс, текетірес, қоныс аудару және т.б. түрінде көрсетілген

«өз» және «бейтаныс» арасындағы қарама-қайшылық ежелгі тамырларға ие және адам өмірінің әртүрлі аспектілеріне енеді» [129, б.33].

Жалпы мәдени антропология шеңберінде «өзім-өзге» дихотомиясы адам өмірінің әртүрлі салаларына әсер ететін әмбебап категория ретінде ұсынылады. «Өзім-өзге» тіресімі іргелі сипатқа ие және адам өмірі үшін ең маңыздысы болып саналады. Бұған дүниежүзілік тарихтың тәжірибесі және оның әлемнің құрылымы туралы негізгі бинарлы идеяны қалыптастыруға «қатысуы» дәлел бола алады. Дихотомияны түсіну үдерісі адамның қоршаған әлемдегі ұстанымы тұрғысынан жүргізілді. Тіресім, шын мәнінде, «өз әлемі / өз әлемінің адамдары – басқа әлем / басқа әлемнің жаратылыстары / басқа әлеммен байланысты өз әлемінің адамдары» арасындағы қарама-қайшылыққа негізделеді: «алғашқы тайпалар биологиялық факторды басшылыққа ала отырып, «адам – адам емес» болып бөлінді. Кейінірек бұл қарама – қайшылық «біз-олар» тіресіміне айналды, онда соңғысы сол биологиялық табиғаты бар адамдар ретінде қабылданды [130, б. 35].

Ғалымның бөтен мәдениет тек басқа мәдениеттің көз алдында өзін толық және тереңірек ашады деген пікірін қолдаймыз. Өйткені, бір мағына-мән басқа бір мән-мағынамен ұштасып, сабақтастық байланыста болу арқылы ғана өзінің тереңдігін ашады: олардың арасында осы мағыналардың, осы мәдениеттердің оқшаулануы мен біржақтылығын жеңетін диалог басталады. «Өзім-өзге» тіресімі әрдайым зерттеу нысаны ретінде өзекті болып қала береді: оның тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынастың әртүрлі формаларында көрінуі, тіресімдердің басқа түрлеріне айналуы т.б. үнемі қоғамдық сананың назарында.

Лингвистикалық зерттеудің мәдени-когнитивті парадигмасына сүйене отырып, біз «өзім-өзге» бинарлы тіресімінді «кез-келген этномәдениетте әмбебап және мәдени-спецификалық белгілері бар біртұтас когнитивті құрылым» ретінде қарастырамыз» [131, б.23]. Біздің зерттеуімізде мәдени-спецификалық белгілер – этникалық дүниетаным мен менталитеттің көрінісі, мәдениетке тән білімді айқындайды және мәдениеттің аксиологиялық саласымен және эмоциялармен байланысты болып келеді.

Ш. Уәлиханов шығармашылығының өн бойынан көзге түсетін қасиеттердің бірі – автордың кез келген тақырыпты «өзім-өзге» бинарлы тіресім арқылы жеткізуі: «Киіз үйдің ішінде **біздің** қырғыздардағыдай не төсек, не сандық, не кілем жоқ, бір сөзбен айтқанда, үйілген киізден басқа ештеңе көзге шалынбайды...Қабырғаның маңында қырғыз сұлтандарындағыдай кілеммен көмкерілген қаз-қатар тұрғызылатын сандықтар да жоқ» [45, б.288]; «**Олардың** үйінің іші оның сыртқы әсемдігіне қарама-қайшы, таңқаларлықтай кедей: **біздің қазақтардың** киіз үйіндегідей төсек жапқышы, тігілген көрпе-төсек, кілемдермен жабылған сандықтар т.б. мұның бірі де жоқ» [122, б.39-40]; «**Олардың** киімдері өте жұпыны, бай манаптан құлға дейін мақта матадан тігілген қашғарлық шапандарды киеді, аячтар жейде орнына дабадан тігілген ақ көйлектер киеді, оны тозығы жеткенше тастамай кигеннен жаңасын тігуге тура келеді» [122, б.40]; «Қайсақтардың түсінігі бойынша мешіттер, әулиелердің зираттары, жалғыз ағаш,

жапалақ және басқалары сияқты кейбір заттар мен хайуандарда болатын адам үшін игілікті қасиеттер мен табиғаттан тыс құдірет жөніндегі ұғымды қара қырғыздар тұқсан деген түркі сөзімен, яғни, тоқсан деген сөзбен береді, ал енді **біздің қазақтар** бұл ұғымды беру үшін «қасиет» деген араб сөзі мен керемет деген фәни сөзін пайдаланады» [122, б. 80]; «Қара қырғыз ауылдарының бірінде **біздің қазақ** билері мен қырғыз манаптарының арасында осы екі халықтың жақын туыстығы жөнінде бір-біріне сенім білдірген әңгіме жүріп жатады, ақырында дін мәселесіне де кезек келеді: қазақтар **олардың** діни сауатсыз екендіктерін бетіне басады. Әрине, қырғыздар **өздерін** қорғай бастайды. Қызу айтыс кезінде қазақтардың бірі сынамақ болып сұрақ қояды: «Сіздер қандай мұсылмансыздар, Пайғамбарларыңыз кім?» «Пайғамбарымыз, әрине Пайғамбар». «Ия, оның есімі кім?» Құрметке ие барлық манаптар бастарын қатырып ойланып қалады, бірақ жауабын бере алмайды. Мен **өзім** осы оқиғаның куәсі болдым, осы айтылғанға сенулеріңізді өтінемін» [122, б.85]; «Қара қырғыздар **қазақтар сияқты** қыздарын бәйгеге салмайды. Бұл құқық тек күйеу жігітке берілген» [122, б.87] т.б.

Сонымен, бинарлы тіресімдер қағидатының арқасында тілді ғана емес, сондай-ақ тілдік деңгейдегі ғалам бейнесінің авторлық концепциясын талдауға болатындығы анықталды. Ғалым еңбектерінде тағы бір айқын көрініс тапқан бинарлы тіресімдердің бірі – **«еркіндік-бодандық»**. Жалпы «Еркіндік» философияның негізгі ұғымы болып саналады. Кең мағынада «еркіндік» субъектінің адамға әсер ету дәрежесі халықтың әлеуметтік-саяси тәжірибесіне, тұратын еліне және қазіргі дәуіріне байланысты болатын сыртқы әсерден тәуелсіздік өлшемін түсіну ретінде анықталады.

Алайда, бастапқыда еркіндік ежелгі антикалық сор, тағдыр, тауқымет идеясымен байланысты болған. Қоғамдық адамның еркіндігі заңмен және әрбір жеке субъектінің заңдарды сақтау немесе бұзу жауапкершілігімен байланысты болды. Диалектикалық материализм шеңберіндегі философиялық ойдың дамуымен еркіндік туралы идея белгілі қажеттілік ретінде пайда болып, осылайша еркінді тек шектеулердің болмауы ғана емес деп түсінілді. Осымен байланысты ғалым Д.А. Леонтьев еркіндіктің екі аспектісін ажыратып көрсетеді: ішкі және сыртқы. Ішкі аспект психологиялық тұрғыдан жүзеге асатын болса, сыртқы аспект шектеулердің болмауымен анықталады [132, б.2].

Қазіргі тілтанымның лингвомәдениеттану аясында ұлттық мәдениеттердің негізгі концептілері – еркіндік пен ерік-жігер белсенді түрде зерттеледі. Жоғарыда аталған концептілерді бір концепт деп санау керек пе (Н.Д. Арутюнова) немесе оларды екі түрлі концептілерге бөлу керек пе (А.Г. Лисицын). Еркіндік – «адамның ерігін жүзеге асыру үшін сыртқы жағдайлардың болуы» [133, б.162]. А.Г. Лисицын «Еркіндік» сөзі көбінесе «жұмыс», «құлдық» сөздерінің антонимі ретінде қолданылатынын, яғни еркіндік құлдыққа қарама-қарсы түсінілетінін атап өтті [134, б.74].

Зерттеуші А.С. Солохина «еркіндік» концептісінің төрт негізгі мағынасын атап көрсетеді:

1. өз қалауы бойынша әрекет ету мүмкіндігі;
2. саяси салада шектеулер, тыйым салулардың болмауы;
3. жалпы ешқандай шектеулер мен қысымдардың болмауы;
4. еркіндіктің құлдықтың жоқтығы, түрмеде отырмау сияқты түсінігі [135, б.54-55].

Ш. Уәлиханов концепциясындағы «өзін-өзі басқару» қағидаты халықтың ұлттық бостандығы деп түсініледі. Жастайынан қазақ даласындағы орыс патшалылығының зорлық-зомбылықтарын өз көзімен көрген ол: «Өркендеудің қандай сатысында тұрса да, халықтың қалыпты өсуі үшін өздігінен дамуы, өзін-өзі қорғай білуі, өзін-өзі басқаруы және өзіндік сот жүргізу ісі қажет», - деп көрсеткен [123, б.103]. «Абылай» атты еңбегінде оның сыртқы саясаты стратегиясының дипломатиялық жолмен қазақ хандығының тәуелсіз өмір сүріп қалуға, қазақ мүддесіне жат сыртқы күштердің өз үстемдігін орнатуына қарсы бағытталғанын анық көрсетеді: «Жоңғарлар, еділ қалмақтары, жайық казактары мен башқұрттар тұс-тұстан олардың ұлыстарына ойран салды, малды айдап кетіп, қырғыздарды тұтас отбастарымен тұтастай тұтқындады. Тәңірінің сынағы сияқты ызғарлы қыс, жұт пен аштық олардың қайғысын ауырлатты. Орынбордағы қырғыз бір басшы өз жерлерінің аянышты жай-күйін бір топ ит қуған қоянның жағдайымен салыстырады» [123, б.119]; «Барлық жерде мейірімсіз жоңғарлардың қуғындауындағы қырғыздар үріккен киіктер сияқты мүліктерін, балаларын, қарттарын, үй-іші бұйымдары мен көтерем малдарын жолда қалдырып, оңтүстікке қашады да, Ортаңғы орда – Самарқанд маңайына, Кіші – Хиуа мен Бұхарада, ал буруттар – Болордың аяқ жетпес шатқалдарына тоқтап, үреймен дүрлігіе Гиссар төңірігіне дейін жетеді. Ортаазиялық құмды даладан шырайлы жайылым таппай және де жаңа көршілермен жауласып қалған қырғыздар **алып Ресей шекараларынан көмек пен қамқорлық іздеуге мәжбүр болды**» [123, б. 120]; «Азаматтық дамуға күмәнсіз артқан миллиондаған адамдардың тағдыры, өздерін отаны жағынан орыс бауырларымыз деп есептеп, еркімен орыс бодандығына түскен адамдар, сірә, болу болмау түрінде шекспирше рәсімделген осындай батыл мәселеде үлкен ықылас пен зор қайырымдылық көруге лайықты» [123, б.88]; «Орыс ұлықтарының әрбір іс-әрекетінен қырғыздар тек бір ғана залымдықты, олардың тағдыры мен жеңілдіктеріне қол сұғушылықты көрді» [123, б. 89] т.б.

Осымен байланысты, өз халқының адал перзенті Шоқанның азаматтық бейнесі де, зерттеу еңбектерінің маңызы мен мәні де «білім-білімсіздік» бинарлы тіресімі арқылы айқындалады: «Халық тұрпайы әрі топас, соның салдарынан не нәрсеге де немқұрайлы, салғырт қарайды, сондықтан халық пікірінің уәжі мен бағыты мыңдаған кездейсоқ, сірә, ұсақ, аса маңызы жоқ, түкке тұрмайтын жағдайларға тәуелді» [123, б.84]; «Барлық заң шығарушылар мен реформаторлардың бұл тұрғыда қоғамдық пайда тұрғысынан ойланғандарына күмән жоқ, алайда түрлі ғасырларда қоғам дамуы үшін ненің пайдалы, ненің зияндылығы туралы түсінік әр түрлі болған, енді қазір біздің арамызда да көптеген тұрпайы болжамдар орын алып жүр, ғылым олардың қателіктері мен негізсіздігін

дәлелдесе де, олар ескі тәртіп бойынша және өткен аңыздарға байланысты қалыптасқан дағды бойынша мызғымас тұжырым ретінде сенімге кірген» [123, б.84]; «...біз, еуропалық, жалпыадамзаттық білімді меңгеру және осы мұратқа жетудегі кедергілермен қажырлы күрес – мәдениетке бет алған, сондай-ақ дамуға қабілетті кез келген халық үшін ақырғы мақсат болуы тиіс деп ойлаймыз. Мәдени күтімнің үй жануарларының тұқымын жақсартатыны сияқты мәдениет те адам организмін жақсы жағына қарай өзгертуі мүмкін. Еуропалық жаңғыртылған идеяларды қабылдауға қырғызды қабілетті ету үшін, оның бас сүйегі мен жүйке жүйесін білім беру арқылы алдын ала жетілдіру керек» [123, б.86]; «Халық үшін осыншалық маңызды істе қырғыздардың осы түсініксіз салғырттықтарының себептері мынада болды: біріншіден, өз мүдделерін түсінбеу және білімсіздік; екіншіден, қырғыздар өздеріне оқылатын нәрселерді түсінуге әзір емес еді және олардан тез арада жауап талап етілетініне алдын ала дайындалмаған еді» [123, б.89] т.б.

Ғалымның кез-келген еңбегі әлемді қабылдаудың және ұйымдастырудың жеке авторлық әдісін қамтиды, осылайша әлемді концептуалдаудың жеке нұсқасын жүзеге асырады. Автордың әлем туралы ғылыми-танымдық білімі адресатқа бағытталған идеялар жүйесі болып табылады. Бұл жүйеде әмбебап жалпы адамзаттық біліммен қатар автордың ерекше, бірегей, өзіндік идеялары бар. Осылайша, ғылыми-танымдық мәтіндегі әлемнің концептуалдануы бір жағынан әлемдік тәртіптің әмбебап заңдылықтарын, ал екінші жағынан жеке, бірегей идеялардан құралады.

Концептілер мен семантикалық өрістер жүйесі ғалым әлемінің жеке бейнесі туралы түсінік береді. Осы орайда, XIX ғасырға тән аксиологиялық көзқарастарды жүзеге асыратын элитарлық тілдік тұлға концептосферасы ерекше қызығушылық танытады. Шоқанның дүниетанымдық концептілері – бұл күрделі формациялар, автордың тілдік санасына қол жеткізу тәсілі, бұл автордың адамдағы рухани және материалдық, жақсылық пен зұлымдық, шексіз және уақытша т.б туралы идеяларын ашуға мүмкіндік береді және жоғары интерпретациялық әлеуетке ие.

Ұлттық концептілер мен концептосфералар белгілі бір дәрежеде субъективті, сондықтан оларды дәл анықтау мүмкін емес, бірақ оларды сипаттауға болады. Дегенмен, концептілерде ұлттық менталитет пен қоғамның мәдени бірегейлігі, оның тарихи тәжірибесі мен дүниетанымын ерекшеліктері көрініс табады. Ғалым тілдік тұлғасының концептуалды кеңістігі ғылыми және кәсіби қызметтің әртүрлі салалары туралы белгілі бір білім мен идеялар жүйесінен құралады. Тәжірибеге, қарастырылатын мәселелердің кеңдігіне байланысты мұндай концептуалды кеңістік бірқатар концептосфераларды қамтиды. Ғалымның концептуалды кеңістігі тілтанушы, тарихшы, әдебиетші, мәдениеттанушы және т. б. концептосфералардан тұрады.

Автордың концептуалды кеңістігінің негізі, біздің ойымызша, тарихи маңызы бар тілтанымдық мәселелер жүйесі болып табылады, өйткені ол (жүйе) тілді этникалық тарихтың іздерін сақтайтын үнемі дамып келе жатқан және

динамикалық жүйе ретінде түсінуге әкеледі. Қоғамда өмір сүріп жұмсалатын тіл өзгермей тұра алмайды. III. Уәлиханов тілдік тұлғасының концептосферасы, тілді оның дамуының қазіргі кезеңінде зерттеу оның даму заңдылықтарын қарастыруды қамтитынын, бұл тіл тарихы мен халық тарихының, оның материалдық және рухани мәдениетінің өзара әрекеттесуінің күрделі нәтижесі екенін дәлелдейді.

Екінші тарау бойынша тұжырым

Шоқан Уәлихановтың тілдік тұлғасы – қазақ ғылымының бастамашысы, әмбебап ғалым ретінде элитарлық сөйлеу мәдениетінің нағыз иесі болып табылады. Автордың кәсіби сөйлеу тәжірибесінде екі негізгі үрдіс біріктіріледі: қазақ тілінің нормаларын қатаң сақтайды және жалпы қазақ ғылымының метатілін алғаш қалыптастырушы және ғалым ретінде тілдік тұлғаның интегралды құзыреттілігінің жоғарғы деңгейін айқындайды.

III. Уәлиханов шынайы элитарлық мәдениеттің эталоны да элитарлық сөйлеу мәдениетін көрсете білген ғалым (өкінішке орай, қазіргі таңда мұндай сөйлеу мәдениетінің көріністері жоқтың қасы десек те болады; алайда, қайта қалпына келу мүмкіндігін жоққа шығармауымыз қажет). Ғалымның тілдік тұлғасы элитарлық сөйлеу мәдениетінің келесі аспектілерін айқындайды: 1) авторлық дискурс пен мәтінтүзушіліктің, сонымен қатар өзгенің мәтіні мен дискурсының сапалы қабылдануын, түсінуін, талдау мен интерпретациясын қамтамасыз ететін, рецептивті-аналитикалық, репродукциялық-конструктивтік, өнімді-шығармашылық көрсеткіштеріндегі сөйлеу-ойлау қызметі техникасының еркін меңгерілуі; 2) шығармашылық қызмет барысында тілдік және этикалық нормаларға сәйкес «коммуникация субъектісі – мақсат – мазмұн – тілдесім ахуал-жағдайы» өлшемшаттарымен айқындалатын, ең алдымен коммуникативтік жағдаятты кең көлемде әрі ауқымды түрде танып білуге негізделетін сөйлеу мәдениеті принциптерінің үйлесімді түрде қатаң сақталуы.

III. III. Уәлиханов мәтіндерінің лексикалық деңгейі терминдер қолданысының кең ауқымымен ерекшеленеді. Бұл заңды құбылыс. Өйткені, ғалым мәтіндерінің басым көпшілігін ғылыми стильге жатқызамыз. Әрине, очерк жанрындағы да еңбектері де аз емес. Бірақ, ғалымның мәтіндері арнайы дайындығы жоқ адамдарға да ұғынықты, тілі жеңіл, себебі арнаулы лексика мән-мағынасына метафоралар, нақты мысалдар мен сипаттамалы анықтамалар арқылы түсініктеме беріліп отырады.

III. Уәлихановтың тілдік тұлғасы құрылымының танымдық деңгейінде ғалымның жеке тұлғасына тән келетін және де ұлттық мәдениет пен әлеуметтік ортаның әсерінен қалыптасқан мән-мағыналар вербалды түрде көрініс тапқан. Бұл ретте, ғалымның жалпы жеке тұлғасын жете түсіну үшін қажетті және ғалым аса маңызды деп таныған менталды құрылымдар, индивидуалды-жеке мән-мағыналар сөз етіледі, яғни жеке тұлғаның құндылықтар жүйесі тұрақты, базалық мән-мағыналар деп таныған категориялар. Аталмыш концептілер тек ой елегінен өткізіліп қана қоймайды, олар жан күйзелісінің де нәтижесі іспетті болып келеді.

Ш. Уәлиханов үшін ең маңызды концепт – бұл оның бүкіл қызметінің негізгі бағытымен тікелей байланысты «қазақ» концептісі деп есептейміз. Ғалымның қазақ халқының шығу тегі туралы ой-пайымдауларының ұлттық-танымдық маңызы аса зор. Қазақтың көшпелі мәдениетінің, атап айтқанда жазу-сызу тарихы сонау ерте заманда тасқа қашалып жазылған тарихын айқындайтын басты дерек қазақ халқының шығу тегі болып табылады. Ш. Уәлиханов қазақ халқы тарихының кейбір үзінділері өркениетті елдердің жылнамаларындағы деректермен астасып жатыр деп көрсетеді. Ұлы ғалым жазба ескерткіштердің мазмұнына баса назар аудара отырып, халықтың ауыз әдебиетіндегі деректердің аса маңыздылығын атап көрсетеді.

Ғалымның негізгі тұжырымдарының бірі: қазақ руханияты мен қазақ менталитетінің өзіндік ерекшелігі оның ең маңызды бөлігінде жалпытүркілік рухани дамуының ең жоғары формасы ретінде ұсынылуы. Қазақтың рухани бірегейлігінің бүгінгі өзін-өзі тануы үшін маңызды Ш. Уәлихановтың негізгі, басты ұлттық-мәдени идеясы – ұлттық болашақтың модельдері өткенге негізделеді деген тұжырымы. Жаңа, жаңашыл дүниелердің барлығы – ескірмейтін, қартаймайтын, өткен уақытта орын алса да, бірақ ұмытылса да өлмейтін және өзектілігін ешқашан жоймайтынымен ерекшеленеді.

3 ҒАЛЫМНЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒА ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ

3.1 Тілдік тұлға теориясы аспектісіндегі «прецеденттік мәтін» ұғымы

Тілдік тұлға категориясын талдаудың коммуникативтік ортада жүзеге асатын прагматикалық деңгейі болып табылады. Прагматикалық немесе уәждемелік деңгей тілдік тұлғаның құрылымындағы ең жоғары деңгей болып саналады және оның коммуникативтік белсенді қажеттіліктерімен сипатталады. Ол тұлғаның прагматикасымен жеткізіледі, яғни жеке тұлғаның дамуына түрткі болатын уәждерді, мақсаттар мен ниеттерді анықтауды қамтиды. Бұл деңгей ең жоғарғы болып саналады, өйткені тілдік тұлғаның прагматиканыңда жеке адамның қалауы мен бағалауы айқынадалады. Прагматика адамның тілде көрініс табатын әлемге деген субъективтік қарым-қатынасы, оның психологиялық ұстанымдары мен мінез-құлықтары, олардың арасындағы түрлі байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді.

Прагматикалық деңгейдің бірліктері прецеденттік мәтін және прецеденттік таңба екені көпшілікке мәлім. Бұл бірліктер тілдік тұлға әлемінің құндылықтық бейнесін бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеуіміздің бұл бөлімінде Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасы дискурсындағы прецеденттік атаулар мен прецеденттік мәтіндер қарастырылады. Оларды талдау арқылы ғалымның дүниетанымын, ғалам бейнесін, оның тілдік тұлғасының прагматикалық деңгейін айқындауға болады. Ш. Уәлиханов дискурсындағы прецеденттік мәтіндер мен прецеденттік атаулар белгілі бір мақсаттармен, уәждермен, жағдаяттық интенциялармен сабақтасатын оның тілдік тұлғасының терең қасиеттерін сипаттауға негіз бола алады. Сонымен бірге, тілдік тұлғаның прагматикалық деңгейін талдау барысында оның өмір сүруіне тікелей әсер ететін лингвистикадан тыс деректерге ерекше назар аудару қажет.

«Прецеденттік мәтін» ұғымын алғашқылардың бірі болып ғылыми айналымға енгізген кеңестік ғалым Ю.Н. Караулов: «танымдық және эмоционалдық қатынастардағы белгілі бір тұлға үшін маңызды, тұлғадан тыс сипатқа ие, яғни, белгілі бір тұлғаның кең ортасына, оның ішінде өзіне дейін өмір сүрген және замандастарына жақсы таныс, сайып келгенде, осы тілдік тұлғаның дискурсында бірнеше рет қайта-қайта айтылуға, қолданылуға қабілетті мәтін» [1, б.267]. Ю.Н. Караулов Д.О. Добровольскиймен бірге олардың қатарына әдебиет шығармаларының атаулары мен белгілі шығармалардағы дәйексөздерді жатқызады. Тек кейінірек прецеденттік мәтіндерге мақал-мәтелдер, нақыл сөздерді, тіпті сөйлеу актілерін де қатыстыру үрдісі байқала бастады. О.В. Лисоченко сонымен қатар прецеденттік мәтіндерге жалқы есімдер мен антропонимдерді жатқызады. Ал, тіл зерттеушісі О.В. Лисоченко да прецеденттік мәтіндер деп тек жалқы есімдер мен антропонимдерді санайды [136].

Белгілі ғалым Г.Г. Слышкин өзінің «Прецеденттік мәтіндердің лингвомәдени концептілері» атты еңбегінде Ю.Н. Карауловтың кейбір шектеулерімен келіспейді

және аталған термин мағынасынның шеңберін едәуір кең түрде анықтайды. Автор Ю.Н. Карауловқа қарағанда: «салыстырмалы түрде қысқа мерзімде прецедентке айналатын және белгілі бір тілдік тұлғаның өзіне дейін өмір сүрген адамдарға белгісіз, сонымен қатар ана тілінде сөйлейтіндердің ұрпағы өзгергенге дейін қолданыстан шығатын мәтіндер де бар (мысалы, жарнама, анекдот). Дегенмен, олардың прецеденттік кезеңінде бұл мәтіндер құндылық мәніне ие және оларға негізделген реминисценциялар көбінесе осы уақыт аралығындағы дискурста жиі қолданылады» [137, б.22]. Осылайша, ғалым прецеденттік мәтін бойынша ол белгілі бір мәдени топ үшін құндылықтық мәні бар, біртұтастық пен үйлесімділікпен сипатталатын кез-келген таңбалық бірліктер тізбегін түсінуді ұсынады [137, б.22].

Е.А. Баженова прецеденттік мәтіндерді «автор үшін маңызды анықтамалық ақпаратты өзектендіріп, оқырманның «мәдени жадына» жүгінуге итермейлейтін шығармадағы сөйлеудің мағыналы бірліктері», - деп түсінеді [138, б.108]. Ал, М.П. Егорьеваның пікірінше, танымал тұлғалардың есімдерін, мысалы Чубайс, Путин дегендерді прецеденттік деп тану жеткіліксіз. Себебі, бұл мәтін мен сөз арасындағы шектерді әлсіз етіп, мынадай «танымал» және үнемі «қайта келтірілу» секілді анықтамаларға сәйкес келе бермейді [139, б.3]. Б.Ж. Каримова: «прецеденттер мәтіндерге ешбір өзгеріссіз де және түрлендірілген, өзгертілген (сандық) түрде де енгізілуі мүмкін, өйткені олар әртүрлі мәтіндердегі жиілік қасиетінің арқасында адамдардың кең ауқымына жақсы белгілі» [140, б.276]. Осы орайда, О.В. Лисоченконың мына бір тұжырымы ойға қонымды: «case text деп біз жаңадан жасалған мәтінге енгізілген алдыңғы мәтін көзінен алынған мәтіндік үзінді деп атаймыз» [136, б.4]. Біз өз жұмысымызда Ю.Н. Карауловтың прецеденттік мәтінінің кең тұжырымдамасына тоқталамыз. Мәтінде мәтінді қолдану жаңа әдіс емес екенін де ескеру маңызды деп санаймыз.

Бұл ретте қазақ тіл білімінде прецеденттілік мәселесін арнайы зерттеген ғалымдар Т. Жанұзақов, Т. Қоңыров, Г.Б. Мәдиева, Б.М. Сүйеркұл, Е. Керімбаев, Г.А. Қажығалиева, С.Қ. Иманбердиева, В.И. Жумагулова т.б. «Лингвомәдени жүйеде анықталатын қазақ тіліндегі прецеденттік бірліктер көне дәуірлерден этникалық ақпарат жеткізетін тарихи, мәдени және рухани әлеуметтік құбылыс. Осы жүйеге кіретін прецеденттік бірліктердің бойынан халықтың этномәдени және тарихи болмысына қатысты алуан түрлі ақпараттар көрініс табады» [140, б.104].

А.Ш. Каппасова мен А.С. Адилованың тұжырымындауынша: «...әртүрлі тарихи кезеңдерде пайда болған ән мәтіндері, прецедентті айтылым түріне жататын мақал-мәтелдер, афоризм мен сентенциялар, ақын-жазушылар шығармаларынан алынған прецедентті мәтіндер, прецедентті феномендер тобын құрайды» [141, б.36]. Осыған орай, ғалымдар прецеденттік мәтіндердің түрлі қызметтерін қарастырады. Осымен байланысты, Д.Б. Гудкова мынадай қызметтер түрлерін ажыратады: бағалау, экспрессивті және құпия сөз [142]. Оның қысқалығы мен дәлдігіне байланысты Г.Г. Слышкиннің типологиясы сәл өзгеше: ол құпия сөз

функциясына номинативті, сендіру және людикалық қызметтерді жатқызады [137, б. 98].

Лингводидактикалық дискурстағы мәдени сипаттағы прецеденттік мәтіндер көбінесе бағалау функциясын орындайды және ол «өзгеден алынған мәтінге авторлық қатынасты білдірмейді» [143, б.14], ал өзгеден алынған мәтін арқылы адамға, затқа, жағдайға деген көзқарасты білдіруде, яғни прецеденттік атаулар, дәйексөздер немесе прецедент-мифологеманың өзі эмоционалды бағалау құралы болып табылады, ол үшін «сөйлеушінің объектіге эмоционалды қатынасын білдіру сияқты бағалаудың ұтымды негізі маңызды емес» [136, б. 162-163].

Құпия сөз қызметі барлық үндеу мәтіндеріне тән емес. Бұл қызмет адамды белгілі бір этникалық, әлеуметтік, саяси немесе жас топтарына жатқызудан көрінеді. Егер автор өзінің немесе сипатталған адамдардың белгілі бір топтарға жататынын, яғни жас айырмашылығын, білім деңгейін және сол сияқтыларды атап көрсеткісі келсе, ол қолданатын прецеденттік мәтін құпия сөз қызметін атқарады. «Құпия сөз топ аралық қақтығыс жағдайында прецеденттік мәтін тұжырымдамасының әлеуеті ерекше орын алатын сәтінде, яғни «өзімді» «өзгелерден» бөлу туралы мәселесі ең өзекті болған кезде аталған сөз қызметі айқын түрде көрініс табады» [137, б. 88].

Аталымдық қызметтің мәні де түсінікті. Ол құбылыстар мен шындық нысандарын атаудан, сондай-ақ осы объектілерден әсер қалыптастырудан тұрады. Қызмет барлық прецеденттік мәтіндер үшін іргелі болып табылады және әдетте дәйексөз арқылы жүзеге асырылады. Көбінесе аталымдық қызмет салыстыру және перифразалар сияқты әдістерді біріктіреді. Г.Г. Слышкин персуазив қызметі туралы былай дейді: «Прецеденттік мәтін әдетте белгілі бір мәдени беделге ие және ана тілінде сөйлейтіндердің құрметіне (кейде ғибадат етуіне) ие мәтін болып табылады. Бұл коммуникативтік қатысымға түскен адамға өз көзқарасына сендіру үшін прецедентті мәтінді қолдану мүмкіндігін анықтайды, яғни персуазивті функциядағы мәтіндік концептіге жүгіну» [137, б.33]. Бұл қызмет, әдетте пікірталас, дискуссия т.б. барысында қолданылады.

Людикалық қызмет, шын мәнінде, басқаша айтқанда, бұл тілдік ойын. «Көркем шығармалардан, танымал әндерден, афористік типтегі танымал сөздерден және т.б. дәйексөздер сөйлеушінің сөйлеуін әзіл-қалжыңға аудара отырып, экспрессия құралы ретінде қолданылады. Әдетте, дәйексөздер хабарламаның екі жазықтығын (дәйексөз – ағымдағы хабарлама жобаланатын фон) құра отырып, кеңейтілген бейнелі мағынада әрекет етеді» [137, б.55]. Көбінесе людикалық қызмет аталымдық функциядан іс жүзінде бөлінбейді, әр жағдайда бір функцияның екіншісінен көп немесе аз дәрежеде басым болуы туралы айту дұрысырақ.

Сонымен, Ю.Н. Караулов ұсынған термин ғылыми ортада сұранысқа ие болып, нәтижесінде «прецедент» анықтамасын қамтитын көптеген мәндес ұғымдар айналымға түсе бастады. Біз зерттеуіміздің бірінші тарауында ішінара аталған мәселені сөз еткен болатынбыз. Ендігі жерде, бұл сұраққа арнайы

тоқталуды жөн санадық. Прецеденттік құбылыстардың тақырыптық топтары бойынша жіктеуді осылайша, ажыратуға болады: прецеденттік мәтін – сөйлеу әрекетінің толық және өзін-өзі қамтамасыз ететін өнімі; компоненттері мәндерінің қосындысы оның мағынасына тең келмейтін күрделі таңба; прецеденттік мәтін ұлттық-мәдени қауымдастықтың кез келген орташа мүшесіне жақсы таныс; прецеденттік мәтіндерге жүгіну осы мәтінмен байланысты прецеденттік айтылымдар немесе прецеденттік атаулар арқылы қарым-қатынас үдерісінде бірнеше рет қайта қолданылуы мүмкін. «Прецеденттік мәтіндер қатарына көркем әдебиет шығармалары (мысалы, «Евгений Онегин», «Бородино»), әндер мәтіні, жарнама, саяси публицистикалық мәтіндер т.б. жатады» [144, б.62-68].

Прецеденттік есімдер – әр түрлі уақыт кезеңдерінде ғалымдар қолданған ұғым (В.В. Красных, Д.Б. Гудков, Г.Г. Сергеева, И.С. Вацковская, Е.А. Нахимова т.б.). «Бұл мәтінде белгілі бір адамға (жағдаятқа, қалаға, ұйымға және т.б.) сілтеме жасау үшін емес, белгілі бір қасиеттердің, оқиғалардың, тағдырлардың символы ретінде қолданылатын танымал жалқы есімдер», - дейді Е.А.Нахимова өз жұмысында [145, 2 б.07]. Сондай-ақ В.В. Красных, Д.Б. Гудков және Ю.Е. Прохоров қолданған «прецеденттік жағдаят» ұғымы да пайда болды – коннотациялар жиынтығымен байланысты белгілі бір «эталондық», «идеалды» жағдаят, олардың дифференциалдық белгілері когнитивті базаға енеді [144, б. 62-75].

«Прецеденттік есім және прецеденттік айтылым прецеденттік феномендердің символы ретінде» атты өз жұмысында В.В. Красных «прецеденттік айтылым» ұғымына келесі анықтама береді: «рефлексиялық әрекеттің репродукцияланатын өнімі; предикативті болуы немесе болмауы мүмкін толыққанды және маңызы бар бірлік; компоненттері мәндерінің қосындысы оның мәніне тең емес күрделі таңба; когнитивті база прецеденттік айтылымының өзін қамтиды; прецеденттік айтылым орыс тілділердің сөйлеуінде бірнеше рет қайталанады. Айтылымдар саны әртүрлі сипаттағы мәтіндердегі дәйексөздер, сондай-ақ мақал-мәтелдерге тиесілі (мысалы, «жалғастыр»)» [144, б.75].

Прецеденттік мәтіндердің тағы бір жіктелімі бар, атап айтқанда танымалдылық дәрежесі. Ол В.В. Красныхтың тұжырым және екі тармақтан тұрады:

1. кез-келген заманауи адамға белгілі әмбебап-прецедент;
2. *columna-case* белгілі бір қоғамның кез келген орташа мүшесіне белгілі; *national case-law* белгілі бір лингвомәдени қауымдастықтың кез келген мүшесіне таныс мәтін [146, б.75].

Н.А. Кузьмина бірінші топты «күшті мәтіндер», уақытпен тексерілген және екі ұрпақтан астам ұлттық мәдениетте бар» (бұл негізінен әдеби классика, діни кітаптар, есімдер мен оқиғалар, олар ұзақ уақыт бойы халық жадында қалады) деп санайды. Екіншісінде – «ағымдағы сәттің негізгі мәтіндері», олар өте қысқа мерзімде өте белсенді болады (жарнама, көріністер, сериалдар, саяси және жарнамалық ұрандар және т. б.) [147, б.86].

Преценденттік құқық концепцияларын бастапқы мәтін бойынша жіктеу еңбір қалыптасқан дәстүр болып саналады. Мұндай жіктелімдердің де саны өте көп. Мысалы, Е.Г. Ростова келесі жіктелімді ұсынды:

1. Орыс мәдениетінде пайда болған мәтіндер: фольклор, авторлық мәтіндер, әзілдер, ұрандар және т. б.;

2. Орыс тіліне аударылған белгілі мәтіндер, сондай-ақ шет тілдеріндегі мәтіндер (көбіне латын тілінде, сирек француз және ағылшын тілдерінде);

3. Шетелдік мәтіндер негізінде пайда болған орыс мәтіндері. Мұндай мәтіндер мәдениаралық диалогтың нәтижесі болып табылады, өйткені олар орыс мәдениетіне механикалық түрде берілмеді, бірақ онда белгілі бір дәрежеде интерпретацияланады. Шетелдік тарих пен мәдениеттің белгілі фактілерінің материалына негізделген орыс мәтіндері бір топқа жатады;

4. Бір елден екінші бір халық ауыз әдебиетіне сіңісіп кеткен «халықаралық» әңгімелерінен (әсіресе ертегілерден) туындаған фольклорлық және авторлық мәтіндер;

5. Жалпы адамзаттық преценденттік мәтіндер негізінде пайда болған мәтіндер [148, б.7-15].

Бұл жіктелім Е.Г. Ростованың орыс тілін оқитын шетелдіктерге арналған оқулығында ұсынылған. Мұндай жіктелім сөзсіз ыңғайлы, бұл «шетелдік студенттердің орыс мәдениетімен танысуын жүйелеуге, зерттелетін және отандық мәдениеттердің ортақ тұстарын сипаттауға» мүмкіндік береді [149, б.16]. Алайда, Г.Г. Слышкиннің преценденттік мәтіндерді зерттеу барысында шет тілін оқып жатқан студенттерге жүргізген сауалнамалары «преценденттік мәтіндер ұғымдарының иелері үшін орыс тіліндегі түпнұсқа мәтіндер мен өзге тілдік әңгімелер негізінде пайда болған мәтіндерден ерекшеленбейтіндігін» көрсетті [137, б.86]. Бұл жіктелімнің негізінде автохтондылықтың белгісі (осы аумақтың шығу тегі, жергілікті, байырғы) жатыр, ол бұл жағдайда маңызды емес, сонымен қатар оның негізінде құрылған типология. Ю.Н. Караулов аталған мәтіндердің төрт түрін анықтайды: 1) дәйексөз; 2) тақырыпша; 3) автор есімі; 4) кейіпкер есімі [1, б.148].

Ю.Н. Карауловтың тұжырымдамасында тақырыптық мәтіндердің қатарына тіпті вербалды емес құбылыстар да кіреді: сәулет, кескіндеме, музыка туындылары да мәтіндердің бір түрі [1, б.67]. Ал, Г.Г. Слышкин преценденттік мәтіндер дереккөздерінің төмендегідей жіктелімін ұсынады:

1) саяси плакаттар, ұран-үндеулер мен афоризмдер;

2) марксизм-ленинизм классиктерінің және Кеңес мемлекеті басшыларының шығармалары;

3) тарихи афоризмдер;

4) классикалық орыс және шетел әдебиетінің классикалық шығармалары, соның ішінде Киелі кітап та жатады;

5) ертегілер мен балалар өлеңдері;

6) жарнама мәтіндері;

- 7) анекдоттар;
- 8) мақал-мәтелдер, жұмбақтар, санамақтар;
- 9) кеңестік әндер;
- 10) шетелдік мәтіндер [137, б.37].

Оның жіктелімі өте егжей-тегжейлі болып саналады, бірақ жоғарыда аталған дереккөздердің кейбіреулері іс жүзінде кездеспейді. Осы себепті, прецеденттік мәтіннің қайнар көзін анықтаған кезде А.Б. Лихачеваның классификациясына жүгінеміз. Ол мыналарды бөліп көрсетеді:

- 1) көркем шығармалар;
- 2) белгілі тұлғалардың айтылымдары;
- 3) әндер;
- 4) мақал-мәтелдер;
- 5) фильмдердің атаулары және олардың дәйексөздері;
- 6) Інжіл және ежелгі мәтіндер.

Осылайша, қазіргі уақытта тақырыптық мәтіндер салыстырмалы түрде жақында зерттелгеніне қарамастан, әдебиетте де, ғылыми әдебиеттер де, бұқаралық ақпарат құралдарында да тақырыптық мәтіндердің типологиясы мен жіктеліміне арналған көптеген еңбектер бар деп айтуға болады. Сонымен, Ю.Н. Караулов «прецеденттік мәтіндерді» төмендегідей анықтайды:

1. танымдық және эмоционалды қатынастардағы белгілі бір тұлға үшін маңызды мәтіндер;
2. жай тұлғалық сипаттан жоғары мәнге ие мәтіндер, яғни белгілі бір тұлғаның, оның ішінде оған дейін болған ұрпақ пен замандастарының кең ортасына белгілі мәтіндер;
3. аталған тілдік тұлғаның дискурсында бірнеше рет қайта-қайта қолданылатын мәтіндер.

Прецеденттік мәтіннің құрылымы халықтық, кеңестік және әлемдік классиктердің шығармаларынан қалыптасады, оған фольклорлық шедеврлер де кіреді. Прецеденттік мәтіндер әсер ету функциясының құрамдас бір бөлігі болып табылады. Реципиенттің аялық біліміне жүгінетін ғылыми-публицистикалық мәтін оқырманның ақпаратты қабылдау сипатына әсер етеді. Адресанттың адресат санасына әсер ету әрекетінің көрсеткіші – айтылымның эмоционалды-экспрессивті бояуы болып табылады. Экспрессивті әсер бір-бірінен мазмұны жағынан тәуелсіз элементтердің мәтіндік үйлесімділігі арқылы жасалады. Бұл элементтер мәнмәтінде жақсы үйлеседі және оқырманға белсенді әсер етеді.

Прецеденттік мәтіндер белгілі бір мәдени беделге ие және ана тілінде сөйлейтіндердің құрметіне ие мәтін. Бұл қатысымға түсушіге өз көзқарасына сендіру үшін оны пайдалану мүмкіндігін анықтайды, яғни прецеденттік құбылыстағы мәтіндік концептіге жүгіну – мәтінде сипатталған оқиғалар мен коммуниканттар үшін өзекті жағдай арасында параллель жүргізу болып саналады.

Прецеденттің мәтіннен тыс аспектілерін дәлел ретінде қолданған кезде мәтін белгілі бір мағыналар жиынтығын қамтитын авторлық сөз ретінде емес, белгілі бір

жағдайларда жасалған және мәдениеттің артефактісі ретінде қабылданады. Әсер ету қызметі – прецеденттік мәтіндердің негізгі функциясы болып табылады. Прецеденттік мәтіндер жалпы, аялық білімге жүгінеді және оларды қолдану іс жүзінде шексіз болып келеді. Көбіне, прецеденттік мәтіндер мәтінге құрылымын немесе семантикасын өзгерте отырып енгізіледі және өзінің «таза» (бастапқы күйінде) түрінде сирек кездеседі.

Өз кезегінде, бұл өзгерістер арқылы эмоционалды-экспрессивті әсердің жоғарылауымен де, шығарманың белгілі бір аудиторияға арналғандығымен де байланысты болуы мүмкін. Ол, әрине сол бір маңыз-мәнді, жағдаятты қалпына келтіру үшін барлық қажетті аялық білімге ие, прецеденттік мәтіндердің негізгі топтарының мәтінін қабылдауға қажетті ахуал-жағдайына бейімделу: әдеби, музыкалық (ән), поэтикалық, ұрандар, діни, тарихи т.б. Прецеденттік мәтіндердің тарихи, мәдени және белгілі бір елге тән келетін құндылығы бар. Оларды үлгілі мәтіндер деп атауға болады, оларды зерттеу коммуникативті ғана емес, мәдениаралық құзыреттілікті арттыруға ықпал етеді.

Прецеденттік мәтіндерді білу осы дәуірге, оның мәдениетіне қатыстылығының көрсеткіші болып табылады, ал онымен таныс боламушылық, керісінше, тиісті мәдениеттен бас тартудың алғышарты болып есептеледі. Сөйлеушінің сөйлеу әрекеті ретінде қарастырылатын прецеденттік мәтін әрдайым авторға да, оқырманға да бағытталған бірлік болып табылады. Қысқасы, прецеденттік мәтін – бұл өткен мен қазіргі арасындағы адамдардың жадындағы «мәдени көпір», оқырманның санасында ашық мағына үдерісі оянатын «үзінді». Бұл тілдік тұлға мен мәдениаралық қарым-қатынас үдерісінде құзыреттіліктің қалыптасуына ықпал етеді.

Прецеденттік мәтіндер корпусының ұлттық шарттылығы, оның идеялары, лингво-мәдени қауымдастықтың когнитивті базасындағы осы мәтіндердің өзектік жағдайы тілдік сана мен мәдениаралық коммуникацияның ерекшеліктерін қарастыруға аталған феномендер (мәтіндер, айтылымдар, атаулар) зерттеу қажеттілігін анықтайды. Әрбір тірі тілдің сөйлеушілері бар екені заңды. Демек, кез келген тілдің шығу тегі сол тілдің ана тілінің тарихымен байланысты. Барлық тілдер өз қызметі мен дамуында басқа тілдік жүйелермен үнемі және ажырамас түрде жақындасады, осыған байланысты олардың құрамында шет тілдік элементтер болуы да түсінікті құбылыс.

Сол кездің өзінде қазақ тіліндегі шет тілдік элементтердің болуы лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлармен түсіндіріледі, біздің тіліміз жалпы және ерекше (басқа тілдерге қатысты) лингвистикалық бірліктер мен құрылымдық формулалардан тұратын күрделі көп деңгейлі жүйе ретінде әрекет етеді. Оның аталымдық жүйесіндегі жалпы сөздік қор басқа тілдер арқылы үнемі толығып отырады, кірмелерді қабылдау – тақырыптық, семантикалық және стилистикалық жағынан алуан түрлі. Қазақ тіліндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтардың элементтері сандық жағынан да, сапалық жағынан да әртүрлі. Бұл әр түрлі себептерге, ең алдымен, тілдің шығу тегі мен тарихына,

өзара байланыстарға, қазіргі адамзат қауымдастығындағы қызметке, тілдік және мәдени қатынастардың сипатына байланысты.

Прецеденттік мәтіндерді таңдау, оларға елдің қоғамдық өмірінің шындығын көрсететін реалий-сөздерді қосу қазіргі қазақ тілінде әмбебап және ұлттық ерекшелікті қарастыруға мүмкіндік береді. Жеке айтылымдардың мағынасы мен мәтіннің мазмұны оны құрайтын элементтердің тілдік мәндерінің қосындысынан ғана тұрмайтыны белгілі. Мағынаның кеңеюі белгілі бір уақытта көптеген жолдармен жүреді, бұған әр түрлі білім ықпал етеді: лингвистикалық және лингвистикалықтан тыс, соңғыларының арасында аялық білім үлкен рөл атқарады.

Аялық білім – бұл қарым-қатынасқа қатысушылардың жалпы әлем туралы (энциклопедиялық білім), коммуникация орын алатын әлеуметтік-этномәдени орта, онда қабылданған конвенциялар, мінез-құлық пен сұхбат қағидаттары, осы жағдаят туралы білімі. Олар әр түрлі тақырыптағы да, жұмсалымды стильдегі сан алуан түрлі мәтіндерден мән-мағынаны құрылымдауда және шығаруда маңызды орын алады.

Тілді белгілі бір қоғамда қабылданған мінез-құлық үлгілерін анықтаған мәдени құндылықтар жүйесінің көрінісі ретінде зерттеу отандық және шетелдік ғалымдардың мәдени-бағдарланған факторлардың мәдениаралық байланысқа әсеріне байланысты мәселелерге назар аударудың соңғы кезде артып келе жатқанын көрсетеді. Ұлттық-спецификалық қарым-қатынас стилін алдын-ала анықтайтын факторларды жүйелеуге негізделген мәдениеттер типологиясының құрылысы қазіргі заманғы зерттеулердің жеткілікті екенін байқатады, бірақ оған қарамастан аталған мәселе әлі де болса, өте өзекті және перспективалы бағыттарының бірі ретінде танылады.

Тіл алғышарт және әмбебап форма, қоғамдық сананың қалған түрлерінің сырт қабығы ретінде әрекет етеді; ол бүкіл дүниенің негізінде жатыр. Дін тарихи тұрғыдан қоғамдық сананың барлық кейінгі мазмұнын дамытқан алғашқы дереккөз болып табылады. Көптеген діндердің ұлттықтан жоғары сипатына (атап айтқанда, мұсылмандыққа) қарамастан, кез-келген мәдениет шеңберінде осы діннің белгілі бір элементтері қалыптасады, оларға белгілі бір мәдениетке тән лексика бекітіледі. Оның басқа тілдерде сәйкестігін анықтау үлкен қиындықтар туғызады. Бүгінгі таңда дәстүрлі құндылықтарды жандандыру үрдісі айқын. Мәселен, қазақ мәдениетінде діни өмірдің біршама жандану үрдісі байқалды, соның салдарынан діни орталықтарда қажылық пен туризмнің қарқынды өсуі байқалды, мұсылман діни лексикасының қолданыс жиілігі артып келеді.

Прецеденттік мәтіндер әрқашан дәуірдің идеологиялық контекстіне енеді және осы мағынада олар өмірлік идеология феноменімен тығыз байланысты. Дәл осы өмірлік идеология шығарманы белгілі бір әлеуметтік жағдаятқа алып келеді. Шығарма қабылдаушылар санасының барлық мазмұнымен байланысқа түсіп, осы мазмұн мен уақыт рухында интерпретацияланып түсініледі. Тілдік тұлға мен тілдік ұжымның өткен мәдени тәжірибесімен байланысты аялық білімді сақтайтын прецеденттік мәтін «күнделікті және практикалық сана» қабаты мен «дәстүрлі

сана қабатын» қамтитын когнитивті-рационалды деңгейдің бірлігі болып табылады және прецеденттік мәтінді қолдана отырып құрылған мәтінді қабылдайтын адамға әсерін күшейту үшін қолданылады.

Аялық білім прецеденттік мәтіндері бар сөз тіркестерін бара-бар қабылдау мен түсінудің негізінде жатыр. Аялық деңгейі бар сөз тіркестерінің ерекшелігі олардың көп деңгейлі, екіұштылығында. Осыған байланысты аялық білімнің белгісіздігі қарым-қатынасқа көп факторлы әлеуметтік мәселені шешу сипатын береді. Сондықтан аялық білімді меңгеру қарым-қатынасқа қатысушының, оқырманның әлеуметтік жетілуін қалыптастырады. Аялық біліммен жұмыс істей білу – қажет болған жағдайда оларды өз сөзінде жеткізе білу және оларды басқа біреудің сөйлеуінде шеше білу –тілдесім мәдениетінің көрсеткіші болып табылады.

3.2 Ш.Уәлиханов тілдік тұлғасы дискурсындағы прецеденттік мәтіндер

Біздің зерттеуіміздің өзектілігі тілшілердің әлем туралы мәдени, тарихи, этникалық білімі бар прецеденттік мәтіндерді қарастыру мәселесіне соңғы кезде көп көңіл бөлуіне байланысты. Сондықтан тілдік тұлғаның дискурсындағы прецеденттік мәтіндерді адамның ойлау дамуының барысын көрсететін саналы түрде қалыптасатын үрдіс ретінде қарастыру күрделі сұрақтардың бірі болып табылады. Қазіргі уақытта прецеденттік мәтіндер филологиялық білімнің әртүрлі салаларына қатысты зерттеу нысаны ретінде қарастырылып келеді. Ғалымдардың көпшілігі әдеби тіл мәтіндеріндегі прецеденттік бірліктердің жұмсалым мәселелерін зерттейді (Д.Б. Гудков, И.В. Захаренко, В.В. Красных, В.Г. Костомаров, Н.Д. Бурвикова т.б.), керісінше, нақты тілдік тұлғалардың дискурстарындағы прецеденттік мәтіндердің қызметі арнайы зерттеу нысаны ретінде сирек орын алады (В.Д. Лютикова, Е.В. Иванцова, В.П. Вершинина т.б.).

Белгілі когнициялардың сақтаушылары ретінде прецеденттік мәтіндер – бұл өткені мен қазіргі арасындағы халық жадының өзіндік «мәдени көпірі», ол арқылы «өту» тыңдаушының санасында тілдік тұлғаның деңгейін және мәдениаралық қарым-қатынас үдерісінде оның құзыретін белгілейтін прецеденттік мәтіннің астарында кодталған мағынаны тану құбылысы көрініс табады. Прецеденттік мәтіндер – бұл халықтың «жадын» бір ұрпақтан екінші ұрпаққа беру мүмкіндіктерінің бірі; бұл халықты мәдени құндылықтары мен адамгершілік мұраттарының айналасында біріктіруге мүмкіндік береді; олар міндетті түрде сол дәуірдің идеологиялық контекстінде жазылған және осы мағынада олар белгілі бір өмірлік идеология феноменімен тығыз байланысты.

Адамды белгілі бір әлеуметтік жағдаятқа тартатын дәл осы өмірлік идеология болып табылады. Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасы дискурсындағы прецеденттік мәтіндердің қайнар көздері аясы әркелкі сипатқа ие, яғни олар әртүрлі уақыттық және мәдени сәйкестіктерге жатады. Бір жағынан, олар қазақ ұлттық қауымдастығының контекстінде түсінікті бірліктерді қолдануда көрінетін жалпы қазақы бағытымен анықталады. Екінші жағынан, Ш. Уәлихановтың прецеденттік

мәтіндері адресатқа жалпы түркілер тарихына сілтеме жасайды. Ш. Уәлиханов прецеденттік мәтіндерінің қайнар көздерінің аясы сөйлеушінің эрудициясы, тәжірибесі, идеологиялық қалауы, өмірлік ұстанымдары туралы ақпарат береді. Тілдік тұлға дискурсында келесі дереккөздерді бөліп көрсетуге болады: тарих, тіл, заң, география, ауыл шаруашылығы, дін, этнография, фольклор, музыка, өнер т.б.

Ш. Уәлихановтың дискурсындағы прецеденттік мәтіндердің ең жиі өзекті салаларының бірі – тарих. Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасы контекстіндегі тарихи процесс – бұл адамның және жалпы елдің өмірінде із қалдырған маңызды оқиғаларды талдау. Сөйлеуші Абылай хан тұсындағы тарихи кезеңді эмоционалды түрде еске алады: «Қазақтардың аңыз-әңгімелерінде **Абылай** айрықша қасиеті бар киелі, керемет күдірет иесі болып саналады. **Абылай** дәуірі, қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры. Оның жорықтары және батырларының көзсіз ерлігі мен қаһармандығы жыр-дастандардың арқауына айналған» [123, б.124]; «Өзінің басқа ұлдарына, олардың саны 71 болды, Орта және Үлкен орда ұрпақтарын үлесті жерлермен бөліп, өзі ру басшыларының өнегесі бойынша, Түркістанда қалды, осында 1781 жылы қайтыс болды, қожа Ахмет Ясауи мешітінің түбінде ата-бабасының сағанасында жерленді. Бұл керемет қырғыздың саяси өмірі міне, осындай. Жоғары дәрежеге жетуінде тек өзінің қадір-қасиетіне ғана қарыздар болған ол халық құрметін ақтай білді, өз құмарлықтарында жеңіл-желпі әрі қалай болса, солай қарағаны соншалық, бұл құрмет бір жұмбақ сипатқа ие болды. Әбілмәмбеттің өлімінен кейін халық оны бірауыздан хан сайлады, қырғыз заңы бойынша мұрагерлік құқыққа ие Әбілмәмбеттің балаларынан бөлек ол, барлық сұлтандар ішінен мейлінше лайықтысы болды. Осы сайлаудың куәгері болған орыс мынаны айтады, жиналған ру ақсақалдарының барлығы оны жұқа ақ киізбен көтеріп, батылдығы мен ептілігі үшін мақтаулар жаудырды, бір-біріне оның қол жеткізген жеңістері туралы айтты, содан кейін оның сыртқы көйлегін ұсақ қиықтарға бөліп жыртып, бір-біріне таратты, осы ұсақ-түйекке қол жеткізгеннің қай-қайсы да разы болды, сөйтіп сайланған ханның қадір-қасиетін жария етті. Бірде-бір қырғаз ханы Абылай сияқты осындай шексіз билікке ие болған жоқ. Ол бірінші болып өз еркімен өлім жазасын белгіледі, халық сенімінің қағидалары бойынша ру басшылары мен сұлтандарының еріктеріне тиым салдырды, олар хан билігінің кеңесімен шектелді» [123, б.123-124]; «Қырғыз аңыздарында Абылай бар поэтикалық даңқа бөленеді; оларды Абылай ғасыры қырғыз рыцорлығының ғасыры болып табылады. Оның жорықтары, оның батырларының ерліктері эпикалық шығармалардың сюжеті болды. Сыбызғы мен хонбада ойналатын музыкалық пьесалардың көп бөлігі оның заманына және оның өмірінің түрлі кезеңдеріне арналады. Ержүрек Баян батыр өлтірілген шапқыншылық кезінде шығарылған «Шаңды жорық» халық әнінде; «Қоржын қақпай» - еділ қалмақтарына қарсы қысқы жорықтың естелігі, сол уақытта қырғыздар жауды бағындырғанға дейін 7 күн бойы ашықты, – күні бүгінге дейін қырғыз музыканттары орындап, ұрпақтарына Абылай тұсындағы даңқты кезеңде еске түсіреді» [123, б. 124] т.б.

Айта кететін нәрсе, Ш. Уәлиханов дискурсы тарихи оқиғаларға т.б. сыни көзқараспен қарауымен сипатталады: «Соңғы уақытта Сібір басқармасы исламға қатысты бұрынғы қамқоршылғының қате екенін түсіне бастаған сияқты. Бұл тұрғыда біздің пікірімізді тағы бір маңызды шара – 1862 жылы облыстық басқарманың христиандықты қабылдаған қырғыздарға қатысты шарасы нығая түседі. Сібір қырғыздарын басқару жөніндегі мекемелерде шоқынған қырғыздарды, мешандық және қазақ топтарына тіркеу, егер өзі қаласа, немесе оларды далада бұрынғы өзге тектік құқықтарымен қалдырмау заңдастырылды. Алайда, 1861 жылға дейін барлық шоқынған қырғыздарды, шамасы, оларды бұрынғы ортасынан қол үздіріп, сол арқылы олардың жаңа дін құрсағына бекініп кетулеріне мүмкіндік беру үшін мешанға және қазаққа тіркеді. Бұл шара христиандық тұрғыдан мақтауға тұрарлық болса да, **саяси жағдайда зор қате болды**, өйткені шоқынған қырғыздарды даладан қол үздіру әрекеті қырғыз халқы үшін нәтижесіз жасалды» [123, б. 78]; «Жалпы, шамандық, дін ретінде әлі арнайы зерттелмеген тақырып болып саналады. Марқұм, Банзаровтың «Қара сенім» («Черная вера») туралы мақаласы – бір кезде барлық алдыңғы Азия халықтарына тән ортақ дін жайлы жалғыз жүйелі әрі құнды ғылыми еңбек болып табылады. Алайда, осы еңбектің үлкен жетістіктеріне қарамастан, **біз ол еңбекті шамандық туралы толық дүние дей алмаймыз; оны автордың моңғол-буддистердегі шамандық очерктерінің өзі-ақ айтып тұрғандай...**» [123, б.52]; «Банзаров шамандық туралы негізгі қағидаларында, біздің пікірімізше, оны **дұрыс талқыламайды**, немесе, дұрысын айтқанда, шамандықтың барлық идеяларына құшағын жая бермейді» [123, б.54] т.б.

Бұл ретте, Ш. Уәлиханов дискурсына жоғары деңгейдегі діни тақырыбы тән келетінін атап өткен жөн. Ш. Уәлиханов өзінің «Қырғыздардағы шамандықтың қалдықтары» мен «Даладағы мұсылмандық туралы» қолжазбаларында қазақтар арасындағы шамандық пен исламның даму тарихын екі кезеңге бөліп қарастырады. Бірінші кезең, ғаламның пайымдауынша шаманизмге негізделген исламмен аралас сенім ретінде сипатталады да, қазақтар шамандыққа да исламға да бірге сенгені туралы айтады. Ал, екінші кезеңде шамандық пен исламның өзара әрекеттестігі түбегейлі өзгеріске ұшырайды. Яғни, қазақтардың жаңа буыны исламға бет бұрып, шаманизмді ата-бабаларының көне әдет-ғұрпы ретінде жоққа шығарып, оған тыйым салына бастайды. Ш. Уәлиханов мұның басты себебін далаға исламның келуі мен орыс ықпалының енуі деп көрсетеді.

Діни тақырыбы саласының тағы бір маңызды сипаттамасы – осы тақырып мәнмәтінінде мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді қолдану: ақ түйенің қарны жарылды, жұлдызы жанған адам, Тәңірі жарылқасын, көк соққан, көк соққыр, аспаның болмасын, көк айғыры кісінеді, дұшпанға шайнап енеді, ал досынан шайнап шығады, тие берсін, сүт (ақ) мол болсын т.б. және барлық қолданылған мақал-мәтел мен тіркестердің мәнін айқындап, жұмсалым ерекшелігін түсіндіріп отырады: «Түйе сою құрбан шалуға түрткі болатын себептердің аса маңыздылығын танытады. Түйе ақ түсті болуы тиіс. **«Ақ түйенің қарны**

жарылды» деген мақал өте қуанышты жағдайларда қолданылады, мысалы, жақын адамдарының қауіпті жорықтан не алыс сапардан оралған кездерінде, адамның көптен күткен мұрагері дүниеге келгенде, құрбандыққа жол беріледі. Бұл сияқты қуаныштарда оның бар маңызын, шынайылығын көрсету үшін, ақ түйенің қарнын жарады деп болжам жасауға болады, бірақ қазір түйе құрбандыққа өте сирек шалынады» [123, б.60]; «...әрбір жұлдыз жер бетіндегі қандай да бір адамның жанына сәйкес келеді және адам өлгенде, оның жұлдызы да жерге түседі. Қырғыздар құлап келе жатқан жұлдызды көргенде, «Менің жұлдызым жоғары!» деп, бірнеше рет ернін жыбырлатады. Тағдыры жебеген бақытты адамды **«жұлдызы жанған адам»** дейді» [123, б. 61]; «Күн күркіреуіне қатысты **«көк айғыры кісінеді»** дегенді есту сәті де бірінші біздің еншімізге бұйырды. Бұл тұрғыда қырғыздарда келесі салт сақталған: киіз үйдің иесі жүгіріп шығып, өзінің үйін айнала жүгіріп, оны сыртынан **«сүт көп, көмір аз»** деп айта жүріп ожаумен ұрады, ал содан кейін үйге кіріп, ожауды есік жақтағы керегеге қыстырып қояды. Және оны босағаға сүт құю деп айтады. Мұның барлығы қорыққаннан істелмейтін сияқты, **сүт (ақ) мол болсын** деген адал тілек, демек, отардың көбеюі деген ниеттен туған» [123, б.63-64] т.б.

Ғалымның дискурсында қолданыс тапқан мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер қазақ халқының ырым-тыйымдарына, әдеп-ғұрыптарына салт-дәстүрлеріне негізделген, табиғат күштері мен сырына арналған. Жалпы, прецеденттік мәтіндер өздерінің көпжұмсалымдылығымен сипатталады, өйткені оларда қайта ойлау, мәтінді жаңа мағыналармен қанықтыру мүмкіндіктері бар. Осылайша, прецеденттік мәтіндер тілдік тұлға дискурсының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Олар ақпарат берушінің ұлттық дінінің ерекшеліктерін көрсетеді, сонымен қатар халықтық мәдениет иелері үшін аталған бірліктердің маңыздылық деңгейін анықтауға көмектеседі. Прецеденттік мәтіндерді қолдану әдеттегі қарапайым қарым-қатынасқа бағытталмайды, ол мақсаттар, уәждер, жағдаяттық ниеттерге тікелей байланысты тілдік тұлғаның терең қасиеттерін анықтауға септігін тигізетін прагматикалық бағытқа ие болып келеді.

Ш. Уәлиханов дискурсының тағы бір маңызды ерекшелігі – көптеген прецеденттік феномендердің негізін құрайтын бинарлы тіресімдер болып табылады. Жалпы, бинарлы тіресімдер адам танымының іргелі бөлігі болып саналады. Тілдегі бинарлы тіресімдерді зерттей отырып, адамдар қалай ойлайды және әлемді қалай түсініп қабылдайды, тіпті әртүрлі тілдердің грамматикалық және семантикалық құрылымын айқындауға мүмкіндік береді. Бинарлы тіресімдер қалыпты әдеби тілде де, сондай-ақ субстандарттарда да кездестіруге болады. Аталған екі тұста да, олар мәтінге экспрессивтілік, эмоционалдылық береді, сонымен қатар мәнмәтіндерді дұрыс түсінуге ықпал етеді [150].

Семиотикалық және лингвомәдени тұрғыдан бинарлы тіресімдер мәселесі Ю.А. Сухомлинованың орыс әдебиеті материалдарын талдау еңбектерінде қарастырылды (А. Платоновтың тірі / өлі, тар / бос және т.б. тіресімдермен

көркемдік әлемінің антиномикасы) [151], сондай-ақ Т.Л. Михайлованың («әйелдердің үнсіздігі ерлердің үстемдік дискурсы тіресімі») [152], Э.Р. Хутованың (орыс, ағылшын және кабардин-черкес тілдеріндегі «махаббат пен жеккөрушілік» тіресімі) [153], М.А. Шарданованың (орыс, ағылшын және кабардин-черкес тілдеріндегі «әдемі және ұсқынсыз» тіресімі) [154] т.б. зерттеулерінде арнайы зерттелген.

Н.С. Трубецкой «Бинарлы тіресім» терминіне мынандай анықтама береді: «Бір уақытта екі қарама-қарсы ұғым арқылы қарастырылатын әлемді ұтымды сипаттаудың әмбебап құралы, олардың бірі қандай да бір сапаны растайтын болса, ал екіншісі оны жоққа шығарады. Интуицияның әртүрлі формаларына қарама-қарсы келетін дискурсивті ойлаудың ажыратылмас қасиеті болып саналады» [155, б.246] немесе ғалым бұл туралы былай деп келтіреді: «Екі нәрсе бір-бірінен ерекшеленуі мүмкін, өйткені олар бір-біріне қарама-қарсы болып келеді, басқаша айтқанда, олардың арасында қарама-қайшылық немесе тіресім бар» [155, б.36-37].

«Архетиптік немесе бинарлы ойлау теориясының» негізін қалаушы К. Леви Стросс өз еңбектерінде тіл құрылымынан ақыл құрылымы мен бейсаналық құрылымға дейінгі «жолды» тұжырымдайды. Оның пікірінше, «тіл халықтың мәдениетін бейнелейді, бірақ оның құрылымын сол тілде сөйлейтіндерге беймәлім. Тіл – құрылымға стихиялы түрде ие болатын феномен» [156, б.549]. Ал, бұл мәселе жөнінде этнологияның негізін қалаушы Конрад Лоренцтің пікіріне жүгінетін болсақ, ол «құбылыстар әлемінің қарама-қарсы жұптарға бөлінуі – бұл реттіліктің туа біткен қағидасы, ежелгі заманнан бері адамға тән келетін априорлық мәжбүрлі ойлау үлгісі», - деп санайды [126, б.66].

Н.В. Соловьева бинарлы тіресімді ойлаудың ең кіші бірліктері деп таниды [157, б. 69]). Зерттеушінің пікірінше, бейсаналықтың құрылымын анықтау үшін, демек, халықтың мәдениетін, оның дінін танып білу үшін, ең алдымен бинарлы тіресімдерді анықтау қажет, өйткені аталған құрылым солардан құралады. Бинарлы тіресімдерді талдау сөздердің мағынасын дәлірек түсінуге ықпал етеді. Мысалы, «ыстық» сөзінің мағынасы «суық» сөзімен жұптастырылып қарастырылған кезде айқынырақ болады.

«Дуализм немесе бинарлық – табиғи үдерістерге тән негізгі сипаттама. Әлеуметтік жүйелердің бинарлық қағидатын Э. Дюркгейм негіздеген болатын. Тұрақсыз семантикалық корреляцияларды анықтау және зерттеу лексикалық мағына деңгейлеріндегі семантикалық өзгерістер туралы тереңірек түсінік береді, сондықтан семантикалық тіресімдерді зерттеу осы өзгерістерді тудырған тілдік өзгерістер мен әлеуметтік үдерістер мәніне енудің өнімді жолдарының бірі болып табылады» [158, б.52].

Қазақ тілі білімінде «Дүниенің тілдік бейнесінің соматикалық фрагментін бинарлық оппозициялық жұптар негізінде» зерттеген ғалым А.Б. Нұржанова: «Барлық архаикалық мәдениет үшін әмбебап сипатта болып келетін бинарлық оппозициялық жүйе қарама-қарсылық ұстанымы бойынша бірнеше белгілерді (таңба, символ) жұптарға біріктіреді. Мұнда оппозициялық жұптың бір мүшесі –

жағымды, ұнамды, қолайлы, екіншісі – жағымсыз, ұнамсыз, қолайсыз (пейоративный), немесе біреуі таңбаланған, ал екіншісі таңбаланбаған белгілерді өз бойына жинақтайтынымен ерекшеленеді», - деп көрсетеді [159, б.28-29].

Бинарлы тіресімдерді талдау – мағынаның ең кіші семаларын айқындауға және сөздердің мәнмәтіндердегі жұмсалым ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі. Бинарлы тіресімдер қоғамның әлеуметтік-мәдени нормалары мен құндылықтарын айқындайды. Бұл қандай қасиеттер немесе ұғымдар жағымды немесе жағымсыз деп саналатынын көрсетеді. Мысалы, «жақсы» – «жаман» тіресімі қоғамның моральдық құндылықтарын көрсетеді. Реттілік қағидатымен туа біткен бұл қасиет жеке адам мен бүкіл қоғамның тілдік тәжірибесінде көрініс табады. Бұл құбылыс өте қисынды әрі заңды болып саналады, өйткені қабылдаудың дуализмі әртүрлі ұлттардың өкілдеріне тән.

Ш. Уәлиханов дискурсында да бинарлы тіресімдерге ерекше мән беріледі. Ғалым шығармашылығында ақ пен қара, жақсы мен жаман, көк тәңірі мен жер рухы, өлі мен тірі т.б. көптеген тіресімдер орын алған. Мысалы, «көк тәңірі» мен «жер рухына» қатысты Ш. Уәлиханов: «Осыдан ой емес, атау, сөздер ғана өзгеріске ұшырады. Онгонды аруақ деп, **көк тәңірісін** – Алла немесе құдай, **жер рухын** – шайтан, пері, дию және жын деп атай бастады, ал идея шамандық болып қала берді...**Көк түсінігі** Алла идеясымен тұтасты, ал кейіптеулердегі қадір тұтылатын екінші дәрежедегі тәңірлер, сондай-ақ, әсіресе, кескіндемеге ие нәрселер, мысалы, **жер құдайларының** жансыз тұлғалары – дзаягачтар, - мүлдем ұмытылды, шамасы, исламды енгізу кезінде олардың мұсылмандарға соншалықты жеккөрінішті пұттар сияқты көп қуындалғандығынан болса керек», - деп көрсетеді [123, б.53];

– «өмір мен өлім» бинарлы тіресімі: «Табиғат пен адам, **өмір** мен **өлім** аса керемет табиғаттан тыс ғажайып тән болды және ол әрқашан зерттелмейтін құпия саналды. Айтыңыздаршы, табиғат пен адамнан ғажап, одан да құпия не болуы мүмкін? Бүкіл әлемді оның таңғажайыптарымен бірге тану қажеттілігі, **өмір мен өлімнің** және адамның табиғатқа қатынасы туралы сұрақтар шамандықты – бүкіл әлемді немесе табиғатты және өлген адамдарды шексіз қадірлеп, мәпелеу жағдайын тудырды» [123, б.54];

– «жақсылық пен жамандық», «қайырым мен зұлымдық», «бақыт пен бақытсыздық», «рахат пен жаза» бинарлы тіресімдері: «Өлген адамның өзі ерікті құдырет болды, сондықтан көктің ықпалы тек тірі адамға ғана жетті. Сондықтан да күнә идеясы христиандық тұрғыда болған жоқ: жердегі тіршілікте **жақсылық пен жамандық, қайырым мен зұлымдық, бақыт пен бақытсыздық** құдайдан, ал шамандық тұрғыда, күнәнің ізінше **рахат пен жаза** дереу орын алатын болды» [123, б.55]; «Сондықтан шаман халықтардың **жақсылық пен жамандықты** құдайдың рақымшылығынан немесе өздері бас ұратын киелі нәрселер мен табиғаттағы киелі құбылыстардың ашуынан деп есептегенін болжауға болады. Құдайға құлшылық **сый** ретінде белгілі салттарды орындалу арқылы анықталады,

ал **күнә** олардың орындалмауымен түсіндірілді, олар **кесірден** қорықты» [123, б. 69];

– «ақ пен қара» бинарлы тіресімі: «**Ақ және қара** тәңір идеясы, отқа табыну шамандардың (бірақ шамандықтың емес) парсылардан кірген нағыз өнері болуы мүмкін, тіпті материя – көк ретіндегі және құдай – мәңгі түріндегі аспан дуализмі де. Барлық шаман ұрпақтары ішінде қырғыздарда отқа табыну қазіргі дейін үлкен күшке ие» [123, б.58];

– «жанды мен жансыз» бинарлы тіресімі: «Айдаһар туралы, күн күркірін шығарушы ретіндегі айдаһар жайлы біз естімедік. Жалпы ислам бейнелеуді (**жансыз** затты **жанды** етіп суреттеуді) ұнатпайды» [123, б.64];

– «өлі мен тірі» бинарлы тіресімі: «**Өлі мен тірі** туралы және олардың достығы жайлы аңыз»;

– «неке мен ажырасу», «отырықшы және көшпенді» бинарлы тіресімдер: «Шамасы, үкіметтің **неке** және **ажырасу** туралы істі молдаларға жүктеуіне түрткі болған себеп, қырғыздардың өзіндік салты – өз қыздарын тым жас кезінде әрі көп жағдайда олардың келісімінсіз тұрмысқа берулері» [123, б.79-80]; «Жоғарыда баяндалған себептерге байланысты христиандық әрі **отырықшы** орыс халқына арналып жобаланған қайта жаңғыртудың ешқандай пайда әкелмейтіні және де ол **көшпенделірге**, Еуропа мен Азиялық Ресейдің қаңғыбас бұратаналарына тұтастай қолданылатын болса, мән-мағынасыз болатыны түсінікті» [123, б.83] т.б.

Бинарлы тіресім деп семиотикалық жүйелердегі қатынастардың түрін түсіну керек, оның шеңберінде таңба мағынасы мен мәні тек онымен тіресімде тұрған таңбамен салыстыру арқылы айқындалады. Мәселен, «қараңғылық» сөзін «жарық» сөзі арқылы, «көңілді» сөзін «қайғылы» арқылы ашуға болады. Бинарлы тіресімдер тілді ұйымдастыруда және құрылымдауда маңызды рөл атқарады, өйткені олар контраст пен салыстыруға негіз береді. Бинарлы тіресімдер әмбебап категориялар қатарына жатады, себебі олар тіл мен ойлаудың, мәдениеттің, табиғи үдерістердің базалық қасиеті болып табылады.

Бинарлы тіресімдерге негізделген дүниетаным адамның табиғат, қоғам және өзі туралы білімін жинақтайтын кез-келген мәдени, діни, идеологиялық білімнің негізі болып саналады. Ш. Уәлиханов дискурсы күрделі амбивалентті (екілік) мәнге ие, бұл қарама-қайшылықтардың өзара байланысымен анықталады, сондай-ақ Батыс пен Шығыстың бірін-бірі толықтыратын мәдени-философиялық дәстүрлерімен, жақсылық пен жамандық, өмір мен өлім, ілгерілік пен құлдырау т.б. мәселелердің терең дуализмімен сипатталады.

Ерекше тілдік мәдениетте әмбебап болып танылатын тіресімдер, әдетте, қайталанбас идиоэтникалық колоритке ие болады. Сонымен, ерекше мәдени көзқарастар мен ұстанымдар әсерінен қарама-қайшы полюстердің бағалауыштық маркерлері, аксиологиялық қашықтықтары (бастапқы бағалауыштық маркерлерін сақтай отырып), сондай-ақ семантикалық-прагматикалық маңыздары өзгеріске ұшырайды.

3.3 Прецеденттік атаулардың (есімдердің) лингвопрагматикалық ерекшеліктері

Ғылыми әдебиеттерде қалыптасқан жіктелім бойынша прецеденттік феномендерді вербалды (мәтіндер, атаулар, айтылымдар) және бейвербалды (түрлі өнер туындылары) деп екіге бөліп қарастыруға болады. Сондай-ақ, мұндай феномендерге «мәдени код үзінділерін, ритмикалық құрылымдарды, әлеуметтік идиома фрагменттерін» де жатқызуға болады» [160, б.112]. Бұл ретте, прецеденттік феномендерге олардан туындаған бірліктерді, яғни прецеденттік атаулардан туындаған аталымдарды да солардың қатарына жатқызамыз. Олардың мән-мағынасын түсіну оқырман үшін қосымша когнитивті жүктемені білдіреді, себебі бұл белгілі бір сөзжасам элементінің қосылуы және атау құрылымының өзгертілуі арқылы жүзеге асады [161]. Туынды сөздің ауыспалы компоненті, атап айтқанда прецеденттік атау туынды аталымға жоғары ақпараттылық пен коннотативті жүктелген сипат береді.

Прецеденттік атаулардың басты ерекшелігі – олар қоғамда болып жатқан мәдени өзгерістердің айнасы іспетті болып табылады. Прецеденттік атаулар төмендегідей бірнеше тілдік құбылыстармен тығыз байланысты жеке атау ретінде танылады:

- 1) әдетте, прецеденттер қатарына жататын белгілі мәтінмен байланысты;
- 2) тіл иелеріне жақсы таныс, прецеденттік болып табылатын жағдаятпен байланысты;
- 3) белгілі бір қасиеттердің эталондық жиынтығына қатысы бар символ-атаулармен байланысы [162, б. 185].

Тілдік және әлеуметтік-мәдени құбылыс ретіндегі прецеденттілік белгілі бір тілдік қоғамдастық өкілдерінің тілдік, әлеуметтік-мәдени, аялық білімдерінің ортақтығына негізделеді. Л.В. Моисеенконың айтуынша, прецеденттік бірлік – бұл тілдік тұлғаның санасында бекітілген және дискурста сөйлеушінің ниетіне сәйкес мәдени белгі ретінде қызмет ететін кез-келген дискурстың (көркем, публицистикалық, жарнамалық және т.б.) қайталанатын фрагменті [163]. Автор сонымен қатар, прецеденттілікті – бұл коммуникативтік жағдаятымен корреляция кезінде дискурсивті актуализация кезінде тұлғадан тыс сипатқа ие менталды категория деп санайды [163, б. 215].

В.Л. Латышева прецеденттіліктің қоршаған ортаға әсерін атап өтіп, «ұлттық прецеденттік құбылыстар жеке адамның және жалпы лингвомәдени қауымдастықтың барлық салаларын бақылайды», - деп жазады [164, б.16]. Бұл осындай атаулардың кең таралуы мен маңызды коммуникативті-прагматикалық әлеуетінде көрінеді. Бұл бірліктерді білу бүгінде адамның сауаттылығы мен эрудициясының деңгейін анықтайды. Басқаша айтқанда, прецеденттік құбылыстар адамдардың білімі мен хабардарлығының өзіндік өлшеміне айналды.

Қоғамдық өмірдің маңызды құбылыстарын тіркейтін ең репрезентативті символ-атаулардың бірі – ертегі, аңыз, жырлар мен тарихи т.б. кейіпкерлердің есімдері болып саналады. Оларда, В.Я. Пропптың пікірінше, адамның ойлау

алгоритмдерінің әмбебаптығы көрініс тауып, нәтижесінде әртүрлі мәдениеттер өкілдеріндегі ертегі сюжеттерінің ұқсастығы орын алады [165].

Бұл осы прецеденттік атаулардың әрқайсысының артында тұрған ұлттық, яғни қоршаған орта құбылыстарының себептілігін және оның қасиеттері, белгілері мен көріністерін қабылдап түсіну инварианттарының ортақтығы жатыр. Аталған инварианттар прецеденттік құбылысқа қатысты барлық сілтемелер мен қолдануды анық, түсінікті етеді әрі коннотативті реңк береді. Белгілі ғалым В.В. Красныхтың айтуы бойынша, оларға белгілі бір лингвомәдени қауымдастық өкілдерінің коммуникация үдерісінде бірнеше рет (көп) сілтеме жасауы ерекше маңызды [80, б.208]. Осылайша, сөйлеушіге ертегілер мен тарихи т.б. кейіпкерлерінің репертуарына сүйене отырып, қоғамдық өмірдің әртүрлі құбылыстарын ұсыну ыңғайлы болып көрінеді. Яғни, әрбір халық ортақ дереккөзден өзінің құндылықтар жүйесі мен дүниетанымына неғұрлым сәйкес келетінін таңдап алады. Тіл мен сөйлеудегі прецеденттік атаулардың жүзеге асуы автордың коммуникативтік ниетіне сәйкес жүреді.

Бұл, өз кезегінде «есімдер, атаулар санада белгілі бір эталонмен, мінез-құлық үлгісімен әлде қайда оңай ассоциация негізінде байланысты болып, әрі қарай символға айналып, бағалалауыштық сипатты білдіре бастайтынымен» түсіндіріледі [166, б.126]. Оның үстіне, прецеденттік атаулар прецеденттік жағдаяттар мен прецеденттік айтылымдарға қарағанда құрылымы тұрғысынан айтарлықтай күрделі емес, сондықтан да іс жүзінде қолдануға әбден ыңғайлы. Прецеденттік атаулар мәтінді күрделендірудің, яғни мәтін ішінде «тігінен мәтін» құрудың үнемді тәсілі болып табылады. Бұл авторға, оқырманға қажетті түсініктер мен ассоциацияларды тудыруға және сол арқылы мәтіннің шеңберін кеңейтуге мүмкіндік береді, сондықтан прецеденттік құбылыстардың барлық түрлерінің ішінде прецеденттік атаулар әдіби тіл стильдерінің барлық түрлерінде жиі қолданылады.

Прецеденттік атау – бұл «белгілі мәтінмен (мысалы: Печорин, Теркин) немесе прецеденттік жағдаятпен (мысалы: Иван Сусанин, Стаханов) байланысты немесе оған қатысты жеке атау. Бұл байланыс кезінде денотатқа (басқа терминологияда – референт) емес, берілген прецеденттік атаудың дифференциалдық белгілерінің жиынтығына жүгінетін күрделі белгі» [167, б.17]. Яғни, прецеденттік атаулар – жалқы есімдер мен жалпы есімдер арасында аралық орын алатын, кеңінен танымал денотаты бар жалқы есімдердің арнайы тобы. Жұмсалымды-семантикалық сипаттамалары бойынша олар жалпы атауларға ұқсас келеді, бірақ жалқы атаулар мәртебесінде қалады, өйткені семантикалық түрлендірулерге қарамастан, олар атаудың иесімен байланысын сақтайды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, мәдени білім дереккөздерінің салаларына негізделген прецеденттік атаулардың жіктелімі мәселесі дискурстың кез келген түрлерінде кездесетін бірліктерді зерттеу арқылы қазіргі таңда өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Ол оқырманға тиісті мәтіндерді дұрыс және толық түсіну үшін қажет аялық білім шеңберін анықтайды. Сонымен қатар, аталған жіктелім

тарихи дамудың белгілі бір кезеңінде осы ұлттық лингвомәдени қауымдастықтың басым құндылықтары мен өзекті мәселелері туралы маңызды ақпарат береді. Бұл ұлттық лингвомәдени қауымдастықтың ойлау жүйесін түсінуге мүмкіндік береді, сондықтан оның өкілдерінің санасына әсер етудің ең тиімді тетіктері болып табылады.

Дереккөз-саласы прецеденттік атауларды жіктеудің негізі ретінде «автордың эрудициясын, өмірлік тәжірибесін, саяси қалауын, прагматикалық көзқарасы мен сөйлеу шеберлігін бағалау үшін де, адресаттың ұқсас қасиеттері туралы авторлық түсінікті бағалау үшін де қызықты материал» ұсынады [168, б.88]. Прецеденттік атаулар материалын жүйелеуге осы тәсілдің кең таралуы оның жоғары тиімділігімен анықталады. Прецеденттік атаулардың жалқы есімдерден айырмашылығы, нақты адамдарды (антропонимдер), жер, мекендерді (топонимдер), оқиғаларды білдіреді. Бірақ біздің зерттеуіміздің бұл тараушасында біз әдеби кейіпкерлердің аттарын, фамилияларын, лақап аттарын қамтитын әдеби, тарихи кейіпкерлердің прецеденттік атауларын (яғни, прецеденттік антропонимдерді) қарастырумен шектелеміз.

Соңғы онжылдықта антропонимия мәселелеріне деген қызығушылықтың артуы байқалды. Біздің ойымызша, бұл қазіргі тіл білімінің антропоөзекті парадигмасымен байланысты, яғни оның иесін танып білу үшін адамның есімін талдау қажеттілігінен туындайды. Прецеденттік антропонимдерді Ш. Уәлиханов мәтіндерінің материалында зерттеу ерекше өзекті деп санаймыз. Өйткені, оларда ресми және бейресми салалар, сонымен қатар ғылыми, ауызекі сөйлеу бір-бірімен тығыз байланысты. Сондай-ақ көркемдік стильдерге тән белгілер де орын алады, бұл өз кезегінде прецеденттік антропонимдердің қолданыс ерекшеліктерінен көрініс табады. Және де айта кететін жайт, антропонимдер Ш. Уәлихановтың дискурс тілінде басым ономастикалық қабат болып табылады. Антропонимдердің басым болуы олардың басқа атаулар топтарымен салыстырғанда семантикалық белгілердің кең жиынтығының болуына байланысты, бұл прецедентті антропонимдердің микрожүйесін толықтыруға әбден негіз бола алады [169, б.10].

Ш. Уәлиханов шығармаларында көркем әдебиет кейіпкерлерінің есімдері, әсіресе халық ауыз әдебиет кейіпкерлерінің есімдері жиі кездеседі. Бұл қазақ мәдениеті нақты шындықтың әртүрлі құбылыстарын талдау және бағалау мақсатында әдеби дереккөздерге дискурстың әртүрлі түрлеріндегі қазақ адамының үнемі назар аударуымен сипатталады. Мұндай деректерді талдау және бағалау «әдеби шығарманың авторға және оған тиесілі сезімдер мен ойлардың белгілі бір шеңбер ішінде «сыйымдылығы» және оқырманның өзіндік рухани бастамасы мен энергиясының «қоздырғышы» (түрткі) болуы арқылы ғана мүмкін» [170, б.5]. Сонымен, Ш. Уәлиханов дискурсында прецеденттік атауларға жүгінудің жоғары жиілігі – өнердің осы түрінің қазақ ұлттық санасындағы ерекше орын алуымен түсіндіріледі.

Бұл салада төмендегідей топтар ерекшеленеді: 1) әдеби шығармалардағы кейіпкерлер мен кейіпкерлердің есімдері, мысалы:

- «Аңыз бойынша, **Төбейдің** төрт ұлы болған: **Көйілдір, Мекірен, Майқы** және **Қоғам**. Көйілдірден қатғамдар тараған және кейіннен [ХҮ-ХҮІ ғғ.] жаңа халық өзбектердің құрамына енген [қатағандар] – [өзбектердің] басты руы. **Мекіреннен** тарағандар белгісіз, ал **Майқыдан** үйсіндер тараған. (**Қоғам**) қаңлылардың атасы болған, **Майқының** ұлы **Абақ**, бәйбішесінен **Бәйдібек** атты болған, екіншісінен ... және күңінен ..., **Бәйдібектің** үлкен ұлы – **Сары**, екіншісі – **Жорықшы**, ол екінші әйелінен туған, қырғызша әулие, киелі болған. **Жорықшының** үш ұлынан: біріншісі **Албаннан** – албандар, екіншісі **Дулаттан** – дулаттар, және **Суаннан** – суандар тараған. **Меркес** ...атасы, оның екі ұлы болған: **Шуманақ** пен **Суманақ**. **Албанның** екі ұлы: **Сары** және **Шебел** болған. **Сарының** екі ұлы болған: **Сүйеркүл** және **Таубасар**; **Шебелдің** балалары ...деп аталған, ал **Майқының** балалары **Абақ** деген жалпы атпен аталады» [45, б.232];

- «Қырғыздардың арасында маған белгілі тағы екі жыр бар, біреуі: «**Ер Көкше – Ер Қосай**» деп аталады. Онда уақ руынан шыққан **Ер Көкше** мен оның ұлы **Ер Қосайдың** қыпшақ тайпасымен соғыстағы ерліктері баяндалды» [44, б.236];

- «Екінші жыр **Орақ батыр** деп аталады. Онда қарауыл **Орақ батырдың** Ресейге жорыққа аттанып, орыстарға тұтқынға түсіп, түрмеде 10 жыл болғаны, кейіннен Ресейде үйленіп, балалы шағалы болып, артынан елін сағынып, қырға қайта оралып, сол жерде қалғаны жайлы баяндалады» [45, б.236];

- «Өлең формасына қазір ақындар барынша төселіп алған, оны өте ыңғайлы болғандықтан, бірден құрастыру үшін қолданады. Атақты **Қозы Көрпеш – Баян сұлу** жырын маған Жанак ақын өлең түрінде айтып берген» [45, б.239]; «Далада қала қирандылары кездеспейді, даладан табылатын жекелеген кесенелер пішіні жағынан молалық ескерткіш. **Қозы Көрпештің** ескерткішін аңыз бойынша қазақтар мола етіп салған» [45, б.282];

- «**Манастың** Бозтөбесі деп аталатын жекеленген төбе немесе қорған бар. Жергілікті халықтың аңызы бойынша батыр **Манас** (ел арасында кең таралған тамаша эпикалық туындының қаһарманы) қаңғырастармен (қалмақтармен) соғыс кезінде сол жерге өз қосын тіккен» [45, б.274];

- «Бұл аңыз бойынша, **Шона** қалмақтың батыры әрі дана адамы болған. Оның әкесі **Қонтайшының** (яғни, жоңғар ханы) **Қалдан** атты тағы бір ұлы бар еді. **Шона Қарақыз** атты күңмен тұрады, оған ағасы ғашық болып үйленеді. Бұған қорланған **Шона** өзінің он екі жолдасын Алтай жоталарымен серуендеуге шақырады...» [123, б.9-10];

- «Қырғыздардың ең тамаша жыры – **Едіге**, дәл сол **Тоқтамыстың** жарлығында айтылатын **Идиге** немесе **Эдеку, ЕдігейОрақ, Ер Көкше** және **Ер Қосай** – өзге эпикалық туындылардың қаһармандары, олар да ноғай халқына жатады, бірақ олардың жырлары тайпалық қақтығыстар, хандардың соғысы мен жорығы және **Тоқтамыстан** кейінгі кезеңіндегі ордадағы шиеленістерді бейнелеуімен ерекшеленеді. Қазақтардың поэтикалық туындылары: эпостар,

мадақ одалар, жоқтау – дүние салған күйеуіне арнаған әйелдің өлеңі немесе баласына арнаған ананың жыры солай аталады» [45, б.240];

- «Мен, құдайға шүкір, Ресейді ұзыннан да, көлденеңінен де кезіп шықтым, бірақ еш жерден **Добчинский** мен **Бобчинскийлерді** ме? Оларды кездестірмедім, тіпті бізде, Сібірде, мұндай кейіпкерлер жоқ» [45, б.243] т.б.

2) Жазушы, ақын есімдері, мысалы:

- «Мен қазіргі заман жазушыларын мүлде қолдамаймын. Әйгілі **Жорж Санд** өзінің жоғарғы дәрежедегі утопиялық идеяларымен, оқшауланған бақытқа ұмтылумен, тәнсіз кемелдікпен және тағы да басқа түсініксіз арманмен, менің көзқарасымша, сабап алуағ тұратын қыңыр қатын тәрізді (жоғары мәртебелім күлді ғой деймін). Оның барлығы бос елігушілік, риторикалық фигуралар, дөрекі пайдакүнемдік. Тек талғамы бұзылған, ешқандай әйелге тән қылығы жоқ әйелдер ғана **Дю Деван ханымның** эмансипациялық бос қиялын оқып, *que cest charmant!* бұл қандай керемет деп көздерін жұмып таңдай қағуы мүмкін » [45, б.242];

- «Міне, тағы бір пұт – **Гоголь**. Құдай үшін айтыңыздаршы мырзалар, сіздер оның шығармаларынан – қарабайыр тірлікті сипаттау, дәмді тағамдарды суреттеу, қамырлар мен түшпаралардың әлемі және жәрменке мен кабактан жиналған анайы сөздерден басқа не табасыздар? Кітапты қолыңа алсаң болды, шошқа майының, қарамайдың, темекі, түтін иісі шығады. *Ei donc! machere*, **Гогольды** ешқашанда оқыма» [45, б.242];

- «Ал, мен **Диккенс** тәрізді жаздым: терең поэтикалық және әзіл-қалжың тонмен... (сыраның соңғы жұтымын ішеді)» [45, б.247];

- «Тіпті суырып салма ақындардың өлеңдері өлшемге бағынып, ауыздан ауызға, ұрпақтан ұрпаққа жыршы ахундар арқылы көне Грекиядағы **Гомердің** рапсодиялары сияқты көшіп отырады» [45, б.240-241] т.б.

3) Қазақ халқының тарихындағы ұлы тұлғалар, батырлар есімдері, мысалы:

- «**Абылай хан** жоңғарларды шапқан бір шабуылда 1000 адамды барлаушы ғып алға жіберіпті. Оларды екіге бөліп екі батырды бас етеді: қарабұжыр қанжығалы **Жантай** және сол рудың үлкені **Бөгенбай**. Батырлар ұзақ уақыт оралмайды; **Абылай** қатты мазасызданады, олардың тағдыры туралы **жырауы Бұқардан** сұрайды, «Менің батырларыма не болды, олар неге оралмай жатыр?» дейді. Оған **Бұқар** былай деп жауап береді:

«**Жантай** Талқын арқылы өтеді, **Бөгенбай** Құлжанмен өтеді. Хан Баба кері қашады. **Жантайдың** Талқындағы жолы тар әрі қауіпті». **Жантай батыр** қатерге ұрынды деп ойлайды **Абылай**. «**Жантай** барады, барып ұлысты шабады, күлін көкке ұшырып, **Жантай** әкелген ақша бет қызды **хан Абылай** алады». **Абылай** кейіннен **Бұқардың** айтқаны келгенде, төбем көкке жеткендей қуандым дейді» [45, б.186]; «**Абылайдан** үш жүздің батырларының ішінде кімді қатты құрметтейсің деп сұрағанда ол былай жауап береді: «Өзімнен бұрынғылардан Қалданның тұтқынынан 90 адамды алып шаққан қаракесек **Қазыбек** пен өз адамдарын тұтқыннан босатып алған уақ **Дербісәліге** қатты таңқаламын. Біріншісі Қалданның алдына өзі барса, екіншісі ауылында отырып, жауын ықтырған. Менің

батырларымның ішінде бәсентін **Малайсары** байлығы мен батырлығы жағынан, ал уақ **Баян** ақылы мен ержүректігі жағынан барлығынан артық» [45, б.188];

– «Иоанн патшаның 1569 жылы ноғайларға жіберген елшісі олардың ұлыстарына **Ақназар патшаның** Қазақ ордасы мен **Шығай сұлтанның** және Шелім ханзаданың жасаған шабуылдары туралы айтады. «Жылнамалар жинағы» бойынша **Ақназар Қасымның** ұлы, **Шығай Жәдіктің** ұлы, **Жәдік пен Қасым Жәнібектің** балалары, бірақ онда Шелім деген ат жоқ, Тугум емес пе? **Ақназардың** 1556 жылы башқұрттарды ығыстырғаны белгілі. 1556-59 жылдары Бұхарада болған ағылшын Дженкинсон ташкенттіктердің қазақтармен соғысын баяндайды. Ол **Бұрындық** пен Шейбани ханның соғысы болар?» [45, б. 145];

– «Біз айтып өткен заманда **Шыңғысхан** әскерлерін өз балаларына бөліп, әрқайсысына төрт мыңнан берді. **Жошыға** төрт мың әскер берді. Ол еділ бойында дүние салды, оның әскерінің барлығы екінші ұлы **Батуға** қалды, **Бату Сайын хан** деп аталды. **Сайын хан** барлық батыс елдерін, ібір-Сібір, Бұлғар, башқұрт, орыс, шеркес, неміс курал, Қырым, Дешті Қыпшақтан Темір қақпа деп аталатын жерге дейін билік етті» [45, б.197-198] т.б.;

4) Әулиелер, ислам пайғамбарларының, мұсылман қауымы басшыларының есімдері, мысалы:

– «Орта жүздің түп атасы **Мұхаммед Мұстафа пайғамбардың** (с.ғ.с.) сахабасы болған екен. **Жәбірейіл періштенің** көмегімен өзінің көп кешікпей бұл дүниеден аттанатынын білген пайғамбар жұмақта хор қыздарының ортасында мәңгі бақи демалу үшін өзінің достары мен жолдастырын шақырып, осыны айтып, егер біреуді өкпелетсем кешіріңдер депті. Барлығы жылап былай дейді: «Сен Алланың досысың, сен ешкімді өкпелеткен емессің дегенде, **Өксе** есімді бір сахаба «пайғамбар бір қаланы қоршаған кезде кінәсіз арқамнан ұрды», - дейді. Пайғамбар өз қатесін есіне түсіріп арқасын тосады. **Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли** және өзге сахабалар **Өкседен** райыңнан қайт деп қатты өтінеді. Өксе еш нәрсе естігісі келмей, халықтың қарғысына қарамай, қолына қамшы алып Алланың сүйікті құлына келіп, қасиетті арқасын ашуын сұрайды. Пайғамбар сырт киімін шешеді. Өксеге керегі де сол болатын. Ол пайғамбардың арқасында құдайдың мөрі бар екенін білетін, оған ерні тиген адам тозақ отына түспейтін еді. Өксе ұрудың орнына, басын иіп, арқасынан сүйіп орнына қайтады. Бірақ пайғамбарға қолайсыздық тудырғаны үшін және көпшіліктің қарғысынан Құдай оны және ұрпақтарын қаңғыбас қылады. Сонымен қоса таршылық көрмеуді маңдайларына жазады. Сол [Өкседен] бүкіл халық пен [үйсіндердің атасы] тарайды» [45, б. 231];

– «Мұның барлығы мұсылман тарихы мен еврей халқының бес кітабынан белгілі. **Нұх**, оған Алланың сәлемі болсын, жерді солтүстік-шығыстан оңтүстікке дейін үш бөлікке бөлді: біріншіден: **Хамға** (оның туған балалары Судан атасы болатын) немесе **Қаралар – Зеңгілер**, оның ұрпақтары Үндістан мемлекетінде; орталық бөлігін **Самға** берді, ол араб пен парсылардың атасы немесе ғажамдықтар мен арабтар оның ұрпағы; үшіншісі, **Яфес** – түріктердің атасы, басқаша айтқанда,

солтүстік-шығыста кітабы жоқ халықтар соның ұрпағы. (Солайша) **Яфесті** шығысқа жіберді. Монғолдар мен түркілер терминін кейіннен қолдана бастады, өйткені түркілер **Яфесті Абулжа** хан деп атай бастады, бірақ **Абулжа** ханның **Нұхтың**, оған Алланың сәлемі болсын, ұлы екенін білмейді» [45, б.196];

– «Осының бәрі ертедегі **Қорқыт әулиеден** мұра болып қалған қобыз бен сарын деп аталатын әнмен сүйемелденеді. Бақсылардың ойыны – жын шақыру» [45, б.183];

– «Бұл форманы қазір барлық жаңа ақындар табан асты тауып айту үшін де терме-жыр үшін де қолданады. Көбіне қарауыл руынан, атеке-жібірден шыққан әнші Орынбай және үнемі Әбілқайыр Ғаббасов сұлтанның жанында болатын, атығай, жаңа-қазақ соқыр жырау Шөже жырларында көптеп кездеседі. Бұл өлеңдердің арқауы көбінесе діни қисса. Қазір олар **Сейітбаттал қожаның** ерліктері, **Жүсіп пен Зылиханың** махаббаты, **Ибрагимнің** өмірін жырлайды. Олардың бәрі идеясының фанатизмі, баяндаудың солғындығынан тез жалықтырып жібереді» [45, б.239] т.б.;

5) Ғылым және мәдениет салаларының белгілі өкілдерінің, мемлекеттік, қоғам қайраткерлерінің есімдері, мысалы:

– «Бұл шындығында дерексіз-философиялық және роман түріндегі насихаттық мақсаты бар кітап болды - көптеген анық зерттелмеген философиялық және діни мәселелер, немістік тұман мен қапастың ішінен не қарастыруға болады (езу тартады), осылайша, германдық философтар [анық зерттемеген] мәселелер: **Кант**, ағайынды **Шлегельдер**, **Гердер** және тағы басқаларды өте түсінікті дәрежеде осы романда және өзге екі диссертацияда жаздым» [45, б.246-247];

– «Мұндай аз танымал халықтар қатарына түркі қырғыз халқы да жатады. **Әбілғазының** мәліметіне сәйкес, олар Оңтүстік Сібірде Селенг және Икар Мурун, (Ангарада) өзендерінің бойында тіршілік еткен. Ол оларды керкез немесе қырғыздар... деп атайды және олар Оғыз немересі қазақтан тарады дейді. **Рашид ад Дин** оларды Бархуджин Тукум елін мекен еткен орман халықтары қатарына қосады. Шыңғысхан тұсында инал (Әбілғазының айтуы бойынша, бұл халықта князь солай аталған) қазақ сұлтаны Орыс болған. Ол Шыңғысханға бағынып, оның Бору елшісіне қосып қызыл көзді және қызыл шеңгелді ақ сұңқар жіберген» [45, б.252];

– «Қазақтар тілі жағынан түркі халықтарына жатады және шығу тегін көп адамдар түркілер деп таниды. Қазақ халқы ешқашанда салиқалы зерттеу нысаны болған емес, **Левшиннің** «Описания киргиз кайсацких орд и степей» [және **Броневскийдің** «Записки о киргиз кайсаках Средней Орды»] (Отечественные записки) атты біршама құнды, бірақ кейде ортадан төмен деңгейде жазылған еңбектерді есептемегенде, тіпті маңызды этнографиялық және ағартушылық мақалаларды оқымадық» [45, б.255];

– «Барлық татар халықтарының ішінде ақындық қабілеті жағынан қазақтар алдыңғы орында дерлік. Олар туралы біздің құрметті шығыстанушымыз **Сенковскийдің** арабтар жайлы айтқан пікірін қайталауға болады: бедуин -

табиғатынан өлең құрастырушы және көбіне ақын. Қазақ ақындарының туындыларынан араб поэзиясындағы сияқты өлең жолдарының дұрыс құрылуы байқалмағанымен, оларда да белгілі ережелер бар» [45, б.285];

– «Ортасында жазу: «Бұл тақтың бейнесі», оң жағында жазу *ميمنه*, сол жағында *ميسره*, яғни автордың түсіндірмесі бойынша: оң және сол қол (қараңыз: 170 б. *قول ايورور*, *ميسره سول قول*, *اونك قول*, *يعنى ميمنه*). Оң жақта жалайыр Қадырғали бек пен Исбай маңғыт Саманай бектің орындары көрсетілген. Ал *يعنى دست* пен *دست راست*? Сол жақта – арғын Шиш бек пен қыпшақ Тұқай бектің есімдері. Одан кейін (169 бетте) Ораз Мұхаммед ханның тақуалығы мен *جمرتلق* жомарттығы жазылып, оның сөзімен аяқталады...» [45, б.207];

– «Бигя хан Могилянъ, Мочжонның ұлы, мінезі жұмсақ, ақ көңіл адам еді, өз қайынатасы, жасы 70-ке келсе де жаугершіліктен қайтпаған Туңьюйгу мен **Кюе-Далэнің (Күлтегіннің)** ықпалында болды», «**Кюе-Далэ** қайтыс болғанда император оған мүсіні қойылған ескерткіш орнатуға бұйрық берді» [122, б.320-321] т.б.

Ш. Уәлиханов туындылары ономастикалық кеңістігінің басты ерекшелігі – есімдер, географиялық атаулар, этнонимдер ұштағанынан құралатынында. Есімдер мәселесіне тоқталатын болсақ, ең қомақты бөлігі хан, сұлтан, би, бек аталарынан тұрады:

Кесте 1 – Ш.Уәлиханов шығармаларындағы антропонимдер сипаты

Хан, сұлтан, би, бек есімдері	Антропонимдер
1	2
Хан	Абуджа хан, Абылай хан, Ақназар хан, Алтан хан, Алтын хан, Ахмет хан, Әбілқайыр хан, Әли би, Барақ хан, Батый немесе Бату хан, Батыр хан, Болат хан, Бұйдаш хан, Бұрындық хан, Ван хан, Ғұбайдолла хан, Жәдек хан, Жәнібек хан, Жомарт хан, Жошы хан, Ескендір хан, Ибрахим хан, Инак хан, Көз хан, Кішік Мұхаммед хан, Қадырберді хан, Қажы Гирей хан, Қара хан, Қасым хан, Құлық хан, Махмуд хан, Мөңке хан, Оғыз хан, Орыс хан, Өзбек хан, Өр хан, Сайын хан, Сейіт Махмұд хан, Сейіт хан, Тарма Шырын хан, Тәуекел хан, Туку хан, Тұқай хан, Уәли хан, Ұсақ хан, Хусейн хан, Шейбани хан, Шейх Ахмет хан, Шыңғыс хан т.б.
Сұлтан	Адик сұлтан, Әзірет сұлтан, Әли сұлтан, Бахадүр сұлтан, Бахтияр сұлтан, Болат сұлтан, Бекей сұлтан, Ғұбайдолла сұлтан, Дәулет сұлтан, Жанай сұлтан, Жапарберді сұлтан,

1 – кестенің жалғасы

1	2
Сұлтан	Жәнібек сұлтан, Ибрагим сұлтан, Желаладдин сұлтан, Керей сұлтан, Кимсен сұлтан, Күшік сұлтан, Қалымберді сұлтан, Қожақ сұлтан, Мәлік сұлтан, Мұхаммед сұлтан, Ондан сұлтан, Онан сұлтан, Сабырбек сұлтан, Сейдекүл сұлтан, Сұлым сұлтан, Терек сұлтан, Ханық сұлтан, Шахбұтақ сұлтан, Якуб сұлтан т.б.
Би	Ахмет би, Ерден би, Едіге би, Қазыбек би, Майқы би, Сейтбек би т.б.
Бек	Айталы бек, Айтулы бек, Жан Шора бек, Итбақа бек, Қадырғали бек, Қараш бек, Қоңқа бек, Мұса бек, Мұхаммед бек, Оқас бек, Саманай бек, Тебре бек, Тұқай бек, Хорезми бек, Хошым бек, Шейх сопы бек, Шиш бек, Юсуф бек, Якуб бек т.б.

Ш.Уәлиханов антропонимикасы батырлар, баһадүрлер есімдерінен тұрады:

Кесте 2 – Ш.Уәлиханов шығармаларындағы батырлар, баһадүрлер есімдері

Батырлар, баһадүрлер есімдері	Антропонимдер
1	2
Батырлар	Алтай батыр, Бағани батыр, Баян батыр, Баянбай батыр, Бөгенбай батыр, Жаулыбай батыр, Ер Көкше, Ер Қосай, Есет батыр, Кыланның-Қыс батыр, Қапал батыр, Оногай батыр, Оразымбет батыр, Орақ батыр, Орман батыр т.б.
Баһадүрлер	Қорам, Ноғай қолбасшы, Нұқас Алтын баһадүр, Сартақ нойон, Семетей, Тамджек баһадүр, Тубол баһадүр, Ятым баһадүр т.б.

Ғалымның антропонимдер жүйесінде өзге ұлт өкілдерінен құралған белгілі ақын-жазушылар, білім-ғылым, қоғам қайраткерлерінің есімдері (фамилиялары) жиі кездеседі:

Кесте 3 – Ғалымның антропонимдер жүйесіндегі белгілі ақын-жазушылар, білім-ғылым, қоғам қайраткерлері есімдері

Өзге ұлт өкілдерінің белгілі ақын-жазушылары, білім-ғылым, қоғам қайраткерлерінің есімдері	Антропонимдер
1	2
Ақын-жазушылар	Байрон, Бюффон, Гейне, Геродот, А.И. Герцен, Н.В. Гоголь, Гомер, Ч. Диккенс, М.Ф. Достоевский, Дю Дефан, Жорж Санд, С. Жульен, М.Ю. Лермонтов, А.Н. Майков, Н.П. Огарев, Фирдоуси т.б.
Білім-ғылым, қоғам қайраткерлері	В.Г. Белинский, Б.Ф. Годунов, В.И. Веселовский, А.В. Врангель, А. Гумбольдт, Н.А. Добролюбов, Иоанн патша, А. Казембек, Ұлы Карл, Кант, Марко Поло, М.А. Оболенский, В.А. Обручев, Паллас, Я.П. Полонский, Померанцев, Г.Н. Потанин, Преображенский, Ж.Ж. Руссо, П.П. Семенов Тянь-Н.Г. Чернышевский, М.Г. Черняев, В.И. Штейнгель, Н.М. Ядринцев т.б.

Ш.Уәлихановтың ономастикалық кеңістігінің қомақты бір бөлігін этнонимдер құрайды:

Кесте 4 – Ш.Уәлиханов туындыларындағы этнонимдер

Жиі кездесетін ру атаулары	Этнонимдер
1	2
Қазақ этнонимдері	Албан, арғын, дулат, жалайыр, қазақ, қазақ (қырғыз), қаңлы, қаракесек, қожалар, қыпшақ, қоңырат, найман, Сібір қазақтары, Сібір татарлары, сіргелі, темірші, уақ, үйсін, шапырашты, шағатай т.б.
Өзге ұлт өкілдері	араб, башқұрт, ғұн, жоңғарлар, қазан татарлары, қарақалпақ, қалұқтар, Қашғарлық, қоқандықтар, қырғыз, қытай, мадиярлар, моңғол, ноғай, орыс, оғыздар, өзбектер, сарт, сарыбағыш, татарлар, Ташкенттік, түркі, түркімен, ұйғыр, фин, француз, хака, хазарлар, шейбанилер, шеркес, Ыстықкөл қырғыздары, Іле қалмақтары, Якут немесе Саха

Ғалым туындыларында ең жиі кездесетін географиялық атаулар:

Кесте 5 - Ш.Уәлиханов еңбектеріндегі жиі кездесетін географиялық атаулар

Жиі кездесетін географиялық атаулар	Гидроним, топоним
1	2
	Ақсу, Алтын Емел, Алтышар, Асы, Аягөз, Балқаш, Басқан, Батыс Қытай, Батыс Сібір, Бетпақдала, Бұхара, Бішкек, Верный, Енисей, Ертіс, Есік, Жалаңаш, Жетісу, Жоңғария, Жошы ұлысы, Жырғалаң, Жіңішке өзен, Зәукі, Кавказ, Көксу, Көкшетау, Күнгей Алатау, Қазақстан, Қазан, Қапал, Қарабұлақ, Қарғалы, Қаратау, Қарқара жайлауы, Қарқара өзені, Қашғар, Қоқан, Құлжа, Құсмұрын, Құсмұрын тауы, Қырым хандығы, Қытай, Меркі немесе Мерке, Лепсі, Омбы, Орта Азия, Орынбор, Памир, Петербург қаласы, Ресей, Сантас немесе Санташ, Сарайшық, Сарыбұлақ, Саты, Семей, Сөгеті, Сырдария, Сырымбет, Сібір, Талас, Талғар өзені, Ташкент, Торайғыр, Түп, Түрген, Түркістан, Тянь-Шань, Ұлытау, Ыстықкөл, Іле өзені, Іле Алатауы, Хиуа, Шарын, Шелек, Шу, Шығыс Түркістан, Яркенд т.б.

Сонымен, жүргізілген мәнмәтіндік талдау көрсеткендей, көп жағдайда мәтінішілік деңгейде прецеденттік атаулар мәтінде прагматикалық және үлгілеу қызметтерінде қолданылады. Бір жағынан, олар не болып жатқанының белгілі бір шеңберін белгілеуге, екінші жағынан, оқырманға мәтін кейіпкерлеріне қатысты құндылықтар жүйесін көрсетуге арналған. Бұл сандар деңгейінде көрінеді: «Шыңғыс хан» есімі – 48 рет, «Абылай хан» - 46 рет, «Әбілғазы хан» есімі – 29 рет, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» - 80 рет, яғни жиі қолданылған прецеденттік атаулардың басым көпшілігі тарих саласымен байланысты, бұл бірден құндылықтар жүйесін және туынды кейіпкерлері орналасқан ғаламның бейнесін көрсетеді. Прецеденттік атаулардың бір бөлігі дінге қатысты, мәселен Ш. Уәлиханов туындылары мәтіндерінде «Мұхаммед пайғамбардың» есімі 31 рет қайталаанады.

Сондай-ақ, Ш. Уәлихановтың ономастикалық кеңістігінде этнонимдер ерекше орын алады. Мәселен, «қазақ (қырғыз)» - 252 рет қолданылса, «қырғыз» - 164 рет, «қазақ, қырғыз-қайсақ» - 55 рет, ал нақты «қазақ» нұсқасында – 64 рет ұшырасады. Қолданыс жиілігі жағынан «қытай» - 225 рет, «орыс» - 87,

«жоңғарлар» - 85, «моңғол» - 48, «түркі» - 38, «қалмақ» - 23 рет келтіріледі. Жалпы, прецеденттілікті зерттеу тек лингвистика мен филологиядағы ғана емес, жалпы гуманитарлық ғылыми парадигмадағы өзекті салалардың бірі болып табылады. Бұл жағдай, ең алдымен, мәдениеттің адам мен адамзат өмірінің бір түрі ретінде мәдени кодтардың сақталуымен және ұрпақтардың тәжірибесін таратып, мәлімет беру мақсатында прецеденттік құбылыстардың жоғары шоғырлануымен сипатталатындығына байланысты.

Қазіргі таңда, олар түрлі аспектілерде қарастырылады, мысалы: ішінара тілдік тұлға теориясының постулаттарына негізделген когнитивті аспект прецеденттік құбылыстарды менталды бірліктер ретінде қарастыруға бағытталған; лингвомәдениеттанымдық аспект прецеденттік құбылыстарды мәдениет артефактілерінің репрезентаттары ретінде түсіндіреді; сондай-ақ, прецеденттілікті интертекстуалдылық тұжырымдамасы тұрғысынан зерттеу өте тиімді, оның шеңберінде прецеденттік құбылыстар интертекстуалдылықтың материалданған белгілері ретінде қарастырылады.

Сондықтан сол тілде сөйлейтіндердің прецеденттік мәтіндер туралы хабардар болуы өте маңызды, өйткені прецеденттік мәтіндерді білу – аталған дәуірге және оның мәдениетіне жататындығының көрсеткіші, ал білмегендік, керісінше, тиісті мәдениеттен алыстығының алғышарты болып саналады. Сондай-ақ, прецеденттік мәтіндердің хронотоптық маркерленгендігін, олардың белгілі бір дәуірмен және мәдениетпен байланысын ерекше атап өту қажет: прецеденттіліктің динамикасы прецеденттік мәтіндер корпусының үнемі жаңартылып тұруымен анықталады. Бұл, өз кезегінде белгілі бір тарихи кезеңдегі прецеденттік құбылысты зерттеуді талап етеді.

Ш. Уәлиханов дискурсындағы прецеденттік құбылыстардың негізгі қызметі танымдық болып табылады, ал прецеденттік құбылыстардың арқасында мәдени кеңістіктің доминанттарын бекітетін мәдени нысандарға сілтеме жүзеге асырылады. Мысалы, Шыңғыс ханның есімі жеткілікті аялық білімі бар адресат үшін прецедентке айналады, өйткені көптеген тарихи тұлғалардың жеке және тарихи тағдырларына сілтеме мәлімдемені барабар декодтау үшін қажетті ассоциациялар тудыруы қажет. Ш. Уәлиханов дискурсының прецеденттілігі оның терминологиялылығымен де байланысты, бұл ғалым дискурсының адам қызметінің ғылыми-зерттеу саласына жататындығына және оның кәсіби дискурстың сипаттамаларына тікелей байланысты.

3.4 Әлеуметтік лингвистикалық дискурс мәнмәтініндегі Ш.Уәлихановтың тілдік тұлғасы

XXI ғасырдың ең маңызды сипаттамаларының бірі – жаһандану және ақпараттандыру болып табылады. Елдер мен халықтардың көп қырлы жақындасуы, жаһандық немесе жаһанданушы деп аталатын біртұтас өзара тәуелді әлемнің қалыптасуы бар, оның аясында елдер арасындағы, сондай-ақ бір ел ішіндегі экономикалық, саяси және мәдени байланыстар кеңейеді. Бұл жағдайда

қоғамның өзі өзгереді. Ол бірқатар әмбебап, жаһандық сипаттамалардың дамуымен де, әрбір жеке этникалық топтың мәдениетінің өзіндік ерекшелігін сақтаумен де сипатталатын көпмәдениетті қоғамға айналады.

Тілдік тұлға прагматикасын зерттеу Еуропа мен АҚШ-тың әртүрлі лингвистикалық мектептерінде, әсіресе прагмалингвистика, әлеуметтік лингвистика, дискурсивті лингвистика және лингвистикалық антропология аясында белсенді жүргізілуде. Біздің зерттеуімізге төмендегідей ғалымдардың еңбектері өз үлестерін қосты: АҚШ ғалымдары Джон Р. Серл, Дебора Таннен, Пенелопа Браун мен Стивен Левинсон, Делл Хаймс, сондай-ақ Майкл Холлидэй, Пол Грайс, Рут Водак т.б. Аталған ғалымдар мына тұжырымдарымен ерекше орын алды: сөйлеу мінез-құлқы мен тілдік тұлғаның прагматикалық аспектілерін түсіну үшін маңызды; тілдік тұлғаның гендерлік аспектілері, күнделікті қарым-қатынас прагматикасы, сөйлеу мінез-құлқының ерекшеліктері; тілдік тұлғаны функционалды-прагматикалық тұрғыдан зерттеуге мүмкіндік беретін тілдің метафункция теориясы (интерактивті/тұлғааралық); жеке тұлғаның сөйлеу мінез-құлқына әлеуметтік және когнитивті факторлардың әсері т.б. [171-175].

Қазіргі таңда тілдік білім беру саласында студенттер мен болашақ мамандардың университетте оқыған тілдер арқылы көптеген мәдениеттердің тіл иелерінің нақты байланысы жағдайында жаңа типтегі тұлғаны қалыптастыру міндеті тұрғаны белгілі. Көпмәдениетті тілдік тұлғаны қалыптастыру қажеттілігі жаһандық әлемнің жағдайына байланысты, оның тиімді жұмыс істеуі үшін тек зерттелетін тілдің ел мәдениетін зерттеу және түсіну жеткіліксіз (бұл шет тілдерін оқытудың қолданыстағы жүйесіне тән). Тілдік тұлғаны қалыптастыруға түбегейлі өзгеше көзқарас қажет – бұл жалпы адамзаттық құндылығы бар әмбебап мәдени тұжырымдамаларды түсінудің когнитивті деңгейіне, сондай-ақ әртүрлі этномәдениеттерде осы концептілерді білдірудің нақты мәдени сипатын түсінуге негізделген тәсіл.

Сондықтан да, біз өз зерттеуіміздің эксперименттік бөлігін, негізінен практикалық қазақ тілін оқитын Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясының орыс топ студенттерінің ортасында жүргіздік. Бұл ретте, әлеуметтанулық зерттеудің неғұрлым жиі қолданылатын әдістеріне мыналар жатады: 1) бақылау; 2) сауалнама; 3) сұхбат; 4) тестілеу. Сауалнама әдістерінің алуан түрлілігінің ішінен біз қазіргі заманғы әлеуметтік-лингвистикалық зерттеулер саласында жиі қолданылатын және кеңінен қолданылатын құралдардың бірі болып саналатын анкета (сауалнаманы) таңдадық. Сауалнама бірегей авторлық сұрақ-жауаптарды әзірлеуді қамтиды.

Шоқан Уәлихановтың тілдік тұлғасы тақырыбы бойынша әлеуметтік лингвистикалық сауалнаманың негіздемесі.

Ш. Уәлихановтың тілдік тұлғасын және сөйлеу мұрасын қабылдауды зерделеуге бағытталған әлеуметтік-лингвистикалық сауалнама жүргізу мынадай себептер бойынша орынды болып табылады:

Әлеуметтік-мәдени хабардарлық деңгейін анықтау.

Сауалнама Ш. Уәлихановтың тілдік тұлғасы және оның қазақ тілі мен мәдениетін дамытуға қосқан үлесі әртүрлі әлеуметтік және жас топтары арасында қаншалықты танымал екенін анықтауға мүмкіндік береді.

Ш. Уәлихановтың тілдік мұрасын өзектендіру.

Ш. Уәлихановқа тән стиль, лексика және сөзжұмсамы туралы пікірлерді зерттеу оның тілдік тұлғасының элементтері қазіргі әлеуметтік-лингвистикалық мәнмәтінінде қалай қабылданатынын түсінуге көмектеседі.

Символдық репрезентациялау дәрежесін анықтау.

Сауалнама Ш. Уәлихановтың ұлттық бірегейлік пен ұжымдық жадыны қалыптастырудағы тарихи тілдік тұлға ретіндегі бейнесі қандай рөл атқаратынын анықтауға мүмкіндік береді.

Салыстырмалы аспект.

Деректерді жинау Ш. Уәлихановтың тілдік тұлғасын әртүрлі жастардың және білім деңгейлерінің өкілдері арасында салыстыруға мүмкіндік береді, бұл кешенді лингвоәлеуметтік-мәдени талдау үшін маңызды.

Білім мен ғылым үшін практикалық маңыздылығы.


Сауалнама нәтижелері қазақ тілі, тарихы және мәдениеті бойынша оқу бағдарламаларын құруда, сондай-ақ әлеуметтік лингвистика мен когнитивтік лингвистикада, лингвотұлғатаным саласында жаңа зерттеу бағыттарын қалыптастыруда пайдаланылуы мүмкін.

Әлеуметтік лингвистикалық сауалнама процедурасының институционалдық аспектілеріне тоқталайық. Сауалнама барысында субъектілер сауалнамалардың мәтінімен өз бетінше танысып, оны жеке толтыру ұсынылады. Біздің экспериментке 200-ден астам адам – әртүрлі ұлттық-тілдік қауымдастықтардың өкілдері қатысты, олар өздерінің бірегей тәжірибесі мен сұрақтарды орташа қатысушы тұрғысынан түсіндіру қабілетіне ие. Сауалнама барысы төменде көрсетілген.

Оларға қойылған сұрақтар:

Сіздің жасыңыз нешеде?

- 35-45
- 45-55
- 15-25
- 25-35



Сурет 4 – Сауалнамаға қатысушылардың жас ерекшеліктері

Байқағанымыздай, жауап берушілердің басым көпшілігі 15-25 жас аралығындағы білім алушылар (сауалнамаға мектеп, колледж оқушылары да қатысты).


Эмпирикалық материалды өнімді талдау сұрақтарды тұжырымдауға ерекше назар аударуды қажет етеді, өйткені бұл фактор адресаттың ақпаратты қабылдауына әсер етеді. Алынған жауаптардың пайызы көбінесе сұрақтың сапасына байланысты. Осы себепті сұрақтар бізбен қисынды түрде тұжырымды және стилистикалық тұрғыдан мүмкіндігінше сауатты түрде рәсімделді.

Сауалнаманы құруға қойылатын талаптарға қатысты бөлімде сұрақтардың мазмұны, сұрақтардың тікелей тұжырымдалуы, сұрақтардың реттілігі және т. б. сияқты аспектілер ескерілді. Сауалнамада субъектілерден күрделі мәселелерді шешуді және көп уақытты қажет етпейтініндей құрастылды. Біз тілден тыс жағдайларды және сауалнамаларды толтыру орнын, жауап беруге қажет уақыт көлемін де ескеруге тырыстық. Біздің зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес сауалнама жүргізу ортасы да есепке алынды, яғни топтық та және жеке де тұлғалардан сұрақ-жауап алынды. Сауалнаманың бұл түрі қол жетімділік пен жеделдікпен сипатталады, өйткені субъектілер жергілікті жерде бір кеңістікте, атап айтқанда оқу аудиториясында болды.

Сіз қай тіл иесісіз?

● қазақ тілі

● орыс тілі




Сурет 5 — Қатысушылардың қай тіл иесі екендігінің көрсеткіші

Сауалнаманы біз екі тілде — қазақ және орыс тілдерінде әзірледік. Себебі, орыс тілінде білім алушылардың барлығы дерлік қазақ ұлтының өкілдері. Оның үстіне, қазіргі таңда орыс тобында оқитын студенттердің көбі қазақ мектебін тәмәмдап, бірақ жоғары оқу орнына түсерде орыс тобында білім алуды қалайды.

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, сұрақ-жауапқа қатысушылардың көбі қазақ тілінің иелері.

Сіздің біліміңіз қандай?

- жоғары
- аяқталмаған жоғары
- орта
- аяқталмаған орта



Сурет 6 – Білім деңгейінің статистикасы


Ұлы қазақ ғалымы, ағартушы Ш. Уәлиханов секілді тұлғаны танып білу үшін белгілі бір дәрежедегі білім деңгейі қажет деп есептейміз. Біздің зерттеуіміз үшін ең бастысы, жұмсалымды тұрғыдан тілдік тұлға жеке компонент ретінде емес, сол немесе басқа тілдің сөйлеушілерінен оқшауланбаған жеке қасиеттердің тарихи қалыптасқан жиынтығы ретінде қарастырылады. Бұл өзіндік континуумның бір бөлігі, ал оның сипаттамасы жеке зерттеудің мақсаттарына сәйкес дискретті болып келеді. Ал, шын мәнінде тілдік тұлға тұтастықтың бір бөлігі ретінде маңызды, бұл ана тілінде сөйлейтіндерге тән үдерістерде жалпы заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Сауалнамаға қатысушылар туралы жалпы мәліметтер: жасы, жынысы, білімі, ана тілі т.б. пікірлерді интерпретациялау үшін әлеуметтік-демографиялық бағдарды белгілеу мақсатында қажет.

Сауалнамада қойылған сұрақтар төмендегідей мәліметтерді анықтауға мүмкіндік береді: Ш. Уәлиханов туралы хабардар болу деңгейі; тілдік тұлғаны бағалау; мәдени маңыздылығы (оның есімі қазақ ұлттық мәдениетімен байланысты ма?); қазіргі замандағы өзектілігі т.б.

Шоқан Уәлиханов деген кім?

- ғалым
- тарихшы
- ұстаз
- жазушы




Сурет 7 – Ш. Уәлихановтың қай ғылым саласына қатысын айқындайтын көрсеткіш

Ш. Уәлихановтың қоғамдық санадағы бейнесі, ең алдымен, оның ғылыми қызметімен тұрақты байланысты екені анықталды. Бұл оның тілдік тұлғасының зияткерлік және зерттеу аспектісінің үстемдігін көрсетеді. Бұл сонымен қатар оның ғылымның дамуына, атап айтқанда тілтаным ғылымына, этнографияға, тарихқа, шығыстануға қосқан үлесі оның қоғамдық және мәдени имиджінің негізгі құрамдас бөлігі ретінде танылғанын көрсетеді. «Шоқан кім?» дегенде, ең алдымен, ол шығыстанушы, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы т.б. Біздің оймызша, Шоқанды ғылым-білімнің бір саласына ғана теліп қою шындыққа жанаспайды. Шоқан Уәлиханов қазақ ғылымының негізін қалаушысы, тұңғыш ғалымы.

Шоқан Уәлихановтың қай туындысын білесіз?

- Ыстықкөл сапарының күнделігі
- Жоңғария очерктері
- Манас
- Шығыс Түркістан сипаттамасы
- Қоқанд хандығы туралы жазбалар




Сурет 8 – Ш. Уәлихановтың ең танымал туындысы

Бұл ретте, тілдік тұлға ұғымы тілдің адамның жеке санасымен, оның дүниетанымымен байланысын бекітетінін ескерген жөн. Ғалымның тілдік тұлғасы заттық қызмет арқылы емес, белгілі бір адамға тән келетін вербалды қызмет, мінез-құлық арқылы ашылады. Адамның вербалды мінез-құлқы белгілі бір тілдік ұжымда немесе оның бір бөлігінде қалыптасқан психикалық, ақыл-ой, сондай-ақ әлеуметтік және гендерлік стереотиптердің жиынтығына байланысты болып келеді. Сонымен қатар, тұлғаның гендерлік және әлеуметтік-рөлдік сипаттамалары көбінесе тілдік тұлғаны анықтауда жетекші рөл атқарады. Ал, біздің зерттеуімізге сәйкес Ш. Уәлихановтың вербалды қызметі оның туындылары арқылы айқындалады.

Оқырмандардың жаппай қабылдауында «Ыстықкөл сапарының күнделігі» Ш. Уәлихановтың ең танымал және маңызды туындысы болып табылады. Бұл оның ғылыми-публицистикалық репрезентациясының жоғары деңгейін растайды. Бұл Ш. Уәлихановтың саяхатшы-ғалым және этнограф ретіндегі тілдік және мәдени бейнесін қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынын көрсетеді. Бұл мәтіннің танымалдығы оның ғылыми және білім беру әдебиеттеріндегі жаппай дәйексөздерге, сондай-ақ оқу бағдарламаларына қосылуын да көрсетуі мүмкін.

Келтірілген сөз тіркесінің қайсысы Шоқан Уәлихановқа қатысты айтылған?



Сурет 9 – Ш. Уәлихановты сипаттайтын сөз тіркесі


Неліктен Ш. Уәлихановты «Жарқ етіп сөнген жұлдызға» теңейді» деген сұрақ арқылы жауап берушілердің ғалымның өмірбаяны жайлы мәліметтермен таныс/беймәлім болуын айқындауға болады. 1904 жылы Ресей Географиялық

Қоғамы Шоқан Уәлихановтың кітабын шығарды және оның алғы сөзінде академик Н.И. Веселовский былай деп жазды: «Как блестящий метеор, промелькнул над нивой востоковедения потомок казахских ханов и в то же время офицер русской армии Чокан Чингизович Валиханов. Русские ориенталисты единогласно признали в лице его феноменальное явление и ожидали от него великих и важных откровений о судьбе тюркских народов, но преждевременная кончина Чокана лишила нас этих надежд...». Шоқан Уәлиханов қысқа өмірінде елеулі еңбектер жаза алды. Оның әдеби және ғылыми шығармашылығы алты көлемді томды құрайды.

Ш. Уәлихановты «жарқ етіп сөнген жұлдызға» теңеу қоғамдық санада оның өмірі мен қызметінің қысқалығының, бірақ жарықтығының символы ретінде тамыр жайған. Бұл бейнелі өрнек мәдени және тарихи-әдеби жадының бір бөлігіне айналды, оның қысқа өміріне қарамастан ғылымға қосқан үлесінің бірегейлігін атап өтті. Осылайша, Ш. Уәлиханов тұлғасының қалыптасқан тілдік репрезентациясында эмоционалды-метафоралық қабылдау басым болатыны туралы қорытынды жасаймыз.

Шоқанның атақты арғы атасы кім?

- Ұлы Абылай хан
- Жәнібек хан
- Есім хан
- Есім хан
- Төле би/Төле би
- Керей хан



Сурет 10 – Ш. Уәлихановтың шежіресі бойынша арғы атасы

Шоқанның атасы Уәли Қытай мен Ресей мойындаған Орта жүздің соңғы ханы болды. Әкесі Шыңғыс 1834 жылы Аманқарағай округінің сұлтаны болып сайланды, кейінірек Құсмұрын (1844) болып өзгертілді. Халық арасында құрметті, ол алты рет атығай, керей, қыпшақ, уақ руларының билеушісі лауазымына сайланды, 19 жыл қатарынан өз міндеттерін атқарды. Шоқанның анасы Зейнеп асыл текті, әйгілі Баянауыл биі Шорман Күшіковтың қызы және Баянауыл


округінің аға сұлтаны, патша армиясының полковнигі Мұса Шормановтың әпкесі болған.

Уәлихановтардың арғы тегі ғасырлар тереңіне кетеді – Қазақ хандығының негізін қалаушы Жәнібек ханға (XV ғасырдың екінші жартысы), одан әрі Жошы ханға (XIII ғасыр): Шыңғыс Хан – Жошы – Ежен Орда – Сасы Бұқа хан – Ерден хан – Мүбәрәк Қожа хан – Шымтай хан – Орыс хан – Құйыршық хан – Барақ хан – Жәнібек хан – Қасым хан – Сығай хан – Тәуекел хан – Есім хан – Жәңгір хан – Уәлибек – Абылай – Көркем Уәли сұлтан – *Абылай хан* – Уәли хан – Шыңғыс сұлтан – Шоқан. Жеті атасын, өз шежіресін білу ғасырлар бойы атадан балаға жалғасып келе жатқан қазақтың ұлттық тәрбиелік дәстүрі. Бұл сұрақ аталған дәстүрдің осы кезге дейін қаншалықты деңгейде жалғасын тауып келетінін меңзейді.

Ш. Уәлихановтың атақты арғы атасы Абылай хан екенін дұрыс көрсеткен респонденттердің көпшілігінің жауабы, оның тарихи-тектік қатыстылығы туралы жұртшылықтың хабардарлығының жоғары деңгейін айғақтайды. Бұл оның асыл тұқымнан шыққандығы Ш.Уәлихановтың ғалым ретінде ғана емес, сонымен бірге ұлы тарихи әулеттің мұрагері ретіндегі мәртебесін нығайта отырып, оның жеке басын қабылдауда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Қай жырларды хатқа түсірген Шоқан Уәлиханов?

- Манас
- Ер Тарғын
- Алпамыс батыр
- Бабырлама
- Қыз Жібек



Сурет 11 – Ш. Уәлихановтың алғаш рет хатқа түсірген эпостары


Ш. Уәлиханов тарихшы, этнограф, тілші, фольклоршы, географ ретінде қазақтардың және Орталық Азияның басқа да халықтарының этникалық, саяси, мәдени және әлеуметтік-экономикалық тарихын зерттеді. Ғалымның ғылыми зерттеулерінің тереңдігі мен кеңдігі таң қалдырады. Оның ғылыми еңбектері білімінің тереңдігін, жан-жақтылығын және өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Ол өз еңбектерінде этностың мәдени және рухани мұрасы ретінде қазақтардың ауызша

халық шығармашылығына ерекше назар аударды. Қазақтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосын алғаш хатқа түсірген Ш. Уәлиханов.

Ш. Уәлиханов алғаш рет Орталық Азия халықтарының тарихи ортақтығы, олардың мәдени құндылықтарының бірлігі туралы жазды. «Манас» ұлы қырғыз эпосының кейбір тарауларымен танысып, оларды жазып, талдап, орыс тіліне аударып, «Манас» Шығыс ауызша дәстүрінің, қырғыз фольклорының көрнекті туындысы екенін көрсетті. Сондай-ақ, Шоқан «Манасты» дала «Илиадасы» деп атады, ал «Манастың» жалғасы «Семетей» поэмасын Шығыс «Одиссеясы» деп атады. Осылайша, «Манастың» жеке тараулары әлемде алғаш рет орыс тілінде жарық көрді.

Қай шығарманы Шоқан Уәлиханов «Дала Илиадасы» деп атаған?

- Манас
- Абылай
- Едіге
- Еркөкше




Сурет 12 – Ш. Уәлихановтың «Дала Илиадасы» деп атаған шығармасы

Ш. Уәлихановтың қай эпосты «Дала Иллиадасы» («Манас» эпосы) деп атағаны туралы дұрыс жауаптардың жоғары пайызы (82%) респонденттер арасында оның ғылыми мұрасын терең құрметтеу мен жақсы білуді айғақтайды. Бұл Ш. Уәлихановтың түркі эпикалық дәстүрінің зерттеушісі және халық мәдениетінің білгірі ретіндегі бейнесі қоғамдық санада жақсы қалыптасқанын көрсетеді. Осындай нәтиже «Манас» эпосының жаппай қабылдауда Ш. Уәлихановтың есімімен байланысты екенін растайды, бұл оның XIX ғасырдағы эпосты ғылыми түсіндіру мен мәдени заңдастырудағы ерекше рөлін көрсетеді.

Шоқан Уәлихановтың ерен еңбегі неде?

- ғылымға үлкен үлес қосқаны үшін
- тарих саласындағы еңбегі үшін
- әдебиетке қосқан үлесі
- өнерге қосқан үлесі




Сурет 13 – Ш. Уәлихановтың бірегейлігін айқындайтын сипаты

Ш. Уәлихановтың ғылымға қосқан үлесін оның басты еңбегі ретінде көрсететін респонденттердің жауабы оның қоғамдық санадағы бейнесі ең алдымен ғылыми қызметпен байланысты екенін көрсетеді. Бұл Ш. Уәлихановтың еңбектері қазақ және әлем ғылымы үшін ұзақ мерзімді маңызы бар көрнекті ғалым-ағартушы, тіл мамны, этнограф, тарихшы және шығыстанушы ретінде танылғанын айғақтайды. Осылайша, оның ғылыми мұрасы халықтың мәдени жадында өзектілігі мен құндылығын сақтауды жалғастыруда.

Шоқан Уәлихановты қандай сөз тіркесі айқын сипаттайды?

- тарихшы, барлаушы
- Қазақтың тұңғыш ғалымы
- ағартушы демократ
- ұлы жазушы



Сурет 14 – Ш. Уәлиханов – қазақтың тұңғыш ғалымы

Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігінің дұрыс жауабы: Ш. Уәлиханов – қазақтың тұңғыш ғалымы, оның тарихи-ғылыми рөлі туралы қоғамның жоғары деңгейде хабардар екендігін айғақтайды. Бұл оның есімі қазақ ғылыми ойының пайда болуымен байланысты екенін растайды және ол қазақ халқының тарихын, тілін, мәдениеті мен этнографиясын зерттеудегі ғылыми тәсілдің негізін қалаушы ретінде қабылданады. Осылайша, оның тұлғасы қазақтың ұлттық ғылыми-мәдени кеңістігінде орталық орын алады. Сонымен, әлеуметтік лингвистиканың антропоэлекті парадигма әдіснамасына тікелей қатысы бар. Антропоэлекті тәсілдің белгілі бір тілге қатысы нақты бір тіл иесі ретіндегі тілдік тұлға ұғымымен байланысты. Тілдік тұлғаның тілдік менталды құрамдас бөліктері тарихпен айқындалған болып саналады. Шоқан Уәлихановтың есімі Қазақстанның өткені мен болашағымен тығыз байланысты. Ол әлемге қазақ мәдениетін ашқан ғалым.

